



ЖАСӨСПРІМДЕР
КІТАПХАНАСЫ

МАФЖАН ЖҰМАБАЕВ



Өлеңдер

Батыр Бајан

Қорқым

Өтірік ертек

Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті. Маржандай тізілген, торғындаи ұлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі-мұңдызы зарымен күшті.

Жұсіпбек Аймауытов,
жазушы

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір «әдебиеттің жүлдізы боламыз» деп жүргендег сөніп қалады.

Ілияс Омаров,
мемлекет және қоғам қайраткері

Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев.

Зейнолла Қабдолов,
академик, жазушы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893 — 1938)

«*Қасіретті,
қайғы-мұңлы Мағжан-жыр,
Жер мен жерді,
тау мен тауды жалғап жүр, —
күндіз-түні бір тынбай
қазагының жан азабын толғап жүр,
қазагының ар-ожданын қозғап жүр.*»

Темірхан Медетбек

Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыштарының, айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі — Мағжан Жұмабаев. Жарық дүниеге адам бол туғанмен, азамат бол өмір сұру билігі өзіне тимей, ғұмыр бойы бұғауда, құғын-сүргінде жүріп, ақыры басаяғы қырық бес жасында түрмеде атып өлтірілген Мағжан-ақын (мұрдесі қайда қалғаны белгісіз) үштыкүйлі, зым-зыя жоғалып кетіп, есімі жарты ғасыр сарғая сағынған халқына, туған елі төуелсіздік алар қарсанда ғана өрең қайтып оралды:

«Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туган, Гүннен туган пайғамбар».
(Мағжан, «Пайғамбар»)

Сұрақ туады: Мағжанның «пайғамбарлығы» неде?

Мұның жауабын «Мағжанның ақындығы туралы» деген қысқа да болса нұсқа зерттеуінде Жұсіпбек Аймауытов берген:

– Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп (школа) ашқан күшті ақын; ол – түрікшіл, санаышыл, дараышыл, уайымшыл, өзімшіл ақын ... Мағжан нөзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны. Ұлт ақыны!

Бұған қосып-аларымыз жоқ. Енді тек осыны дәлелдеу шарт.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылғы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жұмабаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген. Болашақ ақын 1897 жылды ауыл балаларына арнал өкесі Бекен ашқан мектептен төрт жасында сауат ашып, хат таниды. Содан соң Қызылжар медресесінде төрт жыл оқып, орталau білім көлеміндегі әртүрлі пәндерді игерे келе арнайы араб, парсы, түрік тілдерін үйреніп, Шығыс әдебиетімен тұпнұсқадан таныса бастайды. Одан әрі 1910 жылдың күзінде Уфаға барып, білім беру деңгейі жөнінен сол кездегі жоғары оқу орны саналатын Медресе-Фалияга түсіп, онда ұстаздық ететін атақты татар жазушысы Фалымжан Ибрағимовпен, медресе шәкірті өзіміздің кәдімгі Бейімбет Майлинмен танысады. Бұлар үлкен-кіші демей бір-бірімен етene ұғысып, өзара пікірлес, мақсаттас, мұddeлес тіршілік етіп, ғұмыр кешеді. Мағжанның талантын анық танып,

келешегінен үлкен үміт күткен ұстазы Фалымжан Ибрагимов оған Медресе-Фалиямен қанағаттанбай оқуын өрі қарай жалғастыруға ақыл-кеңес береді. Мағжан Жұмабаевтың 1912 жылы Қазанды басылып шыққан «Шолпан» атты тұңғыш жинағына демеуші болған да осынау татар өдебиетінің классигі еді. Жас ақынның жас поэзиясын сүйсіне оқып-қабылдағаны сондай, өзінің сол тұста жазып жүрген «Қазақ қызы» атты романына шекіртінің мына бір шумақ өлеңін әпиграф етіп алады:

*«Кең дала – көресің гой – ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жалқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар –
Әне, сол анам еді мені тапқан.»*

(«Айға»)

Айрықша назар аударатын нәрсе: осы өлеңдегі автор «анам» деп емірене толғап отырған «Кең дала» күллі Мағжан поэзиясының бастапқы құлақ күйі, кейін оның өнбойына құннің шуағындай тарап кеткен лейтмотив қана емес, аз ғұмырында көп жырлаган, қайта-қайта жырлаган және жырдың мұңы мен сырына суара сомдап соққан жиынтық бейне, образ-символ! Ақынның ғұмыр бойы діңкесін құртып, оны туған еліне, халқына, ұлтына ессіз ғашық еткен де осы Дала. Шетсіз, шексіз Қазақ даласы. Кейде оқыс ой келеді: қайран ақын жарық дүниеден жендеттер атқан оққа ұшып қана өлген жоқ, өзінің сайын Даласына – аяулы Анасына деген өз қеудесіндегі жалын атқан, ұшқын шашқан мөңгілік құштарлық отына өзі өртеніп кеткен секілденеді.

Мағжан Жұмабаевтың өз кезіндегі, өз келесіндегі, өз қатар-құрбыларының арасындағы өдеби оқу-білігі терең, эстетикалық талап-талғрамы биік ақын болып қалыптасуына, біріншіден, Медресе-

Фалиядан кейін орыстың Сібір университеті атанған Омбы мұғалімдер семинариясында (1913-1917), одан өрі араға бірнеше жыл салып Мәскеудің өйгілі Валерий Брюсов жетекшілік ететін өдебиет-өнер институтында оқуы (1923-1927) себеп болса, екінші жағынан, 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағымен танысуы, аса білімдар қаламгер өрі қайраткер Міржақып Дулатовтан дәріс алдып, үлгі-өнеге үйренуі – орыс өдебиетіне, жалпы Еуропа мәдениетіне қанығуы шешуші себеп болғаны сөзсіз.

Өзінің «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде Магжан:

*«Шын хакім, сөзің асыл – бага жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Карадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлагынан әні кетпес» –*

(«Алтын хакім Абайға»)

дей келіп, ай өтер, жыл өтер, дүние көшін тартып кете берер, ал ел-жұрттың көзін ашып оянған сайын сенің қадірің артып, қасиетінді халқың үққан үстіне ұға түсер деп түйіндеуі – «қазақтың бас ақынын» тұп-тұра қазақ зиялыштарының көсемі Ахмет Байтұрсыновша түсініп, кеменгер Абайдың қайталанбас талантына бас июі, ақындардың ақынының қаламгерлік жолына түсіу болса, Міржақып Дулатовтың:

*«Мен біткен ойпан жерге аласа агаш,
Емеспін жемісі көп тамаша агаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруана жараса, Алаш!» –*

деген ғажайып өлеңі Жұмабаевты атажұрттына соңғы тынысына дейін тынбастан қызмет ететін қайраткерлікке баулығаны тағы даусыз.

Сөйтіп, Мағжан Абай үлгісімен өзінің шығарма-шылық ортасында ақындық бетін айқындалп, ше-берлігін шыңдай бастаса, Міржақып ықпалымен күллі ел-жұртқа азаматтық келбетін танытып, таза үлтжанды тұлғаға айналады. Сөйтіп, ақындық өнерін де, азаматтық өмірін де тек қана туған халқының азаттық туының астында өрбітіп, еркіндік-теңдік жолына бағыштайды. Бұл ретте ол тек үлт шеңберіндеғана шектеліп қалмай, Гете мен Толстой идеяларына қарай өрістеп, Мережковский мен Бальмонт, Брюсов пен Блок діттеген мақсат-мұдделерге дейін барады. Мұның өзі Мағжанның талмай талпыну, оқу, үйрену арқылы жеткен білім деңгейі; кеңіген ой-өрісі; сезім, сыр қалыптастырыған көзқарас көкжиегі болатын. Оның өз ортасынан оза шабуы да осындай білімдарлығына байланысты.

Мағжан дәл осы халде – үздіксіз іздену үстінде 1917 жылғы ақпан революциясына кезігеді. Бұл тәңкерісті өзінің үлт-азаттық жолындағы үлкен мақсаттарын іске асыру үшін қолайлы кезең деп біліп, енді абстракт-ойдан нақты іс-әрекетке көшеді. Сол жылдарда дүниеге келіп жатқан «Алашорда» партиясының құрылтай съезіне қатысып, Омбыда құрылған Ақмола облыстық үкіметіне, оның оқу комиссиясына мүше боп сайланады. Алайда көп ұзамай «Үш жұз» партиясының қаһарына ілігіп, тұтқынға алынады да түрмеге жабылады. Мағжанға деген құғын мен сүргін осыдан басталады. Одан елдегі Чехословак ойраны кезінде босап шыққанмен Колчак үкіметінің қырғынына тап болады. Ақынның таң самалындағыны таңыстағысы келген азаттық идеясы әдірә қалады. Елім, жұртым, үлттым деп күніренген Мағжанның мұнына мұн, зарына зар қосылады. Дей тұрғанмен, қызыл өскерлер ақтарды құғаннан

кейін Бұқілодақтың өкімет 1919 жылдың 4 сөуірінде «Алашорда» партиясына кешірім жариялады, біраз кеңшілік бергендей болады. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов жаңа қоғамдық жүйеден ел иглігі үшін әжептөүір үміт күтіп, коммунист партиясының қатарына өтеді де Орынборда сайланған тұңғыш Қазақ үкіметіне мүшелікке кіріп, оның Оқуагарту халық комиссары болып тағайындалады. Бұл тұста Мағжан Жұмабаев Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің редакторы болып істейді. Газетте жүрген кездерінде оның публицистикасы өріс алады: «Бірінші май мейрамы», «Сайлау» сияқты шалқымалары біршама ақындық қуатпен, шабытпен жазылып-жарияланады. Әдеби сын саласындағы «Ақан Сері», «Ақанның өмірі», «Ақан Сері сөздері», «Базар жырау», «Әбубекір ақсақал Дибаев» деген мақалаларының мазмұнында ірі-ірі танымдық деректер тұтасып жатса, жазылу стилінде зерттеушілік сипат, тілінде әдеби көркемдік бар.

Ахмет Байтұрсыновтың әсерімен ат төбеліндей қазақ зиялыштары Қазақ үкіметінің агарту жұмыстарына белсене араласады. Әсіресе оқу, оқыту мәселелерін көп боп бірігіп шешпек болады. Мәселең, дәрігер Х.Досмұхамедов қазақ халық әдебиетін, Махамбет пен Мұрат ақындығын зерттей келе Ташкентте тіпті «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» туралы зерттеуін кітап етіп шығарса, жазушы Ж.Аймауитов Мәскеуде психология тақырыбына «Жан жүйесі және өнер таңдау» деген оқу құралын, ақын М.Жұмабаев 1922 жылды Орынборда «Педагогика» оқулығын бастырады... Қазақ оқығандарының мұншалық әмбебаптығы кезінде қазақ жастарының интеллектуалдық дамуында орасан зор роль атқарған. Олар елдің келешегі жастар деп үғып, оларды оқытып-тәрбиелеуге барлық күш-қабілетін

сарыққан. Демек, ақынның «Мен жастарға сенемін» деген өлеңді де жайдан-жай туып жүрген жоқ.

«Арыстандай айбатты,
 Жолбарыстай қайратты –
 Қырандай күшті қанатты,
 Мен жастарға сенемін.
 Қажу бар ма түлпарға
 Талу бар ма сүңқарға,
 Иман күшті оларда,
 Мен жастарға сенемін.
 Алаш айбынды ұраны,
 Қасіретті құраны,
 Алаштың олар құрбаны,
 Мен жастарға сенемін!..»

(«Мен жастарға сенемін»)

Бұдан Мағжанның тұрақты ағартушы-демократтық бағытын танимыз. 1922 жылы Бернияз Қулеевтің көмегімен Қазанда басылған Мағжан Жұмабаевтың екінші жинағындағы, 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың қолдауымен Ташкентте басылған үшінші жинағындағы өлеңдер де, негізінен, өлгідей ағартушы-демократтық идеясынан туған шығармалар еді. 1912, 1922, 1923 жылдардағы үш жинақты саусақпен санап отырған себебіміз – Мағжан ақындығы оның кезінің тірісінде жарық көрген тек осынау үш жинақтағана шоғырланып бізге жеткен. Өзгелері жоқ. 1929 жылдан байлайғы өлеңдері мүлде табылар емес. Бәрі жоғалған, немесе ақынға қалам қызыметін күшпен тоқтаттырған.

Поэмаларына келсек, олардың ішіндегі ең бір інжу-маржандары – «Қорқытты» «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 сандарынан, «Батыр Баянды» 1923 жылғы 4-5-6-7-8 сандарынан табуға

болады. Ал бізге жеткен бірден-бір нұсқалы прозалық шығармасы «Шолпанның күнөсі» де журналдың дәл осы жылғы дәл осы сандарында жарияланған. Бұлайша тәптіштеп отырғанымыздың мөнісі – Мағжанның 1922 жылы Ташкентке келіп, «Ақ жол» газетінің, «Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына белсене араласқан бірер жылдың санаулы айлары Пушкиннің «Болдино құзі» секілді ақын шығармашылығының аса жемісті шағы болғанын айрықша атап көрсету еді. Осыдан кейін-ақ Мағжан басын тағы да қатердің қара бұлты торлай бастайды. Оған себеп (асылы «қазақтың жауы – қазақ» деген тұжырым рас па, қалай?!) – 1924 жылғы 24 қарашада Мәскеуде оқитын қазақ жастарының ақын өлеңдерін талқылап, өсіресе соңғы жинаққа енген «Мағжан елециңің көбінде өткенді қөксейді, ескілікті іздейді, үлтышылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді» деген қаулы қабылдап, сол кездің өршігелі тұрган отына май құюы! Осының ізінше ұрынارға қара таппай жүрген ҚазАПП басшылары Мағжанға қарсы ұйымдастын тұрде жаппай шабуылға кіріседі. Үр да жық, тұрпайы, солақай, «сойып сал» сыншылар Мағжанды «агаш атқа мінгізіп» қойып «өзімшіл, байшыл, үлтышыл, тұрікшіл» деген айыптар тақты. Ол 1924 жылы амалсыз Ташкентті тастанап, Мәскеуге ауысты. Күншығыс баспасына жұмысқа орналасты. Мұнда жүргенде ол М.Горькийдің «Сұңқар жырын», Мамин-Сибиряктың «Ақбоз атын», Всееволод Ивановтың «Қазақ әңгімелерін» аударып бастырыды. Өзінің төл туындыларын уақытша үзе тұрып еді, бөрібір, сонда да айыптаулардан арыла алмады. Тағы да амал жоқ, елге оралды. Қызылжардағы Қазақ педагогикалық техникумында, Партия-Кеңес мектебінде дәріс беріп, қырсық-қиғылықтан аулақ аздап бой тасалап жүрді.

Бұл кез – Қазақстан өлкелік партия комитетіне басшы болған Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» ұралының таратып, жалпы қазақ атаулыға қарсы қандықол зұлымдығын күшайтеп түсін шағы; ҚазАПП көрсеткен «ұлтшыл», «байшыл» жазушыларға қорқау қасқырдай тиген тұсы... Нәтижесінде 1929 жылы қазақ зиялыштарының үш жүзден астамы тұтқынға алынғанда Мағжан солардың ішінде кетіп, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылады. Одан он жылға сотталады. Карелияға айдалады. «Кісендеулі қолымен» Беломор-Балтық каналын қазысады. Сонда жүргенде М.Горький мен Е.Пешковаға хат жазып, солардың көмегімен 1936 жылы аз уақыт азаттық алғып, Қызылжарға қайтып келеді де орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1937 жылдың 18 наурызында Сөкен Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға келген, бірақ мұнда да не баспана, не жұмыс таба алмай сергелденгे түседі. Ақыр-аяғында қайран ақын сол жылдың 30 желтоқсанында қайтадан қамауға алынады да, келер жылы баянсыз ғұмыр біржола үзіледі.

Зейнолла Қабдолов,
академик, жазушы

Өлеңдер

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМИН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ міnez жібектер,
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..

Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарап олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі – от.
Оттан басқа тәңірі жок.

Жалынмен жұмсақ сүйеді,
Сүйген нәрсе күйеді.
Жымып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шоқ қылар,
Шоқ қылар да, жоқ қылар.
Мұның аты От болар.
Мен де отпын – мен жанам.
От – сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның.
Жалын жұтам – тез тоям.
Өулием, ием, құтыма,
Теңсіз төңірім отыма
Әлсін-әлсін май құя�.
Май құямын – өрлейді.
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын.
Сескенбес, сірө, кім сенен;
Шынында, менің өзім де – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен – оттанмын, от – менен,
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Қараңғылық бұққанда,
Қызырып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүргегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.
Жүргегім де, жаным да – от,
Иманым да, арым да – от.

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буганнан,
Қараңғылық – дүшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап үшқанмын,
Әлпігे¹ барғам Алтайдан.
Балқанға барғам Қытайдан.

¹ Альпі – асқар таудың аты (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Күннен туган баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнгө ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі – от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.

ТҮРКІСТАН

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туган
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-әскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен сұы да жат,
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның шегі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан,
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ, мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған шегі-шетсіз Теңіз, Арап.
Еір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун;
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейтін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,
Көкке асқан Хантөңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбагатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындар бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрган
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған,
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Тұрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғылық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүргегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле
– Атага тартып туган бәрі бәрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі:
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарагайдай,
Сол биден Темір туган от бол ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Тұранды мақтамаймын, тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма өлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын.
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырак, қалған жоқ па?

Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазагым да хандық құрган.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрган.

Өділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей дұнышпан хан құрган екен
Басында Құлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш жері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Шер батса кім ізdemес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Ертеде Оқыс, Яқарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі – сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздел бабаң бейтін!

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
 Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
 Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
 Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
 Құндей құшті, күркіреген ел тынды.
 Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
 Батыр, хандар – асқан жандар ұмтылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
 Жауыз тағдыр жойды бөрін не бардың...
 Алтын Құннен бағасыз бір белгі боп,
 Нұрлы жүлдіз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
 Таза, терен, өткір, күшті, кен тілім.
 Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
 Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
 Жолбарыспын, маған қарсы кім тұrap?
 Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
 Жер еркесі – желдің жөнін кім сұrap?

Көкте – Құнмін, көпке нұрым шашамын,
 Көнілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
 Шеті, тұбі жоқ теңізбін қаракөк,
 Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қаарымын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансан – тамүқ даяр жолымда.
Жоқ жақыным, Жасағандай жалғызыбын!
Мен бе иілер өлсіз адам ұлына?!

Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіне!

ПАЙҒАМБАР

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк.
Мережковский

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Тұнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Кегінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған,
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаган.
Білген емес иман деген не нөрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол,
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей үрттап қанын ішкен ол...

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, өзөзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.
Түн баласы түнеріп түр өлгелі,
Көзінді сал – күнбатыста қанды шу;

Көзге тұртсе көрінбейтін қара түн,
Күнірене ме, күле ме өлде, өлдекі?
Жылайды да, шулайды да үлиды,
Бұл кім? Бұл ма – түн баласы түссіз жын.

Қап-қара түн. Түн баласы күніренед,
 Күніренумен бір-біріне үн беред.
 Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
 Қара түнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.
 Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
 Қайғы менен қара қанға түншығып,
 Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
 Ой артынан ойлар келіп кетеді.
 Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
 Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде отты Құннен Гун туған,
 Отты Гуннен от бол ойнап мен тугам,
 Жұзімді де, қысық қара көзімді
 Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
 Мен – Құн ұлы, көзімде Құн нұры бар.
 Мен келемін, мен келемін, мен келем,
 Құннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме өлде көзің көр?
 Құншығыстан таң келеді, енді көр.
 Таң келеді, мен келемін – пайғамбар,
 Құт сен мені, «лахаулаңды» оқи бер.

Құншығыстан таң келеді – мен келем,
 Көк күніренед: мен де көктей күніренем.
 Жердің жүзін қараңғылық қалтаған,
 Жер жүзіне нұр беремін, Құн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Құңғренеді түн ұлы.
Құншығыста ақ алтын бір сзық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар – Құн ұлы.

ҚҰНШЫҒЫС

Қысық көзді Құншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алым!
Құңғрентіп жерді ыңыранышы.
Құнбатысқа көз салышы,
Көрдің бе қанның жалынын?
Құнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп бөлуге,
Көп құлем деп өлуге
Жақын қалды Құнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан жаққа сүзіп көз салу –
Қолынан енді келері.
Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанға боялсын.
Оның өлген үнімен,
Қанды батқан күнімен,
Құншығысым оянын!
Қысық көзді Құншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс.

Күнбатысқа жүрелік,
 Желкілдеген түменен,
 Жер күніренткен шуменен
 Қаласына кірелік.
 Құл қылайық қаласын,
 Құл қылайық баласын.
 Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
 Гүл қылайық қаласын,
 Ұл қылайық баласын,
 Мейірім есігін ашалық.
 Мұндарларды адасқан,
 Айрылып естен шатасқан
 Күншығыстың жолына
 Салайық, шетсің демейік,
 Аямайық, көмейік
 Күншығыстың нұрына...
 Терең теңіз тебіренді,
 Күншығысым күніренді.
 Қырағы көзім көреді:
 Желкілдеген түменен,
 Жер күніренткен шуменен,
 Қара бұлт қаптап келеді.
 Өй, сен, кесел Күнбатыс!
 Бұл жатуың қай жатыс,
 Жоғал жылдам жолымнан!
 Болмаса, қорықсаң өлімнен,
 Үмітің болса өмірден,
 Ұста менің қолымнан!

AHAMA

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе, я өңім бе?
Оң менен сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде, —

Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,
Ренжү жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!»
Ыстық-сүйк, желге-күнгे тигізбей,
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам!

Үңырансан, я қарным аш, я тоңған
Екенімді ойламастан тез білдін.

«Жаным – дедің, – қарашиғым,
кулыным», –
Сүйдің, қыстың, дедің: «Төтті қылышың!» –
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,
Я жыласам – бәрі жақты қылышы.

Жаным анам – жібек тілді, ақ көңіл,
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,
Жан балана ақ батанды бере көр!..

ЛӘЗЗАТ ҚАЙДА?

Бұл жарыққа шыққан соң
Іздейді көңілім күн-түні
Ләззатты, достық, рақатты,
Шаттыққа толы құлқіні.

Ойында ма бос өткен?
Қайғылы ауыр ойда ма?
Жүйрік тазы салу мен
Қызойнақ иә тойда ма?

Байлықта ма балқыған,
етінен шірі шықпаған:
Ас, ат беріп жүрт өзін
Алып оған ықтаған. –

Ләззатты іздең, көңілім
Шарқурып, аласұрады,
Қиялым, көлбеп қияда,
Сауық пен сайран құрады.

Ләззатты көктен іздемен,
Ләззат алда түр аңдалап:
Жүйрік мініп, ит ертіп,
Кетемін қолға қыранды ап!

Шынында, қорек болмас бұл
Аласұрган көңілге.
Оқу оқы, өнер қу,
Басқалардан түңіл де!

Жүрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жүрт
Алға бассын деп ойла.

ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыққа аяқ басып тұған жер,
 Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
 Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
 Ойын ойнап, шыбын-шіркей құған жер.

Жаратылдым топырағынан, сен – түбім,
 Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-төнім.
 Сенен басқа жерде маган қараңғы,
 Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Тәтті сүйн дәмі аузымнан еш кетпес,
 Қалың нұның, қыр, сүңға жер жетпес.
 Қең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
 Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
 Батпағында тең құрымын алышып,
 Түнде – ақсүйек, алтыбақаң, ал құндіз
 Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы – Алла добы» – деген рас,
 Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
 Қім біледі, мен де шетке кетермін,
 Тұған жерім, сені тастап басым жас.

ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,
 Ерініп, шаршамаса, белін буса.
 Үртүң-жыртүң, жоқ-барға көңіл бермей,
 Періште бол анадан қайта туса!

«Жақын тұған бауыр!» – деп, айналмаса,
 Қатын-сатын дегенге байланбаса,
 Тынықпай, дамыл алмай, ертелі-кеш
 Ізденсе, кідірмесе, жайлансаса.
 Дүниенің қайғысына зарланбаса,
 Көз қысып, құлгеніне алданбаса,
 Қақ жаарап қара қылды тура бөліп,
 Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.
 Өсектен ат-тонымен алыс қашса,
 Естісе, үялғаннан бетін басса,
 Жамандық – аты өшкірге жақын журмей,
 Аяғын күндік жерден байқап басса.
 Өзінен басқа жанды кем көрмесе,
 Құтыртып, шағыстырып жел бермесе,

Табылмас аузына су тамызуши,
 Өзінің тар етігін кең көрмесе!
 Көзі ашық адамдарға жақын жүрсে,
 Олардың әрбір сезін үлгі көрсে,
 Естіген сөз, көргенді бос тастамай,
 Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе.
 Қоңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,
 Мылқау, меніреу адамды қас деп білсе,
 Бейнеттің мұнарланған шөл даласын
 Жұмақта хорлар тіккен қос деп білсе.
 Наданды қатқан жансыз тас деп білсе,
 «Өнер-білім – қарны ашқа ас!» – деп білсе,
 «Дүниенің теңізінде адасқанға
 Тура жол көрсетейін, бас!» – деп білсе,
 Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,
 Басқаға мойын бұрып көз салмаса!
 Өнер-білім жер астында болса-дағы,
 Іздесе оны талпынып, бос қалмаса!

ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды гой қылта мойын,
 Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.
 Қараашы өзіне-өзің кез жүгіртіп,
 Жараспас бұдан былай құлкі-ойын.

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
 Ойламау келешекті түпке жетер.
 Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
 Жан қорқып, дене тітіреп есің кетер.

Тасталық болыстыққа таласуды,
 Таласып жаман көзбен қарасуды.
 Мың-мыңың төгілуі жетер енді,
 Ізделік аққан бұлақ – қара суды.

Бар жерді құннен-құнге алып жатыр,
 Біреулер алып қала салып жатыр.
 Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
 Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
 Отырайық жиылып, оңдалайық.
 Мың жылғы өткен құмай ата-заңды,
 Өнерден кеш қалмайық, ойланайық.

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,
 Қайдағы оңды жерді таңдалайық,
 «Ауыл болсаң – қоғам бол» – деген сөзбен,
 Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ,

Сол шақта көп түкіріп көл де болар,
 Көлде толқын айдаушы жел де болар.
 Мектеп пен медреселер көп салынып,
 Ағайын тату-тәтті ел де болар.

Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Ның сіңген надандықтан қаша алмаспыз.
«Заман тұлкі болғанда, тазы болмай»
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

ЖАТЫР...

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жүлдyz, бірі күн боп,
Жалтылдал кектен нұрын шашып жатыр.
Таласып өнер-білім алдып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рақметіне жарып жатыр.
Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекең таң қаларлық кепте жатыр.
Байлары мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс –
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.
Кең жері күннен-күнге құрып жатыр.
Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр.
Әуелде жұрт билеген адамдарды
Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр.
Біреулер оқып тере болып жатыр,
Шен алдып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.
Шекірттер медреседе шіріп жатыр,
Айтысып молдалармен іріп жатыр.

Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт
 Жемтікке құзғын болып кіріп жатыр.
 Өйелдер мал орнына жүріп жатыр,
 Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.
 «Бес байтал – өйел құны» – деген бір сөз
 Қармаққа талай жасты іліп жатыр.
 Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,
 Өзара талас-тартыс болып жатыр.
 Кешегі шешек жарған қазақ гүлі
 Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.
 Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,
 Құн сайын артқа қарай кетіп жатыр.
 Сезінбей өзгенікін, өзінікін
 Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?

ЖЕР ЖҰЗІНЕ...

Жер жұзіне ер атағым жайылған,
 Жсан емеспін оттан, судан тайынған.
 Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
 Құн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
 Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.
 Талай тайғақ, тар кешуде таймаган
 Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер,
 Арыстанға қарсы үмтүлған мендей ер.
 Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттөн
 Корқар болсам, жұтсын мені қара жер!

СОРЛЫ ҚАЗАҚ

Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп,
Нөр тата алмай, күшсіз, өлсіз бүгіліп.

Оқу-білім жақындаатпай, жолатпай,
Қырын қарап, қазақ, ісін ұнатпай,
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,
Қанды жаспен екі көзін шылатпай.

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу
Ертелі-кеш басыңа мініп езгенді!

Кітап өпер, оқысын балаң, қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?
Көңілі түсіп, білімге мойын бүрар ма?
Құні туып, оқынан – Құн, солдан – Ай,
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

ЖАРЫМ

Кердең-кердең жүресің сен, не таптың?
Мен айтайын, айнымайтын жар таптым.
Құндіз-тұні жар қойнында жатамын,
Естімеймін уын-шуын жан-жақтың.

Қанша құшсам-дағы сусын қанбаган,
 Жан жарым бар, неге керек мал маган!
 Жұрттың бөрі-ақ: «Оңбаган жан!» – дей берсе,
 Жан жарым бар, неге керек ар маган?!

Жарым күншіл, бұрылтпайды жан-жаққа,
 Жібермейді жұмысқа да, мансапқа,
 Сондай ерке, оны құшып, керіліп,
 Күндіз-түні құнірене бер тек жат та.

Әкем маган: «Сауда қылып мал тап!» – дер,
 Жарым маган: «Мал деген не, тек жат!» – дер.
 Елім маган: «Елге еңбек қыл!» – дегенде,
 Жарым маган: «Жатқан адам бекзат!» – дер.

Жар айтқан соң, жаннан жатсын көрген жар,
 Жардың тілін алмауга не дәтім бар?!

Тілін алдым – үйден, елден айрылдым,
 Бірі де жоқ – мал да, ел де, намыс, ар.

Жар жат дейді, жатамын да, жатамын,
 Мас адамдай бос ойға ылғи батамын.
 Ашылғанда үйқыдан көз, бар ісім –
 Қылжалаңдап, жоқты-барды шатамын.

Әрине, енді мені мақтар пенде жоқ,
 «Жап-жақсы еді, жар аздырды-ау!» – дейді көп.
 Жұрт сөзі не? Жан жарымның қойнында
 Жата берем: «Жаным, жаным, жарым!» – деп.

Бұ жарым кім? Тапшы көне – «Денсаулық?», –
 Сен дейсің ғой: алма бетті, ақ жаулық...
 Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:
 Жарым менің – атышулы жалқаулық!

МЕН СОРЛЫ

Талапсыз, бақсыз мен сорлы,
Бір ісім онға бармаған.
Мен не жаздым оғұрлы,
Тәңірі мұнша қарғаған?

Талпындым, түстім ізіне,
Оңалмады бір ісім.
Қарамай құлыш жүзіне,
Көрсеттің, Алла, сен қысым.

Бел будым, түстім өр жолға,
Тілекті қайтсем табам деп.
Қарамадым он-солға,
Тілегім үшін шабам деп.

Не қылсам да түспеді
Усысма қуғаным,
Жібермеді, күштеді,
Жақын бауырым – туғаным.

Таласқа салды жиганын,
Барын, арын аямай,
Оқуға ақша қимадың,
Алды-артыңа қарамай.

Білім ізден сусаған
Жылайды пендең алдында,
Мейірі кең, жасаған,
Құралақан қалдым ба?..

БІР КҮНІ

Бір күні, ерте оянып, жаттым ойлап,
 Көп шыбын өрмелеген уық бойлап.
 Ұшқан боп жақындасып бір-біріне,
 Тайдырып, орнын қозғап, тұртіп ойнап.

Қарадым, қалың тұман ойга түстім,
 Уыққа қарауымды дереу кестім.
 Шыбындай бір-бірімен талас қылған
 Адамзат баласына енді көштім:

«Япыр-ай, осындей-ау адам-дағы,
 Бірі күшті, біреуі жаман-дағы.
 Қүштісі өлімжеттік қылғаннан соң,
 Дүние де жақсылықтан аман-дағы.

Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ,
 Көрінген бақ-дәүлеттен ұшқан шаң жоқ.
 Жиғаны, бар тапқаны – басқанікі,
 Керек десе, тәнінде жалғыз қан жоқ!» –

Деп ойлап қалың ойда жатыр едім,
 Көп ойлап, ой дәмінен татып едім.
 Естілді үй сыртынан апам даусы:
 «Ноқта апар, нағып тұрмай жатып едің?»

Тәсектен мен-зең болып әрең тұрдым,
 Ноқта алыш, желі жаққа қарай жүрдім.
 «Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ!» –
 Деп ойлап баяғы ойға қайта кірдім.

Қыздырып Құн, ойлауға ерік бермей,
 Мал шулап, бөлді ойымды ырық бермей:
 «Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» –
 Дедім де, жөнелдім мен қолым сермей!

ҚОЙШЫ БАЛА МЕН КУШІК

Бір бағланды сойғызып,
Іргеге жастық қойғызып,
Үйіне болыс кеп отыр.
Құйрыққа бауырды астарлап,
Пыс-пыс етіп қос қолдаپ,
Сылқылдатып жеп отыр.

Қасындағы хатшысы,
Алаңғасар атшысы
Олар да асап жатыр-ау.
Почтабайың – пақырың
(Асасаңшы ақырын?)
Қақалдың ғой, батыр-ау!

Бәйбіше мен бай да тоқ,
Қонақтан күтіп пайда жоқ.
Өз табагы өзінде...
Бір бала отыр анадай,
Беті-қолы қара май,
Көзі – болыс көзінде.

Қатқан тоны қаудырап,
Табаққа көзі жаудырап,
Отыр бала есікте.
Аузы толған түкірік,
«Кет!» – деп қояды жекіріп
Қатар түрған күшікке.

Бір мезгілде хатшы Иван,
Бір жілік ап атшыдан,
Есікке қарай лақтырды.
Жілік жерге жалп берді,
Жалп бергенде, тап берді.
Тап бергенде, шап берді.

Не күтіп болар күшіктен?
 Тістей салып, есікten
 Сып етіп шықты даға.
 Күшікке қайнап зығыры,
 Артынан шықты жүгіре,
 Іле-шала бала да.

Қойшы да болса бала еді...
 Баланы не деп болады?!
 Көңіліне қатты алғаны;
 Шынымен көзге жас алып,
 Үйді барып тасалап,
 Күшікті теуіп қалғаны.

Үйде отырған бәйбіше:
 «А, жүгермек, қой десе!...» –
 Деп балаға жекірді.
 Сонда болыс ыңқ етіп,
 Үйдің ішін мұнқітіп,
 «Өh!» – деп бір кекірді.

КҮЗ

Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған,
 Қекорай түсі қашып солып тұрған.
 Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне,
 Бұрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған.

Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсөң,
 Естілмес құстар даусы құлақ тұрсөң.
 Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,
 Көресің кемпір-шалды үйге кірсөң.

Масатыдай құлпырған жердің жүзі,
Аяқ бассаң – табанға өтер сызы.
Кемпір болған бет-аузы қатпарланып,
Бураңдаған кешегі сұлу қызы.

Қысқасы, жер жүзінде көрік біткен,
Қарағанда сұлу қызы қайта кеткен.
Жыламсырап мұңайып, жанды-жансыз
Қатты аязды қайырымсыз қысты күткен.

Осы уақыт шаһарға тұрсан қарап,
Түрлі жүрт түрлі істе жүрген тарап.
Көше бойлап, оқуға шапшаң басып,
Шаттықпен жас балалар боқша арқалап.

Қыс, құз болмас оларға көңілсіз шақ,
Оқу біліп айырар қара мен ақ,
Өнерленген дүниеге ұстаз болған,
Қолдарында олардың төж бенен тақ.

Қарасаң сонда қазақ арасына,
Ойнаған жалаңаяқ баласына.
Кетеді іш елжіреп жанып-күйіп,
Көңілдің тұз сепкендей жарасына.

Жас өмір надандықта өткен босқа,
Оқымай, өнер қумай жазы-қыста.
Білімнен ат-тонымен қашқан қазақ,
Сайлауга таласуға қандай ұста.

Баласын оқытумен жоқ жұмысы,
Ел бұзу, малын шашу – барлық ісі.
Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі,
Япрыым-ай, айтсандаршы, бар ма кісі?

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жүртіның бетін жуған.
Ішіп-жеп, босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер жүзіне не үшін туган?!

Қор болдық өнер құмай, қайран елім!
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім.
Сұлық боп жан шыққалы түр таяулап,
Маңдайдан шып-шып шығып өлім терің.

ШЫН СОРЛЫ

Құн сұық, қатты аяз, шыдар емес,
Қар борап соққан желмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтыра,
Жылды үйде байлар жатар, уайым жемес.

Тұн болып қара тонын киіп еді,
Қатты жел барлық күшін жиып еді.
Ақтарып астын үс қып, гулеп соғып,
Дөңдегі қарды ойға үйіп еді.

Дүрілдеп сұп-сұық жел соққан шақта,
Қар борап, үй айнала тыққан шақта,
Шыдамай жан-жануар жел өтіне
Бүкшиіп теріс қарап ыққан шақта, –

Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,
Нығарлап өр түкпірге сүйреп тастап.
Құт ұшыра естілген қатты дауыс:
«Анаң, енең!.. Шық үйден! Жолыңды тап!»

Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,
Жылауга, қозгалуға есі адасқан.
«Аяғым ауыр, қой деймін!» – дегенінде,
Дұр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.

Балтабай бір қолымен есік ашты,
Тепкен соң сорлы Оразкен далага асты.
«Кірме, өл далада, иттің баласы!» – деп,
Бекітіп іште тұрып есік басты.

Оразкен екпінменен құлай кетті,
Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті.
Әдейі өшіккендей тас бауыр жел
Дүрілден астын үс қып борай кетті.

Оразкен бас көтерді есін жиып,
Көз алды дулап кетті от боп күйіп,
Басынан сорғалаған қап-қара қан
Ағады үлбіреген бетке тиіп.

Дәрмен жок, көзі тұнып, тұр балбырап,
«Жасаған, жарылқа!» – деп, жәрдем сұрап.
Қар борап, дүрілден жел соққан шақта,
Кетеді сорлы Оразкен дір қалтырап.

ҚАРАҢҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ

Қараңғылық қоюланып келеді,
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.
Күлімсіреп жанымдағы жас бала
Қызық көріп сөнген шоқты үреді.

Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,
Біразырақ шоқ қызара түсті де,
Дереу сөніп, тезірек күлге айналды,
Астындағы ыстық құлді құшты да.

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты үріп бала құледі.
Ой басты ма? Өлде көзім талды ма,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

ТӘҢІРІ

Зор Тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,
Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.
Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,
Өзіңе ерік тізгінің береміз біз.

Ауыздан Алла атынды тастанамаймыз,
Алласыз ешбір іске бастанамаймыз.
«Әділ хан, бүйрығыңа бойсұндық», – деп,
Бүйрықсыз бір адым да аттанамаймыз.

Кеш, Тәңірім, болса сөзім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда өділдік?
Соншама кең рақметтен құр тастанатын,
Баласы алты алаштың – біз не қылдық?

Басқаға орын бердің жақсы жайдан –
Зенгір тау, түпсіз дария, терең сайдан.
Үмітсіз, тілегі жок, тұрағы жок,
Құылған дәргаһінан біз бе шайтан?

Бізге отсыз шөл даланы орын қылдың,
Бақ-дәулет, өнер-білім қырын қылдың.
Кесір деп кек алатын өгей балаң
Біз бе едік, көп төбетке жырым қылдың!

Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ,
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?

Бақытсыз қаңғып жүрген қазақ сорлы,
Әркімге күні кетіп мазақ сор-ды.
Бір елші жібермедің, санға алмадың,
Жалаңаш түйе баққан араб құрлы.

Кеш, Тәнірім, сорлы құлға қаһар етпе,
Рақым қыл, біз сорлыны шетке теппе.
Сөз шықты жан ашумен, әділ Тәнірім,
Тиген соң, аңы таяқ тұщы етке!

ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙІ

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай,
Ылғи ғана қүйрық пен бауыр жер едім,
Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай.

Мына қолдың саласынан май тамар,
Ішіп болмай қымыз деген жай қалар.
Болыс болсам арманым не, уа шіркін!
Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар?

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
 Тұс боп қапты, тұрган шыгар біздің бай!
 Бай не тұрсын, быр-быр үйиқтап жатыр-ай,
 Былшық сары Сагиласын құшақтай, құшақтай!

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
 Сагиласы маған көзін салады-ай!
 Неге десең, мені тұртіп қалады-ай,
 Тұрту түгіл, кейде нұқып: «адыралай»
 Санымнан да шымшып-шымшып алады-ай!

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
 Ой-қой, ой-қой, ой бұзылған соққан-ай,
 Мына ісінді егер білсе бәлем бай,
 Екеумізді айдаш шыгар қосақтай,
 Қой, бұзылған, қой, жолама, қой, ойбай!

Қой демекші, қойым қайда, тәйір-ай?
 Тапқан ба екен кебенегі тақыр жай?
 Құннің көзі ысып кетті-ay, апырм-ай,
 Қыын болды-ау ақсақ, қойдай пақырға-ай!

Сагила бүгін тұшы қатық берсе егер,
 Жарап еді-ay, апырм-ай, апырм-ай!
 Шулай берме, Шопан ата, шәй, шәй, шәй!

ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрмө!
 Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
 Оқымай ойын қуған балаларға
 Жолама, шақырса да қасына ерме!

Кідірме, аялдама, алға үмтыл,
 Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.
 «Қарманған қарап қалмас!» – деген рас,
 Тоқтамай істей білсең батып терге;
 Жасынан оқу оқып, өнер қуған
 Жан жетпес көңілі жүйрік кеменгерге...

ӘЙЕЛ

Қылмыстан жазып тәңіріге,
 Қарсы келіп өміріне,
 Құылды Адам жұмақтан.
 «Қайт, – деген, – қара жеріне,
 Бесігіңе, көріңе!» –
 Бүйрық болды бір хақтан.

Батпас жарық күні жоқ,
 Періштелер үні жоқ,
 Айнала – өлім тып-тыныш.
 Откелсіз биік тауы бар,
 Есепсіз түрлі жауы бар,
 Қараңғы көрдей қорқыныш.

Жерге түсті жалаңаш,
 Көңілде – қасірет, көзде – жас,
 «Кеш, тәңірі!» – деп сұрады.
 Қорықты ма қатты жазадан,
 Алда құр жалғыз азадан,
 Зарлады, қатты жылады.

Жерге жалғыз зарығып,
 Жұмағын көкте сағынып,
 Жылады баспай өксігін.

Жасты көріп жаратқан,
Ыстық дария боп аққан,
Ашты рақмет есігін.

Жұмақтың жібек желінен,
Жайнаған мәңгі гүлінен,
Хош иісін аңқытып,
Күміс көусөр сүйнан,
Сүйнің алтын буынан,
Бетінде нұрын балқытып.

Көктің батпас Күнінен,
Періштелер үнінен,
Жұмақта хорлар лебізінен,
Өз нұрынан нұр бөліп,
Сезгіш, сүйгіш жан беріп,
Махабbat, рақмет теңізінен –

Жаратты тәңірі өйелді,
Бастасын деп бар ерді,
Туралық, шындық жолына.
«Адаспассың, азбассың,
Тура жолдан жазбассын,
Ерсең деп мұның соңына!»

«Жұмақтан жырақ кеттім! – деп,
Кешілмес күнө еттім!» – деп.
Жылама, зарлап, налыма!
Жолбасшынан өрнек ап,
Сенің де көңілің болса ақ,
Жұмақ даяр тағы да.

Өтті заман. Жас кепті,
Корқыныш, қатер, қайғы етті,
Ұмытты адам Алласын.

«Жауыздың жасы жалған!» – деп,
 «Жауыздық оған арман!» – деп,
 Жер жұтты ма уағдасын?

Кешегі әйел періште,
 Адамды бастар гарышқа,
 Жұзі жарқын нұрлы айдан –
 Еңіретіп күңғып сататын,
 Еріккенде ойнап жататын
 Болды да қалды бір хайуан.

Енді ежелгі көркі жоқ,
 Көргені қорлық, еркі жоқ,
 Естисің бе зарлы үнін?
 Бұл ісінді қоймасаң,
 Эйелмен ылғи ойнасаң,
 Жүрмесін көп боп бұл күнің!

ҰЛБОСЫН

Бауырсақ мұрыны пүштиып,
 Бесікте жатты Ұлбосын.
 Әкесінің ойында:
 «Ұлбосыным пұл босын!..»

Тышқан көзі сықсиып,
 Ойнап жүрді Ұлбосын.
 Әкесі енді жиірек
 Ойлап жүрді: «Пұл босын!..»

Бүйрек беті бұлтиып,
 Шолпы тақты Ұлбосын.
 Құлім қақты әкесі,
 Ойға батты: «Пұл босын!..»

Салмақты қыз боп ақылды,
Он бірге жетті Ұлбосын.
Мал алуға әкесі
Құдага кетті: «Пүл босын!..»

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет
Он беске келді Ұлбосын.
Әкесі ойды иректейд:
«Отыра түссін, пүл босын!..»

Ирек боп қалды-ау ой шіркін,
Пүл болмады-ау Ұлбосын.
Ұлбосын биыл естіпті:
«Енді әйелге жол босын!..»

Естіпті де досына:
«Мән-жай мынау... ал, досым!» –
Депті. Сөйтіп сол тұнде-ақ
Кетіп-ақ қалған Ұлбосын.

Бұрқырап отыр әкесі:
«Күл болмаса, бүл босын!»
Мен не деймін, қалқам-ау,
Жол босын деймін, жол босын!

БІР БИГЕ

Ө, биіміз, биіміз,
Түрленіп қапты үйіңіз,
Көріп тұрмын көзіммен.
Тым-ақ төуір күйіңіз,
Байқаймын, мол гой тегінде
Алатын елден сыйыңыз.
«Сен» деп сізге не дейін,
Тамұқта мәңгі күйіңіз!

ОРАЗАДА

Таң алдында тамылжып,
Тәтті үйқыға батқан шақ.
Бір тамақтың қамын жеп,
Үйқылы-ояу жатқан шақ.

Тұра салып төсектен,
Дір қалтырап киініп,
Далаға шығып есікten,
«Уақыт бар» – деп сүйініп;

Қайтып тез үйге оралып,
Ашылмай оң мен сол көзі.
Келгенде қарын бұралып,
Көрінді-ау, Шолпан жұлдызы.

«Жылдам іш!» – деп жымындал,
Кез қысуын нетерсің?
«Қарбытып іш, тынымдал,
Аштан өліп кетерсің!»

Алдына өкеп қатар қой,
Қай сүйгенін таңдасын.
Шай, қымызға өбден той,
Көңілде іңкөр қалмасын.

Тұндік жабық, от жарық,
Үйге сөуле кірмейді.
Той, аштықты тойтарып,
Таңды үйден көз көрмейді.

Ораза деген қазаққа
Құлшылық емес, өдет қой.
Еріксіз жүру азапта –
Өдет боп келген нәлет қой.

АСЫҚ ИРУ

Сынайын бір сақаны,
Иірейін құрғырға,
Айттырғанға қалқаны
Толды ма екен он жылға.
Алшы түссең – болғаның,
Тәйке түссең – төуекел,

Бүте түссең – құрығаның,
Шіге түссең – ұрғаның.
Таңмын өзім, ой алда-ай,
Өсіп қапты апыр-ай,
Әй, қыз деген көпір-ай!
Мен баяғы қалпымда.

Алсам биыл Құркे аулақ,
Жатар ек-ау екеуміз.
Бір аяқ қатық тастап ап,
Қойға кетсем мен күндіз.
Қойды айдасам тұс ауа.
Ыргала басып, ыңыранып,

Қатыным шықса қой саяу,
Сусынға қойса қымыран ғып.
Құркеге барсам, жайланаңып,
«Әй, қатын, бері кел!» – десем,
Бірдеңеге айналып,
Ол кешігіп келмесе,

Қайта шығып құркеден,
Қатынға барсам тістеніп...
Отырған жерде желкеден
Теуіп-теуіп қалсам кеп.
Ол көзіне жас алып,
«Адыра қал, – десе, – адыра қал!..»

Ал, асықты байқалық,
Не дер екен біздің бал?
Алшы түссе алақай!..
«Тұс! – дегендे, – тұс, құрғыр!»
Қырыққа келген «балақай»,
Төйке түсті-ау! Төуекел!..

ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ

Қарманбай қарап жатып бақ күтүге,
Ізденбей аласұрып, тақ күтүге,
Тағдырда, бір тақтайда жазулы деп,
Әр іске кім үйретті шақ күтүге?

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған үшқыр жанды,
Қайнаған тамырдағы ыстық қанды
Тұтқын ғып кім қамады? Кім сұытты?
Кім алды қалың қайрат, күшті-әлді?

Кешегі арыстанды айбыны зор,
Жүректі жолбарысты қайраты мол
Айырып ар-намыстан, күштен, естен,
Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл?!

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды,
Үйретіп, дін деп құлдық, қорқақтықты,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!

Ойламай қорқақ құлдың тіліне еріп,
Жай жатып, төуекелге тізгін беріп,
Мінекей, айрылдық қой бақтан, тақтан!
Кайтейін, өсіресе, есіл ерік!

Жоқ енді, жату болмас бос еңбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!» – деп жас төкпеспіз.
Озің де, сөзің де кет бізден аулақ,
Жаны өлген, жүргегі өлген, мұндар кексіз.

Біз жаңа көрдік таңның желі ескенін,
Салқынмен сескендірмек боп ескенін.
Сылдырлап су, сыбырлап жапырақтар:
«Есінді жи енді, алаш, тұр!» – дескенін!

Міне, Күн! Сөулесі алтын жерді құшты,
Жарыққа қуанысып құстар ұшты.
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,
Ұшамыз біз де жиып есті, құшті!

МАГАРРИ СӨЗДЕР

* * *

Ақылы асқан данышпандар елінде
Бағаланбай, қырын көзбен қаралар!
Шетке даңқы, атағы асып кеткенде,
Қарсы болар ауылында агалар!

* * *

Жарты жан боп, сорлы болған соқырға,
Тілін алып, таяғы алдан жол бастар.
Байқай алмай құлар байғұс шұқырға,
Ерсе досқа, таршылықта ойқастар.

* * *

Мінбелерде үгіт айтқан молдалар
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!
Берік киіп, сандықта қап сөлделер,
Жасырынып бұзық жерге кірмесін!

* * *

Риялды ораза, намазбен
 Өзінді өзің алдама!
 Әдепті болсаң онан да
 Көп жақынсың Аллага!

* * *

Жастық, байлық, қол құсырып бос жүру
 Жас өспірім үмітті ерді бұзады.
 Тер ағызып, өліп-талып табылған
 Ата-дәulet быт-шыт болып тозады.

TİPI BOL

Сүмбіл шашы,
 Сылқым жасы,
 Отаяссы
 Көріге.
 Сөйле, жаным,
 Төтті қаным,
 Бітті иман
 Бәріңе
 Жаның ұсак,
 Қоңызға ұсал.
 Құшақ, құшақ
 Өсек көп.
 Шын жаныңмен,
 От қаныңмен,
 Иманыңмен
 ісің жоқ...

Қыбыр-қыбыр,
Жыбыр-жыбыр,
Сыбыр-сыбыр –
Мінезің.
Шық, бері шық,
Кінәлайсың жүрт.
Неге жырқ-жырқ
Күлесің?
Кесек-кесек,
Артқан өсек,
Бір көк есек,
Көнбейсің!..
«Баспын» – дейсің.
«Жаспын» – дейсің.
«Қаспын» – дейсің.
«Мен...» – дейсің.
Бірін боқтап,
Бірін мақтап,
«Алла хақ...» – деп,
Жалпаңдап.
Ел дегенің,
Қам жегенің,
Мен білемін –
Бір атақ...
Жылмаң, жыртан:
Бұртаң-тыртан,
Бұртан-тыртан,
Сұм өмір...
Соныменен,
Алда-ай! Сенен...
Эх, ты, дур!..
Мейлі құрсын,
Бәрі құрсын,
Бұлік болсын
Ізгі жол...

Мен не дейін?
«Сен» – демейін,
«Ол» – демейін,
Тірі бол!..

ЖАЙ ӘНШЕЙІН ОЙЫН ФОЙ... (Саясатымыз)

I

Айт! Құйт! Ха, ха, ха-ay!
Бітір бер Мескеу...
Иванов қалқам, Мө, саған Арқам!..
Әй, керек-ау, әй, керек.
Арақ ішсең, асыңа май керек.
Тәрелерге жем керек,
Оқығанға шен керек.

II

Март, апрель, май,
Жорта тұр! Уайдай!
Дүбір жатыр,
Гүбірнатыр – біздің бай.
Керенский Саша,
Жаса Саша! Жаса!
Вся Россия наша!

III

Толстов, Колчак,
Давай сюда конъяк.
Ой, Иван, аламан,
Мені өйт, атаман!

Өрледі батыр, өрледі,
Ағаш найза сермеді...
Қарсы алдында қалтиған
Николайды көрмеді...

Саясат – ағаш ат,
Мінді есер – киме есер.
«Шу, – деді сабаз, – шу!» – деді
«Шу» дегенде гуледі.
Табаны тасқа тимеді.
Туган елін биледі.
«Қызыл ерін – мен», – дейді,
«Қазағым, қасым – сен!» – дейді.

Шулады қазақ шүрқырап,
Барады «батыр» тырқырап,
Аузынан көбік бүрқырап...
Айтсаңшы иман, молдеке-ау,
Барады гой қорқырап...

ТІЛЕГІМ (Қыздың зары)

Қайғылы қыс қар-боранмен қорқытып,
Жанға рақат жайнаган жаз бітпесе.
Сыландаған алтын күнім тез өтіп,
Қайғы-мұнмен жас төгер шақ жетпесе;

Жасыл шешек, қызарған гүл солмаса,
Қаны қашып, көркі бітіп, қуарып.
Періштедей жас қыз қатын болмаса,
Алмадайын қызыл беті суалып.

Алмаспаса, өзгермесе бұ дүние,
Жақсы-жаман тұрса өзінің қалпында,
Бірақ білген, солай қылған тәңірі ие,
Мен де көндім, басымды идім алдында.

Берсін атам, малға сатпай, теңіме,
Маган жолдас ол мал болмас, ер болар!
Құр қызықсаң аты-заты, тегіне
Көзің нұры балаң өмірі шер болар.

Мейірімді ием, таза, нәзік өйелді
Қара жүрек қазаққа неге жараттың?
Ah, зар қылдым, құлағына кім ілді?
Сорлыларды жауыздарға қараттың...

ЖЫЛҚЫШЫ

Бораны – бөрі ұлып тұр,
Төбеттей тынбай үріп тұр.
Сын тағылды қаңтарға.
Аман ба екен жылқышы?
Аман ба екен жылқысы?
Малға барған жан бар ма?
Тұтінді жерге тығатын,
Түкіріктен түйме тағатын
Аяз мынау шатынаған.
Хабар бар ма, мал қалай?
Малдағы жалғыз жан қалай?
Адам бар ма қатынаған?
Боран мынау, қабандай,
Арсылдаған шаба алмай:
Тұбі қайыр болса игі.

Аяз анау жер тілген,
 Үша алмай анау құс өлген,
 Жылқышы қасқа не күйде?
 Бір бұта жоқ – айдала,
 Аппақ кебін айнала:
 Қалтиып қос тұр ма екен,
 Құрт көжені сіміріп,
 Тұмақты қойып жымырып,
 Қасқып қасқыр жүр ме екен?
 Ойнақ салған құр аттай,
 Шұнандаған лақтай
 Оргыса да аяз өкіріп,
 Қозғап қойып арқаны,
 Ермек қылышп малтаны,
 Тұр ма екен шырт-шырт түкіріп?
 Бораны өлде даланың
 Бейітіндей баланың
 Қосын басып, жығып па?
 Қайран, қасқыр-жылқышы
 Ығып кетіп жылқысы,
 Ол да бірге ығып па?
 Долы, пері, жын боран,
 Сумаңдаған сүм боран
 Құлақ-мұрнын қарып па?
 Құші кете беріп пе?
 Үмітпен түнге төніп пе?
 Бір малта жоқ-ау гарыпқа,
 Жеңе ме, дүние-ай, тілсіз жау?!

Алдында бір сай бар еді-ау,
 Сол сайдан аман өтіп пе?
 Құлап өлде, тап соған,
 Қарқ-қарқ құліп басынан
 Боран жүріп кетіп пе?
 Алас үрып, ісініп,
 Есі кетіп жығылып,
 Есіл ер үсіп өліп пе?

Ердің солай өлгенін,
 Қардың қалай көмгенин
 Құзғыннан басқа көріп пе?
 Боран мынау қабандай,
 Қатуланган қаба алмай:
 Түбі қайыр болса игі.
 Басында, өлсे – сайғақ жоқ,
 Өліміне айғақ жоқ,
 Жылқышы сорлы не қүйде?

ЖАС КЕЛІН

Жаңа түскен жас келін,
 Кемпірлерге ас келін.
 Орамал-шаршы бермесе,
 Абыройсыз тас келін.
 Алғанга қабақ шытпаса,
 Сонда болар бас келін.

Жаңа түскен келіншек
 Болмайды тіпті еріншек.
 Құдайдың берген тоқтығы –
 Ас болады ірімшік.

Жас келіншек – тоқ қонақ,
 Болмайды тіпті сұғанақ.
 Арып-талып жүрсе де,
 Ойлайтыны жақсы атақ.

Бұрқыраған дауылда,
 Сабап қүйған жауында,
 Ләм деп бір сөз шығармай,
 Жас келін жүрер сауында.

Бірін-бірі іздескен,
 Қараңғыда кездескен,
 Басы жерге кіргенше,
 «Жаным – сен!» деп сөздескен.

Жас келіннің күйеуі –
 Мұңын ашар сүйеуі.

КӨБЕЛЕК

Отқа ұшар кәбелек,
 Қарамай сорлы алды-артын.
 Ойына кіріп-шықпайды,
 Күйдіреп деп от-жалын.
 Шырқ айналып ентелеп
 Жүрер де, бір уақ ол қонар.
 Ұмтылған оты сорлыны
 Күйдіреп де, тез тынар.
 Құрбылар, іске бет алсақ,
 Ойламай қанат қақпалық.
 Анау жарық – алтын деп,
 Көрінгенге шаппалық!
 Желмен кетсек, қанатты
 Көбелектей күйерміз.
 Аlam деп алтын барғанда,
 Құлден кебін киерміз!

СЫРДАҒЫ АЛАШҚА

Атаң отқа табынған,
Өзің бірге бағынған.
Тәңірің – оттан бол үміт,
Атаң отқа табынған.
Жан ба еді ол жауға жалынған?!
Сыр бола ма жыр мен от?

От дегенің – аспан ғой,
Аспан жерді басқан ғой...
Төменге алыш төнген ол.
Бір дегенің – жер ғой ол,
Жер дегенің – көр ғой ол,
Көрді сүйген, өлген ол.

Атаң отқа май салған,
Жан ба еді жыннан тайсалған?
Жаһұт жапқан ажыдан
Жаның жасып кірлеген.
Отпен аспанға өрлеген,
Алады екен аластап...

Салық салған Сырдағы ел,
Көрге мұлгіп болма қол,
Атаң сүйген отты сүй!
Шаппағанға шаң жүқпас,
Шаппағанға қан жүқпас.
Күйдірем десен, өзің күй.

Отқа табын, тәңір – от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.
Сөзім – Сырдағы алашқа:
Жаның жасып кірлеген,
Отпен аспанға өрлеген
Жаныңды, алаш, аласта...

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

- «Жалынды жалау кімдікі?»
- «Тұрағы тарғыл тас қия
Арбаңаған Азия –
Жалындай жалау соныкі –
Ендеше, қазақ, сенікі!»

- «Қызыл шоқ жалау кімдікі?»
- «Кім де кім: «Тәңірім – от» – десе,
«Басқа тәңірім жоқ», – десе,
Қызыл шоқ жалау соныкі.
Ендеше, қазақ, сенікі»

- «Қызыл шоқ жалау кімдікі?»
- «Кім де кім шікі қан жұтса,
Қан аңсап жүріп шаң жұтса, –
Қызыл қан жалау соныкі!
Ендеше, қазақ, сенікі!»

- «Қанды жас жалау кімдікі?»
- «Кімнің ұлы құл болса,
Тұлымдысы тұл болса,
Қанды жас жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!»

- «Өртенген жалау кімдікі?»
- «Кім өртенген, гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей,
Өртенген жалау соныкі, –
Ендеше, қазақ, сенікі!»

- «Азаттық жалау кімдікі?»
- «Көре алмаса кім тендік,
Тепкі көрсө кім кемдік,
Азаттық жалау соныкі, –
Ендеше, қазақ, сенікі!»

ЕСКІ ТҮРКІСТАН

I

Ескі шаһар

Ескі шаһар – таң дүние,
 Салар болсаң назарың,
 Не көресің?
 Көресің –
 Майдан сайын мазарын.
 Мазар сайын мың сопы
 Саулатып тұрган газалын.
 Не көресің?
 Көресің –
 Мөлиген мешіт ажарын.
 Мешіт сайын сан молда
 Аңыратып тұрган азанын.
 Не көресің?
 Көресің –
 Ыңыл-жыңыл базарын.
 Бұлқілдетіп өр жерде
 Қайнатып жатқан қазанын.
 Не көресің?
 Көресің...
 Тоқтайын: талар назарың!

II

Арбакеш

Ыңылдайды арбакеш,
 Арбаңдайды арбасы.
 Үргалады ол, ыргалад
 Астындағы жоргасы.

Койнында бар қауыны,
 Қолында қызыл алмасы.
 Құлаққа гүл қыстырыған,
 Берген шығар қарғасы,
 Сағыздай созар сөлемін,
 Қарсы келсе молдасы.
 Мешіт көрсө мөлиед,
 Тұргандай төніп Алласы...
 Ыңылдайды арбакеш,
 Арбаңдайды арбасы!

III

Әйел

Пәренжі үсте – бітеу қап,
 Бетінде перде – шімбеті.
 Шімбетінің астында
 Гүл шырайлы шын беті.
 Желпіне алмай, жамылыш,
 Быршып тұрган тер беті,
 Шаңырақ сырға құлақта,
 Мелт-мөлт еткен меруерті.
 Земзәм құйған құтыдай,
 Домаланған келбеті.
 Тарта беру тымпиш –
 Көшеде оның міндепті.
 «Ағузы біллағи, әйелге
 Мұтлақ харам ер беті».
 Түркістанның тақсыры-ай,
 Құдіреттен күшті-ау құдіреті!

ӨТКЕҢ КҮН

Еділ, Жайық, Сырдария –
Белгілі жұртқа ескі су,
Төтті, дәмді, тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді,
Туып-өскен баласын
«Айбынды ер алаш» – дер еді.
Еркін шауып ойнақтап,
Тілеген отын жер еді.
Қонысы – жібек, ну тоғай,
Айдын шалқар көл еді.
Есіл менен Нұрадай
Екі енеге тел еді...
Қайыры көп агайын,
Кедейде жоқ уайым –
Керек болса бір тайын
Сұраусыз үстап мінеді.
Болсын жаты, жақыны,
Жоқ асынан тартыну.
Жылы жұзді бейбіше
Керсендей үлкен аяқпен
Үстата саумал береді.
Шыға қалса бір жұмыс,
Ұзап кетпес артық іс, –
Бітімге биге келеді.
Қасымның қасқа билігі,
Есімнің ескі билігі,
Алдында сайрап жатқан соң,
Көпті көрген көне би
Қара жолмен желеді.
Бір тыын пара алу жоқ,
Қисыққа құлақ салу жоқ.

Турадық, шындық – екеуін
 Қаз қатарғып жегеді.
 Сол екеуі алдында
 Бір бұлтармай жүреді.
 Хақ Назар сынды өділ хан,
 Абылай сынды ер сұлтан,
 Қара керей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгенбай,
 Ақ наизаның ұшымен,
 Ақ білектің құшімен
 Дұшпанға қысым көрсеткен.
 Қаз дауысты Қазыбек,
 Қара палуан Жәнібек
 Жалғанда тумас ер еді.
 Кеше: Шөже, Орынбай,
 Жанак, Біржан, Наурызбай,
 Бір сезі миң ділдөлік,
 Алты алашқа атақты –
 Бөрі ақын, сері еді.
 Шілдеде самал ескенде,
 Жайлайға ауыл көшкенде,
 Ат-айғырға мінісіп,
 Қызы-бозбала жарасып,
 Тереңнен өзілдескенде,
 Тісі меруерт тізілген,
 Белі қыпша үзілген,
 Хор сықылды сол сұлу:
 «Ха-ха-ха!» – деп күлгендеге,
 Бұйық, жатқан кең дала
 Бейне бір жаны енеді.
 Сылдырап аққан өзенге
 Үй тігіп дереу қонысып,
 Бұрала басып былқылдал,
 Өзілдесіп, сынқылдал,
 Жас келіншек, жас қыздар

Кереге жайып, уық байлар
 Үйден үйге жүрісіп.
 Өткен күнді ойласам,
 Ойға терең бойласам,
 Кешегі қайран қазақтың
 Сөuletі мен дәuletі
 Көз алдыма келеді...
 Құшің кеткен баяулап,
 Жүрсің атсыз жаяулап.
 Ит надандық желкеңде
 Шабайын деп аңдып тұр,
 Қылышын ұстап таяулап.
 Арыстаным, сұңқарым,
 Қажымас, талмас тұлпарым,
 Басың көтер, тұр енді!
 Батқан екен ол күнің,
 Жеткен екен бұл түнің;
 Өткенді ойлап қайғырма.
 Өр көмалға бір зауал
 Ежелден болмақ емес пе?
 Ескіше тұрып егеспе,
 Заман – тұлқі, тазы бол,
 Базарша дүкен құр енді.

БЕРНИЯЗҒА

*(...Ұлан елді батып қанга,
 Тыныштық тапты асау жан да.)*

Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,
 Жан сусынын көз жасымен қандырған.
 Ақын – бебек, өмір – көбік, тылсым-ды,
 Ойнап, арбап, бебекті естен тандырған.

Күніренеді кеңес айтып қария,
Әлдеқайда жер шетінде дария:
Тұңғықтың түбі толған тамаша,
Дарияның сыры жоқ қой жария.

Дарияның астында – алпыс ақ отау,
Ақ отаулар алтын уық, жібек бау.
Отау сайын судай сұлу толқын шаш,
Толқын тербелеп: «Әлди, әлди!» – дейді бау.

Әлди-әлди, тербеледі ордалар,
Ордаларда өңшең сұлу өн салар.
Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,
Күлкілері көбік болып жорғалар.

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,
Жас ұланның жүрегін жұз тілгілер.
Шерлі ұланның көріп суға шомғанын
Мылқау жартас: «Жынды ма әлде?!» –
деп күлдер.

Кеңес айтып күніренеді бір күні,
Есімде жоқ, әйтеуір сол бір күні:
Майдан құрып, қарсыласқан екі жау,
Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.

Екі жаудың біреуі – әлім; бірі – өмір,
Бір-біріне қайрасады тіс шықыр.
Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан
Әлдеқайдан қан майданга келіп тұр.

Жап-жас бала келе сала, қабағын
Түйіп, тартқан екі жаққа садағын,
Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне,
Қан майданда қайтыс болған қарағым!

Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:
 «Мына ұланның емес, сірө, дені сау, –
 Деді-дағы, шегі қатып күлісті, –
 Әй, есалан!.. Ха, ха, ха, ха, ха-ау!»

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,
 Құлсін саған, сөксін мейлі қөк есек.
 Мен сөкпеймін, сені сонау толқынмен,
 Қан майданга неге ғана кірдің деп.

Мен күніренем ұлы ойлар кеп басыма,
 Жырласаң ед шомылып көз жасыңа:
 Тұңғиықтың түбіндегі тамаша
 Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа...

Өмір, өлім – мәңгі аңдысқан екі жау,
 Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
 Сол жыр таппай, садақ тартпай, сабырғып,
 Қан майданда күніренсен еді, сор бала-ау!

Ойлаймын да, өкінемін ғапылдығыңа,
 Жаным сеніп еді жақындығыңа...
 Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек,
 Құнәң ауыр, кешем ақындығыңа.

Өмір – дала, ақын – бала қаңғырган,
 Жан сузынын көз жасымен қандырган.
 Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды
 Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырган.

ӨЛЕҢ

Тарықса жаным,
 Ауырса тәнім,
 «Сүйеуім бар!» – демейтін
 Ол болса менде,
 Қозғалса жер де:
 «Бұ не болды?» – демейтін,
 Жан сүйгенім – ол да өлең,
 Жете алмасам, жолда өлем!

Жанымның жаны,
 Тәнімнің қаны,
 Тіршілігім сенімен,
 Ойландым – тоймадым,
 Іздедім – қоймадым,
 Кеңес біраз менімен,
 Естісе сені – жан үйыр,
 Бағаңды білмес көп сиыр!

ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚҚА

(«Қосшы» үйымының тобы туралы)

Арқар менен құлжадай
 Қойындақсан ежелден,
 Екі тентек тетелес.
 Сойылдақсан екі елден,
 Тұн заманды төңкерген
 Топан-заман не күтед?

Қырғыз – таудың тарпацы,
 Қазақ – қырдың құланы.

Екеуіце топанның
Тартқан мынау ұраны:
Екі тарлан табысып,
Шүрқырасқай деп күтед.

Алатау, Арқа күңіренген
Күні кеше зарыңдан.
Сендерді солай сорлатқан
Албастыдан арылған.

Бұгінгі тұңғыш тойыңа
Той ұласқай деп күтед.
Енді алдым ашық, деп,
Ілгері басқай деп күтед.
Елмен қатар елдіктен
Үмітті болгай деп күтед.
Ұйымдарың сол жолда
Ұйытқы болгай деп күтед.

Соққы жеген жетім ел
Балаулы болгай деп күтед.
Сондықтан қызыл жалындай
Жалаулы болгай деп күтед.

ҚАРЫНДАСТАР

I

Үйдегі үнсіз қарындас

Қарындасым, салмақтым,
Қорғасын қүйған асықтай.
Былқ-сылқ етіп басқаны
Молдалар жазған машықтай.

«Шүкір» деп шапшаң айтпайсын,
 «Үш-ш-ш» дейсің асықпай.
 Жұырда жауап бермейсің,
 Жігерді жұп ғып жасытпай.
 Берсең жауап балбырап,
 Су татыған жасықтай.
 Күніренгенің – күлгенің,
 Көздің жасы білгенің,
 Ашуды у ғып ашытпай.
 Қайтейін сені, бауырым,
 Тым түйіқ, бүйіқ баласың,
 Әкеңменен қол соғып,
 Алады-ау сатып сасық бай.

II

Бұлқының бұғау үзген қарындас

Қорғасын құйған сақадай
 Сөулем менің салмақты.
 Салыстырсам салмағын –
 Қала қызы қаңбақ-ты...
 Менің бауырым сызылып,
 Сөндеуші еді салмақты...
 Сол салмағы сор болып,
 Таласта талай қор қылышпай,
 Тістетіп еді бармақты.
 Сол бауырым бұл күнде
 Құр салмақпен қалмапты.
 Ұшан дария ақылым
 Азаттық ұранды андалты.
 Андаған соң бұлқынып,
 Мал бергенге бармапты.
 Көндірем деп еппенен
 Аға, женге арбалты...

Ақ батаны бұздың деп,
 Ата-анасы қарғапты.
 Кара ормандай қайраттым
 Қайыспалты қарғысқа...
 Арбауға құлақ салмаңты.
 «Мен енді азат адам», – деп,
 «Сүйгеніме барам», – деп,
 Тас түлектей талпынып,
 Өзіне теңді таңдапты.
 Бергелі жауап жарымен
 Бұрала басып, майысып
 Мекемеге кіргенде,
 Сызылып сәйлеп салмақтым
 Бір сөзінен танбапты.
 Хабарыңды естіп осынау
 Бұғау үзіп босанған,
 Сүйгеніңе қосылған,
 Қуаныш сыймай қойнына,
 Тарту қылышп тойыңа,
 Үйстап шашқан шашудай
 Ағаң өленді аңдатты.

III

Оқудагы қарындас

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
 Қаймақ қабақ, қара қыз,
 Қамзолының төсіне
 Қадап алыш «ай», «жұлдыз».
 Жылды былтыр бой жеткен,
 Боп қара қыз майысқан.
 Биыл баста көн шапке,

Қамзол киген қайыстан.
 Күзді күні келіп ед,
 Тебініп қап түйесін.
 Көрдім кеше үніліп,
 Оқиды «тұрмыс жүйесін».
 Оқиды, көзін алады,
 Ойлап тұрды, пікірлейд.
 «Есен бе, шырақ?» – деп едім,
 «Үш-ш-ш», – демейді, «шүкір», – дейд.
 Сөйлесіп ем тезірек,
 Сөзді бұрды ауылга.
 Неліктен мұнша ауылышыл?
 Апасы қапты-ау ауылда...

IV

Жолға шыққан қарындас

Құшақтап сүйіп сіңілісі
 Тетелес туған әпкесін,
 Қиді жолға шықпақ боп
 Көн шапан мен шапкесін.
 Баяғының киімі
 Жасқа қайдан шақ, келсін.
 «Тендік» деген ұранға
 Толтырды қолда папкесін.
 Көндірді де, сендірді:
 «Келем, күт!» – деп әпкесін.
 Торсық бетті борсық бай
 Қақалсын мейлі, «қап!» – десін.
 Қарындасқа жол шыққан
 Біз жолдастырыз айнымас.
 Азаттықты, аңсаған,
 Әпкесіне ап келсін.

Қызыметтегі қарындас

Торғайдай таңмен оянды,
Оянған соң жатпады.
Азаттық іздеп шарқ үрды,
Тұрмыста тұщы татпады...
«Бұзылған бала» атанды,
Басында жүртқа жақпады.
Бықсық сасық өсекті
Табанга салды, таптады...
Бой бақпады, ой бақты...
Бетіне бояу жақпады.
Шұбалтып ұзын шаш қойып,
Шылдырлап шолпы тақпады.
Шапке киіп, папке алып,
Баяндама жаттады.
Орынбор, Мәскеу аралап,
Жазы-қыс дамыл таппады.
Арып-ашып ел кезіп,
Қайғылыны хаттады.
Күң бол езіліп, егіліп
Жылағанды жақтады.
Сурылып топта сөз сөйлеп,
Әйел мұңын жоқтады.
Қысқасы, әйел жынысына
Қара ормандай қызмет қып,
Өркені өскір қарындас
Ақтады үмітті, ақтады.

СӘРСЕМБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Домбырам басы бал қурай,
 Басына қонар боз торғай,
 Қалампирлы насыбай.
 Насыбайды атпасам,
 Ауырар менің басым-ай!
 Домбырам менің екі ішек,
 Күніренеді еңіреп.
 Мен де бірге күніренем,
 Қезіме ыстық жасым кеп.
 Ай, албар-ды, албар-ды!
 Сәрсембайда зар бар-ды,
 Зардан басқа не болсын,
 Шықпаған құр жан қалды.
 Бетегелі барқыттай
 Белес-белден айрылдым.
 Балдан қалған сарқыттай
 Күміс көлден айрылдым.
 Ай мүйізді ақ қошқар,
 Ақтылы қойды бөрі алды.
 Шұрқыраған жануар
 Жылқыларымды ұры алды.
 Ұры алмады, түн алды,
 Түн алмады, жын алды.
 Жаяу қалдым өйтеуір,
 Біле алмаймын кім алды?!

Домбырамның құлағын
 Бостау қылыш бұрадым.
 Жылқымның жөнін сілтеші,
 Өркенің өссін, шырағым!
 Домбырам менің қарағай,
 Қылдың-ау шіркін, заман-ай!
 Жат бауыр болған жас шіркін
 Кеткенің бе қарамай?!

Домбырам менің зарлайды,
 Зарламайды, қаргайды.
 Мен де бірге зарлаймын,
 Көзімнен жас парлайды.
 Домбырам басы бал қурай,
 Қалампырлы насыбай.
 Насыбайды атқан соң,
 Жазылар менің басым-ай!
 Жазылса да бас, шіркін,
 Тыйылмайды жасым-ай!..

ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МУЙІЗІ

Болсан да жалғыз жапанда
 Сырына, құрбым, берік бол!
 Құбірлесе-ақ ауызың,
 Өкетер қағып жүйрік жел.

Ертегі ерте күндерде
 Ескендір атты хан болған.
 Бесіктен көрге кіргенше,
 Көргені қызыл қан болған.

Заманында Ескендір
 Жеті өлемді билеген.
 Асқан алып, киелі, –
 Түссе де отқа күймеген.

Ескендірдей алыштар
 Дүниеге енді туа ма?
 Алыш адам денесін
 Сынал-мінеп бола ма?

Ескендірдің басында
Екі мүйіз болыпты.
Екі мүйізді екенін
Ол жасырып жүріпті.

Ескендірдің басында
Екі мүйіз – нысана!
Жабайы жұртқа көрсетсе,
Қасиеті қала ма?

Қос мүйізін жасырып,
Ескендір ер жасынан
Алмайды екен еш уақыт
Дулығасын басынан.

Ескендірдің басынан
Талай заман көшілті.
Арыстанның жалындай
Жалпылдан шаш өсіпті.

Күндерде бір Ескендір
Шарап ішті балбырап,
Шашын біраз кесуге
Шаштаразды алдырад.

Келгеннен соң шаштараз,
Дулығасын алады.
Шаштараз көріп қос мүйіз,
Қорқып-сасып қалады.

Айтады оған Ескендір:
«Қорықпа, құлым, бері кел!
Тұрам десең дүниеде
Аузыңа бірақ берік бол!»

Шаштараз кетіп жайына
Күндер, айлар өтеді.
Шаштараздың жүргегін
Мынау сыр бірақ өртеді.

Аузы-басы жыбырлап,
Сөйлегісі келеді.
Сөйлесе сорлы шаштараз
Сол сағатта-ақ өледі.

Енді сорлы не қылмақ?
Барады жанып, іш күйіп.
Бір құдықтың аузына
Жатты келіп еңкейіп.

Жан-жагына қаранып,
Күрсініп бір уhi деп:
«Ескендірдің мүйізі!..» –
Деді ақырын күбірлеп.

Жақын тұрган жас қамыс
Қоя қойып сыбырды,
Түре қойып құлағын,
Тыңдай қалды күбірді.

Мынау сырды білді де,
Қамыс тәмен иілді.
Басына тұрлі ой келіп,
Тұнжырады, күйінді.

Сол арада сайтандай
Елбелендеңдеп жел келді.
Әрине, енді жас қамыс
Жаратпады келгенди.

Жаратпаса, желге не?
Ерегісті жынды жел.
Қамысты алды құшаққа,
Сына жаздал бүран бел.

Қамыс басын шайқады,
Жел өндірді у жырын.
Жырлады, құшты, улады,
Біліп алды бар сырын.

Сырын біліп алды да,
Қоштасып сүйіп, сыйырлап:
«Ескендірдің мүйізі!» –
Деп жөнелді жыбырлап.

Таң атқанша жүйрік жел
Жүгіруден талмады.
Ескендірдің мүйізін
Білмеген жан қалмады.

Таң да атты, жүйрік жел
Баяулады, басылды.
Таң да атты, шаштарараз
Дар ағашқа асылды!..

Есің болса, жолдасым,
Бола көрме шаштарараз.
Асылмасаң да ағашқа,
Болуы анық дос араз!

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланын,
Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі,
Бетім қайтпай есken батыр баламын.

Асқан алып – ата затым сұрасаң,
Асқан дана – ана затым сұрасаң,
Шашып жалын жас жолбарыс үмтүлса,
Қорқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Сурып қылыш қан майданға барайын,
Жердің жүзі кім екенім танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын,
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұгада бол, алтын Алтай – қарт анам,
Алып ата, қуды жолың ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегінді иіскеуге,
Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам.

АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сезің асыл – баға жетпес,
 Бір сөзің мың жыл жүрсө дәмі кетпес.
 Қарадан хакім болған сендей жанның
 Әлемнің құлағынан әні кетпес!
 Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,
 Қисайып қыңырайды жүртүң ниеттес!
 Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!» – деп,
 Болдығой жақын туған бәрі кектес.
 Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме:
 «Қор болды қайран сезім босқа!» – деме.
 Артында қазақтың жас баллары мен
 Сөзінді кесем қылып жүрер женде!

Ай, жыл өтер, дүние кешін тартар,
 Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
 Кез ашып, жүртүң ояу болған сайын
 Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
 Жүрген жанның артында ізі қалар,
 Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.
 Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
 Шешен өлсе, артында сезі қалар!
 Сүм дүние сылаң беріп көптен өтер,
 Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
 Тоқтамас дүниенің дәңгелегі,
 Шешеннің айтқан сезі көпке кетер.

ӨЗЕННИҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП

Өзеннің сұын жел тербеп,
Ақ төсін керіп шайқалад.
Біресе ауыр күрсініп,
Біресе тынып жай табад.

Жағала біткен кербез тал
Ақ төсін керіп шайқалад.
Мінезіне кербездің
Кім бәлен деп айта алад.
Суга бетін сүйсін деп,
Бір беріп, тағы қайта алад.

БЕСІК ЖЫРЫ

Күнім, айым,
Еркетайым,
Бөлейін енді.
Тыста дауыл,
Жатқан ауыл,
Үйқың да келді.

Жұмсақ бесік,
Жылды тәсек,
Жата гой, қозым,
Әлди, бәпем,
Әлди, бәпем,
Үйықта, жүм көзің.

Құлышақтар,
Қозы, лактар –
Бәрі-ақ үйқыда.

Сен – жұлдызыым,
Сен – кез нұрым,
Кір тәтті үйқыға.

Сая жаным,
Балапаным,
Соқсын дауыл, жел,
Болма алаң,
Сүйген анаң
Сақтар, анық біл.

Беу-беу, бөпем,
Беу-беу, бөпем,
Әлди, әлди-ай!
Сөулем, еркем,
Құні ертең
Толарсың сен ай.

Пісіп алмам,
Толып бағлан,
Жұгіріп жүрерсің.
Сұлу сүйрік,
Жорға жүйрік
Тайға мінерсің.

Қара жарғақ,
Тұлкі тымақ
Шоқтап киерсің.
Қуанып, қалқам,
Ерке марқам,
Қысып сүйермін.

Мініп тұлпар,
Алып сұңқар,
Тауга кетерсің.

Сен бол сөзім,
Жасты көзім,
Сағынып күтермін.

Қызық іздеп,
Қыздар көзден,
Елдер кезерсін.
Тарлан шүйіп,
Сұлу сүйіп,
Үйден безерсін.

Қуып бақыт,
Тілеп тақыт,
Жолдар шегерсін.
Жүрек жара,
Мен – бейшара,
Жастар төгермін.

Қайнап қаның,
Батыр жаның
Ерікке үмтылар.
Сен еріме,
Жас бәріме
Қарсы кім тұрап?

Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсың.
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың.

Тұған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат?

Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,
Шаңға, қанға бат.

Айбатыңды,
Қайратыңды
Көріп қарт анаң
Тегіп жасын,
Жайып шашын,
Тілер: «Бол аман!»

Күтем, күйем,
Көрсет, ием,
Сол алтын күнін.
Үйқың тәтті,
Үйқың қатты,
Қозым, құлымым.

Жаным да сен,
Тәнім де сен,
Қарашырым-ай!
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Әлди, өлди, өлди-ай!

СЫЛДЫРМАҚ

Бұлдірген бетті бәбектің
Қолында отыр сылдырмақ,
Өзі сақ-сақ күледі,
Сылдырмақтай сылдырлап.
Тоқтап, тыңдал бір сөтке
Қояды сөйлеп былдырлап.

Секіріп-секіріп түседі,
Шұнаңдаған құлдыр лақ.
Атасы қарқ-қарқ күледі:
«Құр, құлыным, құр-құрлап»,
Бөбектің егер қолынан
Түсе қалса сылдырмак,
Әлімжан аға болмысы
Сылдырмақты сидырмак,
Ең болмаса «байқаусыз»
Басып кетіп сындырмак.

ЖҰБАТУ

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Құнан қойды сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем.
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Буырыл тайга мін, бөпем.
Ақ қызы бар ауылда
Балпаң байдың үйіне
Бұрала барып түс, бөпем.
Қымызынан іш, бөпем,
Қымызынан бермесе,
Қызын ала қаш, бөпем.
Ашуланса ағасы,
Іштен шалып жық, бөпем.
Көйкендесе жеңгесі,
Жынга басын тық, бөпем.
Әлди-әлди, апатай,
Көп жылама, қалқатай!

Әлдилесем жыламас,
 Ақылы көп қалқатай.
 Айналайын айымыз,
 Алты қарын майымыз,
 Жеті қарын жентіміз,
 Тәшкент, Бұқар – кентіміз.
 Дуай-дуай кемелім,
 Құнітайым қайда екен?
 Саятайым сайды екен,
 Асқар-асқар тауда екен,
 Тауда неғып жүр екен?
 Алма теріп жүр екен.
 Алмасынан, қанеки?
 Жаңа теріп жүр екен.
 Жаңасынан, қанеки?
 Жаңа барып жүр екен.

* * *

Сал-сал Білек, сал Білек,
 Балдан төтті бал Білек,
 Мектепке бар бір мезгіл,
 Әжеңнің тілін ал, Білек,
 Сал-сал Білек, сал Білек,
 Сабагыңа бар, Білек
 Қыдыра берме қалтиып,
 Етегіңмен қар күреп.
 Сал-сал Білек, сал Білек,
 Сұлу талдай тал Білек,
 Оқып-оқып бір асқан
 Фалым болып қал, Білек.

AHA

Үйдің іші үйқыда,
Тұн ортасы шамасы,
Бесікте ауру бебекті
Тербетіп отыр анасы.
Үнсіз мәңіреу ұзын тұн, .
Азынап жел есіктен,
Шоқиып отыр анасы,
Көзін алмай бесіктен.
Бебек жатыр балбырап.
Демігіп қызып, қысылып,
Ауық-ауық селк етіп,
Әлденеден шошынып
Селк етсе бебек, ананың
Өзіне ажал жеткендей;
Жүргегіне біреу біз
Сұғып алып кеткендей...
Үнсіз мәңіреу ұзын тұн,
Шеккен қара бір нардай
Сарғайып, ана сарылып,
Шоқиып отыр дем алмай...
Таң алдында қара бұлт
Күңіреніп көкті жабады,
Бебегінің бетіне
Ананың жасы тамады.

ЖАЗФЫТУРЫМ

«Болды, міне, дөл алты ай,
 Жаттың үйықтап, еркетай.
 Үйқың қанды, тұр, қозым,
 Аш көзінді, жұлдызым!» –
 Деп мандайдан ақырын
 Жұмсақ жылы сәулемен
 Сипап жерді Күн күлдер.

Аяқтарын көсіліп,
 Еркеленіп, есінеп,
 Жер – нәресте жас бала
 Жаңа оянып жатқанда,
 Жұмсақ ыстық бетінен
 Тәтті ғана сүйсем деп,
 Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар,
 Ақ шымылдық ашылар.
 Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
 Бірдене деп былдырлап,
 Көрінгеннен шүйінші
 Сұрайтын жас баладай,
 Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрап,
 Мәлдір сумен жуынар.
 Үлде менен бүлдеге,
 Тұрлі түсті гүлдерге,
 Ши жібекке оранып,
 Қарағанда көз тоймас,
 Бұлдіршіндей киінер.

Көріп сұлу баласын,
 Көз ішінде қарасын,
 Қуанып, тасып жүргегі
 Қысып ыстық сүйеді.
 Ұзын күнде ару жоқ,
 Періштем деп айналып,
 Алтын ана Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар,
 Құңғреніп етер зар:
 «Біздерде алтын ана жоқ,
 Қысып сүйер бала жоқ,
 Тұрақ та жоқ белгілі!» –
 Деп тұнжырап құрсініп,
 Әлсін-әлсін жас төгер.

СҮР ҚҰЛЫН

Жазды күні сүр құлын
 Сұлу еді сұліктей.
 Құрық көрсе, құлдырап,
 Жытушы еді еліктей.
 Алдауга түсіп ұсталып
 Тұрганда құлын байланып,
 Жүруші еді Әлжан жанында
 Сылап, сипап, айналып.
 Қыс түсті, аяз, үскірік.
 Көк мұздай бұлтсыз аспаны.
 Отарда жатқан жылқыдан
 Арық та келе бастады.
 Топырлаған арықпен
 Сүр да келді тыртиып.

Құлышағын көргелі
 Шыға келді Әлжан құнтиып.
 Сүр құлышын жоқ алдында
 Жалбыраған жабагы:
 Томпиды аузы Әлжанның,
 Салбырады қабагы.

ӘЖЕ

Сығырайған көзі көрінбей
 Томар-томар былшықтан.
 Отырса бойы аспайды
 Қолындағы үршықтан.
 Алдындағы көженің
 Көрінбес беті қылшықтан.
 Көжесін таттай әженің
 Жан болмайды құр шыққан.
 Көжесін қойши, кеңесін
 Тыңдамай үйден кім шыққан?
 Сендер де тыңда, тентектер,
 Тыйылыш біраз шолжақтан.

Ертегі айтса, үршығын
 Ұмытып өжең кетеді.
 Жерде жатқан жұнді алып
 Қайта-қайта түтеді.
 Су сепкендей сап болып,
 Тоқтайды сонда жетелі.
 Былшықтан көзі жылтырап,
 Ту арқаңнан өтеді.
 Ал кіріссе ертекке
 Басы қалт-қалт етеді.

Ертек, ертек, ерте екен,
 Аузы балп-балп етеді.
 Ерте, ерте, ерте екен...
 Тыңда енді ал, шырақ!
 ...Сұр мергенде болыпты
 Суліктей бедеу бір сұр ат...
 Қоя қойды Кенжетай
 Жылаған жаңа нан сұрап.
 Тыңдап отыр тентектер
 Алма беті албырап,
 Ауыздары аңқиып,
 Сілекейі салбырап.
 Қалғып бір-ақ барады
 Кенжетай тентек маужырап.

БӨБЕКТІҢ ТІЛЕГІ

Тоқтышағым, тоғыз тап,
 Саулық қойым, сегіз тап,
 Сегізін де семіз тап.
 Құла бием, құлын тап,
 Құлын таппа, құнан тап,
 Құнан тапсан, егіз тап.

Бекен жұнді бәрте ешкім,
 Төрт айда бол төрт ешкім,
 Төртеуің де бәрте бол.
 Өлмей, жітпей есен бол,
 Қой алдында көсем бол,
 Төртеуің де серке бол.

Әукем, бұзауды алты тап,
 Әукелері салпылдал,

Өгіз болсын атандай.
Бақайлары майысып,
Елемесін, қайысып,
Адам мінсе де атамдай.

АҚ ҚАЛА

Ауылдың алды омбы қар,
«Не бар? – Қолың домбығар!» –
Шешелері десе де,
Томпаңдап бір топ бала,
Соқпақ болып ақ қала,
Кіріп кетті кесеге.

Беті ойнаған оқадай,
Оппа қарға опадай,
Күп берісті топырлап,
Топырлап, шулап, соқтыға,
Тоғытқан бейне тоқтыдай
Жыптырласты шөпірлеп.

Күміс қарға көбіктей,
Сұңғіп алып сүліктей,
Топырлаған топ бала,
Қарақшыдай қалтиып,
Қарындары шартыып,
Бастады соға ақ қала.

Қарды соғып тәрт бұрыш,
Тәрт бұрышты қып кірпіш,
Үй іргесін қаласты.
«Мен оям!» – деп біреуі,
«Мен қоям!» – деп біреуі
Терезеге таласты.

Терезелер ойылды,
 Қардан құрсау қойылды.
 Шаттықтың енді шегі жоқ.
 Беттері болды бұлдірген,
 Сар даланы күлдірген,
 Құлкілері меруерт.

Қатар-қатар тізілді үй,
 «Алақай», айгай, құлжы ылғи.
 Құлді бірге ақ қала,
 Ерінбесен, бар, қара:
 Ойнап жүріп көп бала
 Салып қойды ақ қала.

НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ

– Айтшы, өжетай, көк деген не?
 Тенбіл-теңбіл көктеген бе?
 Жұлдыз көзін жымындалса,
 Ай-әжесі: «Тек!» – деген бе?
 Бұлттар бөрте ешкідей дәл
 Мана тізген көк көгенге.
 Қатар көкте шұбырып барад
 Ағытып біреу «шек!» деген бе?
 – Қой, құлыным, обал, обал,
 Молда оқытар, мектепке бар.
 – Әже-ау, біздің Лұқбек айтад:
 «Жер – ойнайтын доп, – деп айтад. –
 Тағы алыста теңіз де бар,
 Тіпті түбі жоқ!» – деп айтад.
 «Шөл деген бір жер бар дейді, –
 Ылғи қызыл шоқ!» – деп айтад.
 Айтшы, әже, әже, әже!

Рас па сол? Айтсан, қайтед?
 – Мен білем бе, мен бір надан,
 Ертең сұра, бар, молдадан!
 – Айтшы деймін, айтшы, өжекем,
 Теніз деген сүйық па екен?
 Алыста өскен тау бар дейді,
 Басы көкке тиіп пе екен?
 Тау жағындағы өлгі жүйрік
 Қоян ба екен, киік пе екен?
 Аю деген біздің мынау
 Көк бұқадан биік пе екен?
 – «Тек! – деп ем ғой, – тентек, тентек,
 Мұны айтатын мектеп, мектеп!».

АТА, БАТА

Мектептен қайтты Марияш,
 Әліппесі қолында.
 Шақырды оны атасы:
 «Кел, құлым, кел мұнда».
 Марияш:
 «Ата, ата!» – дегенде,
 Атасы:
 «Құлым ата дейді ғой!»
 Марияш:
 «Бата, бата!» – дегенде,
 Атасы:
 «Құлым бата дейді ғой!»
 «Бата!» – десен, қарт атаң
 Айналсын сендей ботасын!
 Оқы, құлым, ғалым бол,
 Атаң берді батасын!

БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

(«Балапан» журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең)

Балапан қанат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсyz қақты.

Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызгар өкпесіне өтті.

Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, құлімдесіп, жылы құшагын ашып тұрган ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдаپ айналып жүрсе де, қалың ақ кебінін жамылдып, тоғай тұрмады.

Балапан баспана таба алмады.

Балапан қанат қақты...

Аштан өлетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанақ таба алмады. Тоңып, дірілдеп, аласұрып жүрген балапанды көріп: «Қорама кір, қолымда тұр, қалған-құтқанымды берермін», – деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан қанат қақты...

Ойы – жан дәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл – Нұраның тәтті суларынан ішіп, Арадың ыстық құмын құшпақшы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде «үһ» деп демін алып, Марқакөлдің қаймагында жүзбекші.

Балапан қанат қақты...

ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛАЙЫ

Оқудан қайтты жас Сапар!
 Тәрде отырган ақсақал
 Орын берді қасынан:
 «Не білдің, балам? Не хабар?»
 Жұлып алды жас Сапар
 Тақияны басынан:
 «Тыңдаңыз, міне, қария,
 Жер деген – мынау тақия!
 Тап осындай жұп-жұмыр.
 Екі басы сопақ па?
 Қараңыз енді Құн жаққа:
 Лампы мынау – Құнің түр.
 Домалай ма?
 – Домалайд!
 Құламай ма?
 – Құламайд!
 Бұл осымен болды ма?!

– «Тоқтат мынау шіркінді,
 Басы жұмыр пенде енді
 Жерді де жұмыр қылды ма?»
 – «Жоқ, ата, бұл – жағырафия,
 Міне, сізге тақия!
 Сенбеуіңіз жарамайд.

Домалай ма?
 – Домалайд,
 Құламай ма?
 – Құламайд,
 Тап осындай домалайд!» –

– «Мынаны қалай жұптейміз,
 Біз неге құлап кетпейміз?
 Домаланса, мұнысы не?
 Сөздің қарашы қатасын!..»

Құласаң құлап жатасың!
 Жердің онда жұмысы не?

МЫСЫҚ ПЕН ЕТ

Карны ашып, мысық байғұс үйге кірді,
Қарады тіміскілеп өрбір жерді.
Жерден іздел дөнене таба алмады,
Ілулі шаңырақта етті көрді.

Қарады етке мысық көзін сатып,
Аlam деп секіреді кейде жатып.
Құдайға өкпелейді: «Қол бермедің,
Алар едім бұл етті ағаш атып!»

Не керек, ала алмады, азаптанды,
Ашудан өле жаздаپ аз-ақ қалды.
Қайтсе де ала алмасын білгеннен соң,
Мысығың өзіне-өзі тоқтау салды:

«Қой, не керек, бұл ісің тіпті ұнамас,
Естісе, бұл қылышың көпке ұнамас,
Сасыған, құрттап кеткен жасық етті
Қаншама жегеніңмен, ішке ұнамас».

Асылды қолға түспес жасық деуші,
Қолға түссе жасықты майдай жеуші.
Артынан арқан бойы шығып тұрып,
Өз үйінде сабазың сыр бермеуші.

ТӨБЕТ

Жарықтық Сәрсен ақсақал,
 Жуан қарын тап-тапал
 Асырады бір төбет.
 Тырбиган түрін көрсө де,
 Шамасы кемін білсе де,
 Ойы болды: «Кім білед!..

Қушық шеке, қайқы бел,
 Жуан қарын сырып жер,
 Тып-тып төбет жүреді.
 «Қарны толған өнер!» – деп,
 «Қолынан бір не келер!» – деп,
 Мұртынан Сәрсен құледі.

Көрінгенге жалпылдаپ,
 Дамыл алмай тарқылдаپ,
 Үргенін көріп қуанды.
 «Бар, – деп, – мықты төбетім,
 Кім бар маған келетін!» –
 Білекті Сәрсен сыйанды.

Жүргенде Сәрсен қуанып,
 Уақыт күзге таянып,
 Қараңғы бір тұн болды.
 Төбетке Сәрсен ас берді,
 Үйін-күйін тапсырды,
 Төбетке бір сын болды.

Сабалақ жұні жалпылдаپ,
 Бет алдына барқылдаپ,
 Үріп төбет жүр еді.
 Құн де еркін батпай-ак,
 Сәрсекем де жатпай-ак,
 Қотанға құйын келеді.

Көріп келген құйынды,
Тас түйін боп жиынды,
Дүркіреп қойлар үркеді.
Үріккен қойда жұмыс жоқ,
Тәбетте дән дыбыс жоқ,
Тапты тапал құркені.

Үріккен қойды дүркіреп
Көріп Сәрсен күркілдеп,
Қотанға қарай жүгірді.
Қараса қайтып құркені,
Бұғып жатыр шіркіні,
Тәбетінен тұңлді.

Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп,
Талайдың ісі шалағой.
Не дейін есіл сақалға,
Жуан қарын тапалға
Сенген Сәрсен – балағой!

КӨК ТЕКЕ

Айыр сақал көк теке
Деді де бір: «Меке-ке!» –
Шықты секіріп қораға.
Жүрді басып алшаңдал,
Қарнын керіп талтаңдал,
Қаза айдаса, бола ма?

Керді теке көкірек, –
Көрінді оған жақын көк,
Сүзейін деп ойлады.

«Меке-ке!» – деп кекірді,
Тұқырып басын секірді,
Қора ішіне құлады.

Қорада айғыр түр еді,
Мінілмеген құр еді,
Жаңа ұсталған үйірден.
Текені көріп дұрс еткен,
Бірденесі бырс еткен,
Тепті келіп бүйірден.

Қайтсін жануар күйген соң,
Тастай түяқ тиген соң,
Көк теке мал бола ма?
Айыр сақал көк теке,
Деді де бір: «Меке-ке!» –
Қалды сұлап қорада.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Күз

Жапалақ-жапалақ қар жауар,
Жаман қатын қызы табар.
Жамбасына мұз тоңар.
Лақ, тоқты қашады,
Қойышы талқан асады.

Жаз

Жыл құсын көргенде:
Самалық! Самалық!
Көк құс көзін ашты ма,
Аяғын жерге басты ма?

Самалық! Самалық!
 Самарқанның көк тасы
 Жібіді ме, көрдің бе?
 Қап тауының көк құсы
 Жұғірді ме, көрдің бе?
 Самалық! Самалық!

Қыс

Ботага жабу кидірген,
 Бұзауды үйге сидірген.
 Аяз, сені қайтейін?!

Қыздың бетін қызартып,
 Мұздың мұрнын ұзартып,
 Қызыл, сені қайтейін?

ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

(*Қысқы түнде шеше мен бала*)

- Тұн тұнерді, үйықтады ауыл,
 Сорлы бейбақ, атаң қайда?..
- Боран мынау, туды дауыл,
 Апатаіым, атам қайда?..
- Сорлы бейбақ, атаң қайда?
 Көр үңгірді боран көмді!..
- Апатаі-ау, атам қайда?
 Әйнек сынды, білте сөнді...

 – Көр үңгірді боран көмді,
 Көмді ме еken атанды өлде?..
- Әйнек сынды, білте сөнді,
 Сөнді ме еken атам да өлде?..

- Көмді ме екен атаңды өлде?
 Қалқам, қандай күйге түстің?..
- Сөнді ме екен атам да өлде?
 Апа-ау, мұнша жасың ыстық!..
- Қалқам, қандай күйге түстің?
 Жаным – жара, көңілім – қаяу!..
- Тәкпеші, апа, жасыңды ыстық!
 Байқашы өзің: боран баяу!..
- Жаным – жара, көңілім – қаяу,
 Аман ба екен бейбақ атаң?..
- Жел де бөсөң, боран баяу,
 Қарашы өне, агарды таң!..
- Аман ба екен бейбақ атаң?
 Құлыншағым, қорғаным сен!..
- Міне, атты таң! Аман атам!
 Қала болма, қорғаның мен!..

* * *

Ал, ішіндер,
 Бұл – қымыз.
 Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң,
 Құлаша құлық бие сүті еді,
 Томсарған ер қазақтың асы еді,
 Бұл қымызды кім ішсін?
 Бұл қымызды
 Айлы күні айналған,
 Бұлтты күні толғанған,
 Құрығын қу найзадай таянған,
 Томсарған ер қазақтың өзі ішсін!

БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Балалық шағы –
 Патшаның тағы –
 Тіл жетпес оны бағалап.
 Көп өтпей жыл,
 Тек журмей, біл
 Ілгергі күнді сағалап.
 Үйрен білім жастықта,
 Білмей ес жанға қастық та!

Білімге көніл
 Жоқ үйден түңіл –
 Ерікке қоймай ентелеп:
 Қайтпас уақыт,
 Қал дәмін татып,
 Босқа өткізбе, еркелеп!
 Жастық деген – бағасыз,
 Қадірін білмес санасыз.

Жастық – алтын,
 Құрып қал салтын,
 Салты оның – үйрену!
 Өнер қуып,
 Бел бекем буып,
 Надандықтан жирену!
 Тұрма, қарғам, ұмтыл!
 Аты өшкірден құтыл!

«Білімсіз – есек,
 Опасыз» десек,
 Сейлеп, құліп жүрсе де:
 Өлікпен тең,
 Ит-құсқа жем,
 Тірі бол ғұмыр сүрсө де!

Сондай болма, қарагым,
Даяр болсын жарагың!

Білген жан – көсем!
Сейлесе – шешен.
Жұртты аузына қаратар!
Істегені – өрнек,
Кор қылмас ермек,
Нәрсені іске жаратар.
Білімдінің сөзі – ем,
Мейірімі көп, өзі – кең!

Жұртына ол мақтаулы,
Сыбаға үлкен сақтаулы,
«Пөле!» деп қарсы алар;
Іс қылар тежеп,
Жас жүрек өжет
Бет келгенді арс алар.
Қайда барса сыйымды,
Білімі мол – бұйымды!

ЗУНРА

Зұнра деген қыз бала,
Беті – алма, жүзі – Ай.
Саусақтары күмістей,
Сүмбіл шаш, көзі қуралай.

Тұн сайын кекке қарайды,
Ақырын үнсіз жылайды.
«Жарқырап жүлдyz болам!» – деп,
Жалынып көктен сұрайды.

Көз жасын көк көреді,
Тілегін тәңірім береді.
Бір түні ұйықтап жатқанда,
Періште көктен келеді.

Тыныш жатқан сәбиді
Оятуға қимайды.
Жұмсақ, жылы ақ алмас
Қанатпен жүзден сипайды.

Көз ашқанша Зуһра қызы
Болды сұлу бір жүлдyz.
Жарқырап нұрын төгіп түр,
Текпейді бірақ нұр күндіз.

Фазиза, сен де қарагым,
Жақсы оқып сабағың,
Сұлулыққа үмтыйшп,
Тәңіріден тілеп, жас төгіп,
Сұра, жалын – Зуһра бол!

ЖАЗ КЕЛЕДІ

Жел жалығып, хал жиып,
Қалғып қана тербелер.
Жұмсақ қана жымып,
Жібек қанат жаз келер.

Көк алтынға көмілген,
Ауаға алтын себілген.
Алтын емес себілген,
Жаздың шашы төгілген.

Өне, ерке жаз келер,
Ал, балалар, қараңдар.
Ойнап алтын шаш берер,
Ал, балалар, тараңдар.

Қайғылансын, күрсінсін!
Енді ұзамас, еріп қар.
Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей шыдап кім қалар?

Сұлу жаздың лебізі
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көл, өзенін, теңізін
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Төл үйдегі үйшікті
Таста, бала, белді бу.
Белден батып құртікке
Енді ізде қызыл су.

Баланы күміс дауыстан
Кім тоқтатар, кім тыяр?
Ерке жаз да алыстан
Жұмсақ қана жымияр.

Қара көз, таста кестенді,
Үйде отырып қуарма.
Тысқа шығып-кіргенде
Екі бетің – екі алма.

Дертің болса жүректе,
Төкпе жас көзден, ал үрма.
Жеткізер анық тілекке,
Шың та жазға сыбырла.

Жұмак нұрлы жаз келмек,
Алтын жүзді, алтын шаш.
Ағаштар ақырын теңсемек,
Жанды-жансыз бәрі мас.

Күн батқан соң қатқақ бол
Қуанганда ессіз қар,
«Жаз келеді, жаз, жаз!» – деп,
Жымындаиды жұлдыздар.

Алтын сөүле түр сүйіп,
Жел маужырап тербелер.
Жұмсақ қана жымышп,
Жібек қанат жаз келер.

БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ

Ботамды көрдім түсімде,
Қырмызы моншақ тағынған.
Ботамды көрдім түсімде,
Атасын боздап сағынған.
Апасы құшып еркесін
Көзінен меруерт ағызған.
Мен сендерден садаға,
Бәбегім, жарым – жанымнан!..

ЖАЗГЫТҰРЫ

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,
 Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.
 Жас бала: «Жазғытұры туды» – десіп,
 Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да.
 Қуанып жан-жануар, алшаң басып,
 Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.
 Нұрлы Құн алтын нұрын шашты аямай,
 Шықсын деп қысқы ызгар өткен бойға.
 Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,
 Дәл сұлу бұрандаған шолпы тағып.
 Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы
 Тұргандай қобыз ойнап, әнге салып.
 Бай аулы жылқы қамап, қыл күзетер,
 Белсенген жылқышыға ноқталатып.
 Балалар етек түріп, зыр жүгірер,
 Батпаққа бірін-бірі домалатып.
 Қырдағы жылқышылар үйқы көрмес,
 Қолынан құлық бие құлышнадатып,
 Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
 Жібектей көкорайлар жатқан жайнап.
 Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,
 Өн салса әр түрлі құс тұрган сайрап.
 Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей,
 Тіріліп қанат қағып быж-быж қайнап.
 Аспанда құн күркіреп, от жарқылдал,
 Жылды жел қара бұлтты тербел айдал.
 Үызға жаңа тойған жас құлышнды
 Шыңғыртып, жылқышылар үстап, байлад,
 Азырақ күйлі шыққан қысыр тайын
 Балалар шапқыласқан, мініп жайдак.
 Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жөйтік
 Кетті ғой өлдеқашан тырақтайлад,
 Жаратқан жанға рақат жазғытұры,
 Шүкір қыл бір Аллаға «я, құдайлап».

КӨКШЕТАУ

Аспанменен тірескен
Тәңіріменен тілдескен
Көкшетауым біп-биік.
Қою қара көк бұлт
Жайнап, ойнап, құлпырып,
Көкшетауды түр сүйіп.

Көкшетаудың көзі жас,
Ылғи мең-зен, айнымас
Қалың тұман мұнардан.
Инелік өтпес жіп-жии,
Оқтан тұзу тал бойы
Қарагайға оралған.

Әлдеқайда, биікте
Төніп төмен – киікке
Қанды көзді қыран жүр.
Мен де Мұса болар ем,
Тілдестірсе Тәңірімен,
Көкше маған болып Тұр.

Құшам Мұса аяғын,
Өлеңім – ізгі таяғым,
Көкшеге мен де шығамын.
Аяқ басып Арсыға,
Жүгіріп барып қарсына,
Тәңірінің тілін ұгамын.

ҰЛАН

– Нені ойлайсың, құлышағым?
 Не мұңың бар, айт, қарағым!
 Жассың, ойға өуес болма.
 Ой жеткізбес, ол – бір сағым!
 Ұлгаярсың, өзі-ақ басар,
 Жастық – күліп-ойнар шағың.
 Ішің пысса – малды арала,
 Жүр гой шауып құлышағың!
 – Жоқ, бармаймын, апа, малға,
 Кетем алыс, шығам аңға!

– Шерің болса, домбыранды ал
 Домбыранды ал, ән шырқап сал,
 Даусыңды естіп, жас сұлулар
 Талып жұтсын төтті улы бал.
 Беттеріңен қан тамып тұр,
 Тал қызығады бойыңа тал.
 Неге ойлайсың, ерке марқам,
 Бір қара көз болмай ма жар?
 – Қарамаймын, апа, жарға,
 Кетем алыс, шығам аңға!

– Сені тапқан мен анаң гой,
 Қарашығым, сен балам гой!
 Алыс жолға кетсең, қозым,
 Құтіп, күйіп мен жанам гой.
 Қарт күнімде сенсің сөулем,
 Сағынып сені сарғаям гой.
 Мені десең, еркетайым,
 Кетпе алысқа, қой, балам, қой!
 – Ренжіме, апа, күтпе, жанба.
 Кетем алыс, шығам аңға!..

Кетті алысқа, шығып аңға!..
 Жолаушылық – желге таң ба?
 Малың, жарың, туысқаның,
 Байлау болмас жүйрік жанға!
 Кетіп бара жатқаныңда,
 Жау кез келді жалғыз жанға.
 Найзаласты, қылышасты, –
 Ұлан өлді батып қанға,
 Ұлан өлді батып қанға,
 Тыныш тапты асау жан да.

* * *

Тіршіліктің көркі – ерік,
 Адамдыққа ол – серік.
 Бір түскен соң қақпанға,
 Қалар бұрынғы еркелік!
 Ойламай барып ұрынып,
 Өкінген аз ба ертелік?!.

АЛАТАУ

Оранып өмір бойы көк мұнарга,
 Аспанды алыш Ала¹ емген арда,
 Айбынды аспан ана алыш туған,
 Бебегін бөлеп қойған меруерт қарға.

Шындары арысымен араласқан,
 Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан,
 Құңғреніп қоңыраулы қара нардай,
 Қап-қара қорғасындай бұлты басқан.

¹ Алатай дегені.

Иірілген айдаһардай ашулы асқар,
Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар.
Құздарды мәңгі меңреу мәңгі басқан
Жауһардай жарқыраған аппақ шаштар.

Түк басып, тұла бойы толған кесте,
Қарағай, арша біткен өрлей төске.
Қарағаш, тал, тобылғы, жасыл шырша,
Қарақат, жиде, шие маржан түсті.

Сан шептің түгесерсің атап қайсын:
Шымуыр, көкемарал, уқорғасын.
Ах ұрган Алатауда аруларың
Үнімен тыяды екен ыстық жасын.

Жануар – бұғы, марал көз адасқан,
Ойнаған ешкі, теке орғып тастан.
Даланың еркелері – арқар, құлжа,
Құлдырап оқтай күлік, елік қашқан.

Сары аю ойнайды екен таспен атып,
Берісі бөкен жортқан түнде қатып.
Топ шие бір құлжага жабылмақшы –
Қозыны жібергендей жамыратып.

Құздарда найза қия құстар шулар,
Теменде тасты сабап толқын тулар.
Аланың ақ тесінен орғып түсіп,
Сайларда салар ойнақ асау сулар.

Беттерін солтүстікке түзеп алыш,
Шуласып, «Алатаулап» ұран салып,
Еліріп екпіндеген асаулардың
Құм жапқан көбі бірақ шөлде қалып.

Бір шетте жынды Қошқар Шуга шапқан,
Сусамыр арқасында сылдыр қаққан.
Арасан өулиенің ыстық жасын жиып ап,
Ыстық Ата дауырықкан.

Алатау – алып ана көкпен талас,
Арда емген сол ананы тентек Талас.
Қыргызға қасиетті Талас сүйн
Ертеде қоныс қылған батыр Манас.

Шындарын Алатаудың жел жайлаган,
Жел емес, қалың қыргыз ел жайлаган.
Желменен, желден жүйрік андарменен
Құздардан бірдей орғып, бірге ойнаған.

Сайларда сарқыраған селі ме еken?
Құніреніп көшкен қыргыз елі ме еken?
Алаштың қайсар ұлы, қайратты елдің
Манасы – ел қорғаған ері ме еken?

Көп жылдар желдей заулап есті ме еken,
Алатау өсті ме еken, өшті ме еken?!
Қияның қыранындаі қайсар елдің
Басынан күнгірт күндер көшті ме еken?!

Қарлы асқар, мәңгі мұнар барлы ма еken?!

Қайратты ел қайғы жұтып, зарлы ма еken?

Шер басып, алып азып, ерлер жасып,
Манас та ұмыт болып қалды ма еken?!

Жоқ, өлі! Қарлы Алатау қалыбында,
Толқындар тулайды өлі шапшып шынға.
Көзінен – от, сөзінен уыт жоймай,
Қайсар ел ұмытқан жоқ алыбын да.

Алатау өспейді екен, өшпейді екен,
Ауыздан алып аты түспейді екен.
Көрілер: «Киелі ер-ай!» – деп құрсініп,
Жастары: «Ер үрпағы – біз», – дейді екен.

Ақындар мұнды қияқ шалады екен,
От болып көптің көзі жанады екен!..
Жұмбақшы «Манасты» айтып жоргаласа,
Көрі-жас көзіне жас алады екен.

Алашқа қайсар қыргыз бала ма екен,
Қайғымен қайсар жаны жара ма екен?!
Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылай
Құл болып, жасық жаспен қала ма екен?!

Тау өшпес, аспан төніп, еміренген,
Сел солмас, қарлы құз бен қек мұзды емген.
Ерлерін ел қорғаған есте тұтып,
Ел бітпес, кеңес қылышп күніренген!..

Алаштың қайсар қыргыз баласына
Қосылса жара жаның жарасына,
Жас тәкпей, өрлеп, өрлей Талас бойын
Тәуеп қыл Манасыңың моласына...

ЕДІЛДЕ

I

Бұқтетіліп жатқан бел
Сүтке тойған марқадай.
Бұйра қою қарағай –
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас –
Түйір-түйір малтадай.
Арнада өзен қылықты –
Қылмаңдаған қалқадай.
Тайызға біткен құба тал –
Мойындағы алқадай.
Жер еркесі жер мынау,
Шер қалар ма тарқамай?!

II

Тұсте толқын еліріп,
Абыржып еді ойнақтай.
Кешке толқын тып-тыныш,
Қабыржыған қаймақтай.
Тұсте толқын тулап ед
Ойнақтаған тайлақтай.
Кешке толқын тынып тұр
Қоңыр інір бейуақтай.
Тұскі толқын теп-тентек,
Бойлауық, көзсіз қайраттай.
Кешкі толқын тұңғиық,
Тек қоймас терең ойлатпай.

III

Тізілген толқын – меруерт
 Бір-біріне тағылып,
 Шұбырған толқын шуменен
 Ағытқан қойдай ағылып.
 Күніренген толқын долданып,
 Көпіріп жарға қағылып.
 Жағада бүйра бала тал
 Таң болып түр аңырып.
 Толқынға қарап мен тұрмын
 Қоңыр оймен қамығып.
 Сарыарқам қайда? Алыста!
 Жүрмін мен мұнда нағылып?!

IV

Ерте күнде Еділдің
 Ертегі деген тоғайын.
 Дүлей тогай ішінде
 Орманбеттің ногайын,
 Арқада жатқан алты алаш
 Ол күнде болған агайын.
 Жорығы, жолы – бәрі ортақ,
 Бірге де жеген уайым.
 Өткен айқын, ұғымды,
 Мынаны не деп ұғайын:
 Дүлей тогай тұлданған,
 Танып болмайд ногайын.

V

Ойнап тұрған оқадай,
 Еділдің беті ақ ала!
 «Ақ аласы не?» – десем:
 Ылғи шаңқан шағала.

Суды сүйген сары алтын
 Сөүле ғой сүйген бағана!
 Кемеміз көлбеп келеді
 Жібектей жасыл жағаға.
 Шөккен бүйра бұлттай
 Астрахань жатыр сағада;
 Көрген соң оны ой көшті,
 Ертедегі Асан ағаға.

VI

Асан Қайғы салдырған
 Астраханьға жетейін.
 Қайғысыз хандар күмбезін
 Өдейі аттап кетейін.
 Асанның тауып моласын
 Соған тәуап етейін,
 Моласына түнейін,
 Ақ батасын құтейін.
 «Жолым құ!» – десе болғаны,
 Басқа жолды не етейін?
 Өз Жөнібек сендер бол,
 Мен Асан болып өтейін!

ҚОНЫР ЖЫР

I

Тізілген толқын – меруерт,
 Толғанып оқы, тербетер.
 Күңірентер оймен кім білед
 Тізілген толқын меруерт.
 Оқи білсең күңіреніп,
 Ойыңың бойын өрлетер
 Тізілген – толқын меруерт,
 Толғанып оқы, тербетер.

II

Шешем

Жерге сауып емшегін,
 Шешем қайғы жей ме екен?
 Орамал қылып кең жеңін,
 Жерге сауып емшегін,
 Теріп жүріп шәпшегін,
 «Құлымым қайда?» – дей ме екен?
 Жерге сауып емшегін,
 Шешем қайғы жей ме екен?

III

Ана мен бала

Бәбектің балғын білегін
 Анасы сорып сүйеді...
 Қеміп жерге тілегін,
 Қарғап талған білегін,
 Таяныш қып күрегін,
 Баласы оймен күйеді...

Бөбектің балғын білегін,
Анасы сорып сүйеді...

IV

Өлдеқайда бір қара
Елбең-елбең етеді.
Айды күткен жас бала,
Өлдеқайда бір қара,
Күте-күте жан жара...
Дарига, қашан жетеді?!

Елбең-елбең етеді!

V

Өмір

Өмір – тұлқі, сен – тәбет,
Арсаландаپ келесің.
Тақымда, тез дәңгелет,
Өмір – тұлқі, сен – тәбет,
Артыңдан аңдып кім келед?
Тұлқінді соған бересің...
Өмір – тұлқі, сен – тәбет,
Арсаландаپ келесің...

VI

«Күнә» айтқызды

«Тәңірі» де жоқ, «төубе» жоқ,
Жаным қалай тазарсын?
Тұрмыста нәпсіз сөуле жоқ,
«Тәңірі» де жоқ, «төубе» жоқ.

Өмір деген – шірік шөп,
Қай үмітпен қазарсың?
«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,
Жаным қалай тазарсын?

VII

Тұн айтқызды

Тауда түнде үн берген
Тәңірі ме, өлде байғыз ба?
Үнді естіп жаным күніренген,
Тауда түнде үн берген
Тәңірі болсаң, кел бермен,
Қолымды көкке жайғызыба!
Тауда түнде үн берген
Тәңірі ме, өлде байғыз ба?

VIII

«Келешек», «кеше», «бұгін»

«Келешек» пенен «кеше» – анық,
«Бұгін» – деген бір бу ғой.
Бұл басқан бетін нұрланып,
«Келешек» деген күн анық.
Откен «кеше» ұрланып,
Естен кетпес бір у ғой...
«Келешек» пенен «кеше» – анық,
«Бұгін» деген бір бу ғой.

ТУҒАН ЖЕРИМ – САСЫҚҚӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф құмістей ақ кебігің,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.

Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суынды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,
Фашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қызы-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдірінен суарған көл.
Масайрап, суға тойып терт түлік мал
Дөңіне ойнақ салып, қуанған көл.

Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл.
Ағайын тату-тәтті – қоныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Түрлі құс өуез қосып, шулаған көл,
Шуақта балықтарың тулаған көл.
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,
Басында кенес құрып, дулаған көл.

Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,
От-суға иең түгіл, жат тойған көл,
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көксілдер тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-құліп, кел дескен көл.
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Құресіп күн батқанда белдескен көл.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сузын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.

Білмеймін не боларың, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңдан құсың ұшып кетер сенің.

ЕСІМДЕ... ТЕК ТАҢ АТСЫН!

Ол күнді ұмытқам жок, өлі есімде,
Таянып келгенінде күн бесінге,
Кең дала ұсал түрді қол тимеген
Керілген кербез сұлу ақ төсіне.

Құйылып түрді қөктен жұмақ нұры,
Құбылып хор даусындаі құстар жыры,
Таласып аспан-көкке алтын тауы,
Арқаның суы – күміс, жібек – қыры.

Сайланып сол мезгілде шықтық жонға,
Қыранша көз жүгіртіп оң мен солға.
Ақ наиза алты құлаш белге байлад,
Айнымас алдаспанды алып қолға.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Киядан қыран құсша жауға ұмтылдық.

Аспанин сорғаласа суга сұңқар,
 Сұңгімен үйрек сорлы нағып тұрап!
 Ақырған арыстанның айбатына
 Шыдар ма қоян жүрек қорқақ құлдар?!

Жау қашты құр қарадан быт-шыт болып,
 Қайратқа дene, отқа жүрек толып.
 Ауыздан «а» дегенде жалын шығып,
 Арқада жаттық сайран, сауық құрып.

Бақ шіркін бір күн қонып бауырыңа еніп,
 Кетпек қой ертеңіне-ақ алдаپ, күліп.
 Алтын Күн аспандагы қайдан білсін,
 Қаптарын қапылышта қара бұлт!

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,
 Жүрегі, қайратына көнілі тасып.
 Ойлай ма қу қаңбақты таса қылыш,
 Жатқанын жасырынып мерген пасық?!

Еріктің еркетайы, ардақтысы,
 Алтайдың ақ иығы – алғыр құсы.
 Алаштың Арқада еркін ойнақтаған,
 Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі?

Мас болып күш пен қайрат, қалың буға,
 Алданып ойын-күлкі, сауық-шуға,
 Сергімей жата беріп сезбей қаппызыз,
 Жақындаң барып қапты Күн батуға.

Күн алтын жан-жағына сөule шашты,
 Жарық пен қараңғылыш араласты.
 Сөулесі қызыл алтын – сәлемі еді,
 «Көргенше қош, алаш!»¹ – деп амандасты.

– қазақ деген мағынада.

Ай туып, Құн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,
Төңірек тыныш үйқыға батқан шақта
Кетіппіз біраз ғана біз де қалғып.

Сужүрек мана қашқан жасырынып,
Жақындаپ келген бопты аңдып тұрып –
Қорқақ құл үрлықты да ерлік санап,
Қуанып Алласына басын ұрып.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтышармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

ЖАУЫНГЕР ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат –
Ерлігіме айғағым.
Ел дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Халқымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі кәрі Құн күе –
Ежелден жаудан таймадым.
Қорқыныш емес нажағай,
Нажағай – өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым.

Қазам жетсе майданда,
Басымда найзам – сайғым.
Қайратты, қайтпас жан досым –
Ерлігіме айғым.
Желе бер, жаным Қаракек,
Желкілде желмен, айдарым!

ӨЛЕҢНІҢ ҮЙҚАСЫ

Талапсыз сорлы – «ойлаған»,
Ойға терең – «бойлаған».
Есалаң, уға – «тоймаған»,
Қажып бір ойын – «қоймаған».
Есер жүрек – «ойнаған»,
Өлгенше үміт – «жоймаған»,
Жындыдай жалғыз – «тойлаған»,
Жалықтырды – «ой» да «ған»...
Құрысын өлең! Қой бағам!

ОРАЛ ТАУЫ

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң тәбесіне айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.
Жіп-жіі, шытырманды түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас,
Қарағай, шырша-батыр бір қалышта:
Шілде, жаз, қызын, күзін есіне алмас!
Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған,
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
 Орынғып көшіп-қонып жүріп еді.
 Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
 Қойныңа жайыменен кіріп еді...
 Ер түрік ен далаңа көрік еді,
 Отыrsa, көшсе, қонса – ерік еді,
 Тұрганда бақыт құсы бастарында,
 Іргесі жел-күн тимей берік еді.

Турақсыз бұл жалғанда опа бар ма?
 Сақтан, алдар, бой салып жақын барма!
 Бүгінгі күн жан досың болып жүріп,
 Құлатып кетер ертең сені жарға.

Қарашы тәнірекке мойның бұрып,
 Алтай, Орал бойында тұрган түрік
 Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
 Жоғалған өлдеқайда іріп-шіріп...

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
 Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!
 Қосылып батыр түрік балалары,
 Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге орал.

ӨТКЕН — АЯУЛЫ

Өткенді мақтар әр адам,
Білмеймін, өткен алтын ба?
Болмаса, мақтау өткенді
Адамзаттың салты ма?

Қариялар отырып,
Баяғыны мақтайды.
Желкілдеген жас заман
Оларға тіпті-ақ жақпайды.

Заң да болған соларда,
Тура, өділ, жақсы да,
Аспаннан пері түсірген
Файыпты болжар бақсы да.

«Өткен артық» дер адам,
Шеше де өлген баласын
Аузынан, сөйлеп, тастамас, —
Кез ішінде қарасын.

Қылықты да, тәтті де,
Ақылды да ол бала
Екі жасар күнінде
Пөлен деген — ол дана.

Жалғаны жоқ, адамнан
Жаңаны мақтар санаулы.
Не дұрыс шығар, не теріс,
Әйтеуір өткен — аяулы.

АЛАТАУДА

I

Алатау

Иір-иір Алатау
 Бұйра-бұйра жал ма екен?
 Қарасам көзім талады-ау
 Қияңа, асқар Алатау.
 Бөлек-бөлек бала тау –
 Етекте шөккен нар ма екен?
 Желкендегі, ару Алатау,
 Жаунардан тізген жал ма екен?

II

Құздар мен қыздар

Алатаудың құздары
 Аспанның сырын үрлайды.
 Жылдытып жырмен мұздарын,
 Құңірентіп таудың құздарын,
 Қыргыздың ару қыздары
 «Зекенбайды» ырлайды.
 Алатаудың құздары
 Қыргыздың сырын үрлайды.

III

Қоқи мен қартоз

Тұлымдары сұліктей
 Селкілері бар болсын!..
 Едірейіп еліктей,
 Селкілері сұліктей.

Коя-ақ қойды елікпей,
 Көрініп қоқи қартозын.
 Сымбаттары сұліктей,
 Селкілері бар болсын!

IV

Таудың толғауы

Ай шырайлы аяшың
 Құң болып, күйіп солмасын.
 Бозага толып шанашың,
 Құң болып, күйіп аяшың,
 Семетей менен Манасың
 Қысыр бір қисса болмасын.
 Айшөректей аяшың
 Құң болып, күйіп солмасын.

V

Үйдің ері

Тырнала, қыргыз, танабың,
 Ел болмайсың оқымай.
 Мола жұтсын манабын,
 Тастансың адыра танабың,
 Боза болты шалабың.
 Атаң көрі, қоқи-ай...
 Тырнала, қыргыз, танабың,
 Ел болмайсың оқымай.

ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА

I

Араладым біраз күн
 Еділдің сага өлкесін.
 Қазақты қөрдім қуарған
 Жұқ тасып, тескен желкесін.
 Балық аулап бозарып,
 Жайлау қылған көл төсін.
 Селендейтін селенге
 Мұжықтың аңдып бөлкесін.
 Сөз сейлесе, сабайтын
 Орыстың: «Совсем...» «Толькесін».
 Ойланбаса мынау күй
 Келтірер кімнің күлкісін?!

II

Салалы сонау сағада
 Біраз ел бар – Байұлы,
 Жорғасы мен жүйрігі –
 Қалтылдаған қайығы.
 Құрық салған құлышы –
 Тулатып шанышқан жайыны.
 Қалагындай қайықтың –
 Сіріңке қара зайыбы!
 Қара су, балық – қорегі,
 Жоқтықтан жоқ-ау айыбы;
 Бұл күйге түспей құтылар
 Қазагыңың қай ұлы?

III

Ауылға жеттік қайықпен
 Көкжиекке күн бата.
 Бір лашықтың тұсына
 Тұра қалдық үн қата.
 «Қош келдің!» – деп қарсы алды,
 Ақ сақалды бір ата.
 Бес бекіресін секіртіп,
 Алып кеп деді: «Ақ бата!»
 Бекіресін жеп шүкір ғып,
 Біз де жаттық ай бата.
 Ай бата деген жай бір сөз,
 Жанға бір ауыр ой бата!

IV

Бір ауыл беріш ішінде ек,
 Қонған өзек бойына.
 Күн шықты, құрбан мейрамы
 Басталды құрбан сойыла.
 Біраздан біткен бозбала,
 Тойып ап құрбан қойына,
 Шөмеледей шаштары,
 Қүйектей кесет мойында:
 Дүркіресіп жөнелді,
 Селенге – Сергей тойына...
 Еліңің жайы осылай,
 Келе ме еш зат ойыңда?

V

Бағлан жейтін қарт, мейлі,
 Балық жеп кірсін көріне,
 Аллашыл, айтшыл молдасы,
 Шықсын-ақ жұмақ төріне.

Қалада жүрген інішек,
 Қайыс буған беліне.
 Көз қырыңды сала гөр,
 Қазақтың қыршын төліне.
 Мақсатың болса, шерлі елді
 Шығару өмір еріне, –
 Қаш қаладан, қарагым,
 Еліңе қайт, еліңе!

БОСТАНДЫҚ

Жер жүзін қан басқанда,
 Көбігі шығып аспанға,
 Жын жолдас боп адамға,
 Туралық, тендік ұмытылып,
 Інжіл, құран жыртылып,
 Жатқанда жерде – табанда.
 Қызыл қанға мас болып,
 Жүргегі қара тас болып,
 Айрылып естен адамзат;
 Ұмытып мейірімді иесін,
 Сойып сауын түйесін,
 Тәңірісі боп лат, манат,
 Жүргізіп ібіліс өмірін,
 Жауыздық жайып тамырын,
 Өршіп өтірік, дүшпандық...
 ...Көк есігі ашылды,
 Жұмақ нұры шашылды.
 Келді ұшып бостандық.
 Фарыш нұрлы жүзі бар,
 Қөусар жібек сөзі бар,
 Өдемі, алмас ақ қанат.
 Жануарлар жердегі

Ынтасты – жақын көрмегі,
 Таңырқады анталап.
 Аппак нұрға оранып,
 Ақырын ғана дем алыш,
 Құрметпенен тұрысты;
 Сөule көрмей, шеккен зар
 Аш-жалаңаш сорлылар
 Қуанысты, күлісті.

Тез жалындап сүйнган,
 Жұмақтан да қылған,
 Адамзат бір өуреде.
 Есін жиып күйленіп,
 Әбден бойы үйреніп
 Алғаннан соң сөулеге;
 Баяғысын бастанды,
 Үжданды былай тастады.
 Бостандықта жоқ жұмыс –
 Зар еңіреді талай жан.
 Сел боп ақты қызыл қан.
 Отірік, талау, өлтіріс.
 Шірік жүрек сасықтар,
 Арамдыққа асықтар
 Жетілді, жетті мұратқа.
 Қыбырлаған қоңыздар,
 Қорсылдаған доңыздар
 Көктен келген қонаққа
 Тілін, қолын тигізді,
 «Сасық сайтан» дегізді.
 Жауыздық тағы өрледі.
 Ізгі елшісі жұмақтың,
 Қасиетті қонақтың
 Ақ қанаты кірледі.
 Қыбырлаған қоңыздар,
 Қорсылдаған доңыздар,

Тілегің болды – қуан, күл.
 Бостандық – ізгі періште
 Кетпекке ұшып гарышқа
 Ақ қанатын қомдаپ тұр.

АЙДА АТЫҢДЫ, СӘРСЕМБАЙ

Айда атыңды, Сәрсембай,
 Ағарып алтын таң атпай
 Шығайық қырга, далага.
 Шу-шу-шу...
 Әттең ғана бұл оқу!
 Келмес едім қалаға.
 Қарашиб кейін бұрылып:
 Таудай болып созылып
 Қала – бір жатқан дөу пері.
 Айналасы – тұман, тұн.
 Дем алысы – от, тұтін.
 Жарқ-жүрк етер көздері.
 Сөзі у-шу, ың да-жың,
 Сасық иіс ауыр тым.
 Тұншықтым гой, құдай-ай!
 Кейін қарап нетеміз?
 Ауылға қашан жетеміз?
 Айдашы атты, Сәрсембай.
 Әйелдері үятсыз,
 Құнде сүйгіш, тұрақсыз.
 Қылмындаасар, керілер.
 Жұздерінің қаны жоқ,
 Көздерінің жаны жоқ,
 Еркектері – «перілер».

Оларда отты жүрек жоқ,
 Тамақтан басқа тілек жоқ.
 Қорсылдаған «доңыздар».
 Тұн баласы перілер,
 Жұмақтан артық көрінер –
 Оларға сасық үңгір тар.
 Кекті көрмес көр олар,
 Қарашы, қанша жұлдыз бар?
 Күліп қана жүзеді ай.
 Қалаға келіп қаңғырдым,
 Сар даламды сағындым,
 Айда атыңды, Сәрсембай!
 Өлде үйқың келе ме?
 Сәрсембай-ау, сен неге
 Шырқап бір өн салмайсың?
 Жетесің туған жеріңе,
 Еркелеткен еліңе,
 Жүргегім, неге жанбайсың?!

Сарыарқамның топырағы –
 Менің жаным шырағы,
 Кеудемді төсеп жатамын.
 Оның жібек желінің,
 Тәтті, көусар көлінің
 Қазір дәмін татамын.
 Қайрылып кейін қараман.
 Шықтық па ұзап қаладан,
 Айтшы, жаным, ағатай?
 Кейін қарап нетеміз?
 Ауылға қашан жетеміз?
 Айдашы атты, Сәрсембай!

ДОМБЫРА

*(Қара сөзбен жазылған өлең.
Марқұм Ш-га арналды)*

Түн. Біз шешініп жатқанбыз. Шам сөндірлген,
 үй іші қара көлеңке. Шаңырақтың жабылмай қалған
 шетінен оң жақ босағада құрулы ақ шымылдыққа
 түсіп тұрган айдың сөүлесі ақырынғана дірілдейді.
 Шымылдық дірілдегенді... жанымда қатар жатқан
 жігіт домбырага... деген күйді тартып жатыр...
 Екеуімізде де сөз жоқ... Жалғыз домбыраныңғана үні
 естіледі... Адамды қалың ойға батыратын, белгісіз
 қорқынышқа түсіретін жат, ауыр бір үн. Өзеннің
 қараңғы түнде салмақпен сылдыр қағып аққанындай
 жаздың желді түнінде, көлдің қамыстары қорыққан
 секілді, біріне-бірі тығылып сыйырласқанындай...
 Домбыра кейде ағаш жапырақтарының дірілдеп
 күбірлескеніндей, кейде ауру адамның ыңырсы-
 ганындай болады. Ол қайғырады... зарланады...
 Маган алыстан талып бір дауыс естіледі... Мұнды бір
 дауыс жақындалп келеді. Нәзік, зарлы дауыспен біреу
 ақырынғана өлең айтқандай... Әйел даусы... «Бізден
 сорлы жалғанда жан бар ма екен?! Өзің рақым қыла
 көр бір, жасаған» – дейді әйел... Түнде сар далада
 зарын айтып күніренеді әйел... Ауыр қасірет, қалың
 қайғыға амалы құрып, жалғыз жасағанға мұнын
 шағады, жалынады, зарланады әйел... Дауыс тіпті
 жақындауды... Манағыдан да анығырақ, ащырақ,
 зарлырақ... «Бауыр етің балаңды отқа салдын! Не
 жазығым бар еді, жан ағеке?..» Әйел қарғайды.
 Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген
 тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған,
 намыссыз күң қылған мұндарларға қанды жас төгіп,
 лағынет айтады әйел...

Ақырын есік ашып, ол үйге кірді. Жас бір қыз, үстінде жұқа ақ көйлек, өрілмеген ұзын қою қара шашы екіге айрылып, кеудесіне түскен. Екі бетінде бір тамшы қан жоқ, құп-қу, жұқа ақ көйлектің астынан денесінің өр жерінде көгерген сықылды таңбалар қарайып білініп тұр. Зор қара көздерінде есесіз мұн, сансыз қасірет...

Маган жақындаپ келіп, менің көздеріме тұра қарады. Көз қарауы өрі майда, өрі салқын. Кішкене күлімсіреп, қансыз ернін қозғап, сейлейін деп ыңғайланып еді, жөтелді... Ұзақ жөтелді... Ақырын ауыр жөтел... Өлдене уақытта жөтелі тоқтады. Бірақ өлі құрып, демін зорға алып тұрды. Сөйлеуге шамасы жоқ еді... Оның қара көздерінен мәлдіреп, домалап солған жақтардан парлап ағып тұрган жасты көрдім. Мен оны таныдым. Қарындасым! Сүйікті қарындасым! Періште жанды, хор жүзді сұлу қарындасым! Сұлу... қайғылы сұлу. Бейшара, бақытсыз қарындасым!.. Аз өмірінді у жұтып өткізген қарындасым! Жауыздар тірідей жерге көмген қарындасым!..

Денем күйді... Жүрегім аузыма тығылды. Көзімнен ыстық жас төгілді... Домбыра да күңіренеді, зарлайды... ақырын жассыз жылайды. Жыла, домбыра, жыла!

ЖАН СӘЗІ

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сылқ-сылқ күлгөн сиқырлы толқын беті.
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай – толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылышп анам тапты,
Содан бері Күн талай шықты, батты.
Ес білгелі алысам өмірменен,
Өмір – теңіз, толқыны тым көп қақты.

Мен туралы ағарып, көп таң атты,
Қараңғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қаңғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермейді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып.
Ессіз жүрек, бөгелші бір азырақ,
Отыз тұр гой үңіліп, арты – қырық.

Өмірінді екі қылмай орындағым,
Есімде отқа, суға ұрынғаным.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Өмірімді осынша улап не қылғанын?!

«Жел бол!» – дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды есалаш екпінді бол,
Зауласап тұрған отқа өзім тұспедім бе?!

«От бол!» – дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым,
Мынау «кул», мынау «гүл» деп таңдадым ба?

«Су бол!» – дедің, сылдырап ақпадым ба?
 Жыландај жұз бұралып жатпадым ба?
 Ерікті-еріксіз сүймнан татар жанды
 Сиқырлап сылдырменен таппадым ба?

«Күн бол!» – дедің, мен Күндей құлмедім бе?
 Күннен де астым, мен «күндіз-тұн» дедім бе?
 Күн төкаппар. Мен көппен құшақтастым,
 Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

«Ай бол!» – дедің, Ай болып жұзбедім бе?
 «Әпсүн» оқып, жер жүзін кезбедім бе?
 Анадайдан сиқырлы сөуле төгіп,
 Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен: «Сүй!» – дедің, талайды сүймедім бе?
 Көбелек боп көп отқа қүймедім бе?
 Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң
 Мен талай құлден кебін кимедім бе?

«Жыла» дедің, талай жас тәкпедім бе?
 Дария болды көз жасым, көп дедім бе?
 Жасым бітсе, қып-қызыл қан жыладым,
 «Жыламаймын, көзде жас жоқ» – дедім бе?!

«Ата-анаңнан без!» – дедің, безбедім бе?
 Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?
 Басыма талай қара күндер туды,
 Ата-ана, туысқанды іздедім бе?

«Елің тастап кет!» – дедің, кетпедім бе?
 Жер шетіне барсам да шет дедім бе?
 Жыландај бауырына кіріп алып,
 Қалайда жатты жақын етпедім бе?

«Дәuletten қаш!» – дедің сен, қашпадым ба?
 Қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба?
 «Нәжісті – доңыз, сүйекті – ит жияд» – деп,
 Барымды желге ұшырып шашпадым ба?

«Жоқты іздеп тап!» – дедің сен, таппадым ба?
 Сен: «Айға шап!» – дегенде, шаппадым ба?
 Не керек! Бар бүйріғынды орындадым,
 Сұм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
 Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем.
 Отыз, қырық... Қартаям, сөнем, өлем...
 Еліме есебімді не деп берем?!

Енді бір ай – жиырма жеті жас толады,
 Отыз, қырық... Саргаяды, жұз солады.
 Жыл соңынан жүгіріп жыл озады,
 Кеудеге күн-күн сайын шер толады.

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,
 Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.
 Жастық – уғой, айнымай у ішілпін,
 Бұл күндерде қеудені ой кернеді.

Ақылға кеш айналдым, қараң күнім,
 Бір күні құшағына алар өлім.
 Қара жерді құшақтап мен жатармын,
 Сол кезде не деп мені сынар елім?

«Жел еді, желді жырғып өтті!» – дер ме?
 «Есаланғ сүйіп еді шоқты!» – дер ме?
 «Ойы жоқ, ессіз отты тәнірі көрген,
 Тұншығып жат, есерім!» – деп күлер ме!

Болмаса: «Қызыл гүл ед, солды!» – дер ме,
 «Сермен ед алтын Айға қолды!» – дер ме?
 «Қажымай Айға шапқан арыстан ед,
 Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!» – дер ме?

«Құн еді – өмір бойы құлді!» – дер ме?
 «Құн еді – сүймеуші еді тұнди!» – дер ме?
 «Құн еді, құндай айқын күле білді,
 Сол күлумен ақыры өлді!» – дер ме?!

«Сұлұлықтың асыры – жыршы!» – дер ме?
 «Жүректің сырын шешер сыршы!» – дер ме?
 Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
 Басыма келіп: «Ақыным, тұршы!» – дер ме?

Болмаса басыма да бармас па екен?
 Атымды аузына да алмас па екен?
 Қарайып жапан тұзде жалғыз тұрган
 Молама көз қырын да салмас па екен?

Дарига, сол күндерде құнім қараң,
 Қазақ елі, бір ауыз сезім саған:
 Болғайсың, сыншы болсаң, өділ сыншы,
 Кінөні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек – жынды дерсің,
 Үмтылған аламын деп Құнді дерсің.
 «Сүйіп – күліп, күйіп – көз жасын тәгіп,
 Жынды жүрек өлді де тынды!» – дерсің.

АЛДАМШЫ ӨМІР

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
 Өмір шіркін шамдай ақырын сөнеді.
 Қара қайғы қалыңдады тым бүгін,
 Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Өмір шіркін шамдай ақырын сөнеді,
 Алтын үміт тотығады, өледі.
 Кешегі құн – қойнымдағы сүм қиял,
 Бүгін алыс менен, сылқ-сылқ қуледі.

Өмір шіркін бықсып ақырын сөнеді,
 Үміт шіркін тотығады, өледі.
 Өлді үміт, мен де ұзамай өлемін,
 Соққы жеген сорлы жүрек біледі.

Өмір, шіркін, көз алдымда сөнеді,
 Қиял – алыс, келемеж ғып қуледі.
 Өмір сөнсе, үміт сөнсе, не қалды?
 Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

СЕҢ

Сары аяз – сүйген жар
 Қайрылмай кеткен соң.
 Қайратсыз қалың қар
 Жылаумен біткен соң;

Жел сипап, Құн күліп,
 Мазақ қып сүйген соң;
 Боларын бір сүмдыш
 Ішінен түйген соң;

Қалың мұз көрленіп,
Қара кек түс алды.
Еруге арланып,
Кетпекке ойланды.

Бұзыла-жарыла
Антурған аптықты.
Өзеннің жарына
Асығып соқтықты.

Барында шамасы
Суыққа қашпақшы.
Мұз теңіз – анасы
Құшағын ашпақшы.

Өткен соң жаз алты ай,
Ашуын жимақшы.
Өзенді еркетай
Ойыннан тыймақшы.

Қалың мұз қара көк,
Ойлама құр бекер.
Суыққа жетем деп,
Ыстық күн ерітер.

ОСЫ КҮНГІ КҮЙ

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,
Сез үқлас мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз.
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,
Япырм-ай, қалдық па рас, тіпті таңсыз?!
Тақаулы тамағына өткір пышақ,
Тек жатыр түяқ серппей сонда да аңсыз,

Тындарас, сөзге түспес, ырыққа көнбес
 Болды ма қайран қазақ тастай жансыз?
 Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,
 Құл болдың қара табан енді малсыз.
 Ортага қамап алыш қырып жатыр
 Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз.
 Қазагым, арыстаным, қайратты ерім,
 Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?
 Тұн басталды, не болмақ алда күнін,
 Бос жүрсөң еш панаңыз, үйсіз, тамсыз?
 Сандалдың: алдың – боран, артың – тұман,
 Түк көрмей сөule берер шырақ-шамсыз.
 Білімсіз ит надандық жеңгені ме?
 Буының қалтырайды болып әлсіз.

ТҮН ЕДІ

Тұн еді. Қөкте қаптап бұлт тұрды,
 Жел жылады, долы дауыл ұлып тұрды.
 Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,
 Өлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

Жапан тұз, отсыз, сусыз бетпақ шөлде,
 Жын-шайтан мекен еткен тағы жерде
 Жас бала – жолдасым жоқ, жапа-жалғыз
 Мен келе жаттым, батып қанды терге.

Көзімнен жас ақпады – қандар ақты,
 Табанды тілгіледі тастар қатты.
 Қарқылдан қиқу салып қарға-құзғын,
 Жалпылдан жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жүлдү өлдекім талдап-талдап,
Ыстық жас домалады көзден парлап.
Жалғыз жан есіркеген болды ма? Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: «Тейт! Шығарма үнің!» – деді,
«Сен бір мал, бір бес байтал – құның» – деді.
«Шоқысын қарға-құзғын жүрегінді,
Тырп етпе, жылама да, құнім!» – деді.

«Ойлама, – деді, – Құнді, сен – мал, күңсін,
Сөксем де, соқсам-дағы шыда, көн сен.
Шыдамасаң, қарсы «лөм» деуші болма,
Тұншығып көз жасыңа көміл, ел сен!» –

Деді де сол өлдекім сылқ-сылқ құлді,
Сол құлу жүрегімді жүзге тілді.
Қүйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,
Жұбатуға сол кезде қайсың келдің?!

Ашу кернеп, уланып, жанып іштен,
Жалынған бәріңде де мен емес пе ем?!

Сол уақыт: «Бас жақсысы – пәлен ат!» – деп
Саудаласқан, агекем, сен емес пе ең?

Сасық доңыз, жануар, жуан қарын,
Сататын малға тәңірін, иман, арын.
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,
Кеткенде қайнап-ойнап ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп өжем, атам,
«Өміріңше жыла!» деп бердің батаң!
Құшактап, қысып, күрсініп жылай бердің,
Сарғайған сорлы болып бейшара апам...

Қысты күні боранды ұзын кеште,
Сорлының қасірет-зары сыймай ішке.
«Ух!» – дегенде аузынан жалын шығып,
Қолына отыратын алып кесте.

Құрсініп, кестені алып тігуші еді,
Мәлдіретіп көз жасын тәгуші еді.
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,
Кестесін қайта тағы сөгуші еді.

Уф, Алла! Жан болды ма бізден мұңлық?!
Дарига! Не қөрмедік, не қөрмедік?
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
Ү ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік, зар еңіредік, сабыр еттік,
Шашатын алтын сөule таңды күттік.
Көп күттік, сөгілдік те, соғылдық та,
Сатылдық та, тілеккө ақыр жеттік!

Мынау ту кімнің туы – Әйел туы!
Енді әйел азат үшқан көлдің қуы.
Улаган жанымызды сансыз жылдар,
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң кімнің таңы? – Әйел таңы!
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,
Басар сені төгілген әйел қаны!

АЛЫСТАФЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
 Құарған бәйшешектей кепкен бауырым.
 Қамаған қалың жаудың ортасында,
 Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,
 Өміріңше жапа шеккен жаттан бауырым.
 Тұксиген, жүргегі тас жауыз жандар
 Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Япырм-ай, емес пе еді алтын Алтай
 Анамыз бізді тапқан, асau тайдай?
 Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
 Жұзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
 Тебісіп бір тесекте жатыспап па ек?
 Алтайдай анамыздың ақ сүтінен
 Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін мәлдір бұлак,
 Сылдырап, сылқ-сылқ, құліп, таудан құлап?
 Даляр боп үшқан құстай соққан құйын,
 Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,
 Келгенде жолбарыс боп, жаңа ер жетіп.
 Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
 Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,
 Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
 Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
 Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Көргасын жас жүрекке оғы батты,
Құнәсіз таза қаным судай ақты.
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жапты...

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Құндіз – Күн, тұнде – күміс нұрлы Айды да!
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырм-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтығын жауған оқтан?!
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл бол жаудан бүкән?!

Шарқұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен, ауырды ма, бітіп халі?!
От сөніп жүректегі, құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз.
Біздің атқа лайық па құл бол тұру?
Жүр, кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа.

ОЙ

Ой деген у –
Ауызға алсаң, қандыrap.
Ой деген у –
Жанды есінен тандыrap.
Ой деген у –
Ішсөң мас боласың.
Ой деген у –
Ішесің де соласың.

Ой бір теңіз –
 Қап-қара боп тебіренер.
 Ой бір теңіз –
 Толқындана күніренер.
 Ой бір теңіз –
 Шетсіз, тұпсіз, тұнғиық.
 Ой бір теңіз –
 Жан түседі, жан қызып.

Ой улады –
 Жаным ессіз, жаным мас.
 Ой улады –
 Жүректе зар, көзде жас.
 Ой улады –
 Көмір болды жүрегім.
 Ой улады –
 Сарғаямын, сөнемін!

АЛДАНҒАН СҰЛУ

Күні кеше толған ай жүзің еді,
 Сиқырлы қара нәркес көзің еді.
 Мап-майда мамық қардай мінсіз денең,
 Бейне бір бақшадағы жүзім еді.

Жел тимей, кірсіз тұрган кезің еді,
 Жандыға жақсы дәру сөзің еді.
 Басып кеткен пайғамбар іздеріндей,
 Қадірлі аяқ басқан ізің еді.

Ал бүгін ол көріктің бәрі де жоқ,
 Ақмарал, аяғыңа дәл тиген оқ.
 Өкіндің, жастық, мастық ісің өтті,
 Аһ ұрдың, сыртың – жалын, ішінде – шоқ.

Тіліне құ түлкінің тез алдандың,
Ойламай таңдағыны, тез құп алдың.
Тап-таза ат, көркем көрік – бәрі кетіп,
Өміріңшे құтыла алмас отта қалдың.

Таралды жұрт аузына жаман атың,
«Бұзылған!» – дейді енді жақын, жатың,
Ызыңдап ол да, бұл да сол сөзді айтар,
Жас төкпей нағып сонда шыдар дәтің?!

ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жок, орман да жок, өзен де жок,
Сөule емес, қан шашып тұр күні батқан.

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,
Перілер өн салысып, тұр ма күйлеп?

Жаралы бір жан жатыр құба жонда,
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Пернесі, нұры кеткен көзіменен,
Қарайды бейшара жан оң мен солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр, жүрегінен ыстық қаны.
Ішті өртеп, жүректі де елжіреткен,
Құңіреніп сол сорлының сарнағаны:

«Ойпырым-ай, Алла-ай, жасаган,
 Қысылды гой шыбын жан!
 Құат кеміп барады,
 Көп болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,
 Хал жоқ, қалай тұрайын?
 Жүректі жара жеп барад,
 Жасаган-ау, қалай шыдайын?

Соқпа, сорлы жүрегім,
 Шірі енді, ақ білегім!
 Мынау қарға, құзғынның
 Бердің-ау, тәңірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай,
 Сарыарқа сайран жерім-ай!
 Күмістей таза сұы бар,
 Айдын шалқар көлім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
 Сауық-сайран құра алмай,
 Қарға, құзғынға жем болып,
 Қалғаным ба, бір Алла-ай?!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
 Тоқталсайши, ыстық қан!
 Зарлайсың ғой жетім боп,
 Бесікте қалған балапан!

Қара шаш қайран, жарым-ай,
 Қарашибым, жаным-ай!
 Құлағымда келеді,
 Алыстан аңы зарың-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Хал жок, қалай тұрайын?
Төңірі, өзіңе жылайын.
Жүректі жара жеп барад,
Жасаган-ау, қалай шыдайын!

Түсті қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсан, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма!

Күштісің ғой құдірет,
Періштеңе өмір ет!
Қанатпен бір сипасын,
Жазылсын ішкі-тысқы дерт.

Өмірді маган көп көрсөң,
Лағнет деп мені жек көрсөң.
Өлейін тез, өлейін,
Келсін ібіліс, у берсін!

Түсірме қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсан, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма...

Берді төңірім тілегім,
Қуан енді, жүрегім!
Не періште, не ібіліс,
Келеді ұшып – керегім!..

Сауытты оң жақ қолыңа ал,
Сауытта жұмақ сұы бар!
(Әйтеуір азап тоқталад),
Не тамұқтың уы бар!»

Жаралы құба жонда кім зарлаған?
Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған?
Қайғылы сар даланы қүңіренткен,
Зарына адам шыдап тұра алмаған?

Бұл – қазақ, тәңірге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір қанды азаптан құтқарап деп,
Оқыған азаматын құткен қазақ.

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың сұын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам, тұншықтырып зарын десең!..

МЕНИ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,
Жел бүйігып тербелген,
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгімеғып қүңіренген.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі – тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Қара орманның шетінде,
 Нағыз желдің өтінде
 Өскен жалғыз жас қайың
 Былқ-сылқ етіп билеген,
 Сылдыр-сылдыр күйлеген,
 Болсын онда не уайым?
 Сол жас қайың құлапты,
 Жаныңда жел жылапты.
 Балқиды жаным бұл күйге,
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Қолына ала ту алып,
 Қылышын қанға суарып,
 Тау суындай тасыған.
 Қарақат көзін қан жауып,
 Қабағынан қар жауып,
 Ойын салған жас ұлан.
 Майданда ұлан қайтыпты,
 Жел иманын айтыпты...
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!

Әлдеқайда бетпақ шөл,
 Бетпақ шөлде жалғыз жол,
 Сол жолменен жалғыз жан
 Тұн бойы талмай жүріпті,
 Табанын тастар тіліпті,
 Келгенде атып алтын таң
 Сорлы шөлде өліпті,
 Жел құмменен көміпті.
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Бетінен алма қан тамған,
 Тілінен төтті бал тамған,
 Бүйра толқын шашы бар,
 Құлқісі меруерт шашылған,
 Өзі – гүл жаңа ашылған,
 Дәл он бесте жасы бар
 Сұлу көп жас төгіпті,
 Тұншығып жасқа өліпті...
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Талпынған жаңа нөресте,
 Ақ қанатты періште,
 Былдырлаған бұлақтай.
 Көрінген жанды құлдірген,
 Жаңа піскен бұлдірген,
 Балауса нөзік құрақтай,
 Қайтыпты қозы көз тиіп,
 Бетінен кейде жел сүйіп...
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Алыста айдын шалқыған,
 Қебігі меруерт балқыған.
 Сол айдынның астында
 Бар екен алпыс ақ отау,
 Алтын уық, жібек бау,
 Бәрі он алты жасында,
 Отау сайын толқын шаш,
 Толқын шаштар жалаңаш...
 Балқиды жаным бұл күйге,
 Мені де, өлім, өлдиле...
 Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Жаңа біткен балдырган,
Сүйсе мейір қандырган,
Айдынға барып түсіпті.
Отауларды аралап,
Жас жүрегін жарапал,
Сұлуларды құшыпты.
Құшыпты да өліпті,
Жел толқыннан біліпті...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, өлдиле...
Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Балдырганмен бастасып,
Сұлумен қол ұстасып,
Жас ұланмен жолдас боп,
Жас қайыңды қолға алып,
Баланы сүйіп бір қанып.
Жолаушымен мұндастас боп,
Мен де тезірек өлейін,
Әлі жасспын демейін,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, өлдиле...
Өлдиле, өлім, өлдиле!..

Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы өлдилеп,
Келші, өлім, тезірек.
Жан ұшудан тоқтады,
Жынданып енді соқпады
Кешегі асау жас жүрек.
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы өлдилеп...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, өлдиле...
Өлдиле, өлім, өлдиле!

ЗАРЛЫ СҰЛУ

Қайғыландың, зарландың,
Ісінде тастап, мұңайып.
Ойнамайсың, ойлайсың,
Күлкіне салды кім айып?

Жалғыз қалсаң бір үйде,
Үніледің, жыладың.
Мөлдіреген көзінді
Қайғылы жаспен шыладың.

Көп ойладың тыншымай,
Тұнде де кірпік бір қақпай.
Талмай көзің жұмбайсың,
Ағарып сүттей таң аттай.

Жаңа піскен алмадай
Толып бір тұрган шағында.
Жастық қызығын көрместей,
Неге сынды сағың да?

Қайғыға салды кім сені,
Тыныштық жүзін көрместей,
Өмір бойы бітпестей,
Зарың мәңгі сөнбестей?

Ернің қозғап қайғымен
Қай жауызды қаргайсың?
Сені бүйткен бейбақтың
Санадан жүзі сарғайсын!

СҮЙГЕНІМЕ

Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей,
 Еш жанға сенен басқа қөңіл бермей,
 Сен – бір жақ, жалған – бір жақ, қатар қойып,
 Сені іздедім жалғаннан қолым сермей.

Қайғы жұттым, «аһ» десем, шықты жалын,
 Сыртым – сау, ішімде – өрт жанған қалың.
 Күйдірген қалың өрттің зардабынан
 Өлгелі тұр сүмірейіп сорлы жаным.

Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді,
 Қуарған, сарғайған жүз күйгенімді.
 Талған жүрек, жүдеген, солған дене –
 Сүюндің қолына енді тигенімді.

Күн-тұні сені іздедім, қайғы жедім,
 «Отқа түскен сорлыңды сүйші» – дедім.
 Төгілген көз жасыма бір иімей,
 Денеңді аулақ салдың, қоспай жігің.

Жан ұрдым, жаным қидым, қайрылмадың,
 Өміріңше: «Кет өрменнен!» айрылмадың,
 Шырылдаң көз алдында оттай жандым,
 Тіліңмен де бір аяп қайғырмадың.

Күн болған қөңілімде сенің сәулең,
 Болып ем өмірімше сорлы әурен.
 Міне, мен сені тастап кетпекшімін,
 Кош енді, жанып-күйіп сүйген сәулем.

Мен таптым, сүймесең де өзіме жар,
 Керегің жоқ, мейірімсіз, жолыңа бар!
 Маған енді ол жармен тыныш, рақат,
 Бөрібір жазы-қысы жауса да қар.

Өмірінше бірге, тастап кетпегі жоқ,
 Сен сықылды қайғылы етпегі жоқ.
 Өзгермес бір қалыпта кең тіршілік,
 Бірде шаттық, бірде мұң жетпегі жоқ.

Қош, сөулем, бермен қара, сорлынды кер,
 Амандас, мен кетейін, қолынды бер.
 Алдында құлаш жайып қарсы алатын
 Сүйген жарым – мейрімді ол қара жер!

ЖҰМБАҚ

Сап-сары бел,
 Еседі жел,
 Еседі.

Еседі жел,
 Көшеді ел,
 Көшеді.

Дала бұйық,
 Бала тұйық –
 Екі үнсіз.

Дала – жұмбақ,
 Бала – жұмбақ
 Шешусіз.

Сап-сары бел,
 Еседі жел,
 Жел ести.

Дала – жұмбақ,
 Бала – жұмбақ,
 Кім шешті?

БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА

Қайғырмандар бұл сәбиді өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені, –
Шын бақытқа ерте бастан жеткені:
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен
Орын алып Ата-анасын күткелі!

ЗАР

Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,
Алтын күн нұры кеміп, салқын артса,
Жер жүзі өлім күтіп тұрса жылап,
Сексенде селкілдеген байғұс қартша.

Қатты қыс кірейін деп есік ашса,
Қызыл гүл қорыққаннан түсі қашса,
Өл кетіп бұлғақтаған бұтақтар да,
Жапырақ:
«Ал өлдік!» – деп сыбырласса, –

Қайғырман, сірө, осы қыс жетті екен деп,
Есіл жаз бір күндей бол өтті екен деп.
Артына қатты суық қайғы тастап,
Жолымен «Барсакелмес» кетті екен деп.

Қыс өтер, мезгілімен жаз да болар,
Қар еріп, ойпаң жерлер саз да болар.
Теңіздей толқындаған шалқар көлде
Тұрлі құс: үйрек, аққу, қаз да болар.

Алтын күн алтын сөуле жерге шашар,
Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар,
Күркіреп қара бұлт аспан-көкте,
Жасаған кең рақметтің кілтін ашар.

Сөзім жоқ дәл осылай болуында,
Бар қайғы, қалың дертім менің мұнда:
Көңілдің баяғыдай мінезі жоқ,
Сорады жүрек зорға, келші, тыңда.

Жоғалды, батты, кетті сөулем-күнім,
Жайнаған жұз құлпырып, қызыл гүлім.
Сөулесіз, Айсыз-Құнсіз қараңғыда
Өтермін аһ үрумен шықпай үнім.

Жалғанның бір көрермін көп пен азын,
Өмірімде енді болмас жылы жазым.
Енді бір өлгенім де, жүргенім де –
Қолымнан үшқаннан соң қоңыр қазым.

ҚАЙҒЫЛЫ СҰЛУҒА (Ж-ге арналған)

Көркің хор, періште еді сенің жаның,
Ойлаушы ең күні-түні көк аспанын,
Мінезін адамзаттың сынамаққа
Мезгілді орынғып ең бұл жалғанның.

Байқадың алыс-жақын тегіс жайын,
Жанашыр ата-ана һөм ағайын,
Көзі жоқ қеудесінде өңшең соқыр,
Бір көрді сені адаммен қарапайым.

Қара жер, көкті ойлама, орның, – дейді,
 «Қара тас – мәңгі өлік, құрбың» – дейді.
 Хайуандай бір қазыққа арқандай сап,
 «Құр енді, жануарым, тұрдың» – дейді.

Көрдің ғой, жақынында қан болмады,
 Қазаққа қыз арқандау таң болмады,
 Жан-жаққа мұнды көзбен қарасаң да,
 Сен үшін жанын қияр жан болмады.

Солма енді, жерлік емес, жұмақтық гүл,
 Шекпе азап, жауыздардан енді құтыл.
 Бере алмас саған баға өңшең өлік,
 Көкке үш, асылыңа қайт, періште бол!

КӨҢІЛ

Сүм көңілге разы емен мен,
 Тез жанар да, тез сөнер.
 Бір тілегін істесең сен,
 Оған басқа ой келер.

Жас баладан артық жеңсік
 Мұндей нәрсе көрмедім.
 Тұрағы жоқ шайтан секек,
 Тіпті-ақ сырын білмедім.

Бір жар іздел, болса өуре,
 Таптым, бардым қасына.
 «Аш құшағың – дедім, – сөуле!
 Шомылып көз жасыма».

Жанған жүрек, жасты көріп,
Көнлі сенгіш перизат:
«Ақырын, – деді қолын беріп, –
Жанба, сөүлем, көрме жат!»

Жанып-күйіп сүйсе таңда,
Кешке сөнген ол отсыз.
Бұғін мұнда, ертең анда,
Тым-ақ нәрсе үятсыз.

АУРУ

«Дәрігер, дәрі, бақсы!» – деп,
Алмаңдаршы мазаны.
«Тірліктен өлім жақсы!» – деп,
Сұраймын өзім қазаны.

Дене ауырса, дұрыс-ақ,
Дәрігер, бақсы ем қылар.
Жан ауырса, ойлап бақ,
Жанга емді кім қылар?

Уланды жүрек, жан күйді,
Ішім толған қызыл шоқ.
Не себептен, тәңірі ие,
Денеге ем бар, жанга – жоқ?!

ӨМІР

Адамға берген тәңірі өзі аз өмір,
Бүйрығы: «Жаса-дағы, жерге көміл!»
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,
Құбылған өмір – сынап, бейне көніл.

Жайнаған жаз көреді адам алдын,
Откен күн – көңілсіз күз желді, салқын.
Қуаныш қайғыменен қатар жүрмек,
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Іңгөлап, аузын ашып жылап түсер –
Теменге биік таудан құлап түсер.
Денесін дал-дүл қылар қия тастар,
Шұқырға сол жылаумен сұлап түсер.

Дуа етер – сорлы адамды өуре етер,
Көз ашып-жұмғаныңша жоқ боп кетер.
Қылғанша өуре-сарсаң сорлы құлды,
Тәңірі ием, жаратпасаң онда нетер?

ӨМІР (екінші өлең)

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт.
Көк тұнжырап, мұңайып қабақ жауып,
Көз ашқанша аспанда жарқылдал от.

Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап қүйған жиіркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып,
Бәрі-ақ ізден баспана тауып еді.

Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
 Бар нөрседен қайғы-мұң кетті қашып.
 Күн сөулесі жер жүзін құшақтады,
 Қосылуға қашаннан болған асық.

Бейне алтындаі көкте бұлт тұр ғой жайнап,
 Енді жел жоқ мазалар оны айдал.
 Жанға рақат гүлдерден хош иіс аңқып,
 Жан беріп кен далаға құстар сайрап.

Өмір осы – бірде ол болар бұлтты,
 Қатты желді, дауылды, кейде отты.
 Құрып дымың, қайғырып жас төгерсің,
 Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті.

БҮТІНГІ КҮН ӨМИР, ӨЛІМ – МЕНИКІ

Басы – сайран, сүм жалғанның соңы – ойран,
 Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан!
 Есіл жастық ескен желдей гуілдеп,
 Өлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан.

Көздің нұры кеміп, жақтар суалар,
 Сүмбіл қара шаш селдіреп қуарап.
 Ет тарапып, сүйек қалып саудырап,
 Тамырларда сасық сары су ағар.

Сүм тағдырдың емес пе бұл мазағы,
 Аз өмірде естен кетпес азабы.
 Жаты түгіл, жақынына жексүрын
 Болып, өзі тілесін деп қазаны!

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,
 Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.
 Жансыз сүйк қөзін қадап қу өлім,
 «Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Не қылса да, ол өлімнің өз еркі,
 Жындандырад мені сұлу нұр көркі.
 Құшам, ішем, жынданамын, жылаймын,
 Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі!

ТИРІЛДІМ

Сансыз күндер ой астына көмілдім,
 Қор болып ем көңілін таптай көңілдің.
 Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,
 Өліп едім, бүгін тағы тірілдім.

Жаным елік еді, жанға жан кірді,
 Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүгірді.
 Жиегінде қорғасындағы көгімнің
 Бүгін ғана бақыт таңы білінді.

Бүгін маган жұмаққа өмір жол болды,
 Бүгін менің құшағымда Ол болды.
 Оны құштым, шарап іштім, шат едім,
 Бүгін менің құшағымда Гүл болды.

Бүгін менің құшағымда кім болды?
 Бүгін менің құшағымда Гүл болды.
 Бүгінгі түн маган алтын Құн еді,
 Бүгін менің құшағымда Құн болды.

Өзім ғана білем қандай жан құштым,
Жер қүшпадым, шаң қүшпадым, таң құштым.
Жанды жуып, жүргегімді жаңалап,
Бүгінгі күн төн қүшпадым, жан құштым.

Бүгінгі күн төн қүшпадым, жан құштым,
Жанды құштым, таңды құштым, көкке ұштым.
«Сүйем!» – дейді бота көзі мәлдіреп,
Жасын текті, жасын іштім, бал іштім.

«Көкке ұмтылам, өттең дүние, аяғым!..
Болса аяғым, алып Мұса таяғын
Кетер едім төңірі іздең, Тұр іздең,
Жан жарым деп Сарыарқаның саяғын...» –

Деп сыбырлады алма ерні елбіреп,
Бота көзде ыстық жасы мәлдіреп.
Жиылған жас төгілмейін тұра ма?
Жас төгілді, тілініп жүрек, елжіреп.

Өксі-өкси: «Сүйем, сен де сүй!» – деді,
«Өмір бойы күйем, сен де күй!» – деді.
«Сеніменен жаным бірге, жан жарым,
Сен де «жан!» де, ессіз қанды тый!» – деді.

Ол жылады, мен де бірге жыладым,
Өксі-өкси: «Сүй ғана!» – деп сұрадым.
Көп жыладым, сол ыстық көз жасымен,
Алдағы өмір жолын таптым, мұратым.

Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім,
Тұнін көрмей, күнін көріп өмірдің.
Екі жаспен жуып алдым жанымды,
Өлген жерден бүгін мәңгі тірілдім.

АЙГА

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұнды, нұрлы толған Айды.

Қайғылы Ай, тұрың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырынғана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.

Бір жауыз сөндірмек пе өлде нұрың?
Үстіңе кигізбек пе қара құрым?
Жоқ өлде қазіргімен жұмысың жоқ,
Қайғыға түсіре ме өткен күнің?

Кім білсін, өткен күнің алтын шығар?
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?
Көп жұлдыз – өлде құшпен, өлде іспен
Еріксіз артыңа ерткен халқың шығар.

Жоқ шығар ешбір бөгет онда жолда,
Еркіңмен құлаш жайып оң мен солға,
Мезгілмен толу, солу билігі де
Ол уақыт емес шығар басқа қолда?

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ,
Менде де бұрын бар еді тәж бенен тақ.
Жас едім, жалынды едім, батыр едім.
Қолыма қонып еді ол уақыт бақ.

Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Салушы ем асау тайдай қойнында ойнақ,
 Жұруші ем ертеңді-кеш ылғи ойнап.
 Ішуге ас, мінуге ат – бәрі даяр,
 Көрмен ем өмірімде қайғы ойлап.

Дариға, жауыз тағдыр қатты алдады,
 Бақ-дәulet – алмағаны еш қалмады.
 Тас жүрек көзім нұры – анамды алып,
 Еңіреген мен жетімге көз салмады.

Мінекей, қамаудамын тар үңгірде,
 Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге.
 Мейірімді Ай, мені-дағы жаныңа алшы,
 Болайық екі мұндық біздер бірге.

Ант етіп айрылмасқа бірігейік,
 Ас-сусыз мың бейнетпен жол шегейік.
 Тыңдайтын бар ғой тілек өділ Алла,
 Көл қылышп қан аралас жас төгейік.

Сұрасақ, тілек қабыл болмас па еken?
 Жолымыз жылап шеккен оңбас па еken?
 Кеше үшқан басымыздан бақыт құсы
 Тағы да қайта айналып қонбас па еken?

ЖАЗҒЫ ЖОЛДА

Дала. Дала. Сар дала!
 Жапан тұзде бір қара.
 Келем жалғыз, жаяумын.
 Жаныма ерген жолдас жок,
 Төрт жағым дала – жер де кек.
 Жылауға да таяумын.

Шілде. Оттай ыстық күн,
Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып.
Жол жыландаій иірілген,
Шаң ерініп, үйірілген.
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.

Көкте жалғыз бұлт жоқ,
Көктің түсі қызылт көк.
Дүниені тылсым билеген.
Ыңыранғандай өлдекім,
Жылай ма екен өлде жын?
Перілер ме күйлеген?

Созылып үйиқтап бел жатыр,
Тесін керіп көл жатыр,
Тыныш тәтті түс көріп.
Суға – айнаға қаранып,
Салқынша леппен таранып,
Қамыс та түр тербеліп.

Толқынға толды төрт жағым,
Өлде жүзген бұл сағым
Көл ме? Көшкен шаһар ма?
Мұз көк темір киініп,
Найзасын көкте үйіріп,
Әскер жауға шабар ма?
Ақ бұлттар түр жусап,
Күңіренеді жер сусап,
Алыстан ақырын Құн күлер.
Қызыл жүзді гүлдерді,
Бұрандаған белдерді
Сүйемін деп қүйдірер.
Айнала – өлім, ешбір үн...
Жапан түзде жалғызыны.

Перісі неге келмейді?..
Денесі аппақ жалаңаш,
Көкпеңбек көз, сары шаш
Сақ-сақ неге құлмейді?
Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,
Сылқ-сылқ қана құлгендей,
Көрінбей неге билейді?!
Жібектей жетпіс оралып,
Жыландај жүзге бұралып,
Бетімнен неге сүймейді?!
Жол жыландај иірілген,
Шаң ерініп үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.
Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен тұншығып!

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы тұн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді.

Үзіншілік жел долданып,
Екі иіннен дем алыш,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып.
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ құледі.

Кейде кенет баяулап,
 Жер бауырлап жаяулап,
 Аузы-басы жыбырлап,
 Асып-сасып сыбырлап,
 Жерді жапқан кебінді,
 Сүйіп ақырын құшақтап,
 «Әпсүн» оқып үреді.

Барады үдеп бұл боран,
 Жанымда жоқ тірі жан.
 Тоңазыды денем де,
 Адаспай дұрыс келем бе?
 Корқып жүрек ойнайды,
 Көз алдыма елестеп,
 Өлденелер келеді.

Боранын тәңір ашпады,
 Жол білінбей бастады.
 Көрінген бір жарық жоқ,
 Босаңсиды Қаракөк...
 Сар далада адасып,
 Суық кебін жамылып
 Қаларын, кім біледі?

ТҮС

Жарық сөule, Айды, Құнді көрмеймін,
 Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін.
 Қуанышты, азат жүрген халықтың
 Не істегенін, не дегенін білмеймін.

Көр болды гой қалың қайрат, есіл күш!
 Абақтыда қолдан келер қандай іс?
 Үйқы тілеп, кезді зорлап жұмамын,
 Амал қанша, жұбанышым жалғыз түс.

СҮЙЕМІН

Күлдей күңгірт шашы бар,
 Тоқсан бесте жасы бар,
 Көз дегенің – сұп-сұр көр.
 Тасбиқ санап бүгіліп,
 Жерге қарап үніліп,
 Көрше ауыр күрсінер,
 Менің бір қарт анам бар,
 Неге екенің білмеймін –
 Сол анамды сүйемін.

Көзінде кек нұры жоқ,
 Аузында жұмақ жыры жоқ,
 Жалынсыз, усыз құшагы,
 Иірілмейді жалындай,
 Сөзі де жоқ құрандай,
 Білгені – қазан-ошағы.
 Жабайы ғана жарым бар,
 Неге екенің білмеймін –
 Сол жарымды сүйемін!

Үйқы басқан қабағын,
 Бастыра киген тымағын,
 Жалқаулықты жар көрген.
 Жүрген ескі заңымен,
 Алдындағы малымен
 Бірге жусап, бірге өрген,

Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін!

Сағымы сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі елік сахаrasы.
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол Арқамды сүйемін!

БАТҚАН КҮН, АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ

Алтын Күн батып барады,
Күйдіріп кектің жиегін.
Құралай көзді қарағым,
Болдың ба иіріп жібегің?

Құралай көзді қарағым,
Қолыңа қардай бәтесті ал.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бәтеске өрнек сал.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күн ақырын өледі.
Сорлы бұлттар – сорлы жар,
Қан жылап Күнді көмеді.

Күн өлді. Қек күніренді,
Жер жамылды қарасын.
Құралай көзді қарагым,
Кестенди қашан боласың?

Судай сұлу сөuletтай,
Бір қарашы, аңсадым.
Суда ойнаған шабақтай
Сүйрендейді саусағың.

Қабаққа қатар тізілген
Кірпік пе? Қара жібек пе?
Бір қарашы, қарагым,
У толды гой жүрекке!

Қалай батыл ойнайды.
Сүйрік саусақ бізбенен?
Нен кетеді, еркетай,
Өлтірсең атып көзбенен?

Қарама маган, қарагым,
Болсын көзің кергіште.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бәтесті кестеле!

Жер жарынан айрылып,
Жамылды қара басына.
Бота көзді, бұраң бел,
Жіберші жақын қасыңа!

Қараңғылық қаптады,
Қайғы ма басқан, тұн бе екен?
Сыбдыр-сыбдыр өлде не, –
Жел ме?
Жүрген жын ба екен?

Қабагың шытпа, қарағым,
Жаныңа жақын келейін.
Қар бетіне қанменен
Не деп жаздың, қорейін!

Тым жақында бармаймын,
Жырақтан жарап көз салсам.
Не деп жаздың, қарағым?
«Ел үшін өл, ер болсаң!»

Құралай көзді қарағым,
Жарылады-ау жас жүрек!
Көзіме қан толтырды,
Қар үстінде қан жібек.

«Ел үшін өл, ел үшін...» –
Өмірді аяп не етейін!
Сүйріктей сұлу саусағың,
Мен садаға кетейін!

Тұнерген тұн өледі,
Ағарған анау таңы ма?
Ақ бәтестің бетінде
Жүргегінің қаны ма?

«Ел үшін өл, ел үшін...» –
Өлесің, жүрек, дүрсілде!
Құралай көзді қарағым,
Кестеге қарап күрсінбе!

Құралай көзді қарағым,
Аттанайын таңменен.
Ақ бәтес – ақ жалауым,
Кестеленген қанменен.

Қош бол енді, қарагым,
Мені есіңе алғайсың!
Енді бөтес бетіне:
«Иманды бол!» – деп жазгайсың.

Алтын күн шығып келеді,
Алтындаң кектің жиегін,
Құралай көзді қарагым,
Иіре бер жібегің!

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Саргайдым гой, сар даламды сағындым.
«Карашибігім, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,
Жарық сөule, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер аңы зар!

Алтын Құнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Агайынды, туған елді сағындым.

Әлдекайда Құн шығады, батады,
Сорлы тұтқын күніреніп жатады.
Қарап болсаң терезеден темірлі,
Көздең тұрган күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан?
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай үшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны өткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні үзак,
Жанды жейтін жылға баға түні үзак.
Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс,
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барап жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Төңірі ием, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан,
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.
Не дегенін, не істегенін біле алмай,
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.
Жалындаған жас жүрекке не пайда,
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүргіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.
Айрыларда күншығыстан ағарып,
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маган атақ үлтүм үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара агашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мәлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: «Әй сені ме!» – дегендер,
Қүйініште мен үшін уайым жегендер.
Құтылу қыын, басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!

Баласынан тұтқын болып сарғайған,
Кім жеткізер сөлемімді анама?

Абактыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым фой, сар даланы сағындым.
«Қарашығым, құлышын!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

САРҒАЙДЫМ

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.

Апырм-ай, ауыр болды-ау күнді өткізу,
У жұтып, айдан ұзын түнді өткізу!
Қозғалып, сөйлеп, ойлап, тірі жатып,
Өлем деп жас өмірден күдер ұзу.

Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?
Соққанмен жандана ма солған дене?
Сары су денені улады тамырларда,
Тазартып енді оны қан етем деме.

Қалмады көздің нұры, көрге айналдым,
Қараны – ақ, ақты – қара дерге айналдым.
Алмадай пісіп тұрған екі бетім
Қуарып, қаны қашып, кулге айналдым.

Жайылды бар денеме уы дерттің,
Мінекей, екі ай болды жалын жұттым.
Күндіз – Құн, түнде күміс Ай көрмеймін,
Дариға, жаным азат, денем тұтқын.

Барады күннен күнге азап асып,
Өлім тұр анадайдан қойнын ашып.
«Қинала түссін өлі!» – дегендей-ақ,
Аяғын құлімсіреп, санап басып.

Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа.
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,
Жалыны көкке шыққан түсір отқа!

САФАТ

«Шық-шық!» – деп соғып тұр
Тоқтаусыз бұл сағат.
Дүниеде негып тұр
Адамзат – бір сағат!

Сорлы адам туғанда,
Сүм жалған көңілі шат.
Көз ашып тұрганда
Керінер оған жат.

«Шық-шық!» – деп жүз шытар,
Есіктен кірмestен.
Сорлы адам тез жытар,
Дән рақат көрместен.

Мінекей бүйірып тұр
Бұл саған деп: «Шық-шық!»
...мойның бұр,
Сен де шық, сөзін үк!

ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН

Қараңғы, дауылды түн сар далада
Патшалық құрган өлім айналада.
Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,
Үмітпен бір азырақ деп: «Жана ма?»

Тұрса да қара бұлттар көктен төніп,
Соқса да жел долданып, өршеленіп,
Мың шүкір, өлсіз қолда өлсіз шырақ
Жылтырап жанған бол тұр, қалмай сөніп.

Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,
Жарығы болмаса да жан таң қалар.
Сәулелі аспанда алтын, күміс нұрлы
Айбынды Күн мен Айға дөл парапар.

Менсінбес жөпшендіні көп маңғаздар,
Тең таптай кекеп, мұқар сансыз пандар.
Қайрылып қарамасын, «қап!» демеймін,
Табылар шыраққа көз салар жандар.

ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ

Жігер, шіркін, желінді
Болат жеген қайрақтай.
Мешеу болды жүйрік ой
Кететін оргып айдатпай.
Қолды қардан оқ үзді
Ордага байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар
Молаға қойған сайғақтай.

ҒАЗИЗАҒА

Фазизажан, қарашибым, бауырым,
Жолықтырып дүшпанның бір жауызын
Сарғаямын, қараңғы үйде қамалып,
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.

Ә дегенде ашу қысып жанып ем,
Ауыр ойлар басып, назаланып ем.
Мың бейнетпен ұзын күнді өткізіп,
Күнде ертең деп күте-күте талып ем.

Қүндер өтті, жанды жеді абақты,
Қанды сорып, көтертпеді қабақты.
Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек
Көтере алмай қалды сорлы қанатты.

Жан бауырым, қарашибым, Фазиза!
Қарлығашым, келдің ұшып, мен риза.
Сорлы ағанды сағыныпсың, ойлапсың,
Жылар ма едің жүрегіце ой сыйса?

Сені көріп тәбем кекке тигендей,
Маңдайыңнан, болдым иіскең, сүйгендей.
Тәңірі жазса, сарғаймаспын, шыгармын,
Күнәм жоқ қой қасіретте күйгендей.

Қалың қара бұлт арылып басымнан,
Тәңірі жазса, өш алармын қасымнан.
Жан бауырым, жыламашы егіліп,
Мен садаға мөлдіреген жасыңнан!

Іште жалын, көкіректе қайғы зор,
Аямастан өмір уын беріп тұр.
Сені көру – босанғанмен бір маган,
Еркетайым, анда-санда келіп тұр.

Жолықтырып дүшпанның бір жауызын,
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.
Тәніріден ерте-кеш те тілей көр,
Жан жүрегім, қарашығым, бауырым!

ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек,
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп...

Күз сарғайтты қайынды,
Мен де бірге сарғайдым.
Қара бұлт жауып айымды,
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды тәрт айға,
Күйікпенен күн өтті.
Жарымды, өкіріп, отарба
Қанды жаққа өкетті.

Елін ойлап, қамығып,
Жүрегі толып дерт-шерге,
Жүр екен жаным жабығып,
Осы күні қай жерде?!

Жарқ-жүрқ сансыз көзі бар,
Бейне жынның ұясы,
Ың-жың, у-шу сөзі бар,
Түсірмес жарық қиясы, –

Жылы жұзді жаны жоқ,
Қалада жүдеп жүр ме еken?
Жақыны жоқ, жары жоқ
Жалған оған көр ме еken?

Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма еken?
Күргіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма еken?

Жатқан шыгар ор қазып,
Жауға ма өлде өзіне.
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне.

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?..

Орала берме, жібегім,
Тезірек жүрші сен де, біз.
Сенсің қымбат керегім,
Алақандай ақ бәтес.

Қайғыдан өлсем, арман жоқ,
Ақиrettік жолдастым.
Көзімде жас қалған жоқ,
Кестеге сінді бар жасым.

Орамалды алып сорлыңдан
Көзіңе жасыңды іріккенде,
Күрсініп ауыр, сөулемжан,
Көзінді ақырын сұрткенде,

Жасаган ие, тілегім:
 Аралассын жасқа жас,
 Орала берме, жібегім,
 Сенсің, жаным, ақ бөтес.

Қасірет батты жанымға,
 Уға толды жас жүрек.
 Орамалды жарыма
 Бітірем қашан кестелеп?..

...АЛЬБОМЫНА

Өтеді өмір –
 Жүрекке шер байланды,
 Өтеді өмір –
 Жүрек көмірге айналды.
 Өтеді өмір,
 Бітеді жыр. Жүрек – күл.
 Жырсыз жырау,
 Тиіп қырау – солды гүл.

Бұлбұл гүлсіз,
 Бұлбұл үнсіз – жай бір құс.
 Айсыз, Құнсіз,
 «Гүлсіз», үнсіз – өмір бос!
 Бота көздім,
 Жібек сөздім ғарышқа
 Кетті ұшып,
 Зарды құшып алысқа.

Қалдым жалғыз,
 Тірі жансызыз, күніренем.
 Шер шешемін,
 Кеңесемін мұңменен.

Досым жырак,
Сөнді шырақ. Сөнемін.
Сөнеді Ай,
Мен де үзамай өлемін.

Батады Ай,
Батады Ай. Мен батам.
Кірсіз Айым,
Еркетайым, ақ батам:
Өмір – сағым:
Сен, қарагым, сағым қу,
Сағым сумен,
Алтын бүмен жаның жу!

Өмір – дала,
Сен бір – бала, сайран ет,
Гүлдер жиып,
Сөүле сүйіп, ойнап өт!
Қырга шықсан,
Тілін ұқсаң, жел жылар.
Жер жыламас,
Жел жыламас, ел жылар.

Күні батып,
Қайғы батып, ел жылар.
Ерке бала,
Сен де жыла, шегіп зар.
Жоқ, жылама,
Зар сұрама, күл, Күнім!
Ой деген не?
Оны білме, сен, гүлім!..

Мен де жас ем,
Мен де мас ем, жел едім,
Өтті өмір,
Жүрек – көмір. Өлемін...

ТҮТҚЫН
(M. Д-га хат)

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,
 Күні-түні қайғы жүтқан сорлы бас,
 Сабан төсек, тым қараңғы жатағы,
 Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ, қаратас,
 Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
 Жанында жоқ жаны аштын жақын жүз,
 Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сөule не Ай, не Күн көрсетпес,
 Жақынының: «Ой бауырымын!» естірмес.
 Іс – санаулы, сөз – аңдуулы, ерік жоқ,
 Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

Қайғыланба, сорлы түтқын, еш нетпес,
 Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.
 Ер жүректі азаматтың басына
 Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?

М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш – қара түн өткеніңе,
 Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
 Қан аралас төгілген көп көз жасты
 Тәңірі қабыл, мейірім еткеніне:

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,
 Душар болмай дүшпанның мергеніне.
 Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,
 Мың шүкірлік тәңірінің бергеніне.

Күннің бетін ежелден бұлт жаппақ,
Жапса да, ұзақ тұрмай жөнін таппақ.
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.

Однан есті жел біраз қырын ескен,
Соң туса да, оң туса, қалмас көштен.
Откен іске – салауат, күтіп қалдық:
Откір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен.

ЖАУФА ТҮСКЕН ЖАНҒА (М.Д-га хат)

Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

Жағаластың жауменен,
«Бермеймін жұртым, жаным» – деп.
Алыспақ болдың тауменен,
«Жұрт үшін тәгем қаным» – деп.

«Оян! – дедің жұртыңа, –
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың үлтыңа:
«Таста, талас, тірлік қыл!»

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп.
Сақтамақ болып елінді:
«Кара күн алда, бекін» – деп.

Менменсіген қүшті жау
Көздел тұрды ісінді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшінді.

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз өңшең тасбауыр.
Сорлыға тәңірі панады,
Болса да бейнет қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер,
Қайра өзінді, дәрмен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін тұстің, арман не?

Көзін ашып, артында
Жұртың ойлар: «Бұл қалай?
Тайынба, қорықпа, тартынба!» –
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын
Қайратты жас жігіттер.
Жұрт үшін салар мал-мұлқін,
Бірін-бірі үгіттер.

Ұстасын, жапсын, уайым жок;
«Қоймай құса қорқақты –
Батыр болар» – деген көп,
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндей іс
Кейінгі жанған жастарға:
Қайраттанып, қүйіп іш,
Азуын шайнар қастарға.

Қаранғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да, алтын Құн
Бір шығар, жерді жарық қылар...

Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атынды.
Құшақтап сүйер, қағазда
Көрсө жазған хатынды.

Уайым-қайғы жұтады
Сені ойлап, сорлы жұрт.
Андыған жау ұтады,
Тәңірі, соның түбін құрт!

Саған кек те тілектес,
Бұралған өңшең нөзік бел
Періштелер жанында!
Еш қайғырма, рақат – анық, біл.

Мейірімі кең күшті ием,
Сорлы жұртты он, баста.
Дұшпан – құлаш, біз – сүйем,
Рақмет үшқынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,
Жұрт үшін болсын қара тер.
Сорлы жұртты бастасын,
Жасаған, соған көмек бер!

ЖЕЛ

«Тәңірі ием, атпады ғой таңың!» – деп,
 Құніреніп жатыр тұтқын үйілеп.
 Естіледі терезеден темірлі,
 Тұрса керек тыста жүйрік жел гулеп.

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабықкан,
 Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан.
 Алып келсе керек ауыр аманат,
 Абактыдагы азаматқа зарыққан.

Терезеден үйге кірмек болады,
 Аманатты қолдан бермек болады.
 Жол бермеген қатты қара темірді
 Ызаланып, зуылдаپ кеп үрады.

Үй сілкініп, құлағандай болады,
 «Жіберші!» – деп сұрағандай болады.
 Қуат кеміп, қажыған соң жүйрік жел,
 Өксіп-өксіп жылағандай болады.

Дене қүйіп, желге құлақ саламын,
 Жанып жүрек, көзіме жас аламын.
 Жібермейді қара темір қайырымсыз,
 Еркін дала, Сарыарқамның сөлемін.

«Тәңірі ием, атпады ғой таңың» – деп,
 Құніреніп жатыр тұтқын үйілеп.
 Естіледі терезеден темірлі,
 Тыста соғып жел уілдеп тұр гулеп.

ТІЛЕГІМ

Көрмейін рақат, жанайын,
 Жалын болсын маңайым,
 Күйейін, азап шегейін.
 Жансын денем, күш бітсін,
 Күшті жалын ішке өтсін,
 Аңы, ыстық жас төгейін.

Көрмейін ерік, тұтқын боп,
 Абақтыда жұтып от,
 Өтсін өмірім зарменен.
 Берік боп жау қамаған,
 Саргаяйын санаған,
 Көріске алмай жарменен.

Іште толған қалың дерт,
 Жүректегі жалынды өрт,
 Зарлатар мені сол уақыт.
 Елестеген ерікті,
 Үшқыр жанға серікті,
 Жырлармын мен жан атып.

Көрген сайын көп қысым,
 Зарлы, аңы дауысым
 Шырқырапар Сарыарқада.
 Өзегіне өтпей ме,
 Зарлы жырым жетпей ме
 Қарағыма – қалқама!

Көрмейін рақат, жанайын,
 Жалын болсын маңайым,
 Күйейін, азап шегейін.
 Жырыммен жаным жұбатам,
 Жырыммен жұртыймды оятам,
 Несіне жас төгейін?!

ЖАРЫМА

От жұтқан туысқанның халін көріп,
Кінәсіз судай аққан қанын көріп,
Айрылған ар-намыстан қарындастың
Көз жасы, қалың қайғы, зарын көріп.

Елжіреп жүрек-бауырым, ішім еріп,
Бейнетке белді буып, қолды беріп,
Ант етіп айнымасқа ес білгеннен,
Байлаулы бауырима тілеп ерік.

Жан жарым, ұзақ, қын түстім жолға:
Алдында түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақ шөл: сусыз, отсыз, қайнаган құм,
Ысқырган жылан, шаян оң мен солда.

Откелсіз, қарлы, отты таулар асқар,
Мейірімсіз табан тілер қия тастар...
Кім біледі, қуат құрып, арып-талып
Тәгетін күндер болар ыстық жастар.

Сол күнде, алтын сөулем, қолынды бер,
Жасытпа, жолым бастап алдыма жүр.
Қара тұн қорқынышты қантаганда
Жарқырап жүлдизым боп төккейсің нұр.

Айрылса иманынан көңіл құбыл,
Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол.
Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп,
Жаңадан жаратып сен Аллам да бол.

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халін көріп бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім.

ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ

Тұтқын болып тысқа шығып жүре алмай,
 Зарықтым гой, жан жарымды көре алмай.
 Осы күнде алтын сөулем нағып жүр,
 Қандай күйде, қайда екенін біле алмай.

Ойлай ма екен тұтқын жарын түн, күндіз?
 Жүрек – жара, жасты ма екен қара көз?
 Шашын жайып, түн үйқысын төрт бөліп,
 Тілей ме екен жолықтыр деп Тәңірі тез?

Зарлағаным кетті ме өлде далага?
 «Жар» дегенім өлде жапқан жала ма?
 Ойыны – ойын, баяғыдай күлкісі,
 Мені есіне еріккенде ала ма?!

Қын болып түр көз жасын тыюым,
 Қажытты гой күндіз-түні куюім.
 Оның қалай ойлауында ісім жоқ,
 Бұрынғыдан мың есе артты суюім.

Айрылам деп алып па едім есіме,
 Амал қанша өзелдегі кесімге?!

Тәңір ием, үйқы берші тезірек,
 Жан жарымды бір сүйейін түсімде!

ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП

Толқындалп ойнап, құтырып,
 Қебігін шашып, әкіріп,
 Шапшып көкке лепіріп,
 Қара көк өмір дариясы,
 Сақылдалп құлліп, «Кел!» – деді,
 Қеліп ем, кешу бермеді.
 «Не керек, – деп тергеді, –
 Сарыарқаның сарбазы?» –

Жас балапан жүрегім,
 Десе де табам керегін,
 Қоріп теңіз тереңін,
 Қайғыға батты тұнжырап.
 Алтын үміт үзілді,
 Төтті қиял бұзылды,
 Қекке тіктім көзімді,
 Жұлдыздардан жол сұрап.

Көгінде бір – қара көк,
 Тұңғиық теңіз, түбі жоқ,
 Ойнап тұрган көзі көп,
 Не деп жауап береді?
 Қек – бір дария қара көк,
 Жұлдыздан өлі жауап жоқ,
 Іште жалын, жүрек – шоқ,
 Дарига, жаным өледі.

ЖҰЛДЫЗДАРҒА

Көктің сансыз көздері,
Алдамаңдар ойнақтап.
Шақырганмен бара алман,
Бұлт, тез шық та, бетін жап!

Қара жерден кете алмас
Мен бір сорлы байлаулы:
Жердің жауыз желімен
Ерсіл-қарсыл айдаулы.

Амал не көнбей? Сонда да
Бір өкпем бар Аллама:
Сезгіш жүрек, үшқыр жан
Неге бердің пендене?!

Жаратқан соң жерден сен,
Берсеңші жердей тыныш жан.
Болар іс болды. Сұраймын:
Не дейді, білдір, бұл аспан?!

ЖАС СҰЛУҒА

Мен ақынмын – ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.
Мен ақынмын – жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.

Қарақат көзің мәлдіреп,
Көп қарама, жас сұлу.
Сылдырап сипап, сүйген боп,
Алып кетер ағын су.

Алма ернің елбіреп,
 «Сүйші, сүй» деп жалынба!
 Отты ойыншы, дос біліп,
 Жақындама жалынга!

Мен ақынмын – жел жүйрік,
 Гуілдеймін, ұшамын.
 Мен – ойыншы көбелек,
 Көрінген гүлді құшамын.

Бұлдірген бетің сұрланып,
 Желге сенбе, жас бала!
 Сыбырлар, кетер ұрланып,
 Шын жары оның – сар даала.

Көбелекке «кел!» – деме,
 (Елжіреу сонша не керек?)
 Кетер ұшып өңгеге,
 Балыңдан татса көбелек.

Мен ақынмын, жырлаймын,
 Жүрекке жүйрік жел кірсе.
 Мен ақынмын, жылаймын,
 Жүрекке ауыр шер кірсе.

Жаншыларсың, жыларсың,
 Құшақтама белімнен,
 Жас дененді улармын,
 Сүйгізбеші тіліңнен.

Жас періштем, сұлу қыз,
 Сүймеші, сүйме, сұраймын!
 Мен ақынмын тұрлаусыз,
 Жырлаймын да, жылаймын!

СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сөулем, тағы да сүй, тағы да!
 Жылы, төтті у тарады қаным.
 Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
 Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай белінен,
 Сүйгіз, сөулем, төтті балдай тілінен.
 Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,
 Балқып денем, барам еріп демінен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
 Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.
 Жаным! Жаным! Тезірек тисін теске төс,
 Көз жұмұлы, жиі ыстық дем алып.

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,
 Тісің – меруерт, көзің, сөулем, құралай.
 Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойнында,
 Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай!

Сүй, жан сөулем, тағы да сүй, тағы да!
 Жылы, төтті у тарады қаным.
 Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:
 Отпесе түн, атпаса екен таңы да!

ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҰЗІК, АЙДЫ АЛҚА ФЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сөулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жұзік, Айды алқа фып берейін.

Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Құлкің, Құнім, құндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүргегімнің жарына
Соғылды да, батты улы зарыма.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бұлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сөулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, құлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, Құн нұрына көмейін,
Сүйші – өлейін, «неге өлейін?» – демейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жұзік, Айды алқа фып берейін!

ТҮРАННЫҢ БІР БАУЫНДА (Сүрет)

Ай туды, күнгірт кеш еді, алтын табақ,
Аруғой ай дегенің алтын қабак.
Жұзінен сол сұлудың нұр төгілді,
Жайырақ – суда ойнаған алтын шапақ.

Жапырақ сөуле сүйіп дірілдеген,
Жел шіркін жаны күйіп қубірлекен.
Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей,
Кей кезде күйік кернеп құрілдеген.

Ай қалқыды, сөуле аспаннан сорғалады,
Ағаштар ерке арудай ыргалады.
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жүрк етіп сырғалары.

Берік киген бүйра сенсен, қара ағашы,
Алқызыл алқа киер алма ағашы.
Бөленген сары алтынға тапал інжу,
Басына ақық сепкен тағалшасы.

Шиесі мөлтілдеген маржан екен,
Маржаны жерде жатар арзан екен.
Жамбыдай жақұты көп анар байғұс,
Тырбидып неліктен ол азған екен!?

Тізілген түйме меруерт тұтқа таптап,
Жандардай жарқыраган тәп-тәтті таң.
Жас өрік ай нұрында ақ алтындей,
Жас үзім – зүбәржаттан тізген шашақ.

Көк сұлтан, қызыл сұлтан – сұлтан егіз,
 Бірі көк, бірі қызыл, тәжі – жеміс.
 Жан-жағың жемісті ағаш, аяқ астың
 Жайнаған феруза гүл үшан-теңіз.

Сыр сейлеп сол ғұлдерге сылдыр қағып,
 Жатқаны тарам-тарам сулар ағып.
 Тереңдік – мінсіз кезу, өн-бойына
 Қойған ба біреу өдей күміс жағып?

Сөule ырғып талдың сұлу саласынан,
 Неге ұзақ бүйра бұлттың арасынан.
 Алтын ай ерке сұлу шықпай қалды,
 Арылмай жүрек анық жарасынан?

Бір жым-жырт басты неге баудың ішін?
 Құлпырып, неге өзгерпті ғұлдер түсін?
 Мынау жыр – шер жыры емес, хор жыры ғой!
 Жыр қайдан? Өндім бе бүл? Әлде түсім?

Бұл – бұлбұл! Бұлбұл еken сиқыр көмей,
 Не дейін, соңша сұлу, сиқыр демей!
 Басында балбыратты, елжіретті,
 Біраздан жанымда ол, алай-дүлей!

Ертеден сені іздеген мен едім ғой,
 Тұранға бір сені іздеп кеп едім ғой!..
 Ширази, шеих Саади, Хайямдардың
 Өртеген өзектерін сен едің ғой!..

Жүректе, мені де өрте, бір күл қалсын,
 Жүректе, жоқ күл емес, мың күл қалсын.
 Сайрапға өмір бойы судай сұлу,
 Жанымда сиқыр жырлы бұлбұл қалсын...

Бебеу қағып, басты бұлбұл тербеткендей,
Тербетіп ырыс, аспанға өрлеткендей.
Ессіз боп бұлбұл құстың сиқырымен
Кетті алып асау жүрек ырыққа көнбей.

Бергенде көтеріле от боп жанып,
Қиялдың толқындары алды қағып.
Толқыннан улы балды жұта бердім,
Кетпес-ау, мен татпасам, толқын танып.

Жұтсам да, жүзе бердім, сусын қанбай,
Қысылды кейде жаным шошынғандай.
Арылып бар күнөдан асау жаным,
Тәңірінің даргаһына бас үргандай.

Жүрек те арылғандай жарасынан...
Сонда ай да бүйра бұлттың арасынан
Жарқырап шыға келіп, ақ жүзінен
Төкті нұр талдың сұлу саласынан.

Жан-жақта көлеңкелер көлеңдеді,
Көзіме өлденелер елеңдеді.
Жүрегім дүрс-дүрс соғып айта бердім.
Айтқаным: «Аят берді, өлең берді?»

Білмеймін, көктен көусар нұр құйылды,
Неге екен, көзіме ыстық жас жиылды.
Жоқ өлі улы балға қанбадым ғой;
Бұлбұлым, өнің неге тез тыйылды?

Дариға, аяқталмай үзілді жыр,
Сүм жүрек жалын болып қалды ғой құр.
Бұлбұлдың өнін үзген не болды екен?
Мынау не көлдің беті жыбыр-жыбыр?

Көл беті жыбыр-жыбыр, бақа: «Бак-бак».
 Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбак?
 Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы –
 Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.

Жырышы құс бақырайған бақа көрсө,
 Бақылдап тырыбық бақа өнін бөлсө.
 Ойласаң таң қаларлық дөнеңе жоқ,
 Құсадан ақын бұлбұл үнсіз өлсө...

Тұн өтті. Бозарғандай шығыс жағы,
 Бақаның бітпек пе бір «бақ-бақ-бағы?»
 Бұлбұлға сыйға тартқан сол сөүлесін
 Арсыз ай бақаға да төкті тағы...

ҚҰРБЫМ

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері,
 Қылғанға адал еңбек зейнет жері.
 Жалғанның бір мүшесі бола алмассың,
 Қиналыш маңдайыңың ақпай тері.

Қорықпа, соқса дауыл, ескегінді ес,
 Деп жатпа: «Алма піс те, аузыма түс!»
 Бейнет, еңбек қылмасаң босқа өлгенің,
 Құрғақта қайық жүрмес, үмітің кес!

СӘУЛЕ

Көрісе алмай зарығып,
Сарғайысқан екі жас.
Өлдеқалай кездесіп,
Көріседі – көніл мас.

Мөлдіресіп көздері
Бір-біріне қарайды.
Қысқа болды сөздері –
Жылы у бойға тарайды.

Ауызга ауыз тиісті –
Денелері балқыды.
Тілден тәтті сүйісті –
Жүрек жанды, шалқыды.

Ыстық лебіз, сүйгенде,
Өртегендей жұздерін,
Енді дene күйгенде –
Ашты екеуі көздерін.

Оянганда адам жоқ,
Тұс алдайтын жау ма екен!
Бір-бірін тұсте сүйсін деп,
Ойнап сүйген сөуле екен.

Есінеп, бір керіліп,
Қайта тағы жұмып көз:
«Ұйқымды сөуле бұзды» деп,
Жатты жамылып сұлу қыз.

Абақтыда оянып,
Жігіт «Үh» – деп дем алды.
Көрген туске жұбанып,
Сөулеге алтын қуанды.

ЖАЗФЫ ТҮНДЕ

Судай сұлу қара көз,
Сүйгеніне берген сөз.
Белгілі жерден табылмақ,
Қараңғы жаздың түнінде.

Жатқызып тегіс үй ішін,
Қысып сүйді сіңлісін.
Сырлас тете бауырдан
Айрылу женіл ме?

Алдыңда алтын бағың бар,
Жолдасың – шын сүйген жар.
Баққа аяқты батыл бас,
Күрсінбе, сұлу, егілме!

Буыныңдан хал кетіп тұр,
Тыста жарың күтіп тұр,
Ақ көйлегің көлбендей,
Шық тезірек, бөгелме.

Шыққанда қорқып сасқаның,
Дірілдеп түсің қашқаның,
Асығып күткен жарыңа
Білдірме, сұлу, күлімде!

Мініп жігіт жүйрігін,
Тұмарлап кекіл-құйрығын.
Іңірден келіп күтіп тұр,
Серттен таяр ерің бе?

Жіргітте арман қалды ма,
Алды жарын алдына.
«Шүү» деп шауып жөнелді,
Бір қолы сұлу белінде.

Ақ көйлектің етегі
Көтеріліп кетеді.
Орынсыз жерде ойнайтын
Тым жеңіл гой желің де.

Жігіт жарын құшады,
Қолдан тізгін босады.
Сенді саған екеуі,
Енді, жүйрік, сүрінбе!

Жетсін жастар ауылға,
Ұрынбасын жауынға.
Алдарында бір-ақ бел,
Таң! Тұра тұр, білінбе!

ЖАЗҒЫ ТАҢ

Жып-жылы тұн маужырап,
Көтерілген жерден бу.
Саф күмістей жарқырап,
Тыныш жатыр тұнық су.

Көкке тиген биік тау
Құшақтасқан тұманмен, –
Қосылысып есен-сау
Бал алысқан құмармен.

Ақырын ескен жылы жел
Маужыратып, тербетіп, –
Таң атсын деп жайнап гүл
Өсіп балам ер жетіп.

Шырылдап торгай аспанда,
Бытпыштығы өн қосып,
Шала-жансар жатқанда
Табиғатқа жан қосып.

Таң атқанда, жалбарып,
Тәңіріге құлдық қылғаны,
Ісіне оның таңданып,
Көңілі хаққа сынғаны.

Міне, алтын таң атты
Құншығыстан ағарып.
Көтеріп зұлмат қанатты
Жер де кетті жаңарып.

Таң, Құн деген жер жаны,
Екеуінсіз жоқ сөні.
Оқу-білім – ер жаны,
Жараспас ерге құр жаны.

БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұңлы күймен жүз құбылтып,
Кейде аяң, кейде желіс, кейде сылтып.
Денені ысытасың, сұытасың,
Тұрасың маужыратып кейде жылтып.

Құясың төтті дауыс тамылжытып,
Тұрады жан-жануар дәмін жұтып.
У-шу жоқ, қарқ-шиқ еткен қарға, торгай
Үялып, өлдекайда кеткен зытып.

Ұста сөз, мұнды даусың басты байлар,
Тоқтаган шабуынан құлыш-тайлар.
Даусыңдан елжіремес нәрсе бар ма,
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от
Толып, мен саған келдім, ішімде шоқ.
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,
Басқадан, анық білдім, еш пайда жоқ.

Бұл жерден үшып кетші сөулем жаққа,
Барып қон нәзік қана бір бұтаққа.
Сейле оған ашындырып менің жайым,
Көңілін елжіретпей қанат қақпа!

Жұз құбылтып даусынды, өрте өзегін,
Өртенсін, қызыл жалын қыл төсегін.
Ойын ал, бойын балқыт, сүйдір мені,
Қалсын ол ойлай алмай өз есебін.

Төз, бұлбұл, мұнды дауыс, сиқыр тілдім,
Дәрменді қалың дерктеке сенен білдім.
Қылмасаң бір мейірім, сорлы пендең
Қайғыдан қолым жетпей, міне, өлдім!

СҮЙГЕНИМ АНЫҚ

Көрдім де келдім,
Қолымды бердім:
«Сүйем сені, сұлу қыз.
Жүргегім жанып,
Суюім анық,
Куө болсын көп жүлдyz!» –

Дедім де, тілден,
 Құшақтап белден,
 Қысып сүйе бастадым.
 Жақындаі бердің,
 Қойныма кірдің,
 «Кет!» – демедің, қашпадың.

«Сүйем!» боп сөзің,
 Мәлдіреп көзің,
 Тақадың сен бетке бет:
 Айрылдың естен,
 Құндізгі құштен,
 Тиіп ыстық етке ет...

Ұшуга іңкөр
 Тұра ма тұлпар,
 Бір жерде ылғи шаң жұтып?!

Жел едім, ұштым,
 Талайды құштым,
 Кетіппін сені ұмытып.

Бұғін сен көріп,
 Қолыңды беріп,
 Қайғыменен қарайсың:
 «Сендім мен жазған,
 Сүйгенің жалған,
 Алдадың!» – деп жылайсың.

Алдағаным жок,
 Арбағаным жок,
 Сен, сөзіме, сұлу қыз!
 Тап сол сағат
 Сүйгенім хак,
 Куә мынау көп жұлдыз!

КӨҢІЛДІ АШАР

Көнілді ашар,
Жалынды басар,
Жоқ жанында жолдасың.

Отырсаң аулак,
Дерт басса қаулап,
Жұбатар қиял-мұндастың.

Бейне хор жүзі,
Бейне бал сөзі,
Жан жарыңмен тұрасың.

Құшақтап белден,
Жалындал тілден
Сүйіскендей боласың.

ЖЕЛ

Жел – тым тентек бір бала
Жан сүйгені – сар дала,
Дамыл алмай жүгірер,
Ерні өтірік қыбырлап,
Сыр айтқан боп сыбырлап,
Кейде өгіз боп өкірер.

Желге еш нәрсе тең емес,
Тау да жолын бөгемес,
Сақ-сақ күліп секірер.
Жүйрік желім тым сотқар,
Біреу бетін жапса егер,
Әдейі бетке түкірер.

Мазасы жоқ жел ерке
 Оянып ап тым ерте
 Жорғалай басып кетеді.
 Тыныш жатқан тұс көріп,
 Көлдің бетін кестелеп,
 Оны өуре етеді.

Кәрі орманды оятып,
 Бірдене деп жұбатып,
 Жымииып құліп өтеді.
 Жүрттан ойын жасырып,
 Алқынып өзі асығып,
 Қарақат көзге жетеді.

Дем ала алмай асығып,
 Құрсініп ауыр, бас ұрып,
 «Саган, сұлу сөулеге
 Келдім ұшып, ғашықпын,
 Бір сүюге асықпын,
 Мойның бүр мендей өуреге»

Дейді де сүйіп көзінен,
 Шашы, алма жүзінен,
 Қол жіберді қеудеге.
 Бақыттысың, еркежан!
 Үа, дарига, жасаған,
 Жел емеспін мен неге?!

KYMIC НҰРЛЫ АЙ

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар – алмас,
жібек жел,
Сыбырласып жас қайындар бұраң бел...
«Қан қайнады. Жас жүрегім ойнады,
Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері кел!»

«Сен сүйерсің, мен қүйермін, жанармын,
Құшақтарсың – мен есімнен танаармын.
Өлеңдетіп, жүйрік мініп кетерсің,
Жүрегімде от, жылай-жылай қалармын!»

«Сүйші, сүй!» – деп сибырлап түр жас терек,
«Құшақта!» – деп асығып түр жас жүрек.
«Үйқы көрмей, жүйрігімді жаратып,
Келіп тұрмын енді, сөулем, не керек?»

«Тұсу қын ұшар құстың ізіне,
Сене алмаймын жас теректің сөзіне,
Бірақ, сөулем, ерігендей боламын,
Бойым балқып, көзім түссе көзіңе!

Үйстық құшақ, отты сүйіс, балды тіл...
Бірдене деп күбірлейді жібек жел.
Бұл – жастық қой, жасыра гөр, жібегім,
Айтып қойсан, амал қанша... өзің біл!»

ТОЛҚЫН

Толқыннан толқын туады,
 Толқынды толқын қуады,
 Толқынмен толқын жарысад.
 Күніренісп кеңеспен,
 Бітпейтін бір егеспен
 Жарысып жарға барысад.

Толқын мен толқын сырласып,
 Сырларын еппен ұрласып,
 Толқынга толқын еркелеп.
 Меруерт кәбікке оранып,
 Жыландаі жүзге бұралып.
 Жарға жетер ентелеп.

Ерке бала былдырлап,
 Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
 Толқынды толқын қуады.
 Күміс кәусар сұымен,
 Суының алтын буымен
 Жарының бетін жуады.

Мәлдіретіп көз жасын,
 Жасымен жуып жартасын,
 Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
 Жылағаны – күлгені,
 Күлгені оның – өлгені,
 Жылай, күле өледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
 Бірінің сырын бірі ұрлап,
 Толқынды толқын қуады.
 Жарына бал береді,
 Береді де өледі,
 Өледі толқын, тынады.

ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС

Хор сипатты қарындас,
Оттай сұлу, ыстық жас.
Құшақта да қойныңды аш,
Бүғақтан бір сүйейін!
Мен көбелек, сен бір шам,
Өзі келген мен құрбан,
Шамға одан не зиян,
Сүйейін де қүйейін!

ЖИІЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН

Жиіленді қара орман,
Қарагай, қайың аралас.
Мәңгі мылқау көрі орман,
Көктегі күнмен шамалас.

Аппақ кебін бүркеніп,
Мылқау орман түс көрер.
Жел аза боп, өртеніп,
«Әпсүн» оқып үшкірер.

Мәңгі мылқау көрі орман,
Былқ етпейді, түс көрер.
Жел мінезді ессіз жан –
Маган түрлі ой келер.

Ұйқтасам мен орман боп,
Төтті-төтті түс көріп.
Бетімнен тұrsa жел жүріп,
«Әпсүн» оқып үшкіріп.

ЖАС МАҒЖАНҒА

Мағжан депті біздің Бәкең баласын,
 Қарашығым, бұлдірген бебек, адасым!
 Сұрайсың ғой: «Қайдан келдің, ага?» – деп,
 «Енді қайда жол тартып сен баrasың?»

Бұл сөзіңе мен айтамын, қарағым:
 Ойдан шықтым, ойға тағы барамын.
 Қөптен өзін ұстамап ем қолыма,
 Тотыққандай болды мынау қаламым.

Оқасы жоқ, тотықса енді ашылар,
 Қаламынан тағы сөзім шашылар.
 Сен, бөбегім, ержетерсің, өсерсің,
 Толқындар да толқып-толқып басылар.

«Мен туғанда ақын ағам келді», – де,
 «Келіп маган ақ батасын берді», – де.
 Өс, бөбегім, жас балауса құрақтай,
 Өмір – керуен, бір сөт тоқтап көрді ме?!

ҚАРЫНДАСҚА

Жібек мінез, жігері мол қарындағас,
 Жүргегіңде у менен бал аралас.
 Дүние өзгерді, көрмегелі көп болды,
 Тәнірі берсін ашық бақыт, ұзын жас.

Қасиетті мақсат алып көңілге,
 Таудай талаппен кіріп едің өмірге.
 Ұзын жолда ор да, сор да кез келер,
 Қарындасым, жасыма да, түңілме!

Өмір – өзен, аға бермек сылдырап,
 Тұрып болмас жағасында жөн сұрап.
 Қамыс бол да бетінде қалқып аға бер,
 Аға алмасақ, бір уақытта дерміз: «Қап!»

Сүм өмірде алданармыз, сүйерміз,
 Айрылармыз сүйген жардан, күйерміз.
 Қасірет басар, сарғаярмыз, өлерміз,
 Көр құшақтап, бір күн кебін киерміз...

Аз өмірде ойын-қырын, көрдім жар,
 Талай жандар дос та болды, болды жар.
 Асты үс болып, топан неге баспайды,
 Өзгеріссіз өмірде не қызық бар?!

Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ,
 Жүйрік жүрек сұр өмірде байланбак.
 Шын адам сол – ылғи шаттық жырымен,
 Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ.

Мен – жыршы ағаң ешбір уайым білмейтін,
 Қажу білмей, қолды көкке сермейтін.
 Жігері мол қарындасқа өзіңдей:
 «Іс істелік, қане, қолың бер», – дейтін.

Өкпе сөзің қатты тиді жүрекке,
 Бұдан былай есімде боп жүред те.
 Аз өмірде аңыласу деген іс,
 Ойла, күнім, келе ме екен ретке?!

3...FA

Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік,
Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық.
Есейіп бірте-бірте ес кірген соң,
Жақындық, арамызда артты достық.

Балалық махаббаты тамашада,
Қызырып ұялысып оңашада,
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек
Көңілде бір бөтен ой болмаса да.

Жұрсек те жұрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай.
Көзге көз түскенінде қызырысып,
Бір ауыз сөз айтуга бата алыспай.

Жаз болса түнде үйқы көрмеуші едім,
Түн бойы арып, шаршашау білмеуші едім.
Есікті ақырын ашып тұрганыңда,
«Шық, жаным, берірек кел, Мен!»
деуші едім.

Кетуші ек қол ұстасып тұра көлге,
Дүйлап жанған бетті ұстап желге,
«Жаным!» деп алма беттен сүйгенімде,
Қызырып қараушы едің төмен, жерге.

Қытықтап жас жүректі ойнап жас қан,
Дірілдеп тұрушу едік жанша сасқан.
Мәлдіреп көздеріміз айрылыса алмай,
Ағарып ақ жібектей атса да таң.

Қосылған жас күнімнен жарым едің,
Сүйікті анық досым, жаным едің.
Алысқа, ұзақ жолға шыққанымда,
Сарғайып, мені күтіп қалып едің.

Талпынып, өнер іздең шетке кеттім,
Кеткенде, аз күнге емес, көпке кеттім.
«Жолдағы жарым қашан келеді» – деп,
Сен сорлы күте-күте қасірет шектің.

Мақсатқа жүре бердім арып-талмай,
Ел-жұртый, сен сөулемді есіме алмай.
Жалғанда дүшпан сөзі жаман екен,
Дарига, болсам керек ұмытқандай.

Шет жерде жалғыз басым сандалыппын,
Сағымды мөлдір су деп малданыппын.
Бағасыз саф алтын деп мысқа ұмтылып,
Жасықты асыл көріп, алданыппын.

Сен сорлы қайғы басып, қасірет шегіп,
Егіліп екі көзден жасың тәғіп.
Ақырында ауруға үлкен айналыпсың,
Саргайып күзді күнгі гүлше солып.

Әуре боп опасы жоқ көңілменен,
Мен кеттім, дегендей-ақ: «Түңіл, менен».
Сонда да үміт үзбей қарай-қарай,
Жан досым, қоштасыпсың өмірменен.

Мен бейбақ тап сол кезде шетте жүрдім,
Есімде еш нәрсе жоқ, ойнап-кулдім.
Бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты,
Жан жарым жоқ екенін жаңа білдім.

Алысқа неге кеттім, елге кетпей,
«Жан жарым, жаныңдамын!» –
дерге жетпей?
Жүргегің жанып, қасірет тартқанында,
Көл қылып көзім жасын бірге төкпей?

Жан досым, бақытсызын, бара алмадым,
 Бақылдық, ауызынан ала алмадым.
 Көз жасың, қасіретіңе мен кінәлі ем,
 Дағиға, кешу сұрап қала алмадым.

Өткен күн жеткізбейді, ол бір түлпар,
 Алдында, тірі болсам, талай күн бар.
 Кейде у, кейде көусөр сұын беріп,
 Жанымнан жылжып ақырын өтер жылдар.

Жолығар ұзын жолда талай адам,
 Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман.
 Іш өртеніп, жүргегім шын елжіреп,
 Дөл сендей басқа жанды сую арам!

Г...ГЕ

Күніңмен алтын қуантпай,
 Гүліңмен жібек жұбатпай
 Жеттің де тез өттің, жаз.
 Ағаш, шөптер қуарған,
 Айдын да құрып суалған.
 Қаңқылдар қайда қоңыр қаз?

Өң мен түстей перизат,
 Көріндің де, болдың жат,
 Жандырдың, міне, жанымды.
 Қараған көктен хор едің,
 Көбірек көрсем деп едім,
 Көк есігі жабылды...

Р...АЛЬБОМЫНА

Себеп не екен? Бастап мені таптыңыз,
 Альбомыңызды алдыма өкеп тарттыңыз.
 Мен даярмын, рақмет сізге, қарындас,
 Ағаңызға көңілді іс арттыңыз.

Ай аппақ қой, Сізге өзім де айдаймын,
 Арамдарға тұнгі нажағайдаймын.
 Адал ниет, ақ көңілді жан көрсем,
 Жалындаймын, жадыраймын, жайнаймын.

Альбом – жүрек, уақыт жетпей ашпаңыз.
 Құлып салып, берік бекітіп тастаңыз.
 «Ашылам!» – деп аласұрап жас жүрек,
 Белгілі іс! Вірақ одан саспаңыз.

Альбом – жүрек, тыныштықты қашыrap,
 Уақыт жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар.
 Жүрек сыры белгілі гой, біраздан
 Желі тынып, толқындары басылар.

Альбом – жүрек, көрінгенге бермеңіз,
 Дос па, қас па? Бастан байқап тергеңіз.
 Дос орнына қас кіргізіп жүрекке,
 Бір күндерде өкініште жүрмеңіз.

Альбом – жүрек, жақын достар қолға алар,
 Таза жүрек оны оқып толғанар.
 «Мен жазайын, мен оқыын» – деп алып,
 Шимайласа, жүрекке лас жол қалар.

Альбом – жүрек, жақсы сақтай көріңіз,
 Таза жүрек, меруерттей теріңіз.
 Ескерісіп жүру үшін өмірде,
 Қане, құрбым, қолыңызды беріңіз!

БОЛСА ГУЛАСІЗ...

Болса гүлсіз,
Бұлбұл үнсіз,
Үнсіз бұлбұл – бір сұр құс.

Үнсіз өмір –
Сөнген көмір,
Отсыз жүрек – бос қуыс.

...FA

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,
Қайғы-қасірет тасып бастан асқан күн.
Жан-жағымнан жылы жүзді жан таппай,
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.

Жауыз тағдыр созған қолды қаққан күн,
Жан-төнімді жылан-шаян шаққан күн.
Жапан түзде қара түнде жалғыз қап,
Қан-дария бол көздің жасы аққан күн.

Сен көрдің де, келдің тура қасыма,
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.
Мәндайымнан сипап сүйіп жұбаттың,
«Жаным құрбан, жасынды тый, жасыма!

Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.
Қайғыланба, атса атар алтын таң,
Жан жолдасым, өлсең бірге өлемін!» –

Дедің де сен күліп, жолым бастадың,
 Жауын, дауыл, оттан, судан қашпадың.
 Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен
 Міне, азырақ есім жия бастадым...

Алтын сөулем, ақ періштем, жан салған,
 Кім біледі, айырса егер сүм жалған,
 Жұргенімде жер жүзінде тірі бол,
 Бағынатын, табынатын сен – Аллам!

КҮЗДІ КҮНІ

«Есіл жазым өтті!» – деп,
 «Бәйшешегім кетті!» – деп,
 Санадан жұз сарғайып,
 Қасіреті мол жас зайдып
 Қараңғы ұзын тұндерде
 Устіне қара жамылып,
 Құрсініп жер жылайды.

Бұзылып түсі аспан-кек,
 Ашулы ауыр үхілеп,
 Бұркеніп сүр бұлттар,
 Жүрегі жара алыс жар
 Қайғы басып, қиналдып,
 Жерге қарап, жарына
 Қөзінің жасын бұлайды.

Балапан нәзік жас қайың,
 Соққан сұық жел сайын,
 Бұрсийп сорлы дірілдеп,

Ақырын ғана күбірлеп:
 «Сұбханалла, сұбхан!» – деп,
 Жасағанға жалынып
 Жәрдем бер деп сұрайды.

Күшті жуан қара ағаш,
 Жапырақсыз жалаңаш,
 Өмірде беті қайтпаған,
 Ешкімге сырын айтпаған,
 Тұра келіп тағдыры,
 Долы дауыл кез келіп,
 О да бір күн құлайды.

Жалғыз жатып ойланам,
 Күніренемін, толғанам:
 Балдан тәтті өмір не?
 Қорқынышты өлім не?
 Жалынды жүйрік жас жүрек
 Неге ақырын сөнеді?
 Бұған жауап кім табар?

Жастық етіп, қартайып,
 Қан сары су бол сарғайып,
 Сүмбіл шашым қуарып,
 Алма жүзім суалып,
 Мен де сорлы бір күні
 Қоштасармын өмірмен...
 Өлмей, мәңгі кім қалар?!

Құласа күшті қара ағаш,
 Қыс өтіп, тағы жетсе жаз,
 Жас балапан – қайындар,
 Оларда не уайым бар,
 Өткендерді еске алып,
 Бұралып жас сұлудай,
 Қосылсып ән салар.

Өмірмен төтті қоштасып,
 Өліммен қол ұстасып,
 Үстіме топырақ үюлі,
 Суық көрде кәмулі,
 Қара жерді құшақтап
 Жатқанымда мен сорлы,
 Мені есіне кім алар?!

ШОЛПАН

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Қанымды қайнатты құргыр.
 Шық-шық жүрекке тиеді,
 Құлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Өзекті өртеді құргыр.
 Өдейі іргеден жүреді
 Сұлу қызы санадан солғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Жүректі жандырды құргыр.
 Қеудені кернеді жалын,
 Сөулем, періштем, тез кір!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Есімнен аудырды құргыр.
 Лебізіңнен еріп барамын,
 Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
 Талдым, қалды сүлдер.
 Сыбырға айналды сылдыр,
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

ТОЛҒАН АЙ

Тұрсың сен, мейірімді Ай, нұрын шашып,
 Бұғып жүр қараңғылық бетін басып.
 Толсаң да, солсан-дағы айрылмайтын
 Жолдасың – жұлдызыңмен қол ұстасып.
 Далада жолаушыға сен жолбасшы,
 Егерде жазатайым жүрсе адасып.
 Дөңгелек, жарасымды ақ келбетің,
 Жүресің жылжып қана, әсем басып.
 Ажары ақ жамбыдай сұлулардың
 Жалғанда кетпес сенен көркі де асып.
 Сөулеңнің түскеніне өлдеқандай
 Теніздер жан теңгермес жатқан тасып.
 Мәз-мейрам қекте қатар жүргеніңе
 Жұлдыздар иек қағып жымыңдасып.
 Жалғыз-ақ іштен сені жек көреді
 Екі жар қол ұстасқан, сыйырласып.
 «Жарықта қараңдал бой көрінер!» – деп,
 Бір-бірін сүйісе алмас мауқын басып.
 Елжіреп қөңілдері, құмар қанбай,
 Айрылар біраздан соң амандасып.

ҚАЙЫН

Қайғылы қайың!
 Аяныш жайың.
 Сыбырлайсың,
 Дірілдейсің,
 Еңкейесің,
 Құбірлейсің,
 Үзғарлы жел
 Соққан сайын.
 Үскірік аяз
 Болғандай аз,

Қар да басқан
 Кебінге ұсап.
 Сүйекке өтер
 Суық құшақ...
 Қашан, қайың,
 Жетеді жаз?
 Суга қанып,
 Жапырақ жарып,
 Күн болар ма
 Шайқалатын?
 Жылы желмен
 Жайқалатын?
 Құс даусына
 Құлақ салып...
 Қайғылы қайың!
 Қалың уайым
 Басқан сені,
 Жазды ойлап.
 Тұр ұскірік
 Боран ойнап...
 Жасыңды исін
 Бір құдайың!

ТӘГІЛГЕН ШАШЫ

Тәгілген шашы,
 Қиылған қасы,
 Керілген маңдай да.
 Тістері меруерт,
 Бейне қар – мамық ет,
 Кез келсөң мұндайға.
 Жалындаپ күйіп,
 Бір ғана сүйіп,
 Өлсөң де болмай ма?

Ф..ҒА

Он екі айдың еркетайы – Май келді,
 Жұлдыздар да жымындаиды, Ай құлді.
 Қалың қардың құшагынан құтылып,
 Сылдырыссылдыры сыйырады, сай құлді.

Күн батқанда қарашы көк жүзіне,
 Қызыл алтын сеуіп қойған ба өзіне?
 Майдың айы – күн, жер-ана, баланың
 Елжіресіп табысатын кезі де.

Бұлдіршін боп киінеді қара жер,
 Қарап оған кекте анасы елжірер.
 Мұны көріп, жақыны жоқ жолаушы
 Күніреніп, үйілеп жібек жел жүрер.

Өмір осы аяз қыспақ, қар көмбек,
 Сәулесімен жерді сүйіп Күн келмек.
 Бір қарасаң – бетін қара бұлт жауып,
 Жайнаң, ойнаң тұрган көгің тұнермек.

Біреу – бала, анасына еркелер,
 Біреу – ана, баласы үшін жан берер.
 Біреу сүйген, екіншісі сүйілген,
 Жас жүрегі аласұрап, жас төгер.

Біреулер – дос, бір-біріне жақын жар,
 Үлғи екеу жалғызыдан шекпес зар.
 Біреуі өлсе, екіншісі де өлмекші, –
 Бір-біріне берік берген анты бар.

Өмір – заман. Жазы да бар, қысы бар,
 Талай жанның туғаны бар, досы бар.
 Тәңірінің дәргаһынан қуылған
 Жақыны жоқ, досы да жоқ кісі бар.

Көп туса да жапа-жалғыз туған ол,
 Жалғыз жылап, бетін жаспен жуған ол.
 Жұлдызы, Ай да, Құн де көрмей көгінде,
 Жалғыз зарлап, жалғыз сағым құған ол.

Бір гүл көрсе, шын елжіреп сүйген ол,
 Гүл дегені у боп, жанып күйген ол.
 Жаны бірге, ары бірге жан таппай,
 Жас жүрегі күлден кебін киген ол.

Мен де жанмын, жапан түзде бір басым,
 Жарым да жоқ, досым да жоқ, сырласым.
 Аз өмірде көп алданып, у ішіп,
 Көп түндерде тәктім талай көз жасым.

Ессіз едім – аспанға өрлең үшқамын,
 Хор дегенім жер болады құшқаным.
 Құле кіріп, жан сырымды біліп ап,
 Шыға беріп құнціренеді достарым.

Жақын жан көп, үгушы жоқ шын жанды,
 Сенгіш жүрек талай сенді, уланды.
 Тұганы жоқ, тұрағы жоқ жолаушы –
 Жел болудан басқа маған не қалды?

Өтер жылдар – ұлғаярсың, өсерсің,
 Белгілі бір жолға өмірде түсерсің.
 Қуанарсың, қайғырарсың, жыларсың,
 Ұзын жолда у да, су да ішерсің.

Көрерсің сен көптің келіп кешкенін,
 Жоқтың бар бол, бардың, өліп-өшкенін.
 Өтер күндер, құн батқан соң құнціреніп,
 Жібек желдің ақырын ғана ескенін.

Сол уақытта желге құлақ түргейсің,
Таныстарды еске алып, тергейсің!
Тұғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы –
Желге айналған мен екенім білгейсің!

СЫРЫМ

Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,
Жас баламын – тағы да тез жұбанам.

Құлсем егер, есім шығып құлемін,
Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан-денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем, құшағымда өлгенше.

Ол күледі, мен де есалаң құлемін,
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.
Құшағымда жан-төнінен айрылып,
Өледі әйел, мен де бірге өлемін.

Тағы көрем, тағы күлем, тірілем,
Есім шығып тағы тұзаққа ілінем.
Өмір – даала, тапыл басқан мен бала,
Тапыл-тапыл, дамыл-дамыл сүрінем.

Өмір – өзен, үміт – шабақ ойнаған,
 Жел сөзбенен шабақ аулауга ойлаған.
 Мен – есаланы, мен – нөресте, үміт – от,
 Жұз күйсе де, қармануын қоймаған.

«Өзім – тәңірі, өзіме-өзім табынам», –
 Деп көпіріп, зор тәңірге шабынам.
 Егерде енді ауынқырап кетсе бас,
 Сол тәңірге жасым төгіп жалынам.

Міне, оқушым, осы менің бар сырым,
 Бояу деген ойымда жок, жоқ сырым.
 Сен не дейсің?..
 Құлағындағы есектің
 Ерініңе құлкі келді-ау, жарқыным!

ГҮЛСІМ ХАНЫМДА

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
 Өр жерде өткізсек те өмір таңын,
 Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
 Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
 Көктегі күн құлмесін, Гүлсім құлсін!
 Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед –
 Сүйдіріп, қүйдіргенін қайдан білсін!

ГУЛАСІМГЕ

Жұмақтағы жібек желден,
 Мәңгі жайнап тұрған гүлден
 Жаратылған өйел сұлу!
 Тұрмыс деген бір тұзаққа,
 Азға емес, тым ұзаққа
 Кез болыпты – ішіпті у.
 Өйел атын Гұлсім дейді,
 Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмақтағы көусар судан,
 Бетіндегі алтын будан,
 Періштелердің жырынан,
 Жұмақ сұы сылдырынан,
 Жапырағының сыйбырынан,
 Тәңірінің дөл өз нұрынан
 Жаратылған періште еді,
 Мекені оның гарышта еді.

Алмас қанат періште еді,
 Мекені оның гарышта еді,
 Жерді көрді қанға батқан;
 Жүргегіне қанжар кіріп,
 Жапан тұзде аңдай ұлып,
 Елді көрді зарлап жатқан.
 Елді көрді – жерге түсті,
 Жерге түсті – көрге түсті.

Елді көрді – жерге түсті,
 Қақты қанат, кезді, үшты.
 Кім зарласа, соны сүйді.
 Құлғемменен бірге құліп,

Өлгөнменен бірге өліп,
Күйгенменен бірге күйді.
Жабыққанға жәрдем етті,
Қара да, ақ та теңіз өтті.

Алдап меруерт көбік шашар,
«Кел, – деп, – бері!» – қойнын ашар,
Тұрмыс – теңіз бір тұңғиық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса басар оған адам,
Жанын сатып, жанын қиып!
Тұрмыс – теңіз сылқ-сылқ құлді,
Сұлу суға кірді де өлді.

Өлді сұлу – өтті жылдар,
Өлді сұлу – бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұнды өнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар тайғақ жолға
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім.

Күні кеше жанның жырын,
Жүзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан жүрегім, қолым беріп,

Қан аралас жасым төгіп:
 «Жолым баста, келші!» – дедім.
 Қайырылып та қарамады,
 Жас жүрегім жарапады...

«Мен бір жанмын өлген» – деді,
 «Періштелер көмген!» – деді.
 Бір қарады, кете барды.
 Жұзіндегі жұмақ нұры,
 Аузындағы мұнды жыры
 Жүрегіме сіңіп қалды.
 Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
 Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,
 Шын махаббат теңізінен
 Жаратылған өйел сұлу!
 Тұрмыс деген бір тұзаққа,
 Азға емес, тым ұзаққа
 Кез болыпты – ішіпті у!
 Өйел атын Гұлсім дейді,
 Тұрмыс атын тылсым дейді...

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ

«Терезеге қараймын,
 Қарындашты жалаймын.
 Келтірем деп өлшеуге
 Сөздерді іштен санаймын.
 Басқага мойын бүрмаймын,
 Бітірмей жазып, тұрмаймын.
 Не керек, жұрт сезбейді,
 Ақырын Феттеп үрлаймын.»

БІРАЗ ФЕТШЕ

Жібек тұн –
 Бәрі тың.
 Сайраган,
 Жайнаған,
 Екі жас –
 Екі мас:
 Жүрек мас,
 Көзде жас!
 Сүттей Ай,
 Терең сай:
 Бұлбұл,
 Гүл-гүл.
 Екі жан
 Ыстық қан.
 Жан ессіз,
 От сүйіс.
 Орман Тынған.
 Белдер –
 Гүлдер.
 Құбір,
 Сыбыр.
 Тұман –
 Таң, таң!..

АЙЫРЫЛҒАНДА

Бір жыл болды сені сүйдім, уладым,
 Бауырыңа алдың, неге мені қумадың?
 Ессізбін мен: айрылуды ерте ойлад,
 Қанды жаспен көзім неге жумадым?!

Сүйдің мені, басқа жанды көрмедің,
Жасың төктің, қадірінді білмедім.
Мәлдіреген шын меруерт жасыңдан
Садаға боп сорлы неге өлмедім?!

Білдім: бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ Еділден өтесің.
Бота көзім, өлтіріп кет қолыңдан!
Тірі тастап кетіп мені нетесің?!

Көріскенше қош бол енді, бер қолды...
Қалтырайсың, қолым, саған не болды?..
Жазуға енді, Гүлім, халім қалмады...
Көзіме жас, жүргегіме у толды...

ЖӘМИЛА

Жәмила!
Мұнша неге жүдедің?
Бетінде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы ма жүргегің?
Тегінде терең зар кеп қой!

Жәмила!
Себебі не? Жалғанда
Серпіліп, ойнап күлмейсің?
Тұнде жұрт ұйықтап қалғанда
Тыныш бір үйқы көрмейсің?

Жәмила!
Кеудене от толды ма?
Үхілеп Айға қарайсың.
Өмірің у болды ма?
Жұлдызды неге санайсың?

Жәмила!
 Шапаныңды бүркеніп,
 Тысқа ақырын шыққанда,
 Құрсініп ауыр күніреніп,
 Айтқаның зар ма, Я өн бе?

Жәмила!
 Жаныңдағы жауызың
 Айырды ма жарыңнан?
 Сарғаймашы, бауырым,
 Бітесің гой зарыңнан!

Жәмила!
 Түскен мынау жүзіңде
 Қасірет пе, яки шашың ба?
 Қайғылы қара көзінде
 Мөлдіреген жасың ба?

Жәмила!
 Бетіңде анау таңба не?
 Ah... имансыз ол хайуан!
 Жалын, жаным, «Алла» де!
 Бұдан басқа не қайлаң?!

Жәмила!
 Қасіретті, сорлы қарындас,
 Қайғыға қалай шыдайсың?
 Жыла, бауырым, төгіп жас,
 Мен де бірге жылаймын...
 Жәмила!.. Жәмила!.. Жәмила!..

Ж..ҒА

Өмір – көпір, от үстінде салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,
Ойнап қана өт, шарпу көрме жалыннан!

Қоңыз да бар, доңыз да бар тұбінде,
Жоққа алданып, жаным, жерге бүгілме.
Болсын көзің көкте, үмітің алдында,
Бақытты бол, қасірет білме, құлімде.

Төменде ылғи тұтін, сасық тұман бар,
Улы жылан, қорсылдаған қабан бар.
Талай жылан арбар, қабан қорқытар,
Қорықпа, арбалма, біріне де болма жар.

Өмір – зәндем, қара бұлтты қара тұн,
Естіmessің қара өмірде жылы үн.
Ұзын жолда арып, жасың төккенде,
Жұбататын жақын жолдас, жарың кім?

Жақын емес ата-ана, туғандар!
Көз жасында олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанган жаның көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар.

Жақын жан сол, жақын болсын жанында,
Табынсын ол тәнірі көріп, арыңа.
Ұзын жолда осында жан ұшыратсан,
Қарашығым, тезірек ал жаныңа.

Өмір – өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырапар,
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрап?
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,
Ағынға ермей, жағасында кім тұрап?

Өтер жылдар – қайғырармыз, күлерміз,
Өтер жылдар – саргаярмыз, кеберміз.
Өтер жылдар – қартаярмыз, өлерміз,
Бірте-бірте құрып, шамдай сөнерміз.

Өтер жылдар – ұлғаярсың, өсерсің,
Өмір – көпір, қалайда оны кешерсің.
Өтер жылдар – ақын ағаң жоқ болар,
Рухым риза, мені есіңде түсірсең.

«Аз өмірінде көп уланған, көп сүйген,
Көп алдаған, көп жылаған, көп күйген.
Ақын ағам болып еді, – дегейсің, –
Жүргегіне өмір оғы көп тиген!»

Ііс шашып, жайнап тұрап түрлі гүл,
Гүл тербетіп кешкі жылы жібек жел.
Құнөсі кеп жаны үшін ағаңың
Сол уақытта, қараышығым, дүға қыл!

Әлі жассың, қайғы көрме, бара бер,
Сүм өмірдің күлін көрме, гүлін көр.
Тілегімді келтірем деп орнына,
Қараышығым, қане маган қолың бер!

...FA

Мейірімсіз тағдыр құрган торға түсіп,
Жапанда жатыр едік біз оққа ұшып,
Кеудеден таза ыстық қан сорғалап,
Қайрымсыз қара салқын жерді құшып;
Айрылып алтын ерік, ар-намыстан,
Қайрылмай қанат қағып бақ құсы ұшып,

Тасжүрек, көнілі қара жауыз жаудың
 Қолынан құлдық, қорлық уын ішіп;
 Жан таппай төніректен жәрдем қылар,
 Өмірден енді алдағы үміт кесіп, –

Қайратты ер, сын-бәйгеге тігіп басың,
 Сол кезде ауыр жолға қадам бастың.
 Құтқарып келімсектен тірлітпекке
 Көз жетпес кен, бай Сібір сар даласын.

Ұмтылған ізгі жолда тілегіңе,
 Түссе де темір шынжыр білегіңе,
 Қасіретті қара құнді жанды сүйген
 Қонған жоқ кіршік таза жүрегіңе.

Сол жолда қайғы жұтқан бізді көрдің,
 Бауырдай бірге туган қолың бердің.
 Есіркеп жаның ашып, жақын тартып,
 Жазуға сыртқы, ішкі қалың шерден.

Баладай еркелеткен қолыңа алдың,
 Жұбаттың еске салып өткенді алтын.
 Тіледің таза жүрек, ақ көнілмен
 Болсын деп баяғыдай жүзің жарқын.

Ардақты ер! Ұмытылmas еткен ісің,
 Құні ертең айбынды алаш жинап есін,
 Қексеген көп заманнан тілегінді
 Жарыққа шығаруға жұмсар күшін.

СЕН СҰЛУ

Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,
 Жарқ-жүрқ еткен майда нажағай сұлу.
 Қызықты орман, көнілді еркін кең дала,
 Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
 Хош іісті түрлі-түсті гүл сұлу.
 Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,
 Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
 Келге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
 Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
 Құн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын Құн сұлу,
 Жымыңдаған жұлдыздармен тұн сұлу.
 Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
 Бәрінен де маған, сөулем, сен сұлу!

МАХАББАТ НЕ?

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан агар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйсе жар.
Сүймесе жүрек, дариға,
Өлер жүрек, қансырап.

Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.

* * *

Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек, төгер жас!

БАТЫР БАЯН

I

Жүргегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір, абақты гой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан, жаным күйіп жанады да.
Құ өмір, қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,
Өдемі ертегідей баяғыда.
Өдемі өткенді ойлап, айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр гой, жазбай ма жараны да?
Ақын да, бір бала гой айға үмтүлған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор боп, ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күніренеді, толгайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақын да адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ, сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытайын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа – сары дария, қырыры жоқ,
Кез болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар,
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да.
Көкшеде, күні кеше қойдай өрген,
Тұрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айырылып асау, ерке аңдарынан,
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бүйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мен-зең Көкшетауға,
Бөлектау: «Ой, бауырым!» – дер анадайда.
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелеқ үқсайды Айға.
Бурабай – Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қызыл ағаш,
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындей,
Қарағай, қызыл қайыңмен аралас.
Ертеде, жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабірінен әулиенің Алашқа артық,
Ертеде, Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,
Меккедей төуеп қылған тамам Алаш.

Киын күн, туган Алаш баласына,
 Шұбырып жапанның сар даласында,
 Кез болған, жаудан үркіп «Ақтабанға»
 Дүшпанның қалғандай боп табасына.
 Арқаға аяқ салып, түскен барып,
 Екі оттың – орыс, қытай арасына.
 Күндерде сонау – қара, тапсырған ел,
 Тағдырын Абылайдай данасына.
 Сол күнде, ел қорғаган Абылайдың,
 Қылсан да аз қанша төуел моласына.

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
 Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ
 Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
 Дағдарған алаш енді, қайда бармақ?
 Сол кезде, елге қорған болған Абылай,
 Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
 Күндердің бір күнінде, хан Абылай,
 Қалмаққа – ойына алды – ойран салмақ.
 Ханынан: «Аттан!» – деген сөз шыққан соң,
 Ордаға батыр, билер келді андал.

Жиылды өңшең Ноян, ығай-сығай,
 Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
 Ту баста, Абылайды хан көтерген
 Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
 Ашуы жауған қардай, шеккен нардай,
 Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
 Бекенцің жас жолбарыс жеткіншегі,
 Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.
 Найзасын нажағайдай ойнататын,
 Жас барыс Бәсентиін Сарымалай.

Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
 Сіргелі, шапшаң оқтан ер Елшібек,
 Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,
 Тәкаппар Қошқар ұлы ер Жәнібек.
 Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,
 Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.
 Майданда от шашқандай оқ шашатын,
 Сырттаны Басентиіннің ер Сырымбет,
 Осындай өңшең көкжал жиылышты,
 Құніреніп жолбарыстай: «Жау қайда?» – деп.

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
 Айтатын өрлең барып аспанға сыр.
 Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда,
 Толқынды тұңғиық бол төгілер жыр.
 Осылай, думанменен күндер өтіп,
 Батырлар ерікті енді жатқанға құр.
 «Аттан» деп, өлі айтпаған Абылайға,
 Көкжалдар деп бастады: «Жүр енді жүр!»
 Алайда, Абылайдан сөз болмады,
 Сондықтан, бұғып, бықсып туды күбір.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
 Алаштың кебесіндей¹ ізгі жайға.
 Батырлар бұғаудағы арыстандай,
 Абылай тұңғиық бір терең ойда.
 Бөрі де, ел қорғаны – батыр, билер,
 Аттанбай, тек жатуда таппай пайда:
 «Жүрелік, жау басына!» – деген сөзбен,
 Салады Қанай биді Абылайға.
 Би Қанай: «Бұл қалай?» – деп бастағанда,
 Абылай, сұрайды онан: «Баян қайда?»

¹ Кебе – қағба мағынасында.

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы, алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан,
Көп қалмақ болмаушы ма еді қорқақ қоян?
Наркескен, ерттей ескеп, қайтпас болат,
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе, қандыбалақ батыр Баян!» –

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяңдал батырларға қайтты Қанай.
Байлаулы бөрілерді ыза қылмай,
Кестелеп, сөзін сипап айтты Қанай,
Қүндеу ме, көтеру ме? – кім біліпті, –
Батырлар десті жалғыз «Баян бала-ай!»
Көкшенің бауырында өңшең көкжал,
Құңғреніп, күтіп жатты күндер талай.

«Жау!» – десе жатпайтығын батыр Баян,
Апырм-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян, жауды талай көрмен пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмен пе еді?!
Жебесі көбе¹ бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермен пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр,
Баяндай «алашым!» – деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кешігүі жай емес қой,
Тұлпарым кез болды ма орға, тегі!

¹ Көбе – сауыт.

Арқада бір өзенді дер Обаган,
Сол жерде Уақ елі қоныс қылған.
Ертеде, ерттей өжет сол Уақтың,
Ер Кекше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің, ер Қекшенің,
Несілінен қайтпас алмас Бајан тұған.
Баянның ер ағасы – батыр Сары,
Қос қыран, тізе қосып жауын қуған.
Айналып оны айт, мұны айт, Бајанды айт,
Ер Бајан, алашының бетін жуған.

Ол күндер, аз қазақ пен қалың қалмақ,
Қыран мен қара құстар алысқан шақ.
Баласы, алты алаштың Абылайдың,
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазактың батырлары бөрі қыран,
Сонда да, бір батыр жоқ Бајандай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын,
Ер Бајан, алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы, –
Балдырган бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған, бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі жібек лебі, жұмақ желі,
Көусардай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер ғой, батыр Бајан алып қайтқан,
Еліне сол сұлуды, естен танбай.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.
Қан жауып, екі көзін қанды балақ,
Ілмекке қоңыр қазды көніл белген.
Марал бар оққа үшпайтын, тым сақ бірақ,
Кезеңде кез келсе де, қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда, ер алысқан жүрегімен,
Теңізде алысқандай күшті сенмен.

Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз, сұмдығы мол, сыр бермейді,
Жандай-ақ ойлап, аулақ қайғырмадан.
Алаштың аруы боп кетсе-дағы,
Жанымен өз жұртынан айрылмаған.
Сұм сұлу, анадайдан «агатайлап»,
Баянда жан қоймаған жандырмадан.
Сонда да, сыр шығармай батыр Баян,
Жастық қып жанын естен тандырмадан.

Осылай, іштен күйген батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның інісі бар он бес жаста –
Бәрінің бөлтірігі – бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ, сұлудың бір қарауынан,
Ноянның жүрегінде үшқын туған.
Сол үшқын, өртке айналып, жап-жас Ноян,
Алысып жүрегімен, аласұрган.

Жаңстықта жалынданып сүйген қандай!
 Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
 Көрмесен, жан-жарыңды өлгендей боп,
 Қайғырып көлден кебін киген қандай!
 Қеудене жан кірмей ме, көзің шалса,
 Өмірің, жаңа ағарып атқан таңдай.
 Қеуденде қасиетті сөule кернеп,
 Жүргегің сол минутта жарылғандай.
 Не дерсің, салпаң құлақ есектерге,
 Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!

Ноян да, сол сұлуға – тәтті балдай,
 Мәлдіреп қараушы еді көзі талмай.
 Мас болып, дene түгіл, жаны елжіреп,
 Жұтқандай, сол сөулені демін алмай.
 Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
 Сұлуды тәңірі көріп табынғандай.
 Жанса да жап-жас Ноян, сүм сұлу қызы
 Көп заман, жүрді бірақ көз де салмай.
 Сонда да, кейбір кездे ақ бетіне,
 Бір нөрсе, жүгіруші еді ыстық қандай.

Айға алтын күн нұрынан сөule бермек,
 Шалқыған махаббат-от аспанға өрлеп.
 Жүргегін, өзі сүйген отты жүрек,
 Оятпақ тас болса да, зарлап тербел.
 Басында, сыр бермеген сүм сұлуға,
 Біраздан бола бастар құлкі кермек.
 Нојинан, о да көзін алмас болды,
 Қүйдіріп жас жүргегін, жалын кернеп.
 Шешілді екі жаңтың жұмбақтары,
 Екеуі бір іңірде сайда кез кеп...

Сиқырлы гүлге оранған жібек майда,
 Сылдырлап сылқ-сылқ күліп терең сайды,
 Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,
 Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.
 Сондай бір, жібек кеште жаны өртеніп,
 Екейі «өу!» дескендей барған сайга.
 Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,
 Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!

Анттасып, айрылмасқа сөз байласып,
 Бастық деп арсыға адым санамай ма?

Жас Ноян, қызды көріп от боп кетті,
 Көздері, қызыл жалын шоқ боп кетті,
 Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
 Бір қыздан, басқа нәрсе жоқ боп кетті.
 Келді де, қызға жалын сөздерімен,
 Шығарды, жан ұшырып іштегі өртті.
 Бір күйіп, бір суып, бір елжіреп,
 Бірсеке, жас баладай жасын төкті.
 Өртемей, отты жүрек қоймақ па екен,
 Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

Қыз сонда: «Ноян бауырым – кебем!» – деді,
 «Мен сенің сүйгеніңе сенем», – деді.
 «Сүйемін мен де сені, төңірі күө,
 Тән түгіл, жаным саған берем?» – деді.
 «Нояным, бірақ сенен қалауым бар», –
 Деді де, сұлу ойға терендеді.
 Сұлудың сырға берік, торғын беті-ай,
 Бетінде, ешбір толқын көрінбеді.
 Біраздан көздеріне, жас мөлдіреп,
 Жас сұлу, жылап тұрып күлімдеді.

Қызы сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай, мен бір пақыр.
Арқаның, еркесі боп жүрсем-дагы,
Алышта туған, ескен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай, бебек күнім,
Барқыттай, белес-белес белім жатыр.
Айбынды, арыстандай құмда кезген,
Құңіреніп қалың қалмақ, елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.

Ер Бајан біздің елге барған еді,
Көп қойға, кекжал ойран салған еді.
Бебегін, шырылдатып ап кеткенде .
Ата-анам, жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам, кекірегін кекке сауып,
Қан жылап, менен бір ант алған еді.
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

Көр болсақ, көрді көрмей, тәңірі ондай ма,
Ер Бајан, неге батқан терең ойға?
Мен сорлы, көргеннен-ақ сүйген Бајан,
Қосылсақ, Бајанға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей, киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуміз, Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел, еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!» –

Деп сұлу, сыбырлады сиқыр сөзін,
 Толтырып, меруерттей жасқа көзін.
 «Шыдашы, көне күймей!» – дегендей-ақ,
 Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
 Жас Ноян, жас қанына тұншыққан соң,
 Ұмытпай, тұрсын қалай өзі-өзін!
 «Жарайды, даярмын!» – деп айтып салды,
 Ойланып, бір минут та қылмай төзім.
 Сол сайда, уәделерін бекітісіп,
 Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

Сол уақыт, мезгіл екен дәл таң алды,
 Төзім қып, албырт Ноян күтпей таңды,
 Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
 Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
 Азырақ азық алып, қару-жарақ,
 Жүйрікке өсем өбзел, тұрман салды.
 Сөйтті де, Сарыарқамен есендесіп,
 Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
 Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
 Алдымен, Ер Баянға хабар барды.

Боз үйде, жатыр екен Баян жалғыз –
 Керілген құнге еркелеп, жас жолбарыс.
 Ауылдың ақсақалы сөзді өкелген,
 Деп бастап: «Баян-айым, бір масқара іс
 Өткен тұн болып қапты...» – деп шұбыртып,
 Жаудырды екі жасқа лағнет-қарғыс.
 Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
 Дей берді: «Қылды-ау бізге қалмақ қар қызы!»
 Ер Баян сүп-сүр болып деді жалғыз:
 «Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз».

Боз үйде, жалғыз қалып Бајан енді,
 Жаралы жолбарыстай күніренді.
 Қорғасын миын, ойын төмен басып,
 Ақылға, алғыр құстай ашу төнді.
 Бір көк сұр тұс енгізіп бар денеге,
 Сүм жүрек қанды өзіне жинай берді.
 Ақыры, ашу ерді билеп кетіп,
 Лап етіп, сөнген шамдай ақыл өлді.
 Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Бајан,
 Боз үйден оқ жыландаш шыға келді.

Ер Бајан, сол кеткеннен кете барды,
 Мініп ап, белдеудегі көк тұлпарды.
 Дулыға, қалқан, көбе қалған ұмыт,
 Белінде жалғыз-ақ, бір садақ бар-ды.
 Бауырынан Обаганның орғып етіп,
 Арыстан айдалада дүбір салды.
 Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
 Тұс ауа, Жолдызекке жетіп қалды.
 Кермиық Жолдызектің даласында,
 Алыста екі қара көзі шалды.

Атығай қоныс салған Жолдызекке,
 Құнарсыз, аңы татыр сорлы өзекке.
 Жолдызек – жолсыз өзек, құтсыз, отсыз,
 Алдымен жау да салған қолды өзекке.
 Айрылып байлығынан, көп соққы жеп,
 Көз жасы, Айтығайдың толды өзекке.
 Алаштың Асан Қайғы данышпаны,
 Кетпеген «Қанды өзек» деп, тіпті текке.
 Ежелден құт дарымай, қағынған жер,
 Қайғылды бір іс болды сол өзекте.

Алыста екі қара көрді Бајан,
 Кілегей қара бұлттай төнді Бајан.
 Ой жоқ боп, жүрек тоқтап, құр екпін боп,
 Сұңқардай сорғалаған келді Бајан.
 Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын,
 Танымай қалғандай да болды Бајан.
 Байланған белде сала садағына,
 Қалшылдаپ қалды салып қолды Бајан.
 Ашуын арыстанның байқаған соң,
 Майысып тұра қалды жап-жас Нојан.

Жас Нојан жүйрігінің мойнын бүрді,
 Жас Нојан, Ер Бајанға қарсы жүрді.
 Жақындаап, келіп қалып ағасына
 Түсінен шошыды да, тоқтап түрді.
 Жапанда аға-іні: Бајан, Нојан, –
 Алып кел, көз алдыңа Ай мен Құнді.
 Дұрысы – күміс күлген күндізбенен,
 Түнерген қара бұлттай қара түнді.
 Алайда, ерке бұлан Нојан-ұлан,
 Ашулы ағасына қарап күлді.

Бір күлді, балдыргандай Нојан бала,
 Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
 Еріксіз сотқарлығын кешіретін,
 Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
 Көрсе де, дауыл гүлді – басылмады,
 Ер Бајан, арыстандай жаны жара.
 Қалшылдаап, көзі қан боп, қолын алмай,
 Байланған садағына белде сала.
 Жас Нојан: «Жан көке!» – деп сөз қатқанша,
 Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
 Баянның батырлығы алашқа аян.
 Оқ тиіп, жүргегінен құлап түсті
 Атынан, бүктетіліп бебек Ноян.
 Жын шуы басқандай боп естімеді
 «Жан көке, аға!» – деген сөзді Баян.
 Садағын сол секундте тартты тағы
 Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
 Үстіне інісінің денесінің
 Түсірді, тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас, аттарынан ұшып түсті,
 Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
 Жүректен, атылып шыққан қанмен бірге,
 Жалғыз-ақ «Ah» десті де, «Жаным!» – десті.
 Қомағай қара топырақ бұлкіл қағып.
 Асығып екі жастың қанын ішті.
 Көлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
 Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті,
 Тұрды да, біраздан соң батыр Баян,
 Атынан есі аугандай құлап түсті.

Бірталай, талғандай боп жансыз жатып,
 Тұңғызық көмескі көп ойга батып,
 Ер Баян есін жиып, екі жасқа,
 Бір қарап, қара тастай қалды қатып.
 Сол кезде, сар дала да күнгірт тартты,
 Еңкейіп бара жатты күн де батып.
 Құшақтап, ақселеуді жырлады жел,
 Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.
 Құшақтап, екі жасты күніренді ер,
 Қөзінен, ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,
 «Уh-uh!» – деп үзілгендей есіл өзек.
 Қасіреті қара тұндей Ер Баянның,
 Алдында бүлдіргендей екі бебек.
 Аузынан уыз шыққан екі жасты,
 Ер Баян, сүйді құшып кезек-кезек.
 Жапанда жапа-жалғыз еніретті ерді,
 Өлгіде ойды улаған ашу кезеп.
 Ашудан, бұғып қалған қорқақ ақыл,
 Құбірлей бастады енді: «Мұның не?» – деп.

Зарланып, күніренді батыр Баян,
 Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:
 «Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным» – деп,
 Ер едім, еркелетken алаш тамам.
 Сындырдым, аз ғана Уақ елім белін,
 Елімнен кетіп, елді қайдан табам?
 Жейтүғын өз күшігін болдым бөрі,
 Ісімді, мынау ағат немен жабам?
 Қарабет, болдым алаш баласына,
 Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
 Тобына кек бөрідей кірдім неге?
 Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды,
 Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?
 Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
 Жыландаі бауырыма сап келдім неге?
 Өйелдей баса алмайтын жүрек жынын,
 Есалан жүреккө ерік бердім неге?
 Буынып, сол боз үйден шықпай өлмей?
 Атылып, оқ жыландаі тұрдым неге?!

Ойламай, белді бекем будым неге?
 Қозымды қас дүшпандай қудым неге?
 Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
 Қасқып қарсы алдымда тұрдың неге?
 Бауырыма, тас жүрегім жібімеді-ау,
 Бір атадан, бір анадан тудым неге?
 Салдырап, шіріп қалғыр саусақтарым,
 Қанымен өз қозымның жудым неге?
 Қүнәсіз екі жасты өлтіргенше,
 Өлмедім ішіп уын удың неге?!

Сұлу-ай, қалмай маган ердің неге,
 Жыландаі, бауырыма кірдің неге?
 Қадалды оқ-кірпігің жүрегіме,
 Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?
 Жұлдыздай, аспанда алыс жымындаған,
 Алыстан «агатайлап» құлдің неге?
 Секіріп суда ойнаған шабағымды,
 Сүм сұлу, қармағына ілдің неге?
 Тірлікте бетіңен бір сүйе алмадым,
 Тіл тартпай, ерке тотым, өлдің неге?!

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!
 Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.
 Сүм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
 Жойған жоқ құлышағым ерке түсін.
 Сорлы ағаң, атып жығып өз інісін,
 Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
 Тартқанда сынбадың-ау, сүм садағым!
 Қайтейін, құрымадың, арда құшім!
 Жоқ, өлде, жоқ... жоқ... Өлде... Өлтірдім бе,
 Інімді, алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай, жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды, алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Қекше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Бајан,
Барыстай ойын салған сар далада.
Інісі Ер Бајанның, жасық Нојан,
Атадан азып туған дер бола ма?
Құл болса, бір қыз үшін балдырғаны,
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

Дарига, жұбанамын, жел ойменен,
Тартпадым, сүм садақты бұл ойменен.
Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай, сүр жыландај жаным жеген.
Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген,
Болар ма, сірө, сорлы адам менен?!

Алдыымда «Көкежан!» – деп күліп тұрган
Садаға кетпедім гой, қозым, сенен.
Ел беті енді, маған болсын арам,
Алашым, аттанамын, жауында өлем!» –

Деп зарлап, күңіренді жарапы ер,
Айрылған екі жаннан қаралы ер.
Зарлатып, көзінен қан тамшылатты,
Тұңғызық жанды жеген қап-қара шер.
Жүрегі тас болса да, шыдай алмай,
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.
Молайтып минут сайын қасірет жырын,
Жаның да өксіп-өксіп жылады жел.
Бозарып, бел артынан таң атқанда,
Соққыдан сенделгендей, тұрады ер.

Күміс таң, жерге күміс сөуле шашты,
 Сөуле мен қараңғылық араласты.
 Алыспас адал, арам бекерге ұзак,
 Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!
 Сол кезде, жаны жара батыр Баян,
 Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.
 Жапанда қазған суық тар үңгірге,
 Көтеріп, көмді әкеліп екі жасты.
 Топырақ екі жанын жасырған соң,
 Ер Баян, тағы көл ғып төкті жасты.

Ер Баян, көмді екеуін дөң басына,
 Түсірмей бір топырақ ортасына.
 Ап шыққан қаруларын сүйе-сүйе,
 Нояның көмді берін өз қасына.
 Отырды, топыраққа ұзак басын қойып,
 Шомылдып қанды ыстық кез жасына.
 Аздан соң, мінді атына батыр Баян
 Сиынып бір жаратқан Алласына.
 Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
 Шандатып, Абылайдың ордасына.

Жас Баян, жауды талай көрген еді,
 Сорғалап, сұңқардайын тәнген еді.
 Майданда, жолбарыстай жалғыз ойнал,
 Сан қолға аш берідей кірген еді.
 Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,
 Найзасын ылғи дәлдеп сермен еді.
 Бірін айт, бәрін айт та – Батыр Баян
 Тұғаннан «Алашым!» – деп еңіреп еді.
 Көкжалдың осы жолы кешіккені,
 Осындан тұлпар орга кез кеп еді.

II

Өткен күн, таң-тамашалар таңы ғой,
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.
Айырылып от екпінді ерлерінен,
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.
Сонау дерт, түгелімен ауып маған,
Дарига, журегімді өртеді ғой!
Ер көрмей, көрден басқа, сұр өмірде,
Шерлі жан, шерлі кеңес шертеді ғой.
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім, тыңдаушыға сала алса ой.

Құңғреніп ойлағанда, алаш жайын,
Жанымды орай берсе, улы уайым.
Кеудеме, құннің нұры толғандай бол,
Жырлаймын, алты алаштың Абылайын.
Арсызга асқандаймын, төуап қылсам,
Кебедей Абылайдың Бурабайын.
Құңғренген жырымменен мен разымын
Алаштың, жоқтай білсем Баян-айын.
Жырлаймын, құңғренемін өткенді ойлап,
Кеудеме улы уайым толған сайын.

Кірейін кеңесіме құңғренткен,
Ер Баян, жөнелді енді Жолдызектен.
Қамшыны көміп-көміп алды батыр,
Ашуын алатындей тұлпар көктен.
Мұңайып мәңгі, мұңды белдер қалды,
Жынды жел, сақ-сақ құліп сүйді беттен.
Жан-жақта жас қайыңдар қала берді,
Иіліп өдеппенен сөлем еткен.
Ер жүртты. Сөске болды, көзі көрді,
Кекшені бал алысқан аспан көкпен.

Кекшеде өңшең кекжал аялдаған,
 Қырандар қанаттарын жая алмаған.
 Ханына Абылайдай: «Болады!» – деп,
 Бір берген сөзден ерлер тая алмаған.
 Ерігіп, өңгіме қып өткен күнді,
 Қанішер Болат жайын баяндаған.
 Қайратқа құса болған сол қырандар,
 Алыста қара көрді аяңдаған.
 Жақындаپ, қара ордага келген шақта,
 Шықты айғай топтан шулап «Баяндаған!»

Аяңдаپ топқа тұра келді Баян,
 Келді де, көпке сәлем берді Баян.
 Қудай боп құс төресі топ төрінде,
 Отырған Абылайды көрді Баян.
 Басқаға мойын бұрып, бір сөз қатпай,
 Абылайға балпаң басып жүрді Баян.
 Бәйтерек тұңғиыққа төнгеніндей,
 Алдында, қол қусырып тұрды Баян.
 Тұрды да деді: «Алдияр, сөзім қысқа,
 Екенім, менің Баян алашқа аян.

Алдияр, ел ағасы, – ханым дана,
 Алашқа, ауыр күнде болған пана.
 Кешігіп, күнөлі боп, енді алдыңа,
 Келді ерің, іші жалын, жаны жара.
 Тұңғиық кез болды гой кешуі жоқ,
 Болмаса, шыққанда «Аттан!» ер тұра ма?
 Талқыға жан жарасын сала алмаймын,
 Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама.
 Тілегім – енді жауға аттаналық,
 Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!

Абылай, ерін күткен көптен зарығып,
 Қолынан Баян-айын алды тартып.
 Алдына отырғызып, күміс кернеу,
 Керсеннен кекжалына берді сарқыт.
 Берді де, бүгіп басын ойға кетті,
 Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.
 Біраздан көтеріліп жан-жағына,
 Қарады жер жиһанның бәрін тар ғып.
 Қарады, қыран сөзі қысқа болды:
 «Таң ата жүреміз!» – деп берді жарлық.

Ежелден, Абылайда екі сөз жоқ,
 Сөз шықты: «Болады!» – деп, тарады топ.
 Топ тарап, ат-тұрманын даярлады,
 Біраздан дамылдады ел, мезгіл түн бол.
 Жібектей жұмсақ жылы жаздың түні,
 Бұлтымен құшақтады Көкшені көк.
 Керілді ерке Көкше, күміс Айға:
 «Сөүлеңді, сөүлем, көбірек деп, тәкші-төк!»
 Бетінде Бурабайдың ерке толқын,
 Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.

Түн өтті. Жер шетінде алтын таңды,
 Жорғалап, жұз бұралып, жел қарсы алды.
 Сарғайып сары белден таң атқан соң,
 Абылай қолға: «Аттан!» – деп хабар салды.
 Бәрі де болат түяқ бедеу мініп,
 Батырлар қатар түзеп келіп қалды.
 Жәңкіліп, күздікүні көшкен бұлттай,
 Қап-қара, ортасы ой бол, қол қозғалды.
 Асырып ертегіше айтқан жанға,
 Қаранар қайыспайтын жер шайқалды.

Жәңкіліп, көшкен бұлттай барады қол,
 Кейде қол, тұнерген тау, қайғысы мол.
 Кей кезде, тентек толқын екпінімен,
 Шу қойып, шабуылдаап алады қол.
 Шаң – бұлт, бұлт – шаңға айналған соң,
 Атаған ерлер жолын деп: «Шаңды жол».
 Тартты қол. Қалды ерлер. Қалды белдер.
 Бастаған Бұғыбай басшы қол көрмес шөл.
 Бірнеше, төулік бойы тынбай тартып,
 Қол енді, жүрді бойлап бір айдын көл.

Балқаш қой, бұл айдыны, сылдыр қаққан,
 Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.
 Қаратал, Аяғөзбен – екі көзі,
 Еркесі – Іле өзені, ұзын аққан.
 Басы егіз ерке Іленің: Кенес, Текес,
 Тәңірінің тентек Текес дәмін татқан.
 Бойында, сол Іленің қалың қалмақ,
 Абайлап, Абылайды күтіп жатқан.
 «Қайда, – деп, – қазақ?» бұрын желіккен жау,
 Көрген соң, көп қазақты ойға батқан.

Қазақтың қалың қолы ерлер кілең,
 Батырды көп қалмақты ойға терең.
 Қазақтан құлықпенен құтылмаққа
 Кеңесті, қос қоңтайшы: Ұса, Церең.
 Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,
 Сөздері: «Абылайдан бар да тілен!
 Ағаттық бізден болды, кешсін Абылай,
 Ақ отау, айдаған мал – бәрін берем.
 Тағы да, ер басына бір ару мен
 Қара нар – айыбымыз, қалы кілем».

Жеті елші, осы сөзбен келген ханга,
Қаратып өз жауабын ертең таңға,
Салады мынау сөзді хан Абылай
Би-батыр, қасындагы көп қыранга.
Салса да, алдыменен өзі айтады:
«Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға!
Күні ертең, не бергенін жолдан алып,
Қалғанын алсақ, қолдан арғы таңда.
Ерлерім, ойым осы! – деді Абылай,
– Бұл ойды, теріс дейтін адам бар ма?»

Абылай айта қалса істің жайын,
Би-батыр теріс дей ме Абылайын.
Қалың топ тым-тырыс бол, тұрған шақта,
Дегендей: «Ерік неде, біздер дайын!»
– Ерлігі алашақа аян батыр Бајн,
Тұрды да деді: «Алдияр, Абылайым,
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
Қырдағы адам түгіл құландаіын.

Сөзімді не кектерсің, не жұп дерсің,
Ойыңды теріс дейді Бајан-айын!

Талқыға салмай, шындық табылмайды,
Құлғана қожаны, ылғи қабылдайды.
Қу қалмақ, күні кеше алдамап па ед,
Шоңқытып, Ой қытай мен Өр қытайды?
Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,
Қытайға, қалмақ неге қанат жайды?
Абылай артық туған неге ұмытсын,
Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.
Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да,
Алдатпас, алдап кетер Абылайды!» –

Тоқтады Баян. Абылай тағы өз сөзін,
Қайта айтты, біраз шытып, кәрлі жүзін.
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,
Алмастан бір-біріне тіккен көзін.
Жиналып көздеріне қызыл жалын
Қалса да, сыр беріспей қылды тезім.
Қалың топ хан ашуын байқаған сон,
Ағытты «әрине» – деп, сөздің бөзін.
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,
Елшінің ертеңінде келер кезін.

Серпілді, соныменен кеңес енді
Қол күтіп, жатып қалды келер күнді.
Жібектей жылжып өтіп жаздың түні
Таң құлан, күн шығыста, иектенді.
Алтын Күн алыстағы арайынан,
Жарқырап, шығып жерге сөлем берді.
Қол тұрды, ауқаттанды, хабар күтті,
Ерлердің еріккені аңға журді.

Қол күтті, уақыт өтті, ерікті ерлер,
Ауыр ой биледі, Абылай кеменгерді.

Кол күтті, уақыт өтті. Құн батар шақ,
Жерде еді қой көшіндегі қалың қалмақ.
Кең ойлы Абылайдай данышпанды,
Құ қалмақ, кеткені ме шын-ақ алдаپ?!
Құн кірді арайына, шапақ батты.
Қап-қара толқындарға толды жан-жак.
Қол тынған бір толқынсыз тұңғиықтай,
Мүшкіл боп, Абылайға бір сөз салмақ.
Іңдердің соңын ала хан Абылай,
Серпіліп ерлеріне қылды жарлық.

Ерлерін жиып Абылай, ел ағасы,
Сұрайды: «Мынау істің не шарасы?»
Қырандар өрі-бері толқысқан соң,
Қанайы Қарауылдың, топтың басы,
Саңқылдан суырылып сөйлей берді:
«Қытайдың қол ұсыным шекарасы.
Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,
Қазақтың бірі қалмай мерт болады!.....»
Тұнжырап қалсадағы хан Абылай:
«Қайту!» – деп, сөздің болды бәтуанасы.

Таң ата, қол қозғалмақ кейін қарай,
Ұрылған көңілі қаяу, хан Абылай.
Қол жатқан, жым-жырт басқан, төңір таяу,
Жалғыз-ақ жатқан ояу Баян бала-ай:
«Апрыым-ай, алаш арын жоқтамастан,
Жөңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?»
– Деді де, атып тұрып топ ішінен,
Ерлерден от екпінді, жолбарыстай.
Жұз жасты жолдас қылып тарта берді,
Таң ата: «Қайдасың, – деп, – қалың Қытай?»

Қол қалды. Жұз жолбарыс майданды ойлап,
 Тартады шабуылмен Іле бойлап.
 Алдында ақ сұңқардай батыр Бајан,
 Екпіні қауға тиғен өрттей ойнап.
 Бедеулер болат түяқ желден ұшқыр,
 Алысып, ауыздықты қарш-қарш шайнап.
 Сәскеде сағымменен көрді Бајан,
 Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап.

Жұз бөрі аз дамылдал алысты да,
 Ат қойды қалың жауға «Абылайлас».

Жұз қыран мың сан қолға араласты,
 Оргыған асқар таудан судай тасты.
 Шыдамай жұз екпінге, шулай беріп,
 Қалмақты ө дегенде қара басты.
 Біраздан есін жиып бөріккен ел,
 Қару ап, қара құрттай құжынасты.
 Аз болса, бір қазаққа жұз қалмақ кеп,
 Ат қойып, қиқу салып, қамаласты.
 Тер саулап тебінгіден, қылыштан қан,
 Шаң, тұтін будақ-будақ аспанға асты.

Аз қазақ, көп қалмаққа салды тойды,
 Қек аспан қара тұтін шаңға тойды.
 Алдаспан ажалменен бәсеке боп,
 Қанішер, қайқы қара қанға тойды.
 Жып-жылы адам қаны бұлқіл қағып,
 Куалап жылжи берді ойдан-ойды.
 Қек көбе шүберектей шүрк-шүрк болып,
 Жыртқызды ерлер дал-дал тұла бойды.
 Анадай дең басында Ұса, Церен,
 Қуыршақ құдайына қасқа сойды.

Шанқай түс. Қызыл-жалын бір жел ескен,
 Зәндем от, өуе айналып жерге түскен.
 От түбі тоқтап қалған, жылжымайды,
 Аспанда жоқ бір жапырақ бұлт та көшкен.
 Сол кезде, қара бұлттай қалың қалмак,
 Қажытты жұз қыранды жаннан кешкен.
 Қазақтың көбін аттан түсірген соң,
 Қалмақтың қуаныш пен қиқуы өскен.
 Сол кезде, қалың топтың ортасында,
 Шықты шу: «Мұнда, Бајан! Бајан!» – дескен.

Қалың қол ортасында батыр Бајан,
 Бајанның батырлығы алашқа аян.
 Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,
 Аузынан көбік болып бұрқырап қан.
 Оң-солға алдаспанды сілтегенде,
 Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.
 Жанында жалғыз жолдас – жас Жанатай
 Қансырап зорға ғана кірпік қаққан.

Түзеліп отыруға халі қалмай,
 Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ак, қан майданда,
 Жол беріл, жолдасы үшін алдаспанга,
 Еңкейіп сүйемек боп батыр Бајан,
 Жолдасы Жанатайға айналғанда,
 Бір қалмақ еңгезердей көк найзамен,
 – Білмеген, сірө, тою қызыл қанға, –
 Қапыда қайран ердің субесіне,
 Бойлатып сұғып тұрып, булғағанда,
 Ер Бајан Жанатайды алдына алыш:
 «Қыларың, қатын қалмақ, тағы бар ма?» –

Деді де суырып алып, жау найзасын;
 «Алаштың әруагы, – деп, – қайдасың?!»
 – Жыландаі жарқ еткізіп алдаспанды,
 Түсірді топ еткізіп қалмақ басын.
 Бұлақтай аспанға атып, қан шапшыған,
 Жараға қып тұрып бармақ басын,
 Қасқып қан майданда тұрып алды.
 Қайран ер, қайсар Бајан, жолбарысым?
 Алайда, уақыт өтті, құлап түсті,
 Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын.

Жер мен кек шыр айналып араласты,
 Көз алдын қара түтін тұман басты.
 Тәтті бір жазғы таңда қалғығандай,
 Ер көзін оқтын-оқтын жұмып ашты.
 ...Көргендей болды ашулы Абылайды,
 Қалың қол: «Өне, Абылай!» – деп шуласты.
 Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді,
 Алдында жас ұлан мен толқын шашты.
 Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр,
 Басымен ишара қып амандасты.

Алдында Ноян менен Ақшамандай,
 Жұлдыздай жымындаған сөнбей-жанбай.
 Сұлудың сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,
 Ерніне өлде болса, күлкі алғандай.
 Жоқ... Күлкі жоқ... бетінде тамши қан жоқ,
 «Агалап», жанұшырып жалбарғандай.
 Жоқ... өзі Жолды өзекте жортады-мыс,
 Алыста екі қара көз жалғандай.

Ұмтылды оқ жыландаі... садақ пен қан,
 Кезерген ердің ерні қозғалғандай:

«Көзімнен, неге ақпайды қан бол жасым,
 Жан беріп, жазғаным гой, жан жарасын.
 Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?
 Дағиға, жазамнаң да күнәм басым!
 Күнәмді тәңірі кешпес, кешер бірақ,
 Жауында жан берген соң алты алашым!» –
 Қайран ер, аласұрып, жанұшырып,
 Қөтеріп, көз жұмұлы, алып басын,
 Жан бауыры жас Ноянға ым қағып ед,
 Жас Ноян құша тусты толқын шашын.

Екі жас қайғысы мол құп-қу жүзді,
 Екеуі құр қарап түр алмай көзді.
 Қекесі жан бергенде, бөбек Ноян,
 Тұрганы мәні қалай құшып қызды?
 Дағиға, беті қара сорлы Бајан,
 Шығарған өз қолымен екі көзді:
 Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?
 Қоштасып, айтысалық соңғы сөзді!
 «Келіндер, қарақтарым, кешіндер!» – деп,
 Ер Бајан, өлсіз ғана қолын созды.

Көз алды енді мәңгі тұман болды,
 Жабырлап, жан-жағына қалмақ толды.
 Бајанды балағаттап, ісіп кеуіп,
 Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.
 Сылқ етіп, созылған қол жерге түсіп,
 Жұзінің бірте-бірте нұры солды.
 Бајанның басын бірі кесіп алып,
 Бұлғады найзага іліп, онды-солды.
 Қуанып қос қонтайшы – Ұса, Церең,
 Алғысқа көмді, елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Церен қеткен қауіп,
 Қуанып, сырнай-керней қылды сауық.
 Алайда, Абылайдан сескенген соң,
 Жөнелді ертеңіне Қытайға ауып.
 Алаштың ардагері батыр Баян,
 Бір қырда, қала берді топырақ қауып.
 Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
 Құңіреніп, ер денесін құммен жауып.
 Иленің толқындары әлі күнге,
 Айтады ерге жаразу ауық-ауық...

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
 Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
 Ел үшін жаннан кешіп, жауды құған,
 Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
 Ел жауын зерттеп, ерт боп, тынбай жортқан,
 Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
 Ел үшін төккен ерлер, қанын жұтқан,
 Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
 Арқаның селі, желі, шөлі, белі,
 Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

ӨТИРИК ЕРТЕК¹

Бір дегенім – біреу ғой,
 Екі десем – егей ғой.
 Үш дегенім – үскі ғой.
 Төрт дегенім – төсек қой,
 Бес дегенім – бесік қой.
 Алтыны – асық десті ғой.

Жетім – желке емес пе,
 Серізім – серке емес пе.
 Тоғызым – торқа болмай ма?
 Он дегенім – оймақ қой,
 Он бір қара жұмбақ қой.
 Жұмбағым, балалар, ұнай ма?

Иә, жұмбақты тасталық,
 Басқа кеңес басталық.
 Үй артында дәңескे
 Алқа-қотан отырып,
 Шуды қойып, жым болып
 Кіріселік кеңескесе.

¹ Бұл ертек сұлу суретші Арлаудың «Мысық, тышқан» деген он төрт суреті бойынша жазылған.

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жұні бәрте екен.
Сөз бастайын ертеден.
Сөйтіп кеңес қозғайын,
Бірақ сөзді созбайын,
Қайырайын келтеден.

Арқаның оң бетінде
Құба қырдың шетінде
Талай бетпақ дала бар.
Сол шөлдерден көп ары,
Таулы жерде жоғары,
Шираз дейтін қала бар.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Тамашасы мол Шираз:
Көгіне алтын себілген,
Көміп сөуле селіне,
Құні күліп жеріне,
Жерге жауhaar төгілген.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Гүл, бұлбұлға мол Шираз.
Гүлі қызыл лағылдай,
Гүлге қонған бұлбұлы,
Бұлбұлының бал үні
Жазғы сұлу сағымдай.

Осынау Шираз еркеде,
Ертегідей ертеде
Болған талай ақындар.
Үні бұлбұл үніндей,
Сөзі Шираз гүліндей,
Қайда олардай ақын бар?

Жырлап кетсе жорғадай,
Сөз төгілсе сорғалай,
Төгілгені – шекер, бал.
Жырына адам мас болар,
Көзіңе ыстық жас толар.
Бойың балқып шымырлар.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Тамашасы мол Шираз.
Баулары бар бүйра бұлт,
Бұл бір бауда тізілген,
Адам үзбей үзілген
Қандай-қандай жеміс жоқ!..

Шираз қала – дәу қала,
Айналасы бау қала;
Бауы жеміс сыңсыған.
Үзімі еріп білінбей
Тәтті дәмі тілінді
Шымырлатып шымшыған.

Өзім көрдім көзіммен,
Шираз елі үзімді
Бауырсақтай асайды.
Асауды місе қылмайды,
Кеп құрмай олар тұрмайды,
Үзімнен арақ жасайды.

Шираз елі – молда елі,
Молдалары сөлделі
Арақты шарап деседі.
Таңырқай мұртты көп тақсыр
Шарап – шипа деп, тақсыр,
Кеү-кеулесіп іshedі.

Сонымен, Шираз елінде,
Екі-үш үйдің бірінде
Құмыршага құюлы
Шарап тұрад быжылдаپ,
Құмыршасы тым сөнді-ақ,
Әшекейлі, оюлы.

Сөз – бұл емес, сөз кейін,
Тақсырларға тимеймін,
Кезек келер бір күні.
Тыңдаушы неге демесін,
Мысық-тышқан кенесін
Айтпақшымын бұл жолы.

Құндерде бір күн бір тышқан,
Сықси көзді сұр тышқан
Кіріп келді бір үйге
Үй болғанда оңаша
Тізілген қаздай құмырша,
Таң болды тышқан бұл күйге.

Мойнын тығып мықшиып,
Жылти көзі сықсиып
Жалт-жұлт етті, қаранды.
Қаранды да таранды,
Тамсанды да жаланды,
Тыя алмады аранды.

Сілекейі сорғалап,
Шықты жылжып жорғалап,
Болар-болмас жалады.
Тағы татып қарады,
Тәтті у бойға тарады,
Бойы балқып барады.

Татқан сайын төтті су,
Төтті суы – төтті у.
Жылти көзі жайнады.
Күш қосылды күшіне,
Мысық тұсті есіне,
Тышқан тілді шайнады.

Қолды сермен жіберді,
Үйдің іші тұнерді,
Күңгірт тартты көз алды.
Ықылық атты, «ық» деді,
Тоқта-тоқта, «тоқ» деді,
Өзінен-өзі сөз алды:

«Ай, дүние, жалған-ай,
Іште кетті-ау арман-ай,
Не көрмедік мысықтан?!
Қанымызды ішті гой,
Баста қайғы күшті гой,
Өтті-ау өмір құсып қан!..

Андып тұрып тап беред,
Тап бергенде шап беред,
Талайға ол сүм салды ауыз.
Не қылмады қанды ауыз?!
Не қылмады жалмауыз?!
Не қылмады ол жауыз?!

Өттең дүние-ай, не керек,
Көп жаманга көз болып,
Десіп жүр гой ол жаман!..
Бір көрінсе көзіме,
Көрсетер ем өзіне,
Қалмас еді ол да аман!

Мынау батыр жүрекпен,
Мынау балуан білекпен,
Алып ұрып байлар ем!
Танытар ем өкесін!
Шагар едім шекесін!
Қос құлағын шайнар ем!»

Тышқан солай көпірді,
Көпірді де кекірді.
Ықылық атты, «ық» деді.
Тап сол жерде мысық сүм
Тыңдаپ тұрған болып жым:
«Тоқта-тоқта», «тоқ!» – деді.

«Тоқ!» – деді де тап берді,
Тап бергенде, шап берді.
Тап сауырдан салды ауыз.
Сауыр ауызға ілікпей,
Құйрығынан сүліктей
Тістеп қатып қалды ауыз.

«Танимысың өкенді?
Шагатұғын шекемді
Сен екенсің, көрейін!..
Жаман мұндар, өсіріп,
Мұнша сөйлеп кесірді...
Сазайынды берейін!»

«Алди, алди, алдияр!
Бір-ақ ауыз сезім бар,
Тыңдаپ басым кесініз.
Айтқызады ғой жастық ит,
Жастық емес, мастық ит,
Қасық қаным кешіңіз!

Айық болсам сізге мен
 Тіл тигізіп жынды емен...
 Патшасына өлемнің
 Маған анау су қылды,
 Су емес-ау, у қылды,
 Түк жазықсыз өлем мен...»

Сейлеп тышқан зарлап тұр,
 Көзінен жасы парлап тұр,
 Жерге мөлт-мөлт тамады,
 Шиқылдады шашалып,
 Қиқылдады қақалып,
 Бүйірі бұлқіл қағады.

Бұлтыңдады, бұлқынды,
 Жан ұшырды, жүлқынды.
 Құлді мысық мұртынан.
 Үш босатты бас салды,
 Бес босатты бас салды.
 Сілекейі шұбырды ұртынан.

Тікен мұрты тікіді,
 Шегір көзі шікіді,
 Бір «ап» деді, жеп қойды.
 Сілекей шұбырды ұртынан,
 Бір мырс етті мұртынан,
 «Құтырган құл!...» – деп қойды.

Сөйтіп мысық қылғыды,
 Қылғыды да қалғыды.
 Пысылдады, кекірді.
 Қалғып кетті қорылдаپ,
 Баспалатты мырылдаپ.
 Шұқір-шұқір, шұқір-ді.

Солай үйықтап тұн өтті,
 Тұн де өтті, күн де өтті,
 Тышқан бойға тарады.
 Тамақ керек тағы да,
 Не кез келер бағына?..
 Мысық жалт-жұлт қарады.

Мұртты тілмен жалап қап,
 Алақтады, жалақтап
 Татарға түк көрінбей,
 Сілекейін жұтыпты,
 Тышқан заты жытыпты,
 Ешбір тықыр білінбей.

Жердің бетін тұн басты,
 Мысық оймен мұндасты...
 Құлді, ойланды күбірлеп:
 « Қой, бұл істі тастайын,
 Мен бір істі бастайын,
 Тек таң атсын сібірлеп».

Сібірледі күміс таң,
 Жетті мысық жалма-жан,
 Тартты тура мешітке.
 Кірді жымып үндемей,
 Мінді ақырын мінбеге,
 Кірісті бір көсіпке.

Мырылдады азандай,
 Сөлде салды қазандай,
 Тасбиқ алды қолына,
 Тап сопыдай сүмиді,
 Тап молдадай мұлиді,
 Кірді төубе жолына.

Кіргені оның қалайша?
 Кіргені оның былайша:
 Қазан сөлде қаңқиды.
 Таңырай мұрты таңқиды,
 Қос құлағы салпиды,
 Бір момын бол маңқиды.

Бір күрсінді, бүй дейді:
 «Күй-күй, жаным, күй! – дейді,
 Асты бастан күнәйім.
 Қалай сабыр қылайын?!
 Мейірімі мол, құдайым,
 Бір өзіңе жылайын!..

Не қылғаным, жасаган,
 Талай тышқанды асагам,
 Сенен қалай жасырам?!
 Мейіріміңді түсір деп,
 Күнәйімді кешір деп,
 Дәргаһыңа бас ұрам.

Мейірімі мол, төңірі ие,
 Мынау мешіт үйінде
 Ант ішемін атыңмен,
 Тіпті арамдық етпен деп,
 Тұмсығына шертпен деп,
 Енді тышқан затының!

Сүттей аппақ ниетпен
 Бір өзіңе ант берем:
 Енді өмірімде ет жемен!
 Ұшыраса аш тышқан,
 Тежірибесіз жас тышқан
 Етімнен кесіп ет берем».

Осылайша сүм мысық
 Көзді қойып бір қысып,
 Құнірентті үйді сөзімен.
 Бар көңілі бағанда,
 Қарал қояд бағанға
 Құйрығымен көзінің.

Қарамайды-ау бағанға,
 Қарап отыр тағамға,
 Тағамымыз — бір тышқан:
 Құжырайып, құнтиып,
 Тыңдал отыр жылтиып
 Сүлік құйрық сүр тышқан.

Көріп мысық сөлдесін,
 Естіп антын төубесін,
 Үйип мысық-молдаға,
 Қос құлағы ербиіп,
 Қос танауы делдиіп,
 Тартты тышқан ордаға.

Келді де айтты: «Осылай,
 Осылай да осылай:
 Тәңірі, күнөм ауыр деп.
 Мысық зарлап жас текті,
 Бізге тимеске ант етті,
 Тышқан маган бауыр» — деп.

Орда тышқан үрпиді,
 Бөрінің көзі жыртиды,
 Ө дегенде таң болды.
 Ұзамады, мәз-мейрам,
 Бастанда у-шү той, мейрам,
 Үйдің іші даң болды.

Отагасы, балақай —
Бері де айғай, алақай.
Бері ордага ағылды.
Шарбат, шарап, бал, сыра,
Сырнай, керней, домбыра,
Дабыл дан-дуң қағылды.

Гүжілдеді қобызы,
Безілдеді сыйызғы,
Бұрқылдады қорқоры.
Үзім, алма алқызыл,
Өрік, анар қан қызыл,
Шаптал, інжір, алқоры.

Соныменен сөз қысқа,
Опыр-опыр топ тышқан
Ию-қиу тойда отыр.
Жалғыз-ақ бір қария,
Өзінше ойы — дария,
Тойда отырып ойда отыр.

Қария айтты: «Әлеумет,
Құтты болсын қаниет!»
(Күңгірт көзін көтерді).
«Сонықі сүмдүқ болмасын!..
Сол сүм алдан үрмасын!..
Малданбалық бекер-ді».

Арақ ішкен өңшең мас,
Есі шала өңшең жас,
Дүрсе қоя берісті:
«Көр көрінед көзіңе,
Өз ақылың — өзіңе!
Сен бүй деме игі істі».

«Кері тартпа көрісің,
Етек басу — бар ісің.
Қой, сөзінді оттамай!
Қүй шарапты көпіртіп!
Бас, сырнайшы, лепіртіп!
Тарт, күрілдет, тоқтама!»

Ойышыл қария жұдеді,
Шиқыл-қиқыл ұдеді,
Ию-қилю бар халық.
«Мысық, күнесі ауыр гой,
Бүгін бізге бауыр гой,
Оған тарту тарталық!» —

Деді еліріп бір тышқан,
Сүлік қүйрық сұр тышқан.
Қабылдады қалың жұрт.
«Пәле!» — десті, елірді,
Сағым ішіп семірді
Сыры ежелден мөлім жұрт.

Соныменен сөз бітіп,
Сөз біткенде тез бітіп,
Кеңес тынды, тарады.
Енді елшілер кешікпей
Тартты тура мешітке
Алып тарту-таралғы.

Кірді елшілер мешітке,
Сұмдық болар десіп пе?!.
Ентелесті молдаға.
Көзді жұмып сұр мысық
Оң жақ көзін бір қысып,
Басты алла-аллага.

Топ-топ болып тұр елші,
Сөз бастады бір елші:
«Тақсыр, мұнда келіпсіз,
Еткен күнөм ауыр деп,
Тышқан маған бауыр деп,
Антпен уәде беріпсіз.

Қуанып соған қылдық той,
Өзінізге мәлім ғой
Бейбақ біздің халіміз.
Сізге өкелген тарту бар,
Азымызды, алдияр,
Көптей көріп алыңыз.

Оныңыз рас: күнө ауыр,
Енді бізбен сіз бауыр.
Тарту — достық белгісі.
Міне алма, алқызыл,
Үзім, анар қан қызыл», —
Келді мысық күлкісі.

Бір мырс етті мұртынан,
Сілекей шұбырды ұртынан,
Көзін қызыл қан жапты.
Бір «ап» деді, тап берді,
Тап бергенде, шап берді,
Топыр қылды жан-жақты.

Алла қалды адыра,
Сөлде қалды адыра,
Үшты тәубе тәсбімен.
Көмді тырнақ мырылдан,
Қанды жұтты қырылдан,
Топ тышқанды қылды жем.

Елші түгел тұтылды,
Екі-ақ тышқан құтылды,
Зытты екеуі жорғалап.
Тек шықпаған жанымен,
Ордасына ханының
Жетті жасы сорғалап.

Өкпе ауызға тығылды,
Жетті екеуі, жығылды:
«Осылай да осылай»,
Тақта отырған хан, уәзір
Қабақ қарын екі дүр
Десті: «Апырм-ай, бұл қалай?!»

Хан бүйірді таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Мысық бола ма әйтпесе?!

Ойда жылдам, өй, уәзір!
Осыған ақыл тап қазір,
Басыңды алам әйтпесе!»

Ханның басы қақиды,
Уәзір көзі ақиды,
Беті күлдей болды қу.
Құп-құ болды, бозарды,
Терлеп кетті, қызарды,
Айтты: «Амал — соғысу.

Тышқан деген — қалың ел,
Ерлігімен мәлім ел,
Алты өлемге даңқы бар.
Айбынды, айбарлы арыстан,
Ойы — дария, данышпан
Сіздей дана ханы бар.

Аттанаалық қол болып,
 Қол болғанда мол болып,
 Жауга соғыс ашалық.
 Қанды судай шашалық,
 Мысық жынын басалық,
 Ұстап дарға асалық!»

Хан бүйірді таянды:
 «Осылай болу аян-ды...
 Мысық бола ма өйтпесе?!

Жауга аттансын ел тегіс!
 Қанын төксін көл-теңіз,
 Басын алам өйтпесе!»

Соныменен күн батты,
 Түн түнерді, таң атты,
 Қол қозғалды, ағылды.
 Жер қайысты дірілдеп,
 Сырнай, керней гүрілдеп,
 Дабыл даң-дүң қағылды.

Қара ағаштай көп найза,
 Құнде ойнады көк найза,
 Алдаспандар жарқылдап,
 Желкілдеді жалаулар,
 Желлілдеді танаулар,
 Хан қақалды қарқылдап.

Ордасында хан қалды,
 Ханмен біраз жан қалды:
 Ақсүйектер, төрелер,
 Қалың елді құл қылып,
 Бұзықтығын пұл қылып,
 Жатып ішер немелер.

Кетті сөйтіп қалың қол,
 Қалың қолы — қалың ел.
 Көбі — ойлы, азы — мәз.
 Талайы барад тұнжырап,
 Талайы барад қынжылып,
 Көбі — жаяу, аттысы — аз.

Соныменен қол кетті,
 Қол кеткенде мол кетті.
 Барды, кірді соғысқа.
 Мұны өтірік демендер,
 Күңгіренді көк пен жер,
 Өзге соғыс соғыс па?!

Будақ-будақ бу шықты,
 Бу ішінен ту шықты,
 Шыпқылдаған шықты шу.
 Шұрқ-шұрқ болды көбелер,
 Дал-дұл болды денелер,
 Айқай-үйқай, ызы-шу.

Соныменен сөз қысқа,
 Шәйіт болды көп тышқан»,
 Мысықты үстап байлады.
 «А, қанішер неме!» — деп,
 Басқа, көзге төпелеп,
 Ханға, ордага айдады.

Хан бүйірді таянды:
 «Осылай болу аян-ды...
 Көрсетпе итті көзіме!
 Жап зынданға қараңғы!
 Қатыр аштан арамды,
 Қыл бұрау сал өзіне!

Ертең өпкел ордага,
Сот құрармыз ордада,
Бүгін пәлен демелік.
Бүгін өңшең майталман
Жаза тапқан майданда
Шәйттерді көмелік!»

Айтты да хан тоқтады,
Жұрт хан сөзін құптады,
Шақырылды елге азап.
Молда келді мөлиіп,
Сопы келді сүмиіп,
Сөлделері бір қазан.

Қылмың қақты, қуанды,
Білектерін сыбанды,
Аруланды өліктер.
Өлік көрсे молдалар
Сілекейі сорғалар,
Өтірік десең, өліп кер.

Табытқа өлік салынды,
Қара тулар алынды,
Кешті молда бастады.
Қолына алып құранды,
Бір өннен соң бір өнді
Түйдек-түйдек тастады.

«Төбөрікті тұқыртып,
«Жасынды» ашып сыпсыртып,
Суылдатып келеді.
Аузында — алла, ойында:
«Қанша түсер қойынға?..
Жуырда кім өледі?»

Жетті табыт бейітке,
Түсіріліп шейіттер,
Көрге дереу көмілді.
Көрге көлгір молданың,
Жұртты алдағыш жорғаның
Өтірік жасы төгілді.

Соныменен күн батты,
Дамыллады, ел жатты,
Хан түн бойы қылды той.
Талай халық қаралы,
Талай халық жараплы,
Хан үйі — той, елде — ой...

Тоймен, оймен өтті түн.
Таң білінді, дүние — тын.
Ұлы сөске, ел тұрды!
Зынданағы мысықты,
Қарғылап ап күшіктей,
Жендет ордаға ап журді.

Ханның көзі жыртиып.
Қабақ-қарны бұлтиып,
Тақта жатыр жантайып.
Қасында отыр уәзірі,
Тақсырауға өзір-ді
Қос құлағы қалқайып.

Хан қорқорын тартады,
Алдында айбалталы
Жендеттер тұр қақыып.
Хан қарады мысыққа,
Қарады оған мысық та
Ашулы көзі ақиып.

Хан уөзірмен кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Тұқымын мұның құрталық,
Жалпы жүртқа жар қылып,
Майданға анау дар құрып,
Дереу дарға тарталық!»

Дереу жарлық берілді,
Майданға дар құрылды,
Мысық та алып барылды.
Хан да келді қолымен,
Үрс-ырс етіп, қолымен
Сипап қабақ-қарынды.

Хан таяқта таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Сал арқанды! Сал!» — деді.
«Жендет, енді жақында!
Көлі қылышты батырга!
Ал! Ал басын! Ал!» — деді.

Сонда мысық бүлқынды,
Жан ұшырды, жүлқынды,
Көзі шоқтай жайнады.
Тұсауды үзіп күшімен,
Қыл арқанды тісімен
Бытыр-бытыр шайнады.

Босанды да тап берді,
Тап бергенде, шап берді.
Бірді белден тістеді.
Тышқан тырым-тырақай...
Әттең ғана дүние-ай,
Хан ауызға тұспеді.

Мысық көрмен қарғыды,
Ерсіл-қарсыл орғыды,
Шақылдатты талайды.
Дар майданнан жын ойнақ
Қылды мысық, әп сөтте-ақ
Жып-жылмағай маңайды.

Сөйтіп мысық топыр қып,
Демін алып отырды.
Сөз сөйледі бұлайша:
«Жүрсейші иттер тек босып,
Олар — тышқан, мен — мысық,
Женеді олар қалайша?!

Өңшең шірік, пасықтар!
Ажалаңа асықтар,
Көрді көрмей қазулы!..
Олар — менің азығым,
Бұл — құдайдың жазуы,
Өзгертпек пе жазуды?!

«Анау көрім қазылған,
Бұл өзелде жазылған», —
Де де үндемей жүре бер!
А, құтырган құлдар-ай,
Иесін қапқан мұңдар-ай!
Ал, ендеше, өле бер!» —

Деді мысық, демікті,
Демін алды, тынықты,
Тұрды, кетті жайына.
Есін жиғы көп тышқан,
Таққа тағы мінді хан,
Хан кірісті тойына.

Шәрбет, шарап алдырды,
 Шарапқа сусын қандырды,
 Сырнай-керней ойнатты.
 Деді жүртқа: «Ит түге!»
 Ханның осынау иттігі
 Елді ауыр ойлатты...

Ел ел болсын дегендер,
 Елдің қамын жегендер
 Біріне-бірі сөз салды.
 Аулақ үйге жиылды,
 Ортаға үстел қойылды,
 Дереу мәжіліс басталды.

Отырысты көп аға,
 Қоңырау қақты топ аға,
 Бүйірі булкіл қақты кеп.
 Құжарайды, құнтиды,
 Жырти көзі жылтиды,
 Сөз аузынан ақты кеп...

«Ау, өлеумет, сөз мынау.
 Мысық – бізге ата жау,
 Бұл туралы қысқа сөз.
 Ендігі сөз, хал мынау.
 Арақ ішкен хан мынау,
 Осыны ойлар келді кез.

Мысықты ата жау деуші ек,
 Ханды асқар тау деуші ек,
 Кімге пана болды хан?!

Даналығы осы ма?!

Паналығы осы ма?!

Елді жалмап сорды қан.

Елдің көзі ылғи жас,
Хан тағында ылғи мас,
Бар білгені – бас алад.
Еңіреп жерді құнірентіп,
Бұқара қасқа қан жұтып,
Өз қанына шашалад.

Елді үрысқа айдады,
Қарқыллады, қайрады,
Өзі қалды ордада.
Ел қазалы, көбі жас,
Хан тағында тағы мас,
Баққа ма осы? Сорға ма?

Күні кеше мысықты
Ұстасымен кешікпей
Керек еді дарға асу.
Зынданға оны жапқызды,
Тынықтырды, жатқызды!
Ақымақ ханда жоқ сасу...

Хан қырагы данам деп,
Ханның тілін алам деп,
Қырылды ғой ел бейбақ!
Ау, әлеумет, ойландар!
Ойлап қана қоймандар!
Қырыламыз ба хан деп-ақ?!

Қой, хан деуді қоялық!
Ханның көзін жоялық!
Мысық та жау, хан да жау.
Біреуі оның тыстан жау,
Біреуі оның іштен жау;
Жаудың ісі – ел талау...»

Кеңесті осылай кесемдер,
Шерді ағытты шешендер,
Сөз бір жерге құйылды.
Жеті тұнде қараңғы
Бүгежеңдеп, қарандап
Жұрт майданға жиылды.

Жұрт жиылды, кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Ханды қазір байладық?
Онсын ұстап мысықты ап,
Хан, мысықты қосақтап,
Қаңғырталық, айдалық!» –

Десті осылай дүркіреп,
Көшкен бұлттай жөңкіліп,
Жұрт жөнелді ордага.
Арақ ішіп қылжындал,
Өзінен-өзі ыржындал,
Хан отыр ед ордада.

Ел қазалы, азалы,
Азалы ел – ызалы,
Қылды орданы құл-талқан.
Үіқылық атып қақалып,
Қол-аяғы маталып,
Домаланып қалды хан.

Жұрт жөнелді жөңкіліп,
Жалаулары желкілден,
Аттан салып қиқулап.
Будак-будақ бу шықты,
Бу ішінен ту шықты.
Шуылдады шиқылдал.

Лап қойысты мысыққа,
 Атып тұрып мысық та
 Тап-тап берді маңайға.
 Талай жүндер жұлдынды,
 Талай жері тілінді,
 Ажал жетті талайға.

Көзді оттай ойнатты,
 Ә дегенде тым қатты
 Сүм мысықтың қарқыны,
 Соғыса алмай көсіліп,
 Қалың тышқан қысылып,
 Қара қанға қалқыды.

Соныменен сөз қысқа,
 Шөп те болса көп тышқан
 Мысықты үстап байлады.
 Байлан ап кеп ордаға,
 Ханды қосып ордадан
 Екі сүмдү айдады.

Қол ұстасып хан, мысық,
 Екеуі де қан құсып,
 Тұннен бетер түнерді.
 Қираң басып жөнелді,
 Алақайлап ел енді
 Қуанышқа кенелді.

Едірейіп, қалқып,
 Тырбық бұты талтиып
 Сөз сөйледі қаптесер:
 «Бірің сенің – тыстан жау,
 Бірің сенің – іштен жау,
 Кет қанішер! Баскесер!

Кет екі жау! Қанғып өл!
 Еркін қалдың, қалың ел!
 Еңіреме енді, жасың тый!
 Енді сені талау жоқ!
 Енді құлғып қанау жоқ!
 Өзің-өзің болдың бил!»

Соныменен хан, мысық,
 Кетті қаңғып қан құсып,
 Қуанышта қалың жүрт.
 Деп: «Бұғаудан босандық!»
 «Жасасын, – деп, – бостандық!»
 Қол соғылды шарт та шұрт.

Біреу тұрды, биледі,
 Біреу керней күйледі.
 Дабыл даң-дұң қағылды.
 Бітті осымен кеңесім,
 Тындаушы енді демесін:
 «Онсын тышқан не қылды?..»

Енді ертегім байыды,
 Ертегімнің айыбы:
 Кемі – өтірік, көбі – шын.
 Жоламас ем азға да,
 Керек болды аз гана
 Өтірік қосу көп үшін.

Бұл аздың да, оқушым,
 Қайта оқышы, бәрі шын.
 Шыны мынау – бұл мысал.
 Ертегімнің басында
 Бала біткенге ашына
 Жұмбағымды есіце ал.

Бір дегенім – білеу ғой,
 Екі десем – егеу ғой,
 Үш дегенім – ұскі ғой.
 Мысың – талаушы екені,
 Ханның – қанаушы екені
 Енді есіне түсті ғой.

Екі жауын осынау
 Қылған кейін қанталау
 Қалың тышқан – қалың ел.
 Төртімді енді тәсек деп,
 Бесімді енді бесік деп,
 Өзің енді тарта бер.

Тоғызымды – торқа де,
 Сегізімді – серке де,
 Жетімді енді желке де.
 Ерте, ерте, ертеде,
 Ешкі жұні бәртеде,
 Құйрығы оның келте де!

ЖУСІП ХАН

Бар еken де, жоқ eken,
Аш eken де, тоқ eken.
Ертек – ертек – ертекте
Ала қарға – қазаншы,
Қара қарға – қазаншы,
Шымшық терген шөпшекті.

Қарлыгашы қалбаңдап,
Жапалағы жалбаңдап,
Көрсетіпті көмегін.
Құс атаулы әйтеуір,
Болыпты бәрі өбігер,
Мен білем бе себебін?!

Сөз бұл емес, сөз кейін,
Бұл сөздерім өншейін.
Кеуде кернеп демалыс.
Бұл бұлаңы тұлкінің,
Бұл бастапқы бұлкілім,
Болғаннан соң жол алыс.

Тағы да айтам: бұл жерде
 Жазбақ емен сендерге
 Құстардың не қылғанын.
 Бұл өншейін қомданып,
 Далярланып домбыра алыш,
 Тамағымды қырғаным.

Ал тамақты қыралық,
 Берікті жерге ұралық.
 Қіріселік кеңеске.
 Кеңес мынау ұнаса:
 Жер жүзінде тамаша
 Талай жер бар емес пе?

Оңтүстікте алыста,
 Үндістанға барыста
 Иран дейтін бір жер бар.
 Жер болғанда ерке жер,
 Жердің құты серке жер,
 Не керегін табылар.

Күні жерге үңілген,
 Жері гүлге көмілген.
 Бір гүл сайын бір бұлбұл.
 Асты бір гүл жайнаған,
 Үсті бұлбұл сайраған.
 Мейлің жыла, мейлің күл.

Бал бұлақты тауы бар,
 Бұйра-бұйра бауы бар,
 Бауы толған жеміске.
 Бір жемісі жақұттай,
 Бір жемісі ақықтай,
 Бір жемісі күміс пе?!

Бір жақ беті қандай бол,
 Бір жақ беті таңдай бол,
 Үйіліп жатқан алмасы.
 Берінен де бұл өжеп,
 Саусағыңды бірге жеп,
 Қоятындай алуасы.

Қой тұяқтайды – түймедей,
 Елі жейтін үймелей,
 Өсірсе, шапталы.
 Тағы елінде жібек көп,
 Талайының жібек дейд
 Еру киген қапталы.

Иран жері, не керек,
 Жеміс, бұлбұл, гүл жібек,
 Төрт түлігі сай болты.
 Сай болғанмен мәлім ғой,
 Елінің дені қу кедей,
 Бір уыс-ақ бай болты.

Қашан да надан көп кедей,
 Бір уыс байға беттемей,
 Құл бол қызмет қылмай ма?
 Желіккен байлар құл айдал,
 Еріккен байлар хан сайладап,
 Әңгіме-дүкен құрмай ма?

Иранда сонау құт қонған,
 Байға ғана құт болған,
 Бопты дейді Аббас хан.
 Жасын тақта жасаған,
 Құшігенге ұсаған,
 Құлқы бұзық қақпас хан.

Елін бақпай, тақ баққан,
 Бар жұмысы тек жатқан,
 Алтын сарай ішінде.
 Әйел жиган үйірлеп,
 «Әйел!» деген күбірлеп,
 Өңінде де, түсінде.

Шараптан ылғи шала мас.
 Тажындағы тізген тас
 Гаунар, күннің көзіндей...
 Арамтамақ Аббас хан,
 Өз құлқына тап басқан,
 Уәзір жиган өзіндей.

Сүм сұрқия, уәзірлер
 Хан керегін өзірлер
 Шауып, шашып, ел талап.
 Бұқара қасқа, бүгжендер,
 Табанда ылғи тепкі жер,
 Құл боп құрдай жорғалап.

Күндер өткен осылай,
 Тістесіп қүйрық ай мен ай.
 Жылдың ізін жыл басып,
 Күндер де бір күн хан Аббас,
 Шарал ішіп шала мас,
 Өзімен-өзі сырласып,

Отыр екен сарайда,
 Тірі жан жоқ маңайда.
 Қіріп кепті бас уәзір.
 Қос шиқандай томпак ұрт,
 Дорба сақал, қүйрық мұрт,
 Депті уәзір: «Иә, тақсыр!

Ұзак болсын жасыңыз,
Сізге құрбан басымыз.
Келгенімнің мәні бұл:
Бас балшысы түскірі
Балына не түскенін
Сізге айтқалы келіп тұр».

«Кірсін!» депті сонда хан,
Сонда оқтай зырлаган,
Балшы ұшып кіріпті.
Кіріп құрдай жоргалап,
Құлдық ұрып ұш қабат,
Тұрып сөйлей беріпті.

Сырласқаны көк аспан,
Жұлдыз қарап, бал ашқан,
Теүіп екені тағы бар,
Депті: «Алдияр, ханымыз!
Сізге құрбан жанымыз,
Келдім алып сүм хабар.

Жұлдыз маған не деді?
Жұлдыз жақсы демеді,
Қатер айтты ханыма.
Қатері сол, қысқа сез:
Ханға қаза қатасыз
Оныншы күн таңында».

«Не? Не?» – деді, хан құп-қу.
«Не? Не?» – деді, қысты ашу.
Қалшылдады, қақалды,
Ықылышқа атты, қынқа деді.
«И-и-и-иит», – деді.
Сапсандатты сақалды.

«А, құтырган бадырақ құл!
 Бұл былшылың қай былшыл!
 Кет! Қөрінбе! Шық! Жоғал!
 Мен тілінді қырқайын!
 Тұқымыңды құртайдын!
 Жендет! Жендет! Басын ал!»

Желден үшқыр жын ба еді?
 Жетіп келіп жендеті,
 Жалаңдатып қылышын,
 Апыл-ғұптыл өп сөтте
 Тап береді шаппаққа.
 Құрысын балы! Құрысын!

Балышыда үрей қала ма?
 Көзі сыймай шараға,
 Кемсек қағып, жан дәрмен:
 «Ханым! Ханым! Сұлтаным!
 Бір қасықтай қи, қаным!
 Аллаға аян, сөзім шын.

Балға түскен күн толар,
 Жұлдызы сөзі сөз болар,
 Не пайда өліп мен тәбет?..
 Бірақ, ханым, ойлаймын,
 Ақылдассақ, айламен
 Жұлдызды алдаң ұрмас па ек?»

Хан бетіне қан жүрді.
 Қисын қалай өмірді?
 Арагы бар, қарагы!
 Көзі сөүле шалғандай,
 Дереу жұлып алғандай,
 Жендетіне қарады.

«Тоқтай тұр» деп, ым қақты.
 Жаны біраз жай тапты.
 Алдамаққа жұлдызды,
 Машайығын, молдасын,
 Үәзір, қазы, қолбасын,
 Бірін қоймай жиғызды.

Жаранына жиылған
 Аббас былай бүйірган:
 «Тез ақылға салыңдар!
 Жұлдызды алдау жөні не?
 Сейтіп, тірі, өлі ме
 Қалап затымды алыңдар!»

Бәрі жерге үңілді,
 Бәрі ойға көмілді,
 Сақалдары салбырап.
 Машайығы сүмиіп,
 Молдалары мөлиіп,
 Бере алмады бір жауап.

Хан бетінен қан қашты.
 Жұрт та жым-жырт. Хан састы.
 Алак-бұлақ екі көз.
 Сонда, анау балшыдан
 Құлдық ұрып, бас ұрган:
 «Ханым!» деген шықты сөз.

«Ханым!» – деді, – Алдияр!
 Қайғырманың үміт бар.
 Ойдан айла табылар.
 Арыстаным, тірегім;
 Қасық қаным, тілегім,
 Мен дәметпен дүние мал».

Үміті құргыр, жылт етіп:
 «Сөйле! – деді – хан зекіп,
 Сейле! Құнөң кешілер!»
 Балшы сонда тоқтап аз:
 «О, ұлтаным, шахыбаз,
 Жұмбақ бұлай шешілер:

Оныншы күн таңында
 Иран елі ханына
 Қаза жетпек қатасыз.
 Айла мынау сізге, хан,
 Тап қазіргі сағаттан
 Тақты тастап кетесіз.

Сіз кетіңіз, падиша,
 Он күн біреу уақытша
 Хандық, құрсын таңында.
 Жұлдыз сөзі дөп келер:
 Тақта отырған хан өлер
 Оныншы күн таңында».

Хан қуанып қопаңдал,
 Қоразданып қоқаңдал.
 Жалт қарады уәзірге:
 «Қанатым сен, құйрығым,
 Жұрт билеуге жүйрігім,
 Сен хандық құр өзірге.

Айта қалса хан қайтпас!
 Қарсы келсең мынау бас
 Осы жерде кесілер!»
 Уәзір сонда сабазың,
 Құлық-сұмдық сабарын
 Судай ішкен есіл ер.

Жұзіне қуаң өң кіріп,
 Көзді тоқсан төңкөріп,
 Қолды жайып жіберіп,
 Бейне маймыл маймаңдап,
 Біреке, бейне жайнаңдап,
 Біреке, бейне тұнеріп:

«Сұбқан алла! Сұлтаным,
 Сізге құрбан жан-тәнім.
 Құнім туды оқынан!
 Бірақ... алла, ханым-ай,
 Мендей сордың ойы сай
 Келмес хандық қолынан!

Сондықтан таққа қария,
 Оқымысты, дария
 Қазы лайық болар-аул..»
 Енді қазың қақалды,
 Салалады сақалды,
 Желлілдеді қос танау:

«Астапыралда... өзірмін.
 Сөзінде, бірақ уәзірдің
 Бір қата бар болмашы:
 Аюға ақыл қонар ма?
 Келтексіз тентек оңар ма?
 Лайық болар қолбасы!»

Екі беті шиқандай,
 Дәл қораздай қойқаңдай,
 Басып, жаншып, қиратып
 Ілгері шығып ентігіп,
 Қызырып, ісіп, бір тынып,
 Едірей мұртын ширатып,

Барқылдады қолбасы.
Не керек, сөздің қысқасы,
Басқаға о да сілтеді.
Ақырда хандық кенесі
Жұзі қара немесі
Жендетке барып жетеді.

Болғанмен қанша шала есті,
Оған да дереу ой түсті.
Хан болсын қалай жан қиып!
Өзі кетті ырбып,
Ерні кетті дүрдиіп.
Қолы қалды тырбып:

«Е! Құрмалдық мен бе екем?
Он күн деген күн бе екен?
Адыра қалсын бұл хандық!..»
Сөз тоқтады. Жұрт жым-жырт.
«А, құдайым! Құтқар! деп,
Айтысты іштен құрмалдық,

Сонда балшы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Бұған да амал табылар.
Ұнатсаңыз, халайық,
Бұл он күнге лайық,
Жұсіп деген бір сұм бар.

Базарда ылғи ер істер,
Өзі шебер мініскер,
Нағыз найсан, шаян тіл.
Осы отырган бәрінді
Жазаласа ханымды
Ұры-қары дейтін ол!

Хан, ханшасы, қолбасы,
Үезір, қазы, молдасы, –
Өңшең ұры обырлар,
Бұқара елді еңіреткен,
Кедей қылып күніренткен
Солар, – дейтін ол мұндар!

Мен ойлаймын, падишам,
Тап сол Жұсіп уақытша
Хандық құрсын тағында.
Жұлдыз сөзі іске асар:
Жұсіп жанмен қоштасар
Оныншы күн таңында».

Жұрттың аузы шешілді:
«Мұндай итті, кесірді
Жермен-жексен қылмас па?!

Дұрыс, дұрыс! Сол сүмнан,
Өз қанына сусаған:
Таққа лайық кім басқа?!.»

Десті осылай, сез тынды.
Біз де ақырын сөзді енді
Жөнелтелік Жұсіпке.
Жұкең қайда, шаян тіл?
Қайда болушы ед? Базарда ол
Қақталып қасқа ыстыққа.

Шаңқай тұс. Шым-шым шағыл күн.
Базар ызың, ың да жың.
Жабыр-дабыр сансыз жұрт.
Саудагер сүм – жаны мал.
Шиқан бетті, жұн сақал,
Сатқан, алған, шартпа-шұрт.

Сөлде, шапан, шүп-шүбар,
Арбаңдаған арбалар.
Есек, молда мәңіреген.
Дәруіш, балшы, ойыншы,
Ақсақ-тоқсақ, қайыршы,
Жетім бала еңіреген.

Қап-қара бет, сұр дене,
Доп-домалақ бірдене.
Бұл өйелі Иранның
Сол базарда бар Жұсіп,
Отырды Жұсіп шай ішіп,
Жолдасы біраз адаммен.

Отыр екен деп Жұсіп:
«Біз көреміз, не көрсек
Хан, қазы, әкім байлардан.
Кедейге күң жоқ таң атар.
Кедей сорлы жұбанар
Осы деп бізге жазған заң.

Ойласайшы, о жазған,
Сол заңды өзі кім жазған?
Хан емес пе, қазымен?...»
Дей бергенде осылай,
Әскер көрінді анадай,
Сырнай-керней сазымен.

Шу ете түсті жүргегі
Сұп-сұр болды реңі.
Кімге жаққан тұра айтқан!
«Болмаса игі ед бір сұмдық!»
Деп күбірлеп жым болып,
Жұсіп көзін қаша айтқан.

Қарай қалды қол жаққа.
 Қол келеді бұл жаққа.
 Дүріл-күріл, ызы-шу.
 Самсаған қол. Сары даала.
 Қызыл-жасыл ақ ала.
 Арғымақ, Сырнай. Дабыл

Сөлде, Сақал, Дұлыға.
 Құлдар қолдың жолына
 Кілем тәсеп қайқаңдал,
 Үөзір, қари, молдасы,
 Қоразданған қол басы
 Қол алдында қойқаңдал.

Базар халқы қым-қиқу,
 Енді жым-жырт... жығылу.
 Берінің тілі байланып...
 Жұртпен бірге Жүсіп те
 Демін алмай мысықтай
 Болып, басы айналып,

Көзін жұмып, енді ашса,
 Бұл не деген тамаша!
 Үөзір оған бүй деп тұр:
 «О, сұңқарым, сұлтаным,
 Саған құрбан жан-төнім,
 Тұр тезірек, таққа жүр!

Ханга құр су ұнай ма!
 Саған даяр сарай да
 Шербет, шарап, не тамақ...»
 Сонда Жүсіп: «Тақсыр-ай,
 Бізге арам ғой ол сарай!
 Қылмаңызышы ақымақ!»

Сумандады уәзір сұм:
 «Тәнірі күө, сезім шын,
 Иран ханы енді сіз.
 Аббас тақтан тұсті өзі
 Сен хандық құр, іш те же.
 Біз-ақ елді билерміз!»

Түсі ме, бұл өңі ме?
 Құдік кіріп көңіліне,
 Жүкең ұртын шымшиды.
 Жоқ, оп-ояу, үйқы жоқ
 Зырлап кетті, ойы – оқ...
 Қонды атқа, құнтиды.

«Олай болса, дұрыс, жұр!
 Мен енді хан, сендер құл.
 Шу! Сарайға тартындар!»
 Кетті. Ызғытты аргымақ,
 Жетті. Жаухар асты тақ.
 Ершің енді – алдияр!

Үлде-бұлде киінді,
 Сімірді, жеді, тойынды.
 Үйренді тақтың тәртібін.
 Қені кепкен сұр кедей,
 Біраз күн сөйтіп лөм демей,
 Басқаннан соң қарқынын.

Бастады Жүкең бір істі:
 Ел билеуге кірісті.
 Жақтап жарлы, жалшыны.
 Сыпыргандай тезекті
 Өңшең залым кезептен
 Еңбекші елді аршыды.

Жарлықты Жүкең жаудырды,
Үөзірді жер аудырды.
Қазының басын алдырды.
Машайығын, молдасын,
Қойқаңдаған қолбасын
Абақтыға салдырды.

Мұнапық талай мұңдардың,
Елді сорған сұмдардың
Қырықтырды басын түймедей.
Байларды айдал жигызды,
Тұмылдырық кигізді.
«Ух!» – деді көп кедей.

Осылай өттік біраз күн,
Бай мен бекті соқты жын.
Алдында бар не сұмдық!
Оны Жүкең не қылсын?
Оның ойы, ел көрсін
Бір күн де болса әділдік.

Не керек, солай хан Жүсіп,
Залымның қанын жосылтып,
Сорлының сорын ашқандай
Мырза-молда, бай бөсөн,
Бәрі жуас, бәрі өсем,
Аяқты байқап басқандай.

Кезептерді қылды жым,
Бұқара байтақ халықтың
Болды Жүсіп қалқаны.
Қуанған байтақ балаша,
«Мың жаса, Жүсіп, мың жаса!» –
деп шуылдап алқады.

Күн артынан күн өтті,
Тірі қалған тәбеттер
Есін жия бастады.
Тоғызыншы күн тұнінде
Кірісті олар күбірге:
«Мынау Жұсіп шошқаны

Қойғанымыз ба, осылай,
Қорлық көріп осындей?
Қара табан тексіз ит.
Не бекзатты боздатты
Байды, бекті, боздақты
Байлап қойды жіпсіз ит.

Күшікті басқа секіртті,
Кедей итті көкітті
Құтырған мынау, мұндар құл.
Шейіт кетті-ау не серке...
Бізге де кезек күні ертең
Келмесіне кім кепіл?..

Шіркін, Аббас зат еді-ау!
Заттың ісі жат еді-ау:
Жұмысы жоқ бір істе,
Жатушы еді сарайда,
Арақ, қараку, маңайда...
Не тілесен, соны істе...

Қой! Қорлықты көрерміз,
Бауыздалып өлерміз.
Жер бастырмас Жұсіп сүм.
Тап ертенгі түн бар ма? –
Құтырған ол мұндарға
Жалғыз қанжар жалынсын!..»

Кеңес тынды, таң атты,
Күн де батты, ел жатты.
Жұсіп жалғыз тағында
Отыр еді қатерсіз,
Балға түскен қатесіз
Оныншы күн таңында.

Көп тәбеттен бір тәбет
Кіріп, басып біртелеп
Қадап қалды қанжарды.
Жұсіп үнсіз сылқ етті,
Хан кілемі бұлк етті,
Ханды жұтты, олжа алды.

Болды бектер кеңесі,
Жұсіп сордың денесі
Кескіленді, көмілді.
Абыр-сабыр басылды
Жұртқа жарлық шашылды:
«Қаза жетті, хан өлді».

Жұрт жыласты, жиылды,
Бектер бұлай күйінді:
«Алда дүние-ай!
Күн қараң! Біз қалдық-ау сорменен!
Барса, келмес жолменен
Кетті-ау сұңқар Жұсіп хан!

Татып ажал шербетін,
Өлді Жұсіп. Ел – жетім!
Байтаққа кім болар бас?
Жәрдем берсін бір құдай...
Уа, жамагат! Алақай!
Аббас келді! Хан Аббас!»

Сол арада бұрыштан
 Құжырайған, құрысқан,
 Хан Аббасың бүкендең
 Шыға келді, о, қасқа!
 Жүрген екен тау-таста
 Қашып-зытып Жүкеңнен.

Мырза, шора шуласты,
 Көтерісп Аббасты,
 Тағына алып барады.
 Жұрт тұнеріп тұрды да,
 «Қап!» – деп санын ұрды да,
 Үн-тұні жоқ тарады.

Аббас таққа шоңқиды,
 Қол тоқпағы қонқиды.
 «Шүкір, шүкір, Алла!» – деп.
 «Енді тілден тыймайын,
 Қалағанын сыйлайын,
 Балшым қайда, бар ма?» – деп...

Сөйтіп Иран тағына
 Өңшең сүмның бағына
 Тағы отырды Аббас хан.
 Жасын тақта жасаған,
 Күшігенге ұсаған,
 Құлқы бұзық қақпас хан.

Ел бақпады, тақ бақты.
 Бар жұмысы – тек жатты
 Алтын сарай ішінде.
 Әйел жиғиды үйірлеп,
 «Әйел!» деді күбірлеп,
 Өнінде де, түсінде.

Шараптан ылғи шала мас.
Тажындағы тізген тас
Гауһар күннің көзіндей.
Арамтамақ Аббас хан,
Өз құлқына тап басқан
Үәзір жиды өзіндей.

Сүм-сүрқия уәзірлер
Хан керегін өзірлең,
Шапты, шанышты, ел талап.
Бұқара сорлы бүгжендең,
Табанда ылғи тепкі жеп,
Жүрді жасы сорғалап.

ҚОЙЛЫБАЙДЫН ҚОБЫЗЫ

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
 Қытайға қалың Найман қанат жайған.
 Қалың Найман ішінде Бағаналы,
 Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
 Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
 Алдында жоргалған шашты шайтан.
 Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдан,
 Қақаман жетіп келед өлдекайдан.
 Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
 Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
 Дарқанның Нәдір пері — аға жыны,
 Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
 Қойлекенің үшінші жан жолдасы —
 Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.
 Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
 Жынменен жолдас болған бала жастан.

Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,
 Қалың Найман жиылған бір зор астан.
 Бір асқа жиылышты Найман тамам,
 Бай, биі, батырлары балпаң басқан.

Ішінде сол жиынның Барақ та бар,
 Аузынан арыстандай жалын шашқан.
 Бәйгеге екі жұздей ат жіберіп,
 Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан,
 Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:
 «Бәйгеге қобызың қос» деп сұрасқан.
 Қалқасы қалың Найман қалаған соң,
 Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.

Найманның ұлы дүбір сол асында,
 Өлеумет алқа-қотан дөң басында.
 Айнала ығай-сығай, жақсы-жайсан,
 Қойлыбай қобызымен ортасында.
 Бас болып батыр Барақ қалаған соң,
 Бәйгеге бақсы қобыз қоспасын ба?
 Қойлыбай сонда айтады шақырып ап,
 Іңғайлы бір бозбаланы өз қасына:
 «Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар
 Жарып өткен жапанның жартасына.
 Қобызды сексеуілге байладап таста,
 Мен сенем жын Қақаман жолдасыма».
 Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,
 Шуласып отырысты дөң басында.

Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,
 Бозбала ат алдынан шауып кетті.
 Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
 Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.
 Аузынан қанды көбік бүрк-бүрк етіп,
 Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.
 Қөздері қып-қызыл бол қанға толып,
 Сарыны сар даланы күнірентті.
 Бір мезгіл екпіндептіп, долдандырып,
 Бір мезгіл жыны буып күбірледті.

Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,
Қызыл жел құйындастып дүрілдетті.
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,
Шапқылап жын-перілер дубірледті.

Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,
Қалжырады, қап-қара терге батты.
Сол кезде ат келетін құба жонды,
Тұтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл
Ербендең ойнақ салып келе жатты.
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабалап қырды жолғып жаралапты.
Байланған сексеуілгे қобыз берік,
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.
Сексеуілді қопарып алып келіп,
Қақаман жұбатады ерке қартты.
Қобыз келді, Қойлыбай көзін ашты,
Қалың ел тамашадан тас боп қатты...

ТОҚСАННЫҢ ТОБЫ

Құмдықөл басы қара құрт,
Қара құрт емес, қалың жүрт.
Қалың жүрт құба дөңесте,
Арам кірлі күбір жоқ.
Самбыр сөз бар, сыбыр жоқ.
Жүрт ақ жарқын кеңесте.
Ауылдан аулак оңаша.
Жиын түрі жаңаша,
Ескі адыра алышта.
Сапырылған қымыз жоқ,
Сойылған бағлан, семіз жоқ.
Жүрт ынтасты жұмыста.
Түрлі сөзді қолға алып,
Талқылайды, толғанып,
Кезекпен сөйлеп кеңесте.
Бажыл болса баяғы
Керіспен тынар аяғы,
Кеңесті кеңес демес те.
Осылайша көп түрі,
Сөз курделі, саз ірі.
Кеңесіп жата тұрсын топ,
Мен айтарлық сөз мұнда:

Осы кеңес тобында
 Кімдер бар да, кімдер жоқ?
 Кімдер жоқтан бастайын,
 Қысқа қайырып саспайын.
 Танаудан тізіп санайын,
 Жалпы айтқанда: жоқ жауыз,
 Жатып сорар жалмауыз,
 Еңбекші момын маңайын.
 Балдырлайтын ардалап,
 Пара алатын арбалап,
 Атымен обыр ұлық жоқ.
 Сары обырдың серігі,
 Жеті басты жебірі,
 Қарғылы құтпан болыс жоқ.
 Буаз бие қарынды,
 Пара алмаса, арынды
 Бағының біі жоқ.
 Топтан тәбет айдалып,
 Тілі-қолы байланып,
 Бидің енді күйі жоқ.
 Ұлыққа тамақ табатын,
 Арсаландап шабатын,
 Ауылнай атты күшік жоқ.
 Аш қанышқтай кезеген,
 Жалғайтын жұлып өзегін
 Сүм, сұрқия, пысық жоқ.
 Үйірлең малай жалдайтын,
 Жалдамайтын, жалмайтын,
 Еңбексіз обыр сасық жоқ.
 Көлемі күйек сәлделі,
 Көк мұздай жылтыр келделі
 Ишан атты пасық жоқ.
 Түкірік жағып көзіне,
 Жұртты улайтын сөзімен,
 Өгіз көзді молда жоқ.

Екі беті торсықтай,
 Борсаңдаған борсықтай,
 Бай баласы — бұл да жоқ.
 Созылған сөздің қысқасы,
 Қысқа сөздің нұсқасы —
 Обыр, жебір, сүмдар жоқ.
 Еңбексіз жейтін ит те жоқ,
 Бейнетсіз жейтін бит те жоқ,
 Жалпы айтқанда, жындар жоқ.

Жоқтарды осылай көгендереп,
 Танаудан тізіп түгендеп,
 Кімдер барға келейін,
 Санасам бәрін сез үзар,
 Ұзын сөзге орын тар,
 Біразын атап берейін.
 Бұл жиында кімдер бар?
 Ал айтайын, жаттап ал:
 Жалпы еңбекші, жарлы бар.
 Тап талтұсте таланып,
 Tipi қүйі тоналып,
 Соғым болған сорлы бар.
 Тұғалы таңы атпаған,
 Тұрмыста тұщы татпаған,
 Өмірде өңшең өгей бар.
 Өмірдің ішкен у сыйын,
 Кер шолақты кең киім.
 Кеуреген көп кедей бар.
 Жасықтан өзге жемеген,
 Тең еңбегім демеген,
 Аш-жалаңаш, арық бар.
 Аталмаған адам деп,
 Аталған жәутік-жаман деп,
 Кем-кетік, қасер-ғаріп бар.
 Құс табанын тас тілген,

Екі бетін жас тілген,
 Бейнет баққан жалшы бар.
 Өгізден өзге мінбеген,
 Мінсе мырза міндеңен
 Қабагы қатқан малшы бар.
 Сусынын сумен қандырган,
 Білегін тегін талдырган,
 Құлдай болған қоңсы бар.
 Шай-шайлап еңіреп зыр қаққан,
 Сар далада зар қаққан,
 Қатқан тонды қойшы бар.
 Өмірде топқа кірмеген,
 Тепкіден өзге көрмеген,

«Бағасы — байтал» өйел бар.
 Дейтіндер десін, ой, алла!
 Өйел енді оянды,
 Болмаса былтыр, биыл бар.
 Кеңестің бүл бергені:
 Ердің екі ермегі —
 Бәйбіше мен тоқал бар.
 Ер апшысы қуырлып,
 Биыл топқа суырылып,
 Сөз сөйледі тоқалдар.
 «Үш-ш-ш-шүкір» дейтін асықпай,
 Қорғасын құйған асықтайды
 Бүйрек бетті бала бар.
 Жұғыннан өзге жемейтін,
 Арыдым, аштым демейтін,
 Жөлекті келін және бар.
 Қейлексіз етке күн киген,
 Бейнеттен көзі кіртиген,
 Шеккені шер мен ыза, зар.
 Итаяқтан ас ішкен,
 Ас ішпеген, жас ішкен,

Сауыншы сорлы қатын бар.
 Ұзын сөздін түйіні —
 Бұл тоқсанның жиыны,
 Жұзден тоқсан түгел бар.
 Жұзден тоқсан — еңбекші,
 Он тоқсанға көнбекші,
 Көнбесе жаныштар жігер бар.

Ес біліп ойлап, толғанып,
 Қолыма қалам алғалы
 Сейлеген емен жасыра:
 Мен мұндымен мұндастым,
 Адассам ел деп адастым.
 Он деген емен асылы.
 Он демедім, демеспін,
 Ой кезінде көмескі.
 Жырладым елді жалпылап,
 Жасырмай жұзді жоқтадым.
 Тоқсанға енді тоқтадым,
 Толғанып, ойлап талқылап,
 Сөздің тоқтар түйіні:
 Бұл — тоқсанның жиыны,
 Осы армансыз білгенім.
 Тоқсаннан сонау он аулақ,
 Сонау оннан мен аулақ,
 Мен тоқсанмен біргемін.

КОРҚЫТ

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
 Алтайға бетегедей алтын біткен.
 Бейіштей алтын Алтай етегінде
 Ертеде алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
 Ерте күн – ертегідей ерке күн ғой.
 Откен күн – ұстаптайтын сұлу сағым,
 Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой.

Откен күн ертегімен таласқандай,
 Үа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!

Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,
 Алтайда ойнақ салып журген аңдай.

Сол күнде бір ер бопты алты алашта,
 Қаны бір қалың елмен, жаны – басқа.
 Елікпей ес білгелі еш нәрсеге,
 Өзіндей үйірілмеген албырт жасқа.

Корқыт деп қойған екен ердің атын,
 Оңған ел ер деп атар азаматын.
 Талайлар таңданыпты күнде көріп,
 Корқыттың мінезінің тым-ақ жатын.

Қорқытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымас сол ойымен күнде у ішкен.
Ой билеп үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны өуезі ғып жынды дескен.

Ежелден белгілі гой көптің сыры,
Боласың көптей болсаң, көптің ері.
Көпке егер ісің, ойың үйлеспесе,
Күмән жоқ, кім болсаң да соғар «пері».

Қорқыт та ерте атанды «пері соққан»,
Қорқыттың жан болмады жайын үққан.
Ой екен қандай ғана Қорқытты улап,
Айырған дос, туыстан, елден, жұрттан?

Қорқыттың мынау ой ед есін алған,
Жанына ерте күннен жара салған:
«Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ төтті балдан?

Өншейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек сөнбек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбассың.
Берілсе адамға өмір өлмек үшін?

Бір кезде көл тасады құрымақ үшін,
Күні ертең гүл гүлденед солмақ үшін.
Біраз күн адам тұрады, өмір сүреді,
Құртқа жем шіріп, сасып болмақ үшін.

Сары суға қан берілген айналмаққа,
Ой менен тіл берілген байланбаққа.
Өлпештеп, ардақтаған денең шіріп,
Жел менен топырақ боп айналмаққа.

Көз ашып жұмғандай-ақ өмір шолак,
Алдыңды көз ашсаң-ақ ажал қамап.
Өмірде мынау шолақ неге керек
От-уміт, ойын-күлкі, таудай талап?

Әлдекім адам деген ермек үшін,
Жүректе от ойнайды сөнбек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін».

Қорқыттың жүйрік жанын жай тасындаі
Жанышқан осы ойлар ед қорғасындаі.
Паршалап тілім-тілім, ерте өртеп,
Кіршіксіз жас жүргегін көз жасындаі.
Ой билеп, жап-жас Қорқыт елден безді,
Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді.

Көз ашып, өмір шолақ, жұмумен тең,
Тағы да өз өмірің соққандай сең.
Арандап қарсы алдында аузын ашқан
Жоқ па екен шыныменен ажалға ем?

Кім білед, өлмейтүғын ел бар шыгар,
Кім білед, ажалға да ем бар шыгар.
От-суы, топырағы қасиетті,
Кім білед, өлтірмейтін жер бар шыгар.

Әуесі уланбаған өлімменен
Сөз де жоқ өлу түгіл, «өлем» деген
Адамзат таппаса егер ажалға айла,
Не қылмақ пайдасы жоқ білімменен?! –

Деп ойлап қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа,
Айрылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман-есен жер таппаққа.

Түзеді күншығысқа Қорқыт бетін,
Адамға жаяу, жалғыз жол тым шетін.
Арыды, ұшырасты сансыз жаумен,
Сонда да ол үзбеді еш үмітін.

Талса да тоқтамады, Қорқыт жүрді,
Бетпақ шөл өтті талай қырды, өрді.
Қажыған, қаны кепкен мезгілінде
Алыстан мұнарланған қара көрді.

Жапанда бір буалдыр қарандаган,
Жасаған Қорқыт жанын тындырмаған...
Қараға жылдам басып жетіп келді,
Қорқытты қайғы басты түннен жаман.

Көзінен соргалады жас бұлақтай,
Жапанда қағулы бір қара тақтай.
Тақтайдың түбінде бір қазулы көр,
Тастаган үңірейтіп бетін жаппай.

Әлдекім жапан түзде бір көр қазған,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Мына сөзді оқып ол түн боп кетті,
Басқандай жүргегіне болды шоқты.
Көл болып көздің жасы тәгілгенмен,
Заулаган баса ала ма ол жандагы өртті?!

Ой есті, қалың өрттей уын шашты,
Ауыр ой қорғасындей жанды жанышты.
Қарсыдан қазылған көр шыққаннан соң,
Бұрылып Қорқыт кейін қадам басты.

Тұзеді енді бетті батыс жаққа,
Қайғылы, қажу бар ма, ол бейбаққа?!

Жапанда жалғыз өзі күбірлейді,
Сөздерді тақтайдағы алған жатқа.

Апым-ай, табылмас па ажалға айла,
Өмірден табылмаса қандай пайдада?!

Жүрістен дене түгіл жан шаршады,
Өлімнен аман ел мен жері қайда?

Бір жан жоқ қыбырлаған, дала, дала...
Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.
Ай-жыл өтіп, ер өбден арыған шақ,
Алыстан бұлдырлайды тағы қара.

Қорқыттың ынтасы өлген, көңілі қаяу,
Қарага баяу басып келді таяу:
Тағы көр, тағы тақтай, тағы жазу,
Тәңір ие-ау, тегі сенде бар ма аяу?!

Терең ғып тағы біреу бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Қорқыттың қайғысы енді болды басым,
Жаздың не, жазбадың не жан жарасын?!

Eci ауып байтақ уақыт жатқаннан соң,
Көтеріп бір мезгілде алды басын.

Ойменен, пара болған, жан жыртылып,
Мерт болған ессіз жүрек айға үмтылып:
Кеудеде құр өншейін шықлаған жан,
Тұрды да кетті Қорқыт сүйретіліп.

Алыста сөнген оттай үміт өлді,
Сүм тағдыр қатты қақты созған қолды.
Сонда да қажу білмес ойлы Қорқыт
Дүниенің төрт бұрышын кезбек болды.

Қалмады жер жүзінде бармаған жер,
Қорқыттың қанды жасы тамбаған жер.
Басса да қайда қадам сорлы Қорқыт,
Алдынан қарсы шығады қазылған көр.

Қазылған оңға барса, онда да көр,
Қазылған солға барса, солда да көр.
Шоңқып көрге қонған күшігендей
Көресің, қара тақтай қағулы түр.

Алдынан кез келеді бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сениң көрің, Қорқыт жазған!»

Дарига, табылмақ па ажалға айла?!

Жерде бір өлік көрмес болу қайда?!

Алдыңдан қайда барса көр шығады,
Өлімге, сорлы Қорқыт, белің байла!

Не пайда шомылғанмен қанды жасқа?!

Не пайда басты ұрганмен тау мен тасқа?!

Дүниеде ажалдан еш күшті болмас,
Көрмессің кезгенінде көрден басқа.

Шықпаған кеудесінде шыбын жаны,
Қасықтай кеуіп, бітіп қалған қаны:
Аяңдал, аруақ бол Алтайына
Күнірентіп, қайтты Қорқыт, жерді зары.

Қайтса Алтай, баяғы Алтай күніренген,
Асқарға аспан төніп еміренген.
Керіліп бұлтпенен бал алысқан,
Еркенің не ісі бар ой-шерменен?!

Мелшиген баяғыдай меңіреу орман,
Ойнаған асау бұлақ шапшып ордан.
Жел анау көрінгенді бір сүйсе де,
Жар таппай жаны бірге «мәңгі» оң үрган.

Ел мынау баяғыдан малын баққан,
Малындай алдындағы жусап жатқан:
Қайғысы, қуанышы бөрі де ойсыз...
Сиырдай бөрі өкіріп, бөрі шапқан.

Қайтты да айналғандай есаланға,
Лөм-мим деп бір сез қатпай тірі жанга,
Күніреніп жер бауырлап жатып алып
Үйқысыз қосты Қорқыт таңды-таңға.

Бір күні шошып тұрып көргендей түс,
Кесіп ап қарағайдан қылды қобыз
Қыл тағып қобызына сейлетіп ед,
Алтайды күнірентіп шықты лебіз.

Қобыздан мұнды дыбыс соргалады
Майпандалап ө дегенде жоргалады;
Бірсек асау тайдай ойнақ салды,
Бірсек сары нардай ыргалады.

Дуылдалап қырдан жерге түйілгендей,
Долданып дауыл құмды үйіргендей
Басылып біраздан соң сылқ-сылқ күлед,
Дүшпанын мұқатқанға сүйінгендей.

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп,
Асқарды аттап өтті, дария кешіп:
Біресе өлдекімге тіл қатқандай,
Желменен жапырақтай күбірлесіп.

Біресе от сықылды аспанға асқан,
Жоқ өлде ор қоян ба орғып қашқан?!
Біресе құрсінгендей, құңіренгендей,
Жандай-ақ қап-қараңғы қайғы басқан.

Қобыздың сарнағаны зарлагандай,
Қан шашып өлдекімді қарғағандай,
Жүргегі мың жара бол паршаланып,
Күйініп көзден жас парлағандай.

Құңіренді, жылады зарлап қобыз,
Жанды өртеді толқынды, мұңды лебіз.
Жасын төкті көл қылышп шерлі Қорқыт
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?

Қобыздан осылайша шықты сарын,
Бірде мұз, бірде дауыл, бірде жалын.
Қарағай мен қыл сырнай не деуші еді,
Шығарды сарынменен Қорқыт зарын.

Таба алмай жерді кезіп ажалға айла,
Дарига, ажалға айла болу қайда?!
Азырақ, улы ойларын бөлмес үшін,
Жабысты шерлі Қорқыт қарағайға.

Қызырып ашуменен күн батқанда,
Ерініп еркеленіп таң атқанда,
Қарны тоқ, қайғысы жоқ, жаны тыныш
Малдай-ақ қор-қор үйықтап ел жатқанда...

Байлары малман-малмаң мал баққанда,
Батырлар балпаң-балпаң ел шапқанда,
Ішкені – мас, жегені – тоқ, бәрі де мәз,
Кедейлер көк есектей зыр қаққанда...

Қорқыттан серпілмейді қалың уайым,
Қолынан тастамайды қарағайын.
Қобыздың лебізінде мұң молайды,
Зымырап өмір шіркін озған сайын.

Өмірде жүрген жерін қанды ор ғып,
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.
Жұбанды қолындағы қобызымен,
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.

Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.
Байқасаң, адамзатта болған ба ақын,
Қорқыттай атасынан бата алмаған?

Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулаң жанар аспанға өрлей.
Қияллы, жан жүрегі – ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.

Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!

Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?!

Қиялмен арманға үшқан, сағым қүшқан

Жүйрік жан алдында ылғи көрмей ме?!

Жел журсе, терең теңіз тебіренбей ме?!

Көрсө көр, ақын жаны күңіренбей ме?!

Көргенің кеңес қылыш күңіренсе ақын,

Тыңдаған тірі жанға шер бермей ме?!

Құшақтап қарагайын сарнаса ақын,
Толғанып, жасын төгіп, зарланса ақын,
Шеткөрек тұрып біраз тыңдағайсың,
Баспалап, тәніп, жаншып келме жақын.

Жақындық қажет емес жүйрік ойға,
Шер-сиқыр, алыстан-ақ тарамай ма?
Ақынды алыс тыңда, көп тілейтін
Қағылып кете көрме қарагайға!

Ақынның қарагайы – жары да сол,
Ата-ана, малы-мұлқі, жаны да сол.
Сезімпаз қарагайдың нөзік қылы
Ақынның жүрегіне жалғанған ол.

Сорғалап сиқырлы үн шығар ішектен,
Шықпақшы ішектен емес, үн жүректен.
Үзілсе ішек, үзілмес нөзік жүрек,
Сондықтан сұрағаным тыңда шеттен.

Серпілмес терең жанда қалың уайым...
Түсірмес қолдан ақын қарагайын.
Үнінде қарагайдың мұң молаяр
Зымырап өмір, шіркін, өткен сайын.

Атасы ақындардың – ақын Қорқыт
Өмірде жүрген жерін қанды ор қып...
Шомылышп көз жасына сарнай, зарлай,
Құшақтап қарагайын жатыр Қорқыт.

* * *

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн гой,
Ерте күн – ертегідей ерке күн гой...
Өткен күн – үстаптайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ жеден жүйрік жетеді ой...

Өткен күн ойды өлдилеп тербеткендей,
Ойынды Алтай бойына өрлеткендей.
Тыңдасаң құлағың сап сар даланы,
Қорқыттың сарыны, әні күніренткендей...

Тыңдасаң, есітесің жаныңменен,
Сар дала күніренеді сарынменен.
Ерте естіп сол сарынды, ерте улап,
Мен сорлы көптен әуре зарыңменен.

Ес білдім аласүрдым сағым қуып,
Жете алмай, бетті талай жаспен жуып.
Артымда – ор, алдымда – көр, өтеді өмір...
Дарига, бесігімнен көрім жуық.

Көп заман жетеледі жынды жүрек,
Ойладым: «Жүрек жетер, ой не керек?!»
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
Дарига, үміт өлмек, жүрек сөнбек...

Бір күнде жолдас болдым құлынменен,
Өмірді алмақ болдым ойынменен,
Ойын тынды, жолдасым жоқ боп кетті,
Бұл күнде уланамын ойымменен.

Енді менің жолдасым – жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа жыламай қала ма көз?!

Өмірде арманым жоқ, – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сүм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!..

СЫРШЫЛ ОЙДЫҢ СУЛЕЙІ

Ақын – талант. Талант тумыстан ... Ақындық бара-бара, өсе келе жетіледі. Демек, ақынның адам ретіндегі жеке өз қара басына тек қана өзінің құдай жаратқан туасы табиғи болмыс-бітімін мүқият ескере отырып, оның ақындық, яки шығармашылық тағдырына тек қана ол өмір сүрген уақыт пен кеңістік тұрғысынан келу шарт. Ал, социалистік реализм принциптерін заңға айналдырган біз ақынға да, ақындыққа да тек қана таптық тұрғыдан қарадық. Мағжаннның «тапқа, жіккө бөлінбеген қазақ ішінде туып-өскенін» (Аймауытов) ескермедік. Сондықтан да оған төменгі тапты жоғарғы таптан ажыратпадың, бәрін бірге қоса жырладың, кедейдің сойылын соқпадың, ендеше сен «байшылсың, ұлтшылсың» деп қолды бір-ақ сермедік. Мағжан кейін «Тоқсаннның тобында»:

«Сөздің тоқтар түйіні:
Бұл – тоқсаннның жиыны,
Осы армансыз білгенім.
Тоқсаннан сонау он аулақ,

*Сонау оннан мен аулак,
Мен тоқсанмен біргемін» –*

дегеніне сенбедік. «Құмдықөл басы қара құрт, қара құрт емес, қалың жұрт» – бұл, мәселен, жүз қазақ болса, соның тоқсаны – кедейлер; бұл араға келмеген он қазақ – байлар; маган керегі – анау он емес, мынау тоқсан, мен осы тоқсанмен біргемін деп тым қарабайылау болса да «соқырға таяқ ұстатқандай» ап-ашық айтса, біз иланбадық. Жә, кедей болса, оны «қара құртқа» балап неге қорлайды деп, ашық сөзден астар іздедік. Социалистік реализмнің әдеби сынындағы «тұрпайы социологиям» дегеніміз осы еді.

Асылы, ақын – тұтасқан творчестволық тұлға болса, ақындық – өз алдына бөлек бір өлем. Планета! Мұның өз аспаны, өз жері, өз ауасы, өз демі... бар. Әр ақынның өзіне тән ерекшелігін, өзгеге ұқсамайтын, тек өзіне ғана ұқсайтын өзгешелігін осыдан іздеу керек.

Мағжанның ақындық әлемінің ерекшелігі неде?

Ең басты ерекшелігі – Мағжанда тап жоқ: бай, кедей – қанаушы, қаналушы деген ұғымдар оның миына да кірмейді. Бұлар бір-біріне қарама-қарсы, бай – кедейдің дұшпаны деп білмейді. Ақынға керегі – бұлардың алауыздығы, бір-біріне қарама-қарсылығы емес, бірлігі, ынтымағы. «Тұған жерім – Сасықкөл» деген өлеңінде: «Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл, Байларың кедейлерге қарасқан көл» – деп тектен-тек айтып отырған жоқ. Елдің елдігі осынау уыздай үйыған бірліктे деп түсінеді. Отбасының татулығы да осында деп біледі. Біледі де сүйеді. «Тап» дегеннің сыры мен сипатына мән бермегендіктен бе, өлде соны түсінбегендіктен бе, кім білсін, өйтеп Мағжан адам мен қогамды, ел мен жерді ешқандай тапқа – топ пен

жікке бөлмей түгел құшақтап сүйеді. Оның «неге екенін өзі де білмейді»:

«Менің бір қарт анам бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол анамды сүйемін.
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол жарымды сүйемін!
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол елімді сүйемін!
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол арқамды сүйемін!»

(«Сүйемін»)

Сонымен, Мағжанда «тап» емес, «ұлт» қана бар: Қазақ — Алаш! Ол таптан ұлтты биік қояды. Ол өзінің ұлтымен мақтанады: «Қалың елім, қалың қара ағашым; Қайраты мол айбынды ер, алашым!» Ол өзін Алаш үшін құрбан етуге бар: «Не көрсем де Алаш үшін көргенім, Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!» Ол өзінің Омбы түрмесінде жатып жазған өлеңінде:

«Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарайдым гой, сар даламды сагындым.
«Қарашығым, құлышынм!» — деп зарлаган
Алыстағы сорлы анамды сагындым.

Қазагымды, қалың елді сагындым,
«Сарыарқамды — сайран жерді сагындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадагы айдын көлді сагындым». —
(«Сагындым»)

деп сарнаса, ол тап пен таптың ымырасыз тартысы мен тайталасынан туған, А.Байтұрсыновша айтқанда «бибауырмал» қоғамға қалай ұнасын! Мағжан басынан ғұмыр бойы бұлт арылмауының себебі де, салдары да осы арада жатыр.

Мағжанның жеке өз қара басына, өзіндік дүниетанымына, өмірге өз көзқарасына келсек, турасын айту керек, ол Қазан төңкерісі туғызған жаңа дәуірді де, жаңа дәуірде орнап жатқан жаңа қоғамды да мұлде қабылдаған жоқ. Оның қуллі адамдық һем ақындық тағдыры өкеліп тіреген түйік сондай, ол тіпті қабылдайын десе де қабылдай алмас еді.

Ендеше, өзі қабылдай алмаған заманды, өзі тани алмаған қоғамды ақын қалай жырламақ? Әрине, жырлай алмайды. Демек, Мағжан Кеңес шындығын жырлаған жоқ, сондықтан оның шығармашылығы Кеңес дәуірінің айнасына айналған алған жоқ.

Сонда нені жырлады?

Ең алдымен Дағаны, яки табиғатты жырлады. «Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кем де кем шығар, – деп жазды Ж.Аймауитов. – Табиғат қойнында туып, табиғат анының бауырында өскен жігіт табиғатты дәріптеген соң, оның қойнындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба?»

Осы арадан келеді де Мағжан поэзиясының сыртқы пішініне сәйкес ішкі мазмұны ашылады. Ол енді даланығана емес, сол даласының ұланғайыр кеңдігі әрі қасиеті, әрі қасіреті болып табылатын өзінің туған халқын, халқының қын да күрделі тағдыры мен талайын жырлайды.

Әрине, жырлаудың да жырлауы бар. Мағжан қазақ тағдырын психологиялық параллелизм арқылы табиғатпен астастыра келе оның бүгінгі қалпы мен халінен туңғле, кешегі тарихына үңіле

толгайды. «Қазағым, таянды ғой қылта мойын; жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын. Қараашы өзің-өзің көз жүгіртіп: жараспас бұдан былай күлкі-оыйн» деп келеді де, өзі өмір кешіп, тіршілік етіп отырган дәуір шындығынан жылт етер жарық сөule таптай, оның қүнгейі емес қөлеңке жағын ғана керіп, «күлкі-күлкі», «оыйн-оыйн» ба, тіпті қабағын қарс жауып алып, елі мен жерінің қазіргі халіне қабыргасы қайыса сарнайды да зарлайды:

*«Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза сұы бар,
Айдын шалқар, көлім-ай!»*

(«Жаралы жан»)

Осыдан келеді де мұн мен шерге толы арманмен аh ұрган Мағжанның ғажайып романтизмі пайда болады. Ал Мағжан романтизмі – Абайдан кейінгі қазақ поэзиясының омырауына тағылған алтын алқа.

Мағжан романтизмінің болмыс-бітімі, сыр-сипаты – өз алдына бөлек жөне ұзақ өңгіменің тақырыбы. Бұл арада біз қазақ топырағына баяғы бағзы заманнан тамыр тартқан сез өнерін дамытудағы өйгілі екі даңғылдың (бірі – реализм болса) бірі романтизм екенін тәптіштеп түсіндіріп жатпай-ақ, дәл осы көркемдік өдістің Мағжан ақындығына парлаган пафос, самғаған қанат бітіргенін, соның арқасында осынау білімді, өнегелі, мәдениетті ақынның өз кезіндегі бүкіл өлемдік өдеби ағымдардың (өсіреле символизмнің) шым-шытырық тылсым құпиясын игеруге дейін қалай шырқап көтерілгенін атап өтпек едік. Сонымен қатар осындай творчестволық өрекет үстінде Мағжан-ақынның тілі қалай ұстарып,

шеберлігі қалай шындалғанын айта кету де артық емес.

Бұл ретте біз «Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған» деген Жұсіпбекті құптал, Мағжанның өлең өлкесіндегі алғашқы адымдарында Міржақыптан үлгі алыш, Абайға еліктегенін айтсақ, бұл тұста ол, қанша дегенмен, сол еліктеудің «тар шеңберінде» қалғанын аңғарар едік. Қараңыз:

*«Масатыдаі құлпырган жердің жүзі,
Аяқ бассаң – табанга өтер сыйзы..»*

(«Күз»)

*«Талапсыз, бақсыз мен сорлы,
Бір ісім оңға бармаган.
Мен не жаздым о гүрлы,
Тәңірі мұнша қарғаган?»*

(«Мен сорлы»)

*«Тарықса жаным,
Ауырса тәнім,
«Сүйеуім бар!» – демейтін.
Ол болса менде,
Қозғалса жер де:
«Бұ не болды!» – демейтін.
Жан сүйгенім – ол да өлең,
Жете алмасам, жолда өлем!»*

(«Өлең»)

Осы үш өлеңде де Абайдың өсері бар: бірінші үзіндідегі бірінші жол Абайдан («Жазғытуры») жолма-жол алыша, екінші үзіндідегі бірінші жол да («Татьянаның Онегинге жазған хатынан») қаз-қалпында, үшінші жол (садан) аздап өзгеріліп

алынған болса, синтаксистік параллелизммен үйқасатын үшінші шумақтағы өлең өлшемі мен ерімі түп-түгел аумай-төкпей «Серіз аяқты» қайталайды. Осылардың қай-қайсысында да Мағжан Абай ауқымында; Абайдың ықпалынан, ақындық аясынан шыға алмай қалған. Абайдың дәстүрлі мәнермашығына жаңалық қосқан жоқ.

Бірақ ол «еліктеудің» мұншалық «төуелді» түрімен тоқтап қалмады, творчестволық ізденуін одан әрі жалғастырды. Бұл жолда ол романтизм арнасымен ілгерілей келе осы әдістің сол кезде тұған жаңа салаларына (символизм, модернизм) түсіп, Батыста О.Уайлд, П.Верлен, А.Рембо, С.Малларме, М.Метерлинк, Ресейде Н.Минский, А.Мережковский, З.Гиппиус, В.Брюсов, К.Бальмонт, А.Блок, А.Белый дамытқан декаденттік поэзияға барып үласты. Бұл әдеби ағымның философиялық негізі сонау А.Шопенгауэр мен Ф.Ницшеде жатқаны мәлім. Құйректікке, үмітсіздікке, торығуға толы бұл эстетикалық бағыттың ақиқат шындықтан іргесін аулақ әкетіп, алыс арманға, бұлдыр қиялға шығандап, дүниенің әлдебір тылсым, құпия, жұмбақ сырларын қуып кетуі және осының бәрі Мағжаның ақындық кредитосымен сөйкесе үндесуі аса бір қурделі, қым-қигаш қызық процесс. Мұнда Мағжан ақындығының бірнеше қыры, сыры, ерекшеліктері өзара тоғысып, тұтасып жатыр. Соның ең негізгісі – осы процесс үстінде ақынның толықтан үстінен толыға түскен білімі мен мәдениетінен де, кеңіген үстінен кени түскен дүниеге көзқарасы мен ақыл-ой кекжиегінен де гөрі – оның суреткерлік шеберлігінің жетілдіуі.

Мәселен, Мағжан жырына ғұмыр бойы арқау болған Дала келбеті ақынның өуелгі жырлау машинында мынандай еді:

«Сардала бейне өлік сұлап жатқан,
 Кебіндегі ақ селеулер бетін жапқан.
 Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
 Сәуле емес, қан шашып түр күні батқан».

(«Жаралы жан»)

Кейін модернизм мәнеріне салғанда былай құбылып, тіпті ыргагы мен үйқасына дейін ойнап, ширап, құлпырып кетті:

*«Сап-сары бел,
 Еседі жел,
 Еседі.
 Еседі жел,
 Көшеді ел,
 Көшеді.
 Дала бүйік,
 Бала түйік –
 Екі үнсіз.
 Дала – жұмбақ
 Бала – жұмбақ
 Шешүсіз.»*

(«Жұмбақ»)

Абай реформасына дейін, негізінен, жеті буынды жыр, он бір буынды қара өлең үлгісінде дамып келген қазақ поэзиясын Абайдан кейін әлемдік үлгілерге қарай өрістетіп, пішінін жетілдіргенін сарапқа сала келе «символизм қазақ поэзиясына аз жаңалық әкелген жоқ. Мажжанның өз шығармагерлігі үшін де бұл ағымның көп пайдасы тиді» («Мажжан», 206 бет) деп профессор Ш.Елеуkenов дұрыс қорытқан.

Кезінде социалистік реализм түрғысынан «көзге түсер шыыршығы болғанмен қолға ілігер шығыршығы жоқ» жалаң пішіншілдік деп саналған символизм Мажжанның қолдануында тілсіз сезімдерге тіл бітіріп, қазақ өлеңіне бірқыдыру психологиялық

терендік, лирикалық нәзіктік өкелді. Ғұмыр бойы тұған даласын, Даланы жайлаған Атажұртын өлеңмен тербелп-әлдилеген Мағжан енді бір ауық сөз өнеріндегі мәңгілік тақырып махаббатты жырлауға көшті. Жырлағанда сұлу әйелді «көзің жақсы, сөзің тәтті» дегендей салқын сабырмен сырттай сылап-сипаған жоқ, кәдімгі аңызға айналған ыстық қанды «шекспирлік құштарлықпен» құлшына құшақтады:

«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләzzаттың бір минутын бермеймін

Патша тағы, бүкіл дүние малына».

(«Сүй, жан сәулем»)

Адам бойында тұншыға бұлқынған бұла сезімдерді осынша асау арынмен, еркін тыныспен сыртқа шығарып, сұлу да сылқым жырға айналдырған сыршыл ақын қазақ лирикасына тағы бір жан тебірентерлік жаңа, таза ағыс өкеп қосқандай, оның жылылығын еселеп, нәзіктігін тереңдете түсті. Мағжан махаббат жырына осындей тұтқындағыш құш дарытып, қашаннан қытықты тақырыпты ұтымды, шебер игерді. Мұндай өлеңдерді толқымай, толғанбай оқу мүмкін болмай қалды. Ендігі махаббат лирикасының байырғы қара өлең өлшемімен жазыла тұрса да өрімі бөлек, адамға берер өсері ерек еді:

«Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,

Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!

Гүлсім – Күн, көктө ақырын жүзеге білер –

Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!»

(«Гүлсім ханымға»)

Мәдениеті биік болғанмен мәні бұлдыр, идеялық бұлтағы мол, жұмбағы көп символизм Мағжанға

кейде тіршіліктің ішкі тынысын жиып қойып, сыртқы дыбысын жырлатты. Ал енді бар ма, мінсіз орындалған соң тіпті осының өзі де қазақ поэзиясына соны машық, өдемі айшық бол енді:

«Сылдыр, сылдыр, сылдыр ...
 Қанымды қайнатты құргыр.
 Шық-шық жүрекке тиеді,
 Құлпара талқан бол сынғыр!
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр ...
 Өзекті өртеді құргыр.
 Өдейі іргеден жүреді
 Сүлу қызы санаған солғыр!»

(«Шолпы»)

Бірақ, өділін айтпай болмайды, Мағжан шығармаларының «мінсіздігі» деген де шартты нәрсе. Үйреншікті өдет бойынша бет алды тамсана бермей, биік талап пен талғам тұрғысынан талдап қарасақ, оның олқылығы да аз емес.

Мағжан поэзиясындағы лирикалық кейіпкер – ақынның өзі болса, типтік дәрежеге дейін сомдалған эпикалық образ – өлеңдерінде емес, поэмаларында. Кеңес шындығын суреттеуге қаламы журмей қойған ақынның шығармалары кеңестік жүйе тұсында идеялық жағынан зиянды деп танылып, қatal сынға ұшыраса, көркемдік жағынан қай тұста да сын көзben қарауға лайық. Өйткені қазақ поэзиясының қазіргідей өскен, өркендереген шағында, қазақ ақындарының қаламгерлік шеберлігі бүтінгідей шырқау биігіне көтеріле жетілген шағында Мағжан өлеңдерінің өсіресе алғашқы кезеңдегі мін-мұлтігін көрмей, оларды жаппай мінсіз үлгі ретінде ұсына беруге болмайды.

Мұның өзі, өрине, Мағжан лирикасы қазақ поэзиясының жаны мен жүрегі секілді кезеңді

құбылым екенін жөне Абайдан кейінгі абайшыл алыптардың аралығындағы алтын көпір екенін жоққа шығармайды.

Мағжан онға тарта поэма жазды. Бұлардың да негізгі тақырыбы – бүгінгі шындық емес, алаштың ерте күндердегі ерлік тарихы, ел аузындағы аныз, жүрт жадында сақталған әралуан қиял-ғажайып ертегі. Поэзияның кең көлемді эпикалық түріндегі тырнақалды тұңғыш туындысын тұп-тұра «Ертегі» деп, тағы бір-екеуін тіпті «Өтірік ертек», «Шын ертек» («Жұсіп хан») деп атаған.

«Ертегі» дастанындағы бас кейіпкер – «тұлпардың тұяғы» дегендей, өйгілі Абылай хан тұқымы, – «жап-жас Сыздық қорғамақ боп қазағын, ту көтеріп, қарға іледі садағын»; ондағы ойы – Кенесарының ерлігін жалғастырып, оның қапыда жауға кеткен кегін қайтару. Осы мақсатпен ол: «Алты алашым, енді маған ер! – деген», бірақ алыс-жұлыстан өбден шаршаган «Алты алаштан алты адам да ермеген». Енді не істеу керек? «Қайран Сыздық... елден, үйден безеді. Жатып өлмей, жортып жүріп өлем деп, Түркістанның бетпақ шөлін кезеді...».

Ертегі енді басталады:

«Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Сыздық ердің жиругегі шер, дерт екен ...»

(«Ертегі»)

Әпостың фабуласын тырнақшаға алып автордың өзіне баяндатып отырған мәнісіміз – осы бір сюжет желісі онша сәтті шыға қоймаған тұңғыш күрделі шығармасының өзінде де Мағжанның татаусыз тәгілген тілін, сол арқылы жібектей есілген өлең өмірін қоса, қатар аңғарта кету!

Дастанның ендігі оқиғасы – жеті қараңғы түнде жападан жалғыз қамыс арасында отырған Сыздыққа саусақтарын жеңіне жасырып, өзі «ай мен күндей сыланған» сұлу келіншек боп келген Жеңстырнақтың шайтандығы мен сайқалдығы. Екеуі арбасады, Сыздық Жеңстырнақты садақпен атып өлтіреді. Бұл тұста поэма мазмұны кезінде Халел Досмұхамедов саралаған кәдімгі демонологиялық сипатқа көшеді. Дегенмен, ақынның аталған жанрдағы тұңғыш төжірибесі болған соң шығар, оқиға композициялық жағынан бірігіп-кіріге алмаған. Тақырып та жете игерілмеген.

Сөйтсе де Мағжан ертегі, аңыз сарынын одан өрі жалғастырып, «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» төрізді дастандарын жазады. Бірі қобызының сексеуілге байладап қойып, бір топ (Қақаман, Ер Шайлан, Нәдір Шолақ) шайтандардың қолдауымен бәйгіге қосқан Қойлыбай бақсы туралы баяғы Шоқан айтқан ертекке негізделсе, екінші – хан Кене туралы аңызға құрылады. Осыларды өзара салғастыра байыптап қарасақ, Мағжанның ақындық эволюциясын, поэма жанрын игерудегі ілгерілеуін, көркем шеберлігінің жетіле түскенін байқаймыз. Ал «Оқжетпес қиясындағы» мәнер мен машық тіпті бөлек, ерекше. Мұнда табиғат суреттері мен адам әрекеттері астаса суреттеліп, оқушысын толқыта тербел, баурап өкетеді:

«Арқада Бурабайга жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді ...
... Арқада Бурабайга жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді» –

деп тебірене толғап, «Содан бері бірталай заман өтті, Сарыарқа сайран жердің сөні кетті» дей келіп, сол

кешегі «балпаң басқан батырларын» жоқтап аһ ұрып: «Көкшеде күңірекен Кенем қайда?» деген Мағжанға қосыла күйзелгендей боласың.

Ақындық күш, одан туындаған қүшті өсер деген осындей-ақ болар.

Сонда біз Мағжанның «Ертегімен» басталған поэмаларының бірінен соң бірін оқи келе «поэма жазудың желісін қағып» (Сәбит Мұқанов), үлгісін көрсеткен Мағжанның қазақ поэзиясына хан-қазына бол қосылған «Қорқыт» пен «Батыр Баянның» тұсында ақындық олимпіне қалай шырқап шыққанын анық танимыз.

«Қорқыт» – ақынның өмірі мен өнерінің үндескен, өлгі айтқанымыздай, өзара біріккен-кіріккен жерінен туған, түрі мен сыры тұтас, бас-аяғы жинақы, жұмыр да шұмыр шығарма. Поэманың тақырыбы идеясына, идеясы тақырыбына көшіп, бірінен бірі туып, бірін бірі дамытып, өдемі астасып кеткен.

Қорқыт – Дағындағы даңышпаны, ғасырлар бойы атажүрт аузында аңызға айналған ақылман, асқақ арманы мен асыңқы қиялын қобызға қосып, бір ғана қазақ сахарасы емес, бүкіл өлем атырабындағы күллі адамзатқа ортақ мәңгілік зарға, мұңды сарынға айналдырган әйгілі күйші, ойшыл-философ. Ол өлімнен қашып-құтылмақ оймен дүниенің төрт бұрышын түгел шарлайды. Жоқ, құтыла алмайды: қай қыырға барса да алдынан бұған арнап қазылған көр кездесе береді.

«Өлдекім жапан түзде бір көр қазеан,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сениң көрің, Қорқыт жазған!»

(«Қорқыт»)

Бұл – көркем жинақталып, шебер шешімін тапқан, барлық адам баласына ортақ мәңгілік мәселенің өнердегі көрінісі болса, өмірін ғұмыр бойы қуғын-сүргінде өткізген ақынның жеке өз қара басының тағдыр-тіршілігі де осы еді: «осындай қысымшылықтың тепкінін көрген Мағжанға, шынында да, қайда барса Қорқыт көрі кездесті» (Мұқанов). Оның өмір мен өлім секілді мәңгілік тақырыпқа келу сыры, осы тақырыпты игеру барысында өмір шындығының көркем шындыққа айналу құпиясы дәл осы арада жатыр. Нәтижесінде «Қорқыттағы» авторлық идея объективті эстетикалық идеалға жіксіз жалғасты:

*«Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сүм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтан қобызыымды көрге кірсем!..»*

Мұндай мәрттік тек Мағжан секілді марқасқа ақынның ғана қолынан келген.

Қазақтың қадым заманнан бергі толайым мұны мен сырына суарылған саз өнерінен туған «Қорқыт» сарынының өзінен кейінгі күй туралы Ілияс Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», Әбділда Тәжібаевтың «Абыл» тәрізді поэмаларына үлгі бол қалғаны тағы да тектен-тек емес.

Мағжан таланттының тамаша табигатын, бүтін бітімін, лирикалық терең тынысы мен әпикалық кең құлашын бөлмей-жармай қатар танытқан сұлу шығармасы – «Батыр Баян» поэмасы. «Баян» – қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіреле «Баянның» басқы бөлімінде сурет, шешендік толғау, күй төгіліп кеткен» (Аймауытов). Бұл төгілген күй мен егілген толғауды тебіренбей оқу мүмкін емес:

«Жүргегім, мен зарлымын жараптыға,
Сүм өмір абақты гой саналыға.
Кызыл тіл – қолым емес кісіндеуілі,
Сондықтан жаным күйіп жанаады да.
Кү өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.»

Асылы, суреткөр шығармашылығы – оның автопортреті. Ақын сезінен айна-қатесіз оның өзі танылады. Мұнда да солай! Бас-аяғы бірер шумақ арнайы шарықтауда соншалық еркін, еспе тілмен жоргадай төгілтіп, ақын бөрінен бұрын өзін өзі толғап, өзінің творчестволық тұлғасын құйып түсірген. Сол арқылы ақындық өнердің жұмбақ психологиясын аша жаздаған. Ақыр-аяғында «Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына» деп, қаламгер атаулының бәріне ортақ тылсым, сиқыр шындыққа келіп тоқтаған.

«Батыр Баянның» өзіне дейінгі өзге дастандардан ең басты ерекшелігі – мұнда автор тарихта болған оқиганы өлең сөзбен жай баяндап қана қоймайды, тұтасқан көркем образдар жүйесін қалыптастырады. Әр кейіпкерді мінездеуге, мүсіндеуге дейін барады. Осылардың өнбойынан эпикалық суреттер туып қана тынбайды, күн нұрындей жылы, нәзік лиризм толқып-төгіліп тұрады. Бұл – айта қалғандай шеберлік!

Поэмада суреттелетін дөуір – сонау Абылай хан заманы. Абылай бастаған батырлар (арасында – ер Баян); қазақ-қалмақ шайқасы; жеңіс! Баян елге жалғыз қайтпайды, қалмақтың он төрт жасар Толқыншаш деген аруын ала келеді. Баян қызды жар еткісі келеді, қыз жалынып-жалбарынып көнбейді, амалы құрыған Баян қызға аға боп қалуға межбүр болады. Бірақ, оның есесіне, Толқыншаш Баянның он бес жасар тұған інісі Ноянға қызығады, Ноян Толқыншашқа ғашық:

«Жас Ноян қызды көріп от бол кетті,
 Көздері қызылы жалын шоқ бол кетті,
 Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
 Бір қыздан басқа нәрсе жоқ бол кетті.»

Екеуі қосылмақ бол, айнымасқа ант-су ішеді. Осы сәтті пайдаланып қыз жігітті өзімен бірге қалмақ еліне баруга үтіттейді. Мұның өзі Алаш абырайына дақ түсіреп ауыр сын еді. Соған қарамастан ма-хаббатқа мас жас Ноян қызға еріп, өз елінен қашады.

«Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
 Жаралы жолбарыстай құңіренди.
 Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
 Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді».

Сонымен Баян Ноян мен Толқыншашты құыш жетіп, баяғы Асан Қайғы «Қанды өзек» атаған Жолдызек деген жерде екеуін де садақпен жайратып салады ... Содан Баян Қекшетаудагы ақ ордасында өзін күтіп отырған Абылайға оралады да жорыққа аттанады. Сол соғыста жау наизасынан қаза табады.

Поэманның бар фабуласы – осы. Ал фабула шебер қолдан сюжетке көшкенде «Батыр Баянның» барлық құны мен қасиеті керемет көркемдік күшке айналып, оқушысын тұтқындал өкетеді.

Образдар жүйесіне келсек, Мағжанның бейнелеуінде Абылай – асқан дана, өрі елбасы, өрі қолбасы ретінде халықтың қамқоры, қорғаны; алты алаштың басын қосқан кеменгер хан. Оның жаңа жорыққа аттанар алдында өзін қоршаган өңкей ержүрек сардарлары мен сарбаздарын ошарылдыра тоқтатып қойып, «Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат Баянсыз қанатымды қалай жаям?!» деп үлкен сабырмен Баян батырды күтуінде сұңғыла білгірлік

бар. Білмей бір адым жасамайды. Өрнөрсені он өлшеп, бір пішеді. Өзінің ақ туының астына жиналғандардың қайсысы қандай іске лайық, кімнің қолынан не келеді? – Бәрін біледі. Ал Баян болса, Абылайдың осы білгірлігін, өзіне деген сенімін өмірі тұрмақ тіпті өлімімен ақтайды. Дәлелдейді. Осының бәрін ақын әпикалық кең құлашпен, қимыл-әрекет үстінде көрсетеді.

Сонымен қатар, Баян мен Ноянның әрқайсысы сомдағ соғылған әпикалық қаһарман болудың үстінде Толқыншаш сұлудың образымен өріле келе жан тебірентер лирикалық кейіпкерлерге айналады. Ал, Баянның «қорқақ ақылы ашудан бұғып қалған» сөтте өзі істеп алған ессіздігіне өзі өкініп:

«Ойламай, белді бекем будым неге?
Қозымды қас дүшпандай құдым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқыып қарсы алдымда тұрдың неге?» –

деген зарын ешкім енжар оқуы мүмкін емес. Магжан әпикасына астаса сабактасып жатқан уытты лиризм тау суындағы тасқындан барып осындағы терең психологизмге ұласып кетеді де дастандағы қайталанбас характерлер осыдан туады.

«Батыр Баян» – қазақ топырағындағы тұңғыш психологиялық поэма.

Сондай-ақ, Магжан Жұмабаевтың бірден-бір про-
залиқ шығармасы «Шолпанның күнөсі» – терең
психологиялық новелла. Бұл туралы зерттеу мен
зерделеу өз алдына бөлек.

Зейнолла Қабдолов,
академик, жазушы

АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

М.Жұмабайұлы шығармашылығын енді тереңірек, молырақ қарауға жол ашылған шақта, оның қай қырын ерекше сөз еткен орынды болар еді? Мұндай сауалға бірден кесіп жауап айту оңай емес. Мүмкін ақын туындыларының уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін, жалпы көркемдігін басты ерекшелігі деп айтартмыз. Өйткені оның нағыз езіндік бет-бағдары мен айырым қырлары осы маңайдан табылмақ. Тәңірдей таланттың көрінісі осы бұлақтай мәлдір поэзиясынан көрінеді. Ол поэзияға басынды иіп, тәнті боласың, таңданасың, таңырқайсың. Әрине, Мағжан Жұмабайұлының ақындық ерекшелігін дәл тауып бағалап, көпшілікке жеткізу оңай іс емес, өрі ол бір күннің ісі болмас. Ой, қиял ұшқырлығы, молдығы, сөз кестесінің әрқылы, сан айшықты болып келуі – мұлде жайы бөлек дүниелер. Әңгіменің түп түйініне келсек, М.Жұмабайұлы Абай тәжірибесін бойына сіңірген де, өзімен қатар өмір сүрген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет

Майлин жөне Сәбит Мұқанов шығармашылығына мүлде ұқсамайтын, соны, тың жол салған.

М.Жұмабайұлы – өз орнын өмірден үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның шығармашылығының бір қырында, яғни таразы басының бір жағында мұнды толғаныс, өкіну жөне қайғы қасіret, күйініш жатса, таразының екінші басында – романтикалық өршілдік, махаббат, сүйініш-күйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы-қасіret шеккен, азап пен уайым тауқыметін тартқан ақын осы бір қос оттың жалынына шалынып, соған шарпылған! Оның шығармашылығында тарих тұнғиғының терең түсіну, өткенді бажайлау («Өткен аяулы»), болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманың астан-кестең аласапыран тұсымен астасып жатады.

Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті, көл немесе жазғы танды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүниетанымы, ішкі жан дүниесі тұрады, сонысымен айнала өлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді («Көкшетау», «Жазғы түнде», «Қысқы жол», «Қайың», «Орман», «Алдамшы өмір», «Ой», «Жел» т.б. өлеңдері күө).

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге астасып жатады. Өлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті, кейде ақыл-ойга сыймайтын фантастикалық суреттер көз алдыңа келеді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестеленген тұпқі мағына сурет болып санаңа еніп, сезімінді қалай билеп алғанын білмей де қаласың. «Жазғы жолда» деген өлеңіне көңіл аударалық:

*Дала, Дала. Сар дала!
Жапан тұзде бір қара...
Шілде. Оттай ыстық күн,
Дала елік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншысып.
Жол жыландаішірілген,
Шаң ерініп, үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.
Көктің жалғыз бұлт жоқ,
Көктің түсі қызығылт көк...*

Қарапайым ғана зат, көріністер мол сырға ие болып, жол, дала, көк аспан, бұлт – бәріне де жан бітіп, адамның өзімен тілдескендей өсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. «Қысқы жол» деген өлеңінде мына жолдарды оқып қаралық:

*Ызгарлы жел долданып,
Екі інінен дем алып,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ құледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыйырлап,
Жерді жапқан кебінді
Сүйіп, ақырын құшақтап,
«Әпсүн» оқып үреді.*

Мұндағы «екі інінен дем алып», «ішін тартып», «жер бауырлап», «аузы-басы жыбырлап», «жерді жапқан кебінді сүйіп» деген тіркестер қыс, аяз тура-лы өлеңге қаншама әр, сыр беріп тұрганы түсінікті.

Аяздың ызгарлы болуы, аңдай ұлуды, тіпті сақ-сақ күлуі жаңалық емес, ол бұрыннан бар нәрсе. Ал оған әлгіндей «мінездеме» беру, тірі жандай суреттеу, өрі сол арқылы табиғи құбылыстың жұмбақ сырның көз алдыңа келтіру ақынның сезім тереңдігі, мұлт жібермейтін түйгіштігін аңғартады, ал бүкіл өлең оқушыны, керек десеніз, аты-жөні жоқ бір ерекше құпия құйге бөлейді.

Бір қарағанда, бұралаң жол суреті де жеткілікті көркемдік жасап тұргандай. Бірақ Мағжан жазғы, қысқы табиғат көрінісіне өзінің жан дүниесін қоса жырлайды, «Дала өлік», «Сар дала», «Жапан тұз» дегенде жанды табиғатты жоққа шығарып тұрган жоқ, лирикалық қаһарманның сезімі, оның қиялды тоғыса келіп, жанды, тірі сурет жасап тұр. Мағжан романтикалық қуат-күшке, фантазияға, қиялға, қанатты ойға ерік берген.

Тұтасымен алғанда, Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны дүние. Мұндай абстракциялық ой-толғамдарды Мағжаннан бұрынғы поэзиядан көрү қыын. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқиылды екенін аңғарасың, сонан да терең естетикалық ләззат табасың. Ақынның «Жел», «Толқын», «Көктем» т.б. өлеңдерін оқи отырып, К.Бальмонттың «Я вольный ветер, я вечно вею», «Я в бегстве живу неустанном, в ненасытной тревоге живу» («Ветер»), А.Блоктың: «Ветер налетит, завоет снег» деген тағы басқа жыр жолдарын еске аласың.

*Мен ақынмын – жел жүйрік,
 Гүлдеймін, үшамын.
 Мен – ойыншы көбелек,
 Көрінген гүлді қүшамын.
 Бүлдірген бетің сурланып,
 Желге сенбе, жас бала!*

*Сыбырлар, кетер үрланып,
Шын жары оның – сар дала...
Мен ақынмын, жырлаймын,
Жүрекке жүйрік жел кірсе.
Мен ақынмын, жылаймын,
Жүрекке ауыр шер кірсе.*

Қарап отырсақ, ерікті, ерке желден басталған ой, ақындық асқақ көңілдің шерімен барып бітеді. Былай қарағанда желдей ескен көңіл шексіз, шетсіз бай сияқты көрінгенімен, оның да тоқталар, іркілер жері бар екен: ақын көңілі жай, саябыр, егер жүрекке жылы леп тисе, ақын жарапы, егер көңілге шер кірсе. Осы ойдың бәрін, өрине, басқаша айтуга болады. Бірақ ақын туған табиғатымен, жарапан жерімен бірге, оның жан-куйі соққан желдің жарық күннің жаңғырығындай үндес, күндес (күнмен бірге). Сонаң да ол «шын жары оның – сар дала» дейді. Ақын жүргегінің де іздегені сол дала, туған дала. Жел сыбдыры мен жүрек сыбыры бір. Екі табиғи нәрсенің айнымалы, толқымалы жайы бір-біріне сай, үйқас. Ақын сол үйлесімінен ләzzat тауып, сусындал отыр. «Жел» деген тағы бір өлеңінде Магжан Жұмабайұлы:

*Мазасы жоқ жел ерке
Оянып ап тым ерте,
Жоргалап басып кетеді,
Тыныш жатқан тұс көріп,
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді, –*

деп жазады. Желдің өзін айттып отыр екен дейсің. Бірақ оған осылай мінез берумен бірге мынадай әрекет те береді:

*Кәрі орманды оятып,
Бірдене деп жұбатып,
Жымышп құліп өтеді.
Жүрттан ойын жасырып,
Алқынып өзі асығып,
Қарақат көзге жетеді.*

Желге адам әрекетін береді. Тіпті, адамға жел кейіпін береді десек те қате болмайды. Қалай да мұны табиғат жайындағы өлең деу қате болар еді. Мағжан өзінің бейнелі ой үрдісіне лайық табиғат көрінісі мен адам мінезінен үқсастық тапқан. Белгілі «Айға» деген өлеңінен де тіршілік жайын бейнелейтін аллегория табамыз:

*Қайғылы ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрын шашып.
Жылжисың ақырын гана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай, бейне адасып...*

*Кім білсін, өткен күнің алтын шыгар?
Ажарың бейне күндей жарқын шыгар?
Көп жүлдыйз – әлде күшпен, әлде іспен
Еріксіз артыңа ерткен халқың шыгар.*

Осылай туган жер, елге деген пұшайман сезімін білдіреді. Ал «Сағындым» деген өлеңінде бұл жайында төтесінен, әрі терең айттылады:

*Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маган атақ – үлттым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.*

М.Жұмабайұлының ақындық табиғаты Абайға да, онан кейінгі ақындарға да үқсамайды. Оның қайталанбас қолтаңбасының өзіндік, айрықша еке-

ні даусыз. Әрине, Абайды білген, оның ақындық тәжірибесіне сүйенген. 1912 жылғы Қазанда шыққан «Шолпан» жинағына енген «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінен Мағжанның ұлы ақынға қалай табынатынын анық көруге болады:

*Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсө дәмі кетпес.
Қараған хакім болған сендей жаннның
Өлемнің құлагынан әні кетпес, – дейді.*

1923 жылы Ташкентте жасалған баяндамасында Жұсіпбек Аймауитов Абай мен Шәңгерей Бекеевтің кейбір өлең жолдарын ара-тұра салыстырады. Өйткені қазақ топырағында арасы қашық емес мезгілде өмір сүріп, қалыптасқан адамдардың өмірді көріп, үғуы бір текстес болуы мүмкін. Бірақ Абайда өлеуметтік, рационалдық уағыз басым, Шәңгереде өдемілік, сұлулық, келістілікті суреттеу күшті. Мағжан болса, өзі айтатында, тылсым табиғатпен сиқырлы поэзия жасайды. Мысалға «Күз» деген өлеңінің кейбір жолдары Абаймен үндесіп жатыр дегенді меңзейді. Тағы басқа өлеңдері мен бірсыныра шумақтарды келтіреді. Біз де мына жолдарға жүгініп көрелік:

*Қор болдың, өнер құмай, қайран елім,
Қүш кетіп, талай жаннан көрдің көрім.
Сұлық боп жан шыгарга түр таяулап,
Маңдайдан шып-шып шығып өлім терің.*

Немесе:

*Талапсыз бақсыз мен сорлы,
Бір ісім оңға бармаган.
Мен не жаздым о гүрлы,
Тәңірі мұнша қарғаган.*

*Талпындым, тұстім ізіне,
Оңалмайды бір ісім.
Қарамай құлыш жүзіне,
Көрсөттің, Алла, сен қысым.*

Иә, бұл нағыз Абай ғой деп қаласың. Айту, налу түрі, сөз оралымы Абайға ұқсайды-ақ. Ал осы мазмұндас мына жолдарға қаралық:

*Азамат! Анау қазақ, қаным десең,
Жұмақтың сүйн апар, жаным десең.
Болмаса ібіліс бол да, у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең.*

Немесе:

*Қара жылан – қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барап жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Тәңірі ием, таңың-дагы атпады.*

Тағы бір мысал, енді «Пайғамбар» деген өлеңінен:

*Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күңіренді: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!*

Бұлардың жөні, төркіні басқа екені көрініп түр. Біз өдейі бесенеден белгілі өзіндік, мағжандық өлең жолдарын келтірдік. Мағжанның өзіне ғана лайық сипатта айтылғаны мұнан көрінеді. Ұқсас оралымдар көреген таланттардың өмірдің қат-қабат қыртысын шамалас ұғуы мүмкін екенін байқатады. Бірақ қолтаңбалары, өрине, бөлек. Заңды құбылыс.

«Тәнірі» өлеңінен мына төрт жолдың пәрменін аңғармасқа болмайды:

*Кеш, тәңірім, сорлы құлға қаһар етпе,
Рақым қыл, бір сорлыны шетке теппе.
Сөз шықты жан ашумен, әділ тәңірім,
Тиген соң аңы таяқ түші етке!*

Абай айтпаған сөз бе бұл! Айтқан. Сонымен бірге мұның өзгеше, басқаша екенін де мойындау қажет. Мығым, екпінді, тегеурінді. Бұл уақыттан, заман факторынан. Абай дәстүрінің қайталауы емес, өніп, өрбу, ілгерілеу түрі.

М.Жұмабайұлы шығармашылығы, өрине, өзгеше: адам тіршілігі мен оның рухы, ой-сезімі қатар жүреді. Адам – қоғам субъекті болумен қатар, табиғат объектісі. Осы мәңгі сыр Мағжанды таңғалдырады, таңдандырады.

Мағжан өлеңдерін өңгіме еткенде, ақынның өмірге көзқарасы, оны түсіну, қабылдауы қалай деген сұрақ туады. Мағжан поэзиясынан өмірді біртұтас құбылыш, көрініс ретінде алып, адамды сол ұлыш табиғат, жаратылыштың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайтын ақын екенін байқаймыз. Табиғатсыз, жаратылышсыз адам жоқ, қараң. Ал табиғат ше, ол адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды, дene бағынса да, сезім бағынбайды. Сондықтан адам бұлқынады, серпіледі, үстем болғысы келеді:

*Күннен туган баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге гана бағынам.
Өзім күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от.
Өзіме-өзім табынам.*

*Жерде жалғыз тәңірі – от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.
(«От»).*

Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білуде ақын, ең алдымен, ненің болса да мән-мазмұнына үңіледі, өрдайым жалпы адамзатқа тән өуенге бой ұрады, әлде таланттан ба, әлде тәңір жазғандықтан ба, өзіне төуелсіз, тек қана жер үсті тіршілігінің, табиғаттың заңына ғана бағынатын құбылыстың құпия ішкі астарына барғысы келеді.

Кез қарашиғының нұры болсын, тербелген аққайың болсын, толқыған көл болсын, бүткіл кең галам болсын, соның бәрі, айналып келгенде, ақын жүргегінің бір бөлшегіндей. Бұл жай ақын қиялының байлығын, түйсік қабілетінің молдығын, ешкімге ұқсамайтын қалып-кейпін танытса керек. Магжан поэзиясының қос қанатында мұнды, сазды, кейде қайғылы, әрі алға тартатын романтикалық өуендері ақын түйсігінің өзгешелігін, сонылығын дәлелдемек.

Шығыс пен Батыс мәселесі ақын жырларынан мол орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақ кедейлерінің көтерілісі, 1917 жылғы екі бірдей тәңкеріс ақын көзқарасында өз ізін қалдырмау мүмкін емес-ті. Бұл тақырып орыс жазушыларының шығармашылығында, өсіресе, А.Блок, В.Брюсов, Н.Клюев т.б. ақын шығармаларында айқын көрінеді. М.Жұмабайұлы осы мәселеге килігүі неліктен, қалай деген шұбә тудырмасқа керек – ол өзі Шығыс өкілі ретінде Шығысты пір тұтады, осыған сенеді және үміт артады. Соғыс, тажал, жан мен дененің азғындауы төрізді, ажалдың қара бұлты бол, қара түтін бол жүзген Батыс кесапатынан

сақтандырады. Ақын бостандық Шығыстан келеді, Азия өзінің қараңғылығын жойып, тұрменің тор көзін, қолды байлаған шынжырды құл-талқан етіп үзеді деп сендіреді. Атышулы «Пайғамбар» деген өлеңінде былай дейді:

*Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Тұнеріп жүр түннен туган перілер,
Тәңірісін табанына таптаған...
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туган, Гүннен туган пайғамбар,*

«Күншығыс» өлеңінде:

*Кысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс,
Күнбатысқа жүрелік, –*

дейді. Осындағы «Күн», «Күн ұлы», «Күннен туган» деген сөздерге біраз көңіл аударудың реті бар. Өлеңдердің жалпы мағынасы, қояр талабы, айтар тілегі, өрине, үлкен. Ол белгілі. Бірақ ақын жалпы «Күн» дегенді көп айтады. Басқа да өлеңдерінен оны жиі ұшыратамыз. Тұнді, өлімді, кебінді көп жырлайды деп жүрген ақыннымыздың күнге де көп жүгінетінін ескермейміз. Мұны, біріншіден, түн мен күнді егіз деп қараудан, бірінсіз-бірі жоқ деуден туган деуге болады. Екіншіден, сол тұнді күнге жеңдіру, уайым, қайғы, түнек символы түннен күнге, жарыққа, жылуға, отқа жету деген, тіке айтылмаған, бірақ анық ұғылатын көңіл күйі көрінеді. Күнді аса бір ілтипатпен атап, оған тәнті көңілін білдіреді: «Күн алтын жан-жағына сөule шашты», «Алтын

күн алтын сөүле жерге шашар», «Күннен туған бала-мын», «Жер жұзіне нұр беремін, Күн берем», «Алтын Күн шығып келеді». Осы әрқилы өлеңдерінен алынған жолдардан Күнгеге деген табыну қалай құшті, әрі қалай шын жүректен айтылғанына көз жеткізуғе болады. Ал түн жөнінде:

Қараңғылық қаптады,
 Қайғы ма басқан, түн бе екен?
 Сыбдыр-сыбдыр әлде не, –
 Жел ме?
 Жүрген жын ба екен?
 Түнерген түн оледі –
 Агарган анау таңы ма?
 Ақ бәтестің бетінде
 Жүргегінің қаны ма? – дейді.
 («Батқан күн, атқан таңының жыры»).

Ақынның осындай ұғымына сүйенсек, жылдар бойы сыналып, күстөна етіліп келген белгілі жолдардан:

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
 Кебіндеп ақ сәулелер бетін жапқан.
 Тау да жоқ, орман да жоқ, везен де жоқ,
 Сәуле емес, қан шашып түр күні батқан, –

дегенін әбден түсінуге болады. Және бұл өлеңнің аты – «Жаралы жан». Ондай жанның хал-күйіне жоғарғы жолдар дәл келіп түр емес пе? Және өлең Мағжанша болған соң, басқаша айтылмайды да гой. Жаралы жанға сары даланың сұлап жатқандай, ақ сәулелердің кебіндей көрінуі, қызарған күннің қан шашқандай әсер беруі әбден мүмкін.

Жай, қарапайым халықта ең жақын етене біреуі өлсе, «Құдай оның орнына мені неге алмадың» демей

ме? Бұл қай халықта болса да бар. Сол ретпен Мағжан қөкірегі қарс айрылғанда:

*Талпынған жаңа нәресте,
 Ақ қанатты періште,
 Былдырлаган бұлақтай.
 Көрінген жанды құлдірген,
 Жаңа піскен құлдірген,
 Балауса нәзік құрақтай.
 Қайтыпты қозы көз тиіп,
 Бетінен кейде жел сүйіп...
 Балқиды жаным бұл қүйге.
 Мені де, өлім, әлдиле,..
 Әлдиле, өлім, әлдиле! –*

дейді. Басына түскен драмалық жағдайда осылай өкінген ақын қайғылы жайды өрі шебер, өрі шынайы көрсетіп тұр. Алынған теңеу сөздер, метафора оқушының жан дүниесіне шымырлай батып, қатты өсер етпей қоймайды.

«Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдеріне қайта оралсақ, ақынның Батыс пен Шығыс аралығына айрықша мән бергенін көреміз. Бұл арада Ж.Аймауытовтың жоғарыда айттылған баяндамасын еске алудың тағы бір орайы келеді. Оның тұжырымдауынша, «Бостандық», «Күншығыс», «Пайғамбар» және «Түркістан», «Қойлыбайдың қобызы» атты өлеңдерінде немістің идеалисі О.Шпенглердің өсері болуы мүмкін дейді, өйткені жиырмасыншы жылдары оның «Еуропаның күйреуі» деген кітабы орыс тілінде жарық көрген болатын. Біз жазушы пікірімен біршама келісе отырып, ақынның Еуропа күнінің батуы туралы ұғымы сол кездегі уақыт, заман өсерінен деуге де болатынын айтқымыз келеді. Бұл тақырып көп ақындардың өлеңіне арқау болған.

Алайда, М.Жұмабайұлы Шығыс пен Батыс туралы біраз екпінді, қуатты өлеңдерінен кейін,

ішкі жайға, өз халқының тағдырына қарай ауысады. Мұны біз «Қойлабайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Көкшетау», «Орал тауы», «Көктемде», «Тұранның бір бағында» т.б. өлең-жырларынан ажыратамыз. Ақын өткенге, өткен тарихи жолына баса көңіл бөледі. Біраз туындыларында тарихи жағдайлар хақында толғанса, енді бір дүниелерінде ежелгі ескі мекенге үйлеспей жатқан жаңалықтарды айтады. Автордың көз алдында Шыңғысхан, Темір – сынды қаһарлы тұлғалар, ата мекенинің иесі және қорғаушылары болған Абылай, Баян, Бөгенбай, Ағыбай, Кенесары т.б. тізбектеліп өтеді. Ақын: батырлық, намыскерлік сияқты ежелден келе жатқан дәстүрлер біртіндеп сағымға айналып бара ма қалай, жаңалық болса ол өзін-өзі ақтай ма, ақтай алмай ма деген екіталай тұжырымға тіреледі. Халықтың азызга айналған бағалы дүниелерінің бері де ұмыт болып, тоғышарлық басып, надандық тамырын жайып кете ме деп қорқады. Өмірдің көптеген кеңеңсіз жақтарын уайымдал, жанымен ауыра біletін, жан-төнімен беріле, сезіне біletін ақын өрдайым тарихқа айрықша ден қояды. Бұған «Батыр Баян» поэмасы, «Домбыра», «Орал тауы», «Тұранның бір бағында», «Алыстағы бауырыма» т.б. өлеңдері күө. Ақын ата-бабасы түрікті, Тұран жерін еске алып, бұл дала, атамекен ежелгі түрік, көшпелі қазақ жері екендігін жырлап, өмірдегі өзгерістер барысында бұл тарихи сабактастық ұмытылып кетпес пе еken деп уайым жейді:

Бір күнде сенің иен түрік еді...
 Ер түрік ен даңа көрік еді.
 Отырса, көшсе, қонса еріп еді,
 Тұрганда бақыт құсы бастарында
 Иргесі жел-күн тимей берік еді...

(«Орал тауы»).

*Бауырым! Сен о жақта, мен бұз жақта,
Қайғыдан қан жұтамызыз, біздің атқа
Лайық па құл бол тируг? Жүр кетелік
Алтайга, ата мирас алтын таққа.*

(«Тұранның бір бауында»).

*Ертеде Оқыс, Аксарт – Жейхун, Сейхун –
Түріктер бұл екеудің дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.*

(«Түркістан»).

Бұл өлеңдерден бұлдыр сағымдай, көңіл мен көркектегі елестей аңсау, сағыну, қасиетті имандай таза, шұғыла күндерді еске алып, торыгу сияқты сезім ақынның да, оқушының да өн бойын жайлап, билеген өсерді көресіз. Ескіні ойлап, көксегенде ақынның жүргегі қарс айрылғандай. Шынында да, қазіргі өлең болсын, поэма болсын – өдебиет туындыларының қай-қайсысында да Тұран жері, түрік елі деген ұғымдар еске де алынбайды гой. Өкінішті-ақ! Тұран жері деген тек екі жаграфиялық карталардаған болмаса, жаңа өдебиетте мұлде жоқ.

«Айда атынды, Сәрсенбай», «Жазғы қала», «Шойын жол» сияқты өлеңдері жиырмасыншы жылдары біраз айттыстың нысанасына айналған. Өңгіме төркіні өлеңде қаланы қазақ ауылына қарсы қою жайында болған. Бірақ, қазір өлеңді қайта оқып отырып, тіпті, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын пікірлер айттылып, ақынға орынсыз кінә тағылғанына көз жетеді. Жартылай феодалдық қалыптағы қазақ ауылы үшін жаңалықтар күшпен басып енгендей өсер етті де, дала сазының жайына бірден етene болып кете қоймады. Өзгерістер елдің материалдық тұрмыс халіне ғана өсер етіп қойған жоқ, сонымен бірге халықтың өлеуметтік, рухани жағдайына, кейіп-қалпына әрқылы ықпал етті. Ақынды сынаушылар мұны еске алмады.

Ақын өлеңдеріне дең қоя оқып, жалпы ауқымына көз жібергенде, аса қалап, сүйіп жырлаған тақырыбы адам. «Адамның кейбір кездері» деп Абай айтқандай, адамның ойы, ішкі көңіл-куй екенін ұғамыз. Не жазса да ең алдымен өз жүргегіне үңіледі, сол арқылы айналадағы өлемді білуге, өмір шындығын ұғуға үмтүлады. Егер шартты түрде өлеңдер тақырыбын жіктеуге тұра келсе, туған өлке туралы жөне өткені мен бүгіні жайында, адамның өмірдегі орны, бүкіл адамзаттың ар-ожданы хақында деп айтуға жарап еді.

Жүректі жарып шыққан өлеңдерінің үлкен бір тобы – махаббат лирикасы. «Гүлсімге», «Жәмила», «З-ға», «Махаббат не?», «Сен сұлу», «Жас келін» т.б. өлеңдері қазақ қыздары мен қазақ өйелдеріне арналады, олардың сыртқы да, ішкі де сұлулықтарын көтере жырлайды. Жалпы сүйіспеншілік, махаббат туралы, қыздың, өйелдің сұлу, көркем суреті, мінезі, іс-қылышы туралы өлеңдері Магжан поэзиясының өнімді, әрі тартымды саласы. Басқа да өлеңдеріндегі сияқты, ақын мұнда да терең сезім құшағында, жүрек тербелісінде. Өншейінде өзге ақындар, «куйдім-жандым» деп жазатын жайлар Магжан қаламында басқаша күйді, ыстық-суығы аралас, қуанышы мен реніші қатар жүретін жұмбақ сезімді анғартады. Махаббат азабы, сүйіспендік азабы өуелден белгіленген, жаратылыстан бірге жараган, өзгертуге, қайта жасауға көнбейтін табиғи нәрсе, сондықтан да өмірдің өзі сияқты бірде төтті, бірде аңы, бірде серуен, бірде сергелден. Ақын сезім сырын ашамын деуден аулақ, ол ашылмайды да, азапты жайды, «жүрек-жара», «кезі жасты» күйді суреттейді, бірақ оның шешімін табамын деуден аулақ. Махаббат пен мاشақат күй бастауын өуелден, өуел баста жараган ілгергі жайдан іздейді.

Мағжан жырлауында шын махаббат азап жолы, қуанышы мен өкініші аралас, кейде, тіпті, қатар жүреді.

*Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз гой бұл жүрек
Тамшилап одан қан агар,
Махаббат – бір тәтті у –
Ішер жүрек, төгегер жас, –*

дейді Мағжан. Сонан барып:

*Сүй, жан сәулем, тагы да сүй, тагы да!
Жыллы, тәтті у тарады қаныма.
Жасаганнан бір-ақ нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да! –*

деуіне тура келеді. Лирикалық кейіпкер махаббат құшағына енген сайын, азап тұзағына шырмалғандай.

Ақынның махаббат жайындағы түсінігі осылай ірі, өрі терең болғандықтан ол жайындағы теңеу, метафоралары да ірі, кесек:

*Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азга емес тыым ұзаққа
Кез болыпты – ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн...
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!*

Лирикалық кейіпкер ылғи тынымсыз жаралы жанның, көңілі қаяу жанның жабырқау жайы оның мазасын алады:

*Жәмила!
Кеудеңе ой толды ма?
Үнілеп айға қарайсың,
Өмірің у болды ма?
Жұлдызды неге санайсың,*

Айырылысқан, я айырылысар жандардың жүре-
гі қайғыға толы, олардың күні сағыныш, сарғаю,
торығу:

*Сол уақытта желге құлақ түргейсің,
Таныстарды еске алып, тергейсің!
Туганы жоқ, тұрагы жоқ жолаушы –
Желге айналған мен екенін білгейсің!*

Әстетикалық талғамы, таңдауы мықты осындай
өлеңдердің бәрі адамның жан-тән сұлулығын,
көркемдігін, жарастылықты паш етеді. «Толған ай
жүзің еді, қара нәркес көзің еді, мал-майды мамық
қардай мінсіз денең, бейнебір бақшадағы жүзім еді»,
– немесе: «Шашың – қара, денең – ак, жүзің – Ай,
тісін меруерт, көзің, сөүлем, құралай» деген сияқты
бұрынғы халық үғымындағы теңеу, ұқсатулармен
қатар Магжанның өзі тыңдан тапқан, соны, жаңа
сурет жасаған кездері өте көп. Бір фана мысал:

*Иірілген бүйра толқын шашы қандай,
Иығына екі жылан асылғандай.
Тұңғышық сыр болсадагы жасыргандай.*

Мұнда ақын жағымсыз кейіпкердің суретіне
тоқталған. Бірақ «екі жылан», «жасыргандай» деген
сөздер болмаса, қай сұлуға болса да жарасар сурет-
бейне екенінде дау жоқ.

«Шолпы» өлеңінде бір жағын өзіл, бір жағын шын
етіп, ақын киіз үйді айнала жүретін ауыл қыздарының
шаштарына таққан шолпы сылдырының
көңіл ынтықтырар әсерін жазады:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
 Өзекті өртеді құргыр.
 Өдейі іргеден жүреді
 Сұлу қызы санадан солғыр!
 Сылдыр, сылдыр, сылдыр
 Жүректі жандырды құргыр.
 Кеудені кернеді жалын,
 Сәулем, періштем, тез кір!

Риза болып, сүйсінген күй көрінеді. Шолпы сылдырлаған сайын естушінің жаны кіріп, құлағы да, жүрегі де елеңдеуде. Бұрынғы ауыл түрмисының осы кішкене бір этнографиялық суреті қазірдің өзінде көніл толқытады. Шолпы иесінің сұлу кескіні көз алдыңызға келгендей.

Жаны да, жаны да қазақ топырағы мен ауасынан суарылған бұл өлеңдер мінез берілгенде құлықтың айрықша үлттық ізет-сипаттың анғартатын сұлу жыртізбе. «Бөрінен де сен сұлу» өлеңі уақытында өзіндік өнімен халық арасына кең тараған. Біреулер бұл өннің авторы Мағжан екенін біліп, біреулер білмей жаттап өсті. Бұл тарапта кейіннен біраз өншілер, ақындар өлеңге өзгертулер енгізіп, жаңалап айтқан кездері де болды. М.Жұмабайұлының көшпілік қауым арасында өбден мәшінр қызын екеніне бұл да бір күө.

Поэмалары. Мағжан Жұмабайұлы әрқиылдық тақырыпта көлемді поэмалар жазу саласында аса өнімді еңбек еткен. Өте-мөте белгілі поэмасы «Батыр Баян». Сондай-ақ «Ертегі», «Қорқыт», «Толғау», «Оқжетпестің қиясында», «Жұсіпхан», «Тоқсаның тобы» сияқты басқа да поэмалары кезінде баспа жүзін көрген. Осылардың ішіндегі күрделісі, көркемдік тұтастығы жағынан да, сюжет желісі мен сұлулығы жағынан да ерекше асып тұрганы «Батыр Баян». Мұнда айтылған оқиға бір кездегі қазақ пен қалмақ

арасындағы жаугершілік заман жайынан. Ақынның жазуы бойынша, бұл хикаяға Абылайханның түсындағы екі ел арасындағы бейбітшілік, достық қарым-қатынас орнаганға дейінгі оқиға өзек болған. Ашу үстінде қол бастаушы батыр Баян өзі қамқор болып жүрген кіші бауыры Ноян мен сұлу қалмақ қызын өлтіріп салады. Жазығы – олардың көңіл қосып, елден қашуы. Бұған дейін Батыр Баянның өзінің жас қалмақ қызына көңілі қатты ауған еді, бірақ қыз ыңғай бермеген соң, оны қарындас ретінде үстаған. Алайда, екі жастың Баян айтқанына көнбей, қашып шығуының аяғы трагедиялық жағдайға өкеп соғады. Қыздың сұлулығын ақын былай сипаттайды:

*Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдаій,
Бір соган бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері су сылдырлап қүйилғандай.*

Ноян жайында, оның хал-қүйі туралы:

*Жас Ноян қызды көріп от бол кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ бол кетті,
Жер мен көк, ай, жүлдәзді тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ бол кетті.*

Қыздың сұлулығы мен жігіттің жалын атқан ішкі сезімін суреттеуде қапы жоқ, мін жоқ. Ақындық тендеулер мен метафоралар өрқайсысы өз орнында – бәрі де жайнап түр. Тапқырлық, дәлдік, көркемдік – өрбір сөз сайын.

Осындағы бейшешектей екі жас өрімнің жан ашынан, қызғаныш пен қүйініш билеп, кешірім ауылыштан алысқа алып кеткенін көреміз. Артынан қыуып жеткен Баянға:

*Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
Жас Ноян Ер Баянга қарсы жүрді.
Жақындап келіп қалып аласына,
Түсінен шошыды да тоқтап түрдьы...*

*Дегенеше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүргегінен құлап тұсті,
Атынан бұқтетіліп бөбек Ноян...*

*Садагын сол секундта тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы үшірып қызды Баян.*

*Екі жас аттарынан үшіп тұсті,
Түскенде бірін-бірі құшып тұсті...
Қомағай қара топырақ бұлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.*

Поэмада өрі қарай бұл трагедиялық жайды сүреттеген Мағжан ақындығының тағы бір көрінісі. Жан тебірентер, іш толғантар үшқыр өлең жолдары ағыла береді. Үстіне кек аспан құлап түскендей ер Баян жайы күйінішті-ақ.

Биік романтикалық сарынға құрылған аса көркем поэмадан екі түрлі жайды аңғартамыз: бірі – батырлық, достық, махаббат, мейірім дүниесі болса, екіншісі – ашу, ыза, онан барып өділетсіз қантөгіс, өкініш. Қаһарманның мінез асаулығын, бірбеткейлігін, бірақ ниетінің ақ екенін суреттеп, ақын поэманы романтикалық шарықтау шегіне жеткізеді. Шиеленіскең оқиганы ақын тау мен сұдың, қалмақ қызының сұлулығын, айнала табиғат сырларын суреттеу арқылы сезімнің қоюланып, ширығуына, күннің күркірегеніндей, наизагайдың ойнағанындаі бітіспес мінездер соқтығысына алып барады, іштей өкініш толғанысына әкеп тірейді.

М.Жұмабайұлы поэмаларының композициясы езінше ерекше тұтастықты, ұтымдықты танытады. Шеберлікті, әрі көркемдік талғамды байқаймыз. Еркін, тартымды оқылады. Бұған оқигалардың айрықша құрылым, кестесі, сөз қолданыс өдісі ерекше өсер береді.

Мысал ретінде алсақ, аллегориялық сипатта жазған, 1926 жылы жарық көрген «Ертегі» поэмасы да аса қызығылықты. Поэма сюжеті шын мәнісінде ертегіге үқсайды. Өңгіме төркіні мысықтар мен тышқандар арасындағы жанжал, соғыс. Оқиға Шығыста, күн шұғылалы елде, бау-бақшалы мекенде өтеді. Жұзім шарабын ішіп масайраған тышқан даңғазаланып, мысықты тілдеп-сөгуге көшеді, оны естіп қалып, ашу қысқан мысық өлгі сорлыны ап деп, жеп қояды. Бұдан әрі мысық пен тышқан арасындағы өткен бірнеше соғыстар суреттеледі. Ақырында тышқан атаулы көптігін жасап, мысықты жеңілуге мәжбүр өтеді, мысық патшасын қуып, өз патшасын да тақтан түсіреді. Мұндай аллегориялық, мысал мазмұндас дүниелер дүниежүзілік өдебиетте өлденеше рет қайталанған. Бірақ бұл поэма М.Жұмабайұлының басына бөле болып жабысты, осы шығармасы үшін оған қатал, саяси кінә тағылды, бұл жерде ақын орыс патшасын, Гапон попты, 1905 жылғы теңкерісті, жұмысшылар мен шаруаларды, тіпті, большевиктер мен эсерлерді мензеп, суреттеп отыр деген сорақы айыптар қойылды. Мұндай түрлайы сындар ол кездерде ашықтан ашық айттылатын. Өсіресе, С.Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ өдебиеті» кітабынан бұл жай анық көрінеді. Мағжан көрген құғынның басы осы болды.

Мағжанның ең соңғы ірі туындыларының бірі – «Тоқсанның тобы». Бұл поэмада ақын жаңа өмір жолына үçiле қарап, оған шын көңілімен ден қойғанын мойындейды. Бүкіл халықтың жаңа түр-

мыс құруға бет алғанын, өзі де оған қосылатынын айтады. Тоқсан деп көпшілікті, жүздіктің онын емес, тоқсанын қолдаймын дейді.

*Ес біліп ойлап, толганып,
Қолыма қалам алғалы,
Сөйлеген емен жасыра;
Мен мұңдымен мұңдастым,
Адассам ел деп адастым.
Он деген емен асылы,
Ол демедім, демеспін,
Ой кезінде көмескі,
Жырладым елді жалпылдаپ,
Жасырмай жүзді жоқтадым,
Тоқсанга енді тоқтадым
Толганып ойлап талқылап,
Сөздің тоқтар түйіні:
Бұл – тоқсанның жиыны,
Осы армансыз білгенім,
Тоқсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ,
Мен тоқсанмен біргемін.*

Поэма 1927 жылды «Еңбекші қазақ» газетінде басылған. Әрі қарай, яғни бұл жылдардан соң, біз Мағжан шығармаларын үшірата алмаймыз. Поэмадағы мойындау сөздерге шубе келтірген у-шу айфай, балағат сөздер мен орынсыз сындар қаптап кетті де, ақынның үнін өшірді. Нагыз натура, нақақ іс осы болды (Ә.Тәжібаевтың қарсы өлеңі жөне басқалар).

«Қорқыт» поэмасының мазмұны ақынның бүкіл өуре-сарсаң өміріне дәл келіп тұрғандай. Белгілі оқиғаны қайта жырлағанда, бар болмыс-қалпын, тағдыр жайын өз түсінігінен, өз ой елегінен өткізіп бергендей. Қорқыт пен өлім Мағжан үшін аса жұмбак тақырып. Басқа да өлең, жырларында өлім жайын көп айтып, көп толғанғаны белгілі. «Ой», «Мені де,

өлім, өлдиле», «Зар» тағы басқа өлеңдері осындай. «Корқыт» поэмасында ежелден белгілі өлімнен қашатын Корқыт жайын шабыттана жырлауы – өлімнен қанша қашсаң да, алдыңнан соншалықты қабір тұруы ықтимал деген тұжырым, философиясын айту. Поэмада мынадай түйін бар:

*Өмірде арманым жоқ – Корқытқа ерсем,
Корқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сүм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызылды көрге кірсем.*

Ажал – хак, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді табиғи нәрсе ретінде, болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау керектігін уағыздайды. Ақынның ой-толғамдары өлемінде философиялық ұғымды танууга болады.

*Өлде кім адам деген ермек үшін,
Жүректе от ойнайды сөнбек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбайсын,
Берілсе адамга өмір өлмек үшін.*

Бұл орайда Жан-Жак Руссоның: «Напрасно бояться смерти, так как пока мы живем, ее нет, а когда она наступает, мы уже не существуем» деген софистикалық тұжырымының еске алуға болады.

Мағжан лирикасының құдіреті оның түр сипаттының сонылығы, сөз қолданыс қасиетінде. Тілінің дәлдігі, ой-толғамдарының жаңалығы, суреттеген жайлардың айқындығы, сөз ойнату иірімдерінің таңғаларлық жарасымы – осының бәрі жинақталған көле Мағжан поэзиясының ерекше қасиетін байқатады.

Мұсілім Базарбаев,
филология гылымының докторы, профессор

МАЗМҰНЫ

3.Қабдолов. Мағжан Жұмабаев.....	4
ӨЛЕНДЕР	
Мен жастарға сенемін.....	13
От.....	14
Түркістан.....	16
Қазақ тілі.....	20
Мен кім?.....	20
Пайғамбар.....	21
Күншығыс.....	24
Анама.....	26
Ләззат қайда?.....	27
Туган жер.....	28
Өнер-білім қайтсе табылар.....	28
Қазағым.....	30
Жатыр...	31
Жер жүзіне.....	32
Сорлы қазақ.....	33
Жарым.....	33
Мен сорлы.....	35
Бір күні.....	36
Койшы бала мен күшік.....	37
Күз.....	38
Шың сорлы.....	40
Қараңғылық қоюланып келеді.....	41
Тәнірі.....	42
Койшының әләуләйі.....	43
Қарағым.....	44
Әйел.....	45
Үлбосын.....	47
Бір биге.....	48
Оразада.....	49
Асық іиру.....	50
Дін үйреткенге.....	51
Магарри сөздер.....	52
Жастық, байлық, қол қусырып бос жұру.....	53
Tірі бол.....	53
Жай өншешін ойын гой.....	55
Тілегім.....	56
Жылқышы.....	57
Жас келін.....	59
Кебелек.....	60
Сырдағы алашқа.....	61
Қызыл жалау.....	62
Ескі Түркістан.....	63
Өткен күн.....	65
Берниязга.....	67

Өлең.....	70
Қыргыз, қазаққа.....	70
Қарындастар.....	71
Сәрсембайдың жыры.....	76
Ескендірдің екі мүйізі.....	77
Тез барам.....	81
Алтын хакім Абайға.....	82
Өзеннің сұнын жел тербеп.....	83
Бесік жыры.....	88
Сылдырымак.....	86
Жұбату.....	87
Сал-сал білек, сал білек.....	88
Ана.....	89
Жазғытурым.....	90
Сүр құлын.....	91
Әже.....	92
Беобектің тілегі.....	93
Ақ қала.....	94
Немерे мен әжесі.....	95
Ата, бата.....	96
Балапан қанат қақты.....	97
Жердің жұмырлығы.....	98
Мысық пен ет.....	99
Тәбет.....	100
Кек теке.....	101
Жыл мезгілдері.....	102
Жылқышының үйінде.....	103
Ал, ішіңдер, бұл – қымыз.....	104
Балалық шақ.....	105
Зұhra.....	106
Жаз келеді.....	107
Ботамды көрдім түсімде.....	109
Жазғытуры.....	110
Кекшетау.....	111
Ұлан.....	112
Тіршіліктің көркі – ерік.....	113
Алатау.....	113
Еділде.....	117
Қоңыр жыр.....	120
Туган жерім – Сасықкөл.....	123
Есімде... тек таң атсын!.....	124
Жауынгер жыры.....	126
Өлеңнің үйкасы.....	127
Орал тауы.....	127
Өткен – аяулы.....	129
Алатауда.....	130
Еділдің сағасында.....	132
Бостандық.....	134

Айда атынды, Сәрсембай.....	136
Домбыра.....	138
Жан сөзі.....	140
Алдамшы өмір.....	144
Сен.....	144
Осы күнгі күй.....	145
Тұн еді.....	146
Алыстагы бауырыма.....	149
Ой.....	150
Алданған сұлу.....	151
Жаралы жан.....	152
Мені де, өлім, өлдилем.....	155
Зарлы сұлу.....	159
Сүйгеніме.....	160
Жұмбақ.....	161
Баланың қабір тасына.....	162
Зар.....	162
Қайғылы сұлуға.....	163
Көңіл.....	164
Аурұ.....	165
Өмір.....	166
Өмір (екінші өлең).....	166
Бүтінгі күн өмір, өлім – менікі.....	167
Тірілдім.....	168
Айга.....	170
Жағзы жолда.....	171
Қысқы жолда.....	173
Тұс.....	174
Сүйемін.....	175
Батқан күн, атқан таңның жыры.....	176
Сагындым.....	179
Саргайдым.....	182
Сагат.....	183
Қараңғы, дауылды түн.....	184
Жігер, шіркін, желінді.....	184
Ғазизага.....	185
Орамал.....	186
...альбомына.....	188
Тұтқын.....	190
М. Д. Абақтыдан шыққанда.....	190
Жауга түскең жанга.....	191
Жел.....	194
Тілегім.....	195
Жарыма.....	196
Жан жарымды бір сүйейін түсімде.....	197
Толқындарап ойнап.....	198
Жұлдыздарға.....	199
Жас сұлуға.....	199

Сүй, жан сөулем.....	201
Жұлдызды – жүзік, айды алқағып берейін.....	202
Тұранның бір бауында.....	203
Құрбым.....	206
Сеуле.....	207
Жазғы тунде.....	208
Жазғы тан.....	209
Бұлбұл.....	210
Сүйегенім анық.....	211
Көңілді ашар.....	213
Жел.....	213
Күміс нұрлы Ай.....	215
Толқын.....	216
Хор сипатты қарындас.....	217
Жиіленді қара орман.....	217
Жас Магжанга.....	218
Қарындасқа.....	218
З...ға.....	220
Г...ге.....	222
Р...альбомына.....	223
Болса гүлсіз.....	224
...ға.....	224
Күзді күні.....	225
Шолпан.....	227
Толған Ай.....	228
Қайын.....	228
Тегілген шашы.....	229
Ф...ға.....	230
Сырым.....	232
Гұлсім ханымға.....	233
Гұлсімге.....	234
Заманымыздың ақыны.....	236
Біраз Фетше.....	237
Айырылғанда.....	237
Жәмила.....	238
Ж...ға.....	240
...ға.....	241
Сен сұлу.....	243
Махаббат не?.....	244
ПОЭМАЛАР	
Батыр Баян.....	245
Өтірік ертек.....	275
Жусіп хан.....	301
Қойлышбайдың қобызы.....	320
Тоқсанның тобы.....	323
Коркыт.....	328
З.Қабдолов. Сыршыл ойдың сүлейі.....	339
M.Базарбаев. Ақынның өлендері.....	356

МАҒКАН ЖҰМАБАЕВ

Өлеңдер

Батыр Бајн

Корқым

Өтірік ертек

Редакторы *Ерсінбай Манашов*
Мұқабасын көркемдеген *Рамазан Омаров*
Компьютерде беттеген *Салтанат Оязбекова*

Басуға қол қойылған күні 06.03.13. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$.
Шартты б.т. 24. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1282.

«Өлкө» баспасының өз баспаханасында басылды.
050063, Алматы қ-сы, 1-ықш. ауд., Жұбанов к-си, 66^б. Тел.: 8 /727/ 276-09-13.